

С-26 «Дәнекер» халықаралық құқық және
халықаралық бизнес институты

Сахариев Сембай Сахариевич
Сахариева Анель Сембаевна

ӘЛЕМ ЭКОНОМИКАСЫ

(оқулық)

II-бөлім




Алматы
«Дәнекер»
2003

«Дәнекер» халықаралық құқық және халықаралық
бизнес институты

Сахариев Сембай Сахариевич
Сахариева Анель Сембаевна

ӘЛЕМ ЭКОНОМИКАСЫ (оқулық)

II-бөлім



Алматы
«Дәнекер»
2003

ББК 65.5 я 7

С-26

Сахариев С.С., Сахариева А.С.

Әлем экономикасы. (оқулық) II-бөлім. Алматы, Дәнекер.
— 2003. — 279 бет.

ISBN 9965-635-36-6

ББК 65.5 я 7

С 0604000000
00(05)03

© Сахариев С.С.
Сахариева А.С.

© Данекер, 2003ж.

ISBN9965-635-36-6

9 ТАРАУ

Инфляция және жұмыссыздық проблемалары- әлем экономикасында

9.1. Инфляция дегеніміз не?

Экономикалық құбылыс ретінде әлем экономикасында, инфляция ұзақ уақыт бойы тарихи негізде қалыптасып дамуда. Оның пайда болуын негізінен, ақшаның шығуымен, қызметімен байланыстырады. Инфляция термині латын сөзі — *inflatio* - қампаю, тұңғыш рет Солтүстік Америкада 1861-1865 жылғы азамат соғысы кезінде пайда болып, айналымдағы қағаз ақшалардың тым көбейіп кетуі процесін білдірген. Осы түсінік XIX ғасырда Англия мен Францияда қолданыла бастады. Экономикалық әдебиеттерде инфляция түсінігі XX ғасырда бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін жиі қолданылып, кеңес өкіметінің экономикалық әдебиеттерінде 20-жылдардың орта кезінде көрінді.

Инфляцияның жалпы, әдеттегі анықтамасы айналымдағы ақша массасының қажеттіліктен тыс артып кетуі. Бұл ақша өлшемінің құнсыздануына және тауар бағаларының соғұрлым өсуіне әкеледі. Алайда инфляцияны айналым процесін құнсызданған қағаз ақшамен толтыра беруді айтады. Бұл әрине жеткіліксіз. Инфляция тауар бағаларының өсуінен көрінгенімен, ол тек ақшаға тән "ғажайып" құбылыс емес. Ол күрделі әлеуметтік-экономикалық құбылыс, оны тудырушы рынок шаруашылығының түрлі саласындағы ұдайы өндіріс сәйкестілігінің бұзылуы. Инфляция, дүниежүзіндегі көптеген елдердің экономикалық өміріндегі ең өткір проблемалардың бірі.

9.1.1. Инфляцияның даму ерекшеліктері

Ақша, тауарларды сатып алу қабілеті күшті валютамен салыстырғанда, құнсызданады. Инфляцияны бұлай түсіндіру, яғни ақшаның алтынға қатысты құнсыздануы, алтынды бұрынғыша ақша сияқты жалпылама эквивалент деп қарастыруда жатыр. Ең алдымен бағаның өсуі, тауарға

сұраныстың оның ұсынысынан артық болуымен байланысты. Белгілі тауар рыногында сұраныс пен ұсыныстың сәйкестілігінің бұзылуы инфляция емес. Инфляция елдегі баға деңгейінің өсуі. Бағаның көтерілуіне нақтылы экономикалық дағдарыс тек мұнай бағасының өсуінен емес, басқа да тауар мен қызмет көрсету бағаларының өсуімен байланысты. 1973 жылы жалпы бағаның деңгейі 7%-ке, 1979 жылы 90%-ке артты. Ақша әсерінен тыс, тауар бағаларының өзгеруі еңбек өнімділігінің артуына, циклдық және маусымдық талқылауларға, ұдайы өндірістегі құрылымдық өзгерістерге, бағаның монополия мен экономиканы мемлекеттік реттеуге, салықтың жаңа ставкаларын енгізуге, ақша өлшемінің девальвациялануы мен ревальвациялануына, рынок конъюктурасының өзгеруі мен сыртқы экономикалық байланыстардың ықпалына және т.б. байланысты. Демек, бағаның өсуіне көптеген неше түрлі себептердің әсері тиеді.

Инфляция экономикада, әсіресе нарық экономикасында көп сәйкессіздіктермен байланысты екенін еске ұстап отыру өте қажет.

9.1.2. Инфляция қалыптасуының себептері

Инфляция қалыптасуының, оның қатарында ең басты баға өсуінің инфляциялық себептері мыналар:

Біріншіден, мемлекеттік шығыстар мен кірістердің тепе-теңдігінің бұзылуы, баланстың болмауы. Ол мемлекеттік бюджеттің тапшылығынан көрінеді. Егер дефицит орталық комиссия банкісінен заем арқылы қаржыландырылса, басқаша айтқанда "ақша станогы" белсенді пайдаланылса, онда айналыста ақша массасы (MV) көбейеді. Айырбастың, кіріс-шығыстың сандық теңдігін $MV=PO$ еске түсірсек, M мен P көрсеткіштері өсуінің байланысы анық.

Екіншіден, осындай жолмен, әдіспен инвестицияны қаржыландыру жүргізілген жағдайда да бағаның инфляциялық өсуі болады. Әсіресе экономиканы милитариландырумен байланысты инвестиция инфляцияны өршітеді. Әскери шығындардың өсуі мемлекеттік бюджетте тұрақты тапшылық жағдайына және мемлекеттік қарыздың ұдайы өсуіне ұрындырады.

Үшіншіден, баға деңгейінің жалпы өсуі қазіргі рыноктық экономиканың ерекшелігіне байланысты. Бұл кезең, бәсеке кезіндегі рынокта көптеген өндірушілер болып, өнімдердің түрі аз, капитал ауысуы оңай уақытқа мүлдем ұқсамайды. Қазіргі рынок белгілі дәрежеде оптималдық рынок.

Төртіншіден, елдің экономикасының ашық болуы оның бірте-бірте әлемдік шаруашылық байланыстарға тартылуы барысында "импорттық" инфляцияның қаупі туады. 1979 жылы энергияға бағаның шарықтауы сырттан әкелетін мұнайға бағаны өсіріп, технологиялық тізбек бойынша басқа тауарлар бағасының қымбаттауына әкеледі. "Импорттық инфляциямен күресу мүмкіндігі шектеулі. Әрине, өз валютасын ревальвациялау ұлттық валютаның құнын жоғарылату арқылы, мұнай импортын арзандатуға болады. Бірақ ревальвация отандық тауарлардың экспорттық бағасын да қымбаттады, ол бұл дүниежүзілік рынокта бәсекелестің төмендеуіне әкеліп соқтырады."

Бесіншіден, инфляция өзінен-өзі дем беретін құбылыс ретінде сипат алады. Батыс елдерінің көптеген экономистері және біздің елімізде де осы факторды ерекше көрсетуде.

Дүниежүзілік қоғамдастықтың барлық елдерінде де инфляция өршуінің сан түрлі себептері бар. Алайда бұл құбылысты қоздыратын факторлардың комбинациясы жекелеген елдің нақты экономикалық жағдайына байланысты. Бұрынғы КСРО-ны алсақ жалпы заңдылықтар мен қатар, соңғы жылдардағы инфляцияның себептеріне экономикадағы ерекше тепе-теңсіздік жатады. Ол өміршілдік-өкімшілдік жүйе салдары еді.

9.1.3. Инфляцияның әлемдегі балама көздері

Батыс экономистері жасаған теорияларда инфляцияның альтернативті (баламалы) қайнар көздері ретінде сұраныс инфляциясы мен шығындар инфляциясын көрсетеді. Бұл концепциялар инфляция болуының әртүрлі себептерін атайды.

Сұраныс инфляциясы. Сұраныс пен ұсыныстың арақатынасының бұзылуы сұраныстан көрінеді. Мұндағы негізгі себептер: мемлекеттік тапсырыстардың ұлғаюы, толық жұмыспен қамтылған кездегі өндіріс құрал-

жабдықтарына сұраныстың өсуі, өндірістік қуаттардың толық жұмыс істеуі, кәсіподақтар әрекетінің нәтижесінде еңбекшілердің сатып алу қабілетінің жоғарылауы т.б. Осының салдарынан айналымға тауар көлемінен артық ақша түсіп, бағалар өседі. Мұндай жағдайда өндірісте жұмыспен қамту толық болғанымен, өндірушілер ұлғайған сұранысқа тауар ұсынысымен жауап бере алмай қалады. Басқаша айтқанда, айналымдағы төлем қаржыларының көбеюі шектелген тауар ұсынысына тап болады, сөйтін бағаның жалпы деңгейі өседі.

Шығындар инфляциясы. Бағалардың өсуін, өндіріс шығындарының ұлғаюымен түсіндіреді. Шығындардың көбеюі: баға белгілеудің олигополиялық тәжірибесінен, мемлекеттің экономикалық және фискалдық саясатынан, шикізат бағасының өсуінен, кәсіподақтың жалақыны көтеру талабынан және т.б. болады. Тәжірибеде инфляцияның бір түрін екіншісінен айыру оңай емес, олар бір-бірімен тығыз байланыста, сондықтан жалақының өсуі, мысалы, сұраныс инфляциясы немесе шығындар инфляциясы ретінде де көрінуі мүмкін.

XIX ғасырдың екінші жартысында экономикасы дамыған елдердің бәрінде дерлік, ұзақ уақыт бойы толық жұмыспен қамту, еркін рынок немесе бағаның тұрақтылығы болмағанын атап өту керек. Экономиканың тоқырауы мен құлдырауы кезеңдерінде де, өндіріс өз қуаттарын толық пайдаланбаған уақытта да, бағалар үнемі өсіп отырады. Барлық бағалардың бір мезгілде өсуі XIX-XX ғасырдың бірінші жартысындағы циклдық өзгерістердің алапат құбылысы кезінде орын алды. Мұндай құбылыс стагфляция деп аталады, ол экономикалық дағдарыс пен стагнация жағдайындағы бағаның, инфляцияның өсуі.

9.1.4. Инфляцияның әлем экономикасындағы түрлері

Соңғы кездерге дейін дүниежүзілік шаруашылықта инфляция, әдетте төтенше жағдайларға байланысты пайда болатын еді. Мысалы, соғыс жылдарында мемлекеттер ақшаларды шығаруға мәжбүр болды. Соңғы жылдары бірқатар елдердің экономикасы үшін ол айықпас ауруға, ұдайы өндірістің тұрақты факторына айналды.

Инфляция қарқынының жай, орташа жүруі кезінде бағаның өсуі 10%-тен аспайды. Экономикалық теория негізінде, даму үшін онды жағдай деп, ал мемлекетті тиімді экономикалық саясат жүргізуші субъект деп есептейді. Мұндай инфляция өндіріс пен сұраныстың өзгерген жағдайларына қарай, бағаларды түзеп отыруға мүмкіндік берсіді.

Жоғары қарқынды инфляция тұсында бағаның өсуі 20%-тен 200%-ке жетеді. Ал бұл экономика үшін үлкен салмақ. Бірақ көптеген контракт, келісімдер бағаның мұндай өсу қарқынын есепке алады.

Аса зор, шексіз инфляция (гиперинфляция) айналымдағы ақша мөлшері мен тауар бағасы деңгейінің тым шарықтап, шектен тыс өсуін білдіреді. Мысалы, Никарагуада, азамат соғысы жылдарында бағаның жылдық өсуі 3300%-ке дейін жетеді. Мұндай жағдайда халық үлкен зиян шегеді, тіпті қоғамның ауқатты тобына да қиын болады. Ұлттық шаруашылық бүлінеді. Гиперинфляцияны басынан өткізген бірқатар елдерде бағалардың өсу қарқыны, айналымдағы ақша мөлшерінің өсу қарқынынан әлдеқайда жоғары болады. Мұндай құбылыс, мысалы, 1945-1946 жылдары Венгрияда байқалады. Шаруашылық субъектілері ұлттық валпотаға деген сенім жасалған кезде, қолдағы күнсызданған ақшадан құтылуға тырысып бағады. Нәтижесінде айналымдағы ақша айтарлықтай өсіп, ол оның санының көбеюіне тең болады. Салдарында баға қауіпті шектерге дейін шарықтайды. Гиперинфляцияның басталуына инфляциялық күтудің де үлкен әсері болатындығын атап өту орынды. Басыңқы инфляция кезінде бағаның өсуі байқалмай қалады.

50-60-шы жылдарда көптеген әлем елдерінде инфляция орташа, бір қалыпты қарқынмен жүрді. Ал 70-жылы ол бақылаудан шыға бастады, ұдайы өндірістің қалыпты жүрісін бұзды, қоғамдық өндірістің бірінші жауына айналды. Инфляциялық процестің ең қызған шағы 70-ші жылдардың екінші жартысы. Мысалы, бөлшек сауда бағасының жылдың орташа өсуі АҚШ-та 1956-1965 жылы 1,7%, 1966-1974 жылы 51%, 1975-1980 жылы 9,3% болды. Англияда осы кезде ол 3,1;6,0 және 17,9%, Францияда 5,0;5,9 және 10,9%. 80-ші жылдардың соңына қарай бағаның өсуі қарқынды төмендеп, орташа инфляцияның үлгісіне

сәйкес келді. Мұны көптеген себептермен түсіндіруге болады, олардың ішіндегі негізгілері: мұнайға әлемдік бағаның төмендеуі, баға бәсекесінің артуы, жалақы өсуін тежеу шаралары.

Инфляция балансталған, тепе-теңдікті болуы мүмкін яғни бағаның өсуі баяу және ол барлық тауарлар мен қызметтерге бірдей өседі. Мұндай жағдайда бағаның жылдық өсуіне сәйкес ставка проценті көбейеді, бұл бағалардың тұрақтануы кезеңіндегі экономикалық ахуалды білдіреді.

Болжамды күтпеген инфляцияны кенеттен өршітін инфляциядан ажырата білу керек. Күткен инфляцияның мерзімін анықтауға болады, үкімет оны "жоспарлайды", мысал ретінде Ресей федерациясының, Қазақстанның 1991 жылы бағаны ырықтандыру алдында жасаған бағаны жоғарылату қарқынының бағдарламасын келтіруге болады.

Кенеттен болатын инфляция бағаның күтпеген кезде өсуімен сипатталады, ол ақша айналымына, салық салу жүйесіне теріс әсер етеді. Егер экономикалық инфляция күтілген болса, халық өз табысының күнсыздануынан қауіптеніп артық тауарлар сатып алуға ұмтылады, қызмет көрсету шығындарын шамадан тыс көбейтеді, сөйтіп экономикаға қиындық келтіреді. Қоғамдағы шын қажеттілік бүркемеленеді, шаруашылықтың қалыптасуы бұзылады. Бағаның тұтқиылдан шарықтауы инфляцияның күтілуі одан әрі арандатып, бағаның өсуін өршітеді. Егер бағаның тұтқиылдан өсуі "инфляцияны күту" басталмаған экономикада орын алса, онда халықтың, бағаның өсуіне көзқарасы өзгеше болады. Бағаның күрт өсуі қысқа мерзімді құбылыс, ол төмендейді деген үмітпен, тұтынушылар рынокқа сатып алу қабілеті бар сұраныс ретінде ғана ақша жұмсайды, оны көбірек сақтап жинауға тырысады. Сұраныстың көлемі азайған шақта бағаның өзіне, оны төмендету мақсатында қысым жасалады. Экономика тағы да өзінің тепе-теңдік жағдайына келеді. Біз рыноктық шаруашылық қызметінің әсерін, оңды нәтижесін көрсеттік. Мұны Пигу эффектісі деп атайды.

9.1.5. Инфляцияға қарсы осы замандағы саясат

Инфляцияның әлеуметтік және экономикалық зардаптары, оған шалдыққан елдердің үкіметін белгілі экономикалық саясат жүргізуге мәжбүр етті. Алдымен экономистер ең басты сұраққа жауап іздейді. Инфляцияның төтенше шаралар қолдану арқылы жою керек пе, әлде оған бейімделу керек пе? Бұл дилемма әр елде өзінше, сол елдің срекшеліктеріне сәйкес шешіледі. Мысалы, АҚШ-та, Англияда инфляцияға қарсы күрес мемлекет деңгейіндегі мәселе. Басқа бір елдер бейімделу шараларын қарастырады.

Инфляцияға қарсы саясатты талдауда оның екі бағытын көрсеткен жөн. Бірінші бағыт (қазіргі кейіншілер қолдайтын шаралар) белсенді бюджеттік саясатты жақтайды, мемлекеттік шығыстар мен салықтарды икемді пайдаланып, толсу қабілеті бар сұранысқа ықпал жасайды.

Инфляциялық артық сұраныс тұсында мемлекет өз шығыстарын тежеп, салықтар деңгейін жоғарылатады. Нәтижесінде сұраныс қысқарады, инфляцияның қарқыны төмендейді. Алайда, солармен бір мезгілде өндірісте қысқарып, экономикада дағдарыс пен тоқырау белгілері байқалады, жұмыссыздардың саны өседі. Бұл инфляцияны тежеудің қоғамдық бағасы.

Экономиканың құлдырауы кезінде сұранысты ұлғайту үшін, арнайы бюджеттік саясат жүргізіледі. Егер сұраныс жеткіліксіз болса, мемлекеттік қаржыландыру бағдарламасы жүзеге асырыла бастайды, салықтардың деңгейі төмендетіледі. Төмен деңгейлі салықтар ең алдымен табысы аз топтарға салынады, әдетте, олар табысты жедел пайдаланады. Сөйтіп қызмет көрсетулерге және тұтыну тауарларына сұранысты ұлғайтады. Сұранысты бюджеттік қаржылар арқылы ынталандыру, 60-70 жылдары көптеген елдердің тәжірибесі көрсеткендей, оны күшейтеді. Дегенмен, бюджет тапшылығының ұлғаюы үкіметтің салық арқылы маневр жасау мүмкіндіктерін тарылтады.

Екінші бағыттың авторлары экономикада пайда болған кемшіліктерді ақша-несие саясаты арқылы реттеуді ұсынады. Реттеудің бұл түрі үкіметтің тікелей бақылауынан тыс, дербес орталық банк арқылы жүргізіледі. Ол айналымдағы ақша санын және қарыз процентінің ставкасын өзгертеді. Ақша-несие саясаты экономикаға


қысқа мерзімдік ықпал жасау құралы ретінде қолданылады, басқаша айтқанда, экономистердің ойынша үкімет төлеу қабілеті бар сұранысты тежеу үшін инфляциялық шаралар қолданады. Өйткені экономикалық өсуді ынталандыру және жұмыссыздықтың табиғи деңгейін жасаңды әдістер арқылы төмендету, инфляцияны бақылаудан шығарады. Қоғамдық мүдде тұрғысынан инфляциямен күрес халық шаруашылығына үлкен зиян келтіреді, яғни жұмыссыздықты өсіріп, өндірісті құлдыратады. Кейбір есептер бойынша инфляцияны 1%-ке төмендету. Жұмыссыздықты жыл бойындағы өзінің табиғи деңгейінен 2% жоғарылатады, ал нақты ЖҮӨ-ні 4%-ке кемітеді.

Бақылаудан шыққан инфляцияны ауыздықтау үшін біраз елдердің үкіметтері 60-шы жылдардан бастап, баға мен табыс арақатысы деген саясатты жүргізуде. Оның басты мақсаты жалақының өсуін тежеу. Бұл саясат инфляциямен күресте рыноктық стратегиядан гөрі әкімшілікке көбірек бағыт ұстанғандықтан туындайды және ол алға қойған мақсатқа әрдайым жете бермейді. Қайшылықты проблемаларды шешуде түрлі экономикалық шараларды қатар қолдану жалпы экономикалық реттеуді тиімсіз етеді.

АҚШ-тың тәжірибесі табыс саясатын жоққа шығарды. Мұнда 1971-1974 жылда үкімет жалақы мен баға деңгейіне тікелей бақылау жүргізді. Одан кейінгі жылдарда бұл мәселеде тек кеңес берумен ғана шектелуде.

9.1.6. Инфляция және жұмыспен қамту – Филлипстің графигі

Инфляция жұмыспен қамтуға айтарлықтай әсер етеді. Сондықтан 1958 жылы ағылшын экономисі А.Филлипс оның ықпалын көрсететін "сұраныс инфляциясы" деген үлгісін ұсынды:



Ол 1861-1956 жылдардағы Ұлыбритания санақ деректерін пайдалана отырып, ал жалақы ставкасы өзгеруі мен жұмыссыздық деңгейінің арасындағы тәуелділіктің кері өсерін қисық сызық арқылы көрсетті. Сөйтіп, Англиядағы жұмыссыздықтың 2,5-3% артық көбейтуі баға мен жалақының өсуін күрт баяулататынын дәлелдеді.

А.Филлипс есебінің теориялық негізін экономист Р.Лепси жасды. Р.Самуэльсон және Р.Солоу, Филлипстің қисық сызығына өзгерістер енгізіп, жалақы ставкасын тауар бағаларының өсу қарқынымен ауыстырды. Үкімет Филлипстің қисық сызығын, сол күйінде экономикалық саясатты жасаудың құралы ретінде қолданды. Әсіресе ол толық жұмыспен қамту және өндіріс бағасының тұрақтылығын анықтайтын жағдайда пайдаланылды.

Абцисса өсінде жұмыссыздық деңгейі, ординат өсінде тауар бағаларының өсу қарқыны бейнеленді. Қисық сызық осі параметрлердің көрінісі. I^1 төтенше жоғары деп есептессе, онда оны төмендету үшін бюджеттік және ақша-несие шаралары қолданылады, олар өз кезегінде сұранысты күшейтеді. Бұл өндірістің ұлғаюына, жаңа жұмыс орындарының пайда болуына әкеледі. Жұмыссыздық нормасы I^2 мөлшерінің деңгейіне дейін жоғарылайды. Мұндай жағдайлар экономиканың "қызыл" кетуіне дағдарысқа ұшырауына әкелуі мүмкін, сондықтан үкімет несие беруді тежеу, мемлекеттік бюджеттің шығыстарын кеміту және т.б шаралар жүргізеді. Нәтижесінде бағаның өсу қарқыны P^3 деңгейіне төмендеп, ал жұмыссыздық өсіп, оның нормасы I^3 болады.

Экономикалық реттеу тәжірибесі көрсеткендей, Филлипстің қисық сызығы қысқа мерзімді экономикалық жағдайларда қолдануға келеді. Өйткені, ұзақ мерзімді жоспарда жұмыссыздықтың жоғары болуына қарамастан инфляция үдей береді, мұның бірталай себептері бар.

Бұлардың ішіндегі жиынтық сұранысты ынталандыру мәселесін бөліп көрсету керек. Үкімет инфляция арқылы жұмыссыздықтың төмен деңгейін тұрақтандыру үшін еңбекшілерді "жалған күту" дегенге сендіре алса диттеген мақсатына жетеді. Мысалы, жалдамалы жұмысшылар номиналды жалақы ставкасының өсуін байқап, еңбек ұсынысын көбейтеді. Мұнда Филлипстің концепциясы бойынша инфляциясының өсуі, жұмыссыздықты азайтуы

мүмкін. Бірақ, бір кезде халық номиналды жалақының жоғары ставкасының өсуін байқап, еңбек ұсынысының шын бағасын біледі. Өйткені, инфляция тұсында нақты жалақының жоғарылауы оның номиналды дәрежесінің өсуімен бірдей емес, оған сәйкес келмейді. Егер адамдар алған ақшаларына қызмет пен тауар сатып алуды бірте-бірте азайтса, үміттің үзілгені, онда ешкімде жалақының өсуіне қарамастан еңбегін ұсынбайды. Мұндай өзара тәуелділікке 60-шы жылдары американдық экономисі М.Фридмен ерекше назар аударды. Ол жұмыссыздықпен күресуде жиынтық сұранысты инфляциялық шаралармен "толтыру" тиімсіз деп көрсетті. Сонымен, халық өзінің "жалған күтуін" сезіп, номиналды ставканы жоғарылату, жалақыны сатып алу қабілетін жоғарылатумен сәйкес еместігін түсінгенде ғана, инфляцияның өсуі еңбекті ұсынудың өсуімен жүрмей оның азаюы, яғни жұмыссыздықтың өсуінен жүреді.

9.1.7. Инфляцияның экономикалық және әлеуметтік зардаптары

Инфляцияның зардаптары күрделі және көп түрлі болып келеді. Инфляцияның жоғары деңгейі баға мен пайда нормасын жоғарылатып, уақытша конъюнктураны жандандырады. Процестің ушығуы барысында инфляция ұдайы өндіріске кедергі келтіріп, қоғамдағы экономикалық және әлеуметтік шиеленістерді тереңдетеді. Инфляция, аттың текіректен шауып, бой бермеген кезіндегідей шаруашылықтың шырқын бұзып, айтарлықтай зиян келтіріп, экономикалық саясатты жүргізуге жол бермейді. Бағаның әр түрлі өсуі экономика салаларының арасындағы сәйкестілікті бұзып, тұтынушылар сұранысын бүркемелеп, ішкі рынокта тауарлар өткізуді қиындатады. Мұндай инфляция тұтынушының ақшадан тауарға ауысуын күшейтіп, бұл процесті "таудан аққан тасқынға айналдырып", тауарға тапшылық тудырып, ақша қорлануына ынтаны жойып, ақша-несие жүйесінің қызметін бұзады. Бұдан басқа халықтың жинағы құнсызданады, банктер, несие беретін мекемелер зиян шегеді. Өндірістің интернационалдануы инфляцияны бір елден екіншісіне аударады, халықаралық валюта және несие қатынастары күрделенеді.

Инфляцияның әлеуметтік зардаптары да бар, ол ұлттық табысты қайта бөледі, халыққа салық үстіне салық болып, номиналды және нақты жалақының өсу қарқынының қызметтер мен тауарлар бағасының күрт өсуінен кейін құлдырады. Инфляция зардабын барлық жалдамалы жұмысшылар, еркін кәсіп иелері, зейнеткерлер т.б. басынан өткізеді.

"1981-1982жылдардағы құлдырау — күтпеген жағдай еді. Расында, ұзаққа созылған тоқырауды ешкім күткен жоқ. Оның инфляцияны тудыруы мүмкін екендігі де кімнің қалайына жаға қойсын", - бұл біздің еліміздің президентінің 1985 жылғы экономика туралы баяндамасы.

Қысқа мерзімді инфляцияны төмендетудің мүмкіндігі аз, ол ұзақ мерзімді инфляция мен жұмыссыздық аралығында үйлесім, ымыраға келушілік болмайды.

9.2. Әлем экономикасында инфляцияның өрлеуі және зияндылығы

Инфляцияның зардаптары күрделі және көп түрлі болып келеді. Инфляцияның жоғары деңгейі баға мен пайда нормасын жоғарылатып, уақытша конъюнктураны жандандырады. Процестің ушығуы барысында инфляция ұдайы өндіріске кедергі келтіріп, қоғамдағы экономикалық және әлеуметтік шиеленістерді тереңдетеді. Инфляция "аттың текіректен шауып, бой бермеген кезіндегідей" шаруашылықтың шырқын бұзып, айтарлықтай зиян келтіріп, экономикалық саясатты жүргізуге жол бермейді. Бағаның әр түрлі өсуі экономика салаларының арасындағы сәйкестілікті бұзып, тұтынушылар сұранысын бүркемелеп, ішкі рынокта тауарлар өткізуді қиындатады. Мұндай инфляция тұтынушының ақшаны тауарға айналдырып, тауарға тапшылық тудырып, ақша қорлануына ынтаны жойып, ақша-несие жүйесінің қызметін бұзады. Бұдан басқа халықтың жинағы құнсызданады, банктер, несие беретін мекемелер зиян шегеді. Өндірістің интернационалдануы инфляцияны бір елден екіншісіне аударады, халықаралық валюта және несие қатынастары күрделенеді.

Инфляцияның әлеуметтік зардаптары да бар, ол ұлттық табысты қайта бөледі, халыққа салық үстіне салық болып, номиналды және нақты жалақының өсу қарқынын

қызметтер мен тауарлар бағасының күрт өсуінен кейін құлдырады. Инфляциямен күрестегі арнаулы саясат нарықтық стратегиядан гөрі әкімшілікке көбірек бағыт ұстанғандықтан туындайды және ол алға қойған мақсатқа әрдайым жете бермейді. Қайшылықты проблемаларды шешуде түрлі экономикалық реттеуді тиімсіз етеді.

9.2.1. Әміршілдік-әкімшілдік жүйе жағдайындағы инфляцияның ерекшеліктері

Соңғы жылдары инфляция бұрынғы КСРО елдеріндегі ең қиын халық шаруашылығы проблемасына айналды. Әміршілдік-әкімшілдік жағдайында инфляция "қысыңқы" "басыңқы" "жабыңқы" күйде болып, көптеген тапшылықтар болуымен, өнім сапасының үнемі төмендеу түрінде көрініп келді. Рыноктың құрыла бастауы инфляциялық процестерді едәуір дәрежеде өршітті. Инфляцияны бәсеңдету үшін баға мен табысқа түгелдей әкімшілік бақылауды күшейту нарық қатынастарының дамуына теріс әсер етті. 1992 жылға дейін бұрынғы КСРО елдерінде инфляцияға қарсы жан-жақты ойластырылған шаралар жүргізілген жоқ.

Қорыта айтқанда, қазіргі инфляция сан қилы, көп факторлы күрделі процесс, ол белгілі бір дәрежеде барлық елдерді қамтиды. Инфляцияның жоғары қарқыны елдің, халықтың экономикалық дамуына көптеген әсер келтіреді.

9.3. Инфляция мен жұмыссыздықтың арақатынасы

Негізінен инфляция елдегі баға деңгейінің өсуімен байланысты, оған экономикалық жағдайлар әсер етеді. Мысалы, 70-ші жылдардағы энергетикалық жағдай да еңбекшілер жалақыларын көбейтуін талап етеді.

Өндірушілер өз өнімдерін өте жоғарғы бағаға белгілейді, сөйтіп қысқа мерзімде шикізат, материал, қосалқы бөлшектер қымбаттайды. Атап айтсақ, Ресей экономикасында (қаңтар-көкек 1991ж) инфляцияның жоғарғы қарқыны тұсында өндірушілер өздерін жабдықтаушылардың бағаны көтеру мүмкіндігінен сақтап, алдын ала өз өнімдерінің бағасын жоғарылатады. Нәтижесінде Ресей экономикасындағы басқа ТМД елдеріндегі бағалар

бұрынғы төлем қабілеті бар сұраныс деңгейінен ғана емес, инфляцияны күткен деңгейден де асып түсті.

Дүниежүзілік қоғамдастықтың брлық елдерінде де инфляцияның сан түрлі себептері бар.

Инфляцияның зардаптары күрделі және көп түрлі болып келеді. Инфляцияның жоғарғы деңгейлі бағамен пайда нормасын жоғарылатып, уақытша конъюнктураны жапқандырды. Процестің ушығуы барысында инфляция ұдайы өндіріске кедергі келтіреді.

Инфляцияның әлеуметтік және экономикалық зардаптары, оған шалдыққан елдердің белгілі экономистері ең басты сұраққа жауап іздейді.

Инфляцияны төтенше шаралар қолдану арқылы жою қсрек пе, әлде оған бейімделу керек пе? Бұл дилемма әр елде өзіпше, сол елдің ерекшеліктеріне сәйкес шешіледі. Мысалы, АҚШ-та Англияда инфляцияға қарсы күрес мемлекет деңгейіндегі мәселе. Басқа бір елдер бейімделу шараларын қарастырады (жалақыны индексстеу т.б). Инфляцияға қарсы саясатты талдауда оның екі бағытын көрсеткен жөн.

Бірінші бағыт белсенді бюджеттік саясатты жақтайды, мемлекеттік шығыстар мен салықтарды икемді пайдаланып, төлеу қабілеті бар сұранысқа ықпал жасайды. Инфляциялық артық сұраныс тұсында мемлекет өз шығыстарын тежеп, салықтар деңгейін жоғарылатады. Нәтижесінде сұраныс қысқарады. Экономикада дағдарыс тоқырау белгілері байқалады, жұмыссыздықтың саны өседі.

Экономикалық құлдырауы кезінде сұранысты ұлғайту үшін арнайы бюджеттік саясат жүргізіледі. Егер сұраныс жеткіліксіз болса, мемлекеттік қаржыландыру, бағаландыру жүзеге асырыла бастайды, салық деңгейі төмендетіледі. Сөйтіп қызмет көрсетулер арқылы тұтыну тауарларына сұранысты ұлғайтады. Сұранысты бюджеттік қаржылар арқылы ынталандыру, 60-70-ші жылдары көптеген елдердің тәжірибесі көрсеткендей, оны күшейтеді. Дегенмен, бюджет тапшылығының ұлғаюы үкіметтің салық арқылы маневр жасау мүмкіндіктерін тарылтады.

Екінші бағыттың авторлары экономикада пайда болған кемшіліктерді ақша-несие саясаты арқылы реттеуді ұсынады. Реттеудің бұл түрі үкіметтің тікелей бақылауынан тыс дербес орталық банк арқылы жүргізіледі. Ол

айналымдағы ақша санын және қарыз процент ставкасын өзгертеді. Өйткені, экономикалық өсуді ынталандыруды және жұмыссыздықты табиғи деңгейде жасанды әдістер арқылы төмендету, инфляцияны бақылаудан шығарады. Қоғамдық мүдде тұрғысынан инфляциямен күрес халық шаруашылығына үлкен зиян келтіреді, яғни жұмыссыздықты өсіріп, өндірісті құлдыратады. Кейбір есептер бойынша, инфляцияны 1%-ке төмендету жұмыссыздықты жыл бойындағы өзінің табиғи деңгейінен 2% жоғарылатады, ол нақты Ж.Ұ.Ө-ні 4%-ке кеміді.

Бақылаудан шыққан инфляцияны ауыздықтау үшін біраз елдердің үкіметтері 60-шы жылдардан бастап, баға мен табыс арақатысы деген саясатты жүргізуде. Оның басты мақсаты жалақының өсуін тежеу.

Бұл саясат инфляциямен күресте нарықтық стратегиядан гөрі әкімшілікке көбірек бағыт ұстанғандықтан туындайды және ол алға қойған мақсатқа әрдайым жете бермейді. Қайшылықты проблемаларды шешуде түрлі экономикалық реттеуді тиімсіз етеді.

АҚШ-тың тәжірибесі, табыс саясатын жоққа шығарды. 1971-1974 жылдары үкімет жалақы мен баға деңгейінен тікелей бақылау жүргізеді. Одан кейінгі жылдарда бұл мәселеде тек кеңес берумен ғана шектелуде.

Халық шаруашылығы пропорциясын бірте-бірте мемлекеттің тиімді құрымдылық саясаты арқылы қалпына келтіруге болады. Ол үшін әскери өндіріс пен әскери шығындарды қысқарту, өндірісті бюджеттік қаржыландырудан гөрі кәсіпорындардың акционерлік капиталын пайдалануға көшу және экономикадағы монопольды құрылымдарды жою қажет. Бұлардың өзі ақша массасын азайту, мемлекеттік бюджеттің тапшылығын жою елдің валюта курсына тұрақтандыру және бәсекені күшейту сияқты қосымша шаралармен толықтыруы тиіс.

Экономикалық өсудің қарқыны %-пен өлшенетін белгілі бір мерзімді міндетті, нақты жиынтық ұлттық өнімнің өсуі.

Инфляцияның өсу қарқыны %-пен өлшенетін белгілі бір мерзімді баға деңгейінің өсуі. Инфляция мен жұмыссыздықтың арақатынасының себебін былай түсіндіруге болады. Өндірістер тоқтайды, сол себептен баға

өседі, баға өсуімен байланысты ақша құнсызданады да, жұмыссыздар саны көбейеді.

Нарықты жағдайда да міндетті түрде жұмыссыздық туады. Жұмысқа жарамды бірақ жұмысы жоқ, ізденісте жүрген жұмыссыздар. Жұмысқа жарамдының бәрін осы нарық заманында жұмыспен қамтамасыз ету мүмкін емес. Жұмыссыздықтың екі түрін атап өтейін олар: Фрикциондық және Құрылымдық деп аталады.

Фрикциондық - бұл жұмыссыздың жұмыс күшінің өзгеруімен объективті түрде жылжуымен байланысты. Жұмысын ауыстыруда, мекен-жайын өзгертуде, көшіп-қонып жүруіне сұранысының, ұсынысының өзгеруінде. Мемлекетте тек қана фрикционды және құрылымды жұмыссыздық болса, онда жағдай жаман емес. Ол жұмыссыздарды қамтамасыз етеді. Ал нағыз жұмыссыздық циклі жұмыссыздық дағдарыс кезінде туады.

Қорыта айтқанда қазіргі инфляция сан қилы, көп факторлы күрделі процесс, ол белгілі бір дәрежеде барлық елдерді қамтиды. Инфляцияның жоғарғы қарқыны елдің, халықтың экономикалық дамуына көптеген зиян келтіреді.

9.4. Әлем елдерінде макроэкономикалық тұрақтандыру

Әкімшілдік-әміршілдік жүйеден нарықтық экономикаға өту үшін, осы бағыттағы әлемдік тәжірибеде жинақталған классикалық принциптерді қатаң басшылыққа алу керек. Макроэкономикалық тұрақтандырудың басты бағыттарына мыналар жатады:

- мемлекеттік бюджеттің тапшылығын жою және шамадан тыс, артық ақша эмиссиясы мен несиелерді шектеу;

- бағаларды ырықтандыру (либерализация). Бағалар ұсыныс пен сұраныс негізінде анықталады;

- меншік иелерінің құқығын және олардың шаруашылық келісім шарттарының орныдалуын қамтамасыз ететін заңдарды шығару;

- мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру, сонымен қатар жеке тұлғалардың және кәсіпорындардың құру құқығын заңдасу, мемлекет меншігінің басым бөлігін сату және әр түрлі салалардағы монополияларды жою;

КІТАПХАНА

№ 17 2022

- ашық түрдегі экономиканы қалыптастыру, еркін сауда қатынастарын дамыту, шетелдік инвестицияларды қорғау, пайданы репортациялау (әкету) мүмкіндігін және ұлттық валютаның айналымын қамтамасыз ету;

- экономикаға мемлекеттің тікелей араласуын шектеу. Экономикалық реформалардың табысты аяқталуы, мемлекеттік дәстүрлі ролін қайта қарауды қажет етеді. Рыноктық экономика жағдайында мемлекеттің басты міндеттеріне меншік құқығын жүзеге асыру және жасалған шаруашылық келісімдерді қамтамасыз етумен қорғау, монополияға қарсы саясат жүргізу арқылы рыноктық бәсекеге жәрдемдесу, қоғамға пайдалы салық және ақша саясатын жүргізу, әлеуметтік қорғау жүйесін дамыту, инфрақұрылымның негізгі салаларының дамуына көмектесу және т.б. жатады.

Макроэкономикалық тұрақтандырудың жеке мәселелерін толығырақ қарастырсақ "Тұрақтандыру операциясы кезіндегі мәселелер ішінде, тез арада өз шешімін табуы қажет ететін, ең маңызды міндеттердің бірі инфляция қарқынын төмендету". Макродеңгейде ұсыныс пен сұраныс теңелуі қажет. Үкімет бағаны ырықтандыруды жүргізгеннен кейін, біршама уақыттан соң рынок тепе-теңдік қалпына келеді. Экономиканы жаншыған инфляция режимінен оның ашық түріне өтудегі амалсыз "баға секірісі" инфляцияға қарсы қатаң саясатпен қатар жүргізілуі тиіс. Баға-жалақы-баға үштігінде болатын серпінді инфляция процесін тоқтатып, үштікті қирату керек.

Бейинфляциялық (инфляцияға қарсы) саясатты жүргізу дегеніміз - бюджеттің тапшылығына қарсы батыл күрес. Бюджет шығысы тек қана оның кірісі негізінде ғана анықталуы тиіс, мұның өзі бюджеттің негізгі институты салық жүйесін түбегейлі түрде реформалауды талап етеді.

Салықтық реформа принциптерінің өміршеңдігін көрсететін нақты салықтың түрлеріне қосымша құнға салық, пайдаға салық, кезеңдік төлемдер, меншікке салық т.б кіреді.

Бюджет тапшылығы, оның кіріс жағын салық есебінен көбейту жолымен ғана емес, сонымен қатар, шығыс жағын азайтумен де жоюға болады. Үкімет мүмкіндігінше әскери шығындарды, бюджеттік бағаларды дотациялауды әр түрлі өндірістік дотацияларды азайтуы керек. Тұрақтандыру про-

цесі барысында атқарылған шаралармен қатар, макроэкономикалық сұранысты (жалпы сұранысты) үздіксіз бақылап отыру қажет. Сұранысты макродеңгейде реттеу ақшаны қатаң шектеу шаралары арқылы жүргізілуі тиіс. Бұл саясаттың басты әдістерінің бірі – несие қаржыларына жоғарғы өсімдер қою. Ақшаны шектеу саясатын жүргізуде оның салдарын алдын ала есептеу керек. Кәсіпорындардың төлсөм қабілетінің кемуі және мемлекеттік кәсіпорындарда жалақының өсу деңгейін өкімшілік жолмен ықтиярсыз белгілеу, аталған саясаттың көріністеріне жатады.

Белгіленген жалақы деңгейінің жоғарылауы мемлекеттік кәсіпорындарды жеке меншікке бергенде ғана мүмкін болады. "Тұрақтандыру хирургиясы" процесін жүргізу барысында айтылған шаралармен қатар мыналар жүзеге асырылады:

- бірыңғай айырбас курсы енгізу;
- ұлттық валютаның еркін айырбасын (конвертациясын) енгізу. Бұл жағдайда Орталық банк ұлттық валютаны кез келген халықаралық валютаға, жеке және заңды тұлғаларға ашық айырбастайтын болады;

- барлық сыртқы сауда сферасын меншік түріне қарамастан ырықтандыру (либерализация). Валютаның еркін айырбасын енгізу алдында басқа шаралармен қатар негізгі екі мәселені қадағалау қажет. Біріншісі, мемлекеттік сектордың кәсіпорындары тарапынан еркін ауысатын валюта сұранысына бақылау жүргізу. Бұл кезде қатаң ақша саясаты өз мүмкіндіктерін (несиеге үлкен процент қою) толығымен көрсету керек. Екінші шарты, мемлекетте еркін ауысатын валюта қорының болуы. Бірыңғай курсты қалыптастыру, валюта айырбасын енгізу мен сыртқы сауданы ырықтандыру шараларын жасау, сыртқы және ішкі экономика теңдігін қалыптастырады, сөйтіп шығарылған өнімнің молшері мен сапасына оң ықпал етеді.

Макроэкономикалық тұрақтандырудың мәні қолданылатын шаралардың өзара байланысты болуында. "Инфляцияны тоқтату мәселесі балансталған бюджетті қажет етеді. Бюджет баланстылығына өз кезегінде жаңа салық жүйесі негізінде ғана жету мүмкін. Инфляцияның жоғары қарқыны жағдайында бюджеттік балансқа жету мүмкін емес, өйткені инфляцияның әсеріне байланысты кіріс, қашанда шығыстан аз болады".

Шығынмен істейтін кәсіпорындарды үстеп қаржыландыруды тоқтату жаңа салық жүйесі шешетін мәселе, сонымен қатар кәсіпорындардың рентабельділігі де рыноктық бағалар негізінде анықталуы қажет. Шынайы рыноктық бағалардың үдемелі, өскелең инфляция жағдайларында қалыптасуы мүмкін емес. Бағалардың бір ғана бөлігінің өсуінің өзі-ақ инфляция спиралін көтеруге әсер етеді. Осындай өзара байланыстар тізбегін әрі қарай да жалғастыра беруге болады. Олардың бәрі, жалпы алғанда бүкіл тұрақтандыру операциясын бір мезгілде жүргізудің экономикалық қажеттілігін негіздейді.

10 ТАРАУ

Осы дәуірдегі әлемдік сауда және әлем экономикасымен байланысты проблемалар

10.1. Әлемдік сауда негізі

Сауда капиталы өндірісте шығарылған құнның бір бөлігін иемденеді. Қосымша құн тек қана материалдық өндірісте шығарылады. Басқа салалар қосымша құн өндірмейді. Сауда пайдасы қосымша құнның түрін өзгерткен үлгісі мен бір бөлігі. Сонымен, сауда пайдасының қайнар бұлағы, өнеркәсіп капиталистерінің пайдаларының қайнар көзі. Өндіріс саласында өндірілген қосымша құн, сауда саласында жалпы құн және қосымша құн да болуы ықтимал. Сауда капиталы осы қатарда тек жалдамалы еңбекті қанауға қатысады.

Тауарды сатып өткізу, айналыс процесінде жүзеге асады. Оған арнайы шығын кетеді. Осындай шығын түрлерін айналыс шығындары деп атайды. Ол екіге бөлінеді: қосымша шығын және таза айналыс шығындары.

Тауарды сатып алу және сатып өткізу кезінде жарнама істерін және т.б. ұйымдастыруға кеткен шығындар таза айналыс шығыны түсінігін береді.

Тауарды толық тұтынушыларға жеткізуге кететін көптеген шығын түрлерінің жиынтығын айналыстағы өндірістің қосымша шығындары дейміз. Капитализмде сауданың 3 түрі бар: көтерме, бөлшек және сыртқы сауда. Сауда капиталистері тауарларды тікелей тұтынушыларға, халыққа сатады. Бөлшек сауда дегеніміз осы. Бір капиталистердің басқа капиталистерге тауарларды көп көлемде сатып өткізуін көтерме сауда деп айтамыз.

Капитализмде сыртқы сауда ерекше роль атқарады. Келешекте бұл тенденция үдей түседі. Шет елдерге шығарылған тауарлар экспорт, әкелінген тауарлар импорт деп аталынады. Экспорт көлемі импорттан асып түссе сауда балансы активті, ал импорт экспорттан басым болса сауда балансы пассивті болғаны. Қазір, әсіресе келешекте ел тағдырын шешетін күштердің бірі - әлемдік рынок.

Төлем балансына сыртқы саудадан, тасымал құралдары төлемінен, шетелге капитал шығарудан, шетел

туризмiнен және валюталық несиелiк операциядан және т.б түскен табыстар кiргiзiледi. Төлем балансының маңызды құрамдас бөлiгi сауда балансы. Онда елдің экспорт, импорт және экспорт бойынша кiрiстерi мен шығындары анықталады.

10.1.1. Сауда капиталы мен сауда пайдасының мәні

10.1.1.1. Сауда капиталы - өнеркәсiп капиталының оқшауланған бiр бөлiгi

Капиталистiк қоғамда сауда капиталы, капиталистердің ерекше тобы тек қана айналыс саласында қолданатын өнеркәсiп капиталының оқшауланған бiр бөлiгi болып табылады. Сауда капиталының айналымы (Д-Т-Д) тауарды өткiзу процесiнде саудагерлер авансыланған капиталдың орнын толтырып қана қоймай, сонымен бiрге осы капиталдан пайда түсiрудi де көздейдi.

Шын мәнiнде сауда пайдасы дегенiмiз - материалдық өндiрiс саласында жалдамалы жұмысшылар жасаған қосымша құнның өзгерген формасы. Бұл өнеркәсiп капиталистерi тауарларды өткiзудi жүзеге асырғаны үшін, сауда капиталистерiне беретiн қосымша құнның бiр бөлiгi. Өнеркәсiп және сауда капиталистерi жұмысшы табын бiрлесiп қанайды, ал жұмысшы табы өндiрген қосымша құнды өзара бiрдей көлемдi пайданы, бiрдей көлемдi капитал жұмсау принципi бойынша бөлiп алады.

10.1.1.2. Айналыс шығындары және олардың орнын толтыру

Айналыс процесi тауарды сатып алу үшін капиталды авансылауды ғана емес, сонымен бiрге тауарларды өткiзу iсiн ұйымдастыруға шығын жұмсауды да керек етедi. Бұл шығындар айналыс шығындары деп аталады. Айналыстағы өндiрiстiң қосымша шығындары тауарды толық ұқсатуға, орауға, буып-түюге, сақтауға, оларды тұтынушыға жеткiзуге жұмсаған шығындардан құралады. Таза айналыс шығындары тауарларды сатып алу сату операцияларына, жарнама iсiн ұйымдастыруға т.б балансты шығындар.

10.1.1.3. Сауда капиталының сауда қызметкерлерiн және басқа еңбекшiлердi қанауы

Сауда қызметкерiнiң жұмыс күнi де қажеттi және қосымша жұмыс уақытына бөлiнедi. Бiрақ тауарларды тiкелей сатумен және сатып алумен айналысатын сауда қызметкерлерiн қанаудың айрықша өзгешелiктерi бар. Қажеттi жұмыс уақыты iшiнде, сауда қызметкерлерi саудада белсiптiн жұмыс күшiнiң құнына ақы төлеуге жұмсалатын қосымша құнның бiр бөлiгi болатын тауарлар массасын өткiзедi. Қосымша жұмыс уақытында олар сауда капиталистерiнiң пайдасын құрайтын қосымша құнның бiр бөлiгi сiңiрiлген тауарларды өткiзедi. Сауда капиталистерi ұсақ тауар өндiрушiлердi (шаруалар мен қол өнершiлердi) де қанайды. Олар эквивалентсiз айырбас жасау арқылы ұсақ өндiрушiлердiң еңбегiмен жасалған құнның бiр бөлiгiн иемденiп алады.

10.1.2. Капиталистiк сауда үлгiлерi

10.1.2.1. Көтерме және бөлшек сауда

Көтерме сауда дегенiмiз - бiр капиталистiң басқа капиталистке тауарларды iрi көлемде сатуы. Сауда өнеркәсiп және сауда капиталистерiнiң арасында және капиталистерiнiң осы ерекше топтарының iшiнде жүргiзiледi. Сауда өдiстте көтерме сауда орталықтарында - тауар биржаларында, жәрмеңкелер мен аукциондарда жүзеге асырылады. Көтерме сауда процесiнде тауарлардың едәуiр бөлiгi айналыс саласынан тұтыну саласына көшпейдi. Мұндай көшу бөлшек саудала аяқталады.

Бөлшек сауда дегенiмiз - сауда капиталистерiнiң тауарларды тiкелей тұтынушыларға сатуы. Капитализм тұсында бөлшек сауданы дамытудың негiзгi бағыты тұтыну сұранымы мен бәсеке күресiнiң универсал сипаты итермелейтiн сауданы, iрi универсал магазиндерiне шоғырландыру болып табылады. Сонымен бiрге тауарлардың белгiлi бiр түрлерiн сататын арнаулы магазиндер мен iрi сауда фирмалары болады.

10.1.2.2. Сыртқы сауда

Капитализм тұсында сыртқы сауданың қажеттігі және оның өсуі мынадай факторларға байланысты болып отыр.

1. қоғамдық еңбек бөлінісінің және ұлттық мемлекеттердің шекарасынан шығып кеткен тауар өндірісінің дамуы;

2. капиталистік экономика дамуының әркелкілігі, осының салдарынан жедел дамып отырған салалар мен кәсіпорындардың өнімдерін өткізу үшін зат өткізетін қосымша рыноктар қажет болады.;

3. неғұрлым көп тауар массаларын едәуір қашықтыққа тасымалдауды экономикалық жағынан тиімді еткен транспорттағы техникалық прогресс т.б.

Сыртқы сауда, тауарларды басқа елдерге шығарудан экспорттан және тауарды басқа елдерден әкелуден импорттан құралады. Белгілі кезеңде тауарлар экспортының құны мен олардың импортының құны арасындағы арақатынас сауда балансы деп аталады. Егер экспортталатын тауарлардың құны импортталатын тауарлардың құнынан асып кетсе, ел активті сауда балансына ие болады. Ал импорт экспорттан асып кетсе пассивті сауда балансының жай-күйі сол елдің дүниежүзілік рыноктағы бәсекелестік қабілеттілігінің белгілі мағынада сол ел экономикасы жай-күйінің маңызды көрсеткіші.

10.1.2.3. Дүниежүзілік сауданың қазіргі кездегі түрлері және құрылымы

Халықаралық сауда — мемлекеттер және ұлттық шаруашылықтар арасындағы тауар және қызметтердің айырбасы. Ол ерте заманда қалыптасып, бірақ тек XX ғасырда ғана дүниежүзілік рынок формасына ие болды, өйткені оған негізінен өнеркәсібі дамыған елдер ғана қатысады. Халықаралық сауда дүниежүзілік еңбек бөлінісіне, әр түрлі елдердің экономикалық даму деңгейіне және олардың табиғи-жағрапиялық жағдайларына сәйкес тауарлардың белгілі бір түрлерін өндіруге мамандандудың нәтижесі ретінде көрінеді.

Дүниежүзілік сауданың динамикасы мен құрылымы өндіргіш күштердің дамуына, дүниежүзілік өндірістің

құрылымына тәуелді. Егер XIX ғасырда айырбаста көбінесе шикізат, азық-түлік жеңіл өнеркәсіп өнімдері ғана болса, қазіргі кезде өнеркәсіп тауарларының үлесі, әсіресе машина мен жабдықтардың үлесі елеулі түрде өсті. Соғыстан кейінгі уақытта шикізаттың дүниежүзілік экспорттағы үлесі 3/5-тен 1/3-ке дейін кеміді, ал өнеркәсіп бұйымдарының үлесі 2/3-ке өсті. Құрастырмалы бұйымдар мен қосымша бөлшектер айырбасы артты, экспорт тез қарқынмен дамыды, мысалға, машиналардың түйіндерін құрастыру және басқа да құрал жабдықтар мен халық тұтынатын техниканы жасау жұмыстарын айтуға болады.

Қазіргі уақытта халықаралық айырбас өрісіне ғылыми-техникалық жетістіктер айырбасы қосылады (лицензиялар және нау-хау мен сауда жасау), олардың үлесі халықаралық сауданың жалпы айналымының 10%-ін құрайды. Технологиялық күрделі өнімдермен, лицензиялармен сауда-саттық жедел өсіп отыр. Егер 1970 жылы лицензиялардың дүниежүзілік экспорттағы көлемі 2,4-2,7 млрд доллар болса, 80 жылдардың екінші жартысында бұл сан жылына 17 млрд доллардан асты.

Халықаралық сауда объектілерінің қатарына қазіргі уақытта жобалау жұмыстары, лизинг (жабдықтарды ұзақ мерзімге жалға алу) инжиниринг (инженерлік құрылыс жұмыстарын атқару үшін жасалынған келісімдер) жатады.

Халықаралық саудада "жаңа индустриалды елдер" (Гонконг, Оңтүстік Корея, Сингапур, Тайвань) үлкен роль атқара бастады. Бұл елдердің экспортында өнеркәсіптік тауарлардың алатын орны елеулі және олардың дүниежүзілік экспорттағы үлесі 1960-1985 жылдары екі еседен асып түсті. Тарихи тұрғыдан алғанда дүниежүзілік рыноктағы бәсекелік күресте ұлттық мүддені қорғаудың әр түрлі мемлекеттік формалары бар. XV-XIII ғасырларда негізгі экономикалық теория ретінде меркантилизм үстем болған кезде мемлекеттер экспортты ынталандыру және импорт тауарларын шектеу шараларын, яғни қатаң протекционизмді қолданды. Ұлттық өнеркәсіп өнімдерінде тиімді жоғары кеден бажын енгізу арқылы белгілі бір тауар түрлерін сатуға, мемлекеттік монополия ақшалай байлықты арттыруға ұмтылды.

Бірақ қатаң протекционизм сыртқы сауданы қысқартып, ұлттық экономикалардың оқшаулануына әкел

соқтырды. Сондықтан Ұлыбританиядағы өнеркәсіптік төңкеріс елді еркін сауда (фритретерство) саясатына өтуге мәжбүр етті. "Еркін сауда" саясатының негізін Р.Рикардонның салыстырмалы шығындар теориясы қалады. Осы бағытта ұстанған Ұлыбритания жаңа рыноктарды жаулап алып, дүниежүзілік экономикада жетекші орындарға ие болды. Кейінірек басқа елдер біртіндеп "еркін сауда" саясатына көше бастады.

Дүниежүзілік саудадағы тұрақсыздық экономикалық дағдарыстар XX ғасырдың басында бірқатар елдерді сауда протекционизм саясатын қайта өршітуге жетеледі, яғни дүниежүзілік рыноктың еркін дамуына бас тартуға итермелейді. Мұның өзі бұрыннан қалыптасқан мемлекетаралық сауда қатынастарының бұзылуына әкеп соқты. Қазіргі кезде протекционизм ішкі рынокта ұлттық компанияларға қолайлы жағдайлар жасауға және оларды шетелдік өндірушілер бәсекесінен қорғауға ұмтылады. Шеттен әкелінетін тауарлар бағасына кеден салынған арттыру арқылы олардың ұсынысы шектеледі, сөйтіп ішкі рыноктағы бәсекенің әлсіреуі нәтижесінде импорттың, тауарлардың да, отандың өндіріс өнімдерінің де бағалары шарықтап кетеді.

Халықаралық сауда – экономикалық қатынастарды реттеу үшін халықаралық ұйымдар құрылды. Олардың қатарына ГАТТ, ЕАСТ, ЮНКТАД т.б. жатады.

ГАТТ- тарифтер мен сауда туралы басты келісім. Оған қатысушылардың сауда қатынастары қабылданған нормалар мен ережелер негізінде айқындалады. ГАТТ 1948 жылдан бастап әрекет етеді. Бұл ірі халықаралық ұйымның шеңберінде сыртқы саудаға қатысты барлық проблемаларды талқылау үшін мүше елдер арасында келіссөздер, консультациялар, кездесулер өткізіледі. ГАТТ-тың толық құқылы мүшелерінің саны 1990 жылы 90-ға жетті.

ЕАСТ- Еуропалық еркін сауда ассоциациясы 1960 жылдан бастап жұмыс істейді. Бұл ассоциацияға 6 Батыс Еуропалық елдер кіреді. ЕАСТ-тың негізгі мақсаты өзара еркін сауда жағдайын қалыптастыру.

ЮНКТАД- БҰҰ-ның сауда және даму конференциясы. Бұған 170-ке жуық мемлекет, сондай-ақ көптеген халықаралық ұйымдар кіреді. ЮНКТАД-

халықаралық экономикалық қатынастардың дамуына және реттелуіне қолдау жасайды.

10.2. Қазіргі халықаралық сауда

10.2.1. Халықаралық экономикалық қатынастар жүйесіндегі халықаралық сауда

Халықаралық экономикалық қатынастардың дәстүрлі және ең кең дамыған нысанына сыртқы сауда жатады. Дүниежүзіндегі елдердің барлығы үшін сыртқы сауданың ролі ерекше маңызды.

Американ ғалымы Дж.Скастың пікірінше "қандай бір ел болмасын оның экономикалық жетістігі сыртқы саудаға байланысты. Дүниежүзілік экономикадан оқшауланып, ешқандай ел дені сау, жөні түзу экономика жасай алған жоқ".

Халықаралық сауда – еңбек бөлінісі негізінде әр түрлі елдердің тауар өндірушілер арасында пайда болатын байланыстардың нысаны және олардың экономикалық тәуелділігі.

Ғылыми-техникалық өрлеудің ықпалымен экономикада жүріп жатқан құрылымдық өзгерістер, өнеркәсіп өндірісінің мамандануы мен кооперациялануы ұлттық шаруашылықтардың қарым-қатынасын күшейтеді. Мұның өзі халықаралық сауданың мейлінше дамуына мүмкіндіктер туғызады.

Халықаралық сауда дегеніміз: дүниежүзі елдері арасындағы төлемді, жиынтық тауар айналысы.

Сыртқы сауда да "фритретерствоны" (еркін сауда), немесе "протекционизмді" (өз тауар өндірушілерін қолдау) ниетімен алудағы ымырсыздық өткен уақыттардың еншісіне қалды. Қазіргі кезде бұл екі бағыт өзара кірігіп, араласып кетті.

Фритретерство саясатының ең алғаш А.Смит өзінің "Салыстырмалы артықшылықтар теориясында" анықтаған. Ол: "айырбас қандай елге болса да қолайлы, әрбір ел одан абсолютті артықшылықтар табады", – деп жазған.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап халықаралық сауда жоғары қарқынмен жедел дами бастады.

Халықаралық сауданың жедел өсуіне мынадай факторлар әсер етеді:

1. халықаралық еңбек бөлінісі мен өндірісті интернационалдаудың дамуы;

2. экономикада жаңа салалардың пайда болуына және негізгі капиталды жаңартуға игі әсерін тигізген ғылыми-техникалық революция;

3. дүниежүзілік рыноктағы трансұлттық корпорациялардың белсенді қызметі;

4. тарифтер мен сауда туралы Бас келісімнің шаралары арқылы халықаралық сауданың реттелуі;

5. көптеген елдердің импортына кедергілердің жиылып, кеден бажы төмендеп, еркін экономикалық аймақтардың құрылуы;

6. сауда-экономикалық интеграция процестері дамып, жалпыға бірдей рыноктардың қалыптасуы;

7. сыртқы рынокқа бейімделген экономикасы бар "жаңа индустриалды елдердің" пайда болуы т.б.

Соңғы онжылдықтарда сыртқы сауда динамикасының әркелкіге біліне бастады. Бұл дүниежүзілік рынокқа белсенді қатысушы елдердің өзара сауда-экономикалық қатынастарына әсерін тигізеді. АҚШ дүниежүзілік рыноктағы басымдығынан айырыла бастады.

Егер 1950 жылы АҚШ-тың үлесіне дүниежүзілік экспорттың 3/1 тиген болса, 1990 жылы ол тек қана 8/1 тең болды. Өз кезегінде Алманияның экспорты АҚШ-тың деңгейіне жақындады.

Сөйтіп 90 жылдары Батыс Еуропа халықаралық сауданың орталығына айналды. 80 жылдары халықаралық сауда-саттықта Жапония едәуір жетістіктерге жетті. Бұл жылдары машина мен жабдықтар экспорттауда Жапония дүниежүзінде бірінші орынға шықты. Сол кезең өз тауарларының бәсекелік мүмкіндіктері бойынша Жапонияға Азияның "жаңа индустриалды елдері"- Сингапур, Гонконг және Тайвань жақындады.

Бәсекеге қабілеттіліктің дүниежүзілік классификациясы төрт жүзге жуық критерийлерден тұрады. Олардың негізгілеріне жан басына шаққандағы табыс, инфляцияның деңгейі және сыртқы сауда тепе-теңдігі жатады. Классификацияда, аталғандардан басқа қазба байлықтар, инфрақұрылым, байланыс құрал-жабдықтар т.б факторлар ескеріледі.

Женевада өткен дүниежүзілік экономикалық форумның баяндамасында бәсекелікті нақты мемлекеттің дүниежүзілік рынокқа салыстырмалы түрде бәсекелестерінен артық байлық шығаруы деп анықтады.

Мамандардың болжауы бойынша ХХІ ғасырдың алғашқы жылдарында бәсекеге ең қабілетті елдер санатында АҚШ пен Азиялық мемлекеттер болды. 2030 жылы бәсекеге ең қабілетті үш мемлекеттің қатарында АҚШ, Қытай, Жапония болмақ. Бұлардан соң Алмания, Сингапур Оңтүстік Корея, Индия, Тайвань, Малайзия және Швейцария мемлекеттерінің мүмкіндіктері мол.

Дамушы елдердің өз экспортын диверсификациялауға (шаруашылық қызметіне жаңа өріс табуға) ұмтылыстары, өнеркәсібі дамыған елдер тарапынан қандай нысанда болмасын, қарсылыққа кездесуде. Дегенмен, кейбір дамушы елдер, ең алдымен "жаңа индустриалды елдер" өз экспорттарының құрылымын өзгерту ісінде айтарлықтай жетістіктерге жетті. Олардың экспортында дайын өнімнің, өнеркәсіп бұйымдарының соның ішінде машиналар мен жабдықтар үлесі артты. Женевадағы дүниежүзілік сауда ұйымының деректеріне сәйкес 1894 жылы ең үлкен экспорттаушы мемлекеттердің қатарына мыналар кіреді.

1-кесте.

Мемлекеттер	Экспорт млрд долл	Дүниежүзілік саудадағы үлесі-%
1. АҚШ	512	12,3
2. Алмания	421	10,1
3. Жапония	397	9,5
4. Франция	236	5,7
5. Ұлыбритания	205	4,9
6. Италия	189	4,5
7. Канада	165	4,0
8. Гонконг	152	3,7
9. Голландия	148	3,6
10. Бельгия (Люксембург)	131	3,1
11. Қытай	121	2,9
12. Сингапур	96	2,3
13. Оңтүстік Корея	96	2,3
14. Тайвань	93	2,2
15. Испания	73	1,7

XX ғасырдың соңғы ширегінде халықаралық экономикалық қатынастар жүйесінде Азия-Тынық мұхит аймағының ролі күшейді. Дүниежүзілік банктің есептеуі бойынша 2000 жылға қарай дүниежүзілік сауда көлемінің 40% Тынық мұхит бассейнінде шоғырланады.

Өнеркәсібі дамыған елдер арасындағы халықаралық еңбек бөлінісінің тендеуі олардың өзара сауда қарым-қатынастарын ұлғайтып, дамушы елдердің үлестерін азайтады.

Қазіргі уақытта негізгі тауар тасқыны "үлкен үштік" АҚШ – Батыс Еуропа – Жапония шеңберінде ағылып жатыр.

10.2.2. Дүниежүзілік сауданың қарқынды дамуы

Дүниежүзілік сауданың ең қарқынды және өскелең дамып келе жатқан секторы өңдеуші өнеркәсіп саласының тауарлары оның ішінде ғылыми сыйымды тауарлар.

Өнеркәсібі дамыған елдерде ғылыми сыйымды тауарлар экспорты жылына 500 млрд долл құрайды, ал жоғары технологиялық өнімнің үлесі 40%-ке жақын. Машиналар мен жабдықтар саудасының да ролі артып келеді. Осымен байланысты ғылыми-техникалық, өндірістік, кооперациялық, қаржы-несие қызметтерінің айырбасы кең қанат жаюда. Машиналар мен жабдықтар саудасының қарқыны бірқатар жаңа қызметтер түрлерін өмірге алып келді. Оларға: инжиниринг, лизинг, консалтинг, ақпаратты-есептеу қызметтері жатады.

Инжиниринг – клиентке көрсетілетін инженерлік қызметтердің жиынтығы. Оның түпкі мақсаты өндіріске жұмсалған күрделі қаржыны немесе басқа шығындарды өтеуде жоғары нәтижеге жету. Ондай нәтижеге жету үшін инжиниринг материалдық, технологиялық, еңбек және қаржы ресурстарын тиімді пайдаланудың әдістерін іздестіреді.

Лизинг – машиналар мен жабдықтарды белгілі бір мерзімде арендаға беру туралы келісім. Лизинг халықаралық және ұлттық деңгейде өнеркәсіп, банк монополияларының жалғасып кетуінің жаңа нысаны.

Консалтинг – жобаларды дайындау және жүзеге асыру кезіндегі кеңес беру қызметі.

Соңғы онжылдықта (1985-1996ж.ж) өнеркәсібі дамыған елдердің машиналар мен жабдықтар экспорты үш есе өсті. Әсіресе электротехникалық және электронды жабдықтарды экспорттау жедел қарқынмен дамып келеді, олардың үлесіне машинатехникалық өнімдер экспортының 25% тиеді.

Халықаралық саудада жедел дамып келе жатқан елдердің бірі химиялық өнімдер саудасы. Энергоресурстар мен шикізатқа сұраныстың көбейгенімен шикізат саудасының қарқыны дүниежүзілік сауда қарқынынан өңдеуі төмен. Мұның себебі біріншіден, шикізатты қолмастыратын жасанды өнімдерді өндіруді ұлғайту; екіншіден, шикізаттың өзін ұтымды пайдалану арқылы, қалдықсыз терең өңдеу процестерін қолдану. Дүниежүзілік азық-түлік саудасының оған деген сұраныстың біршама азайғаны байқалды. Бұл белгілі дәрежеде өнеркәсібі дамыған елдерде азық-түлікпен қамтамасыз ету деңгейінің жоғарылауымен байланысты.

Халықаралық ұйымдардың (БҰҰ, ХВҚ) мәліметтері бойынша соңғы онжылдықта (1985-86ж.ж) халықаралық сауда жыл сайын орта есеппен 5,2% өскен. Бірақ мұншалықты өсу барлық уақытта бірдей емес. Мысалы, 1989 жылы 4%-ке дейін төмендеген. Мұның басты себебі өнеркәсібі дамыған елдерде байқалған экономикалық тоқырау. Ал дәл осы кезеңде азиялық "жаңа индустриалды елдерді" сыртқы сауда қарқыны 10%-тен асқан.

1994 жылы халықаралық сауданың көлемі 9,5%-ке жоғарылап, осы жылдардың басындағы төмендеу тенденциясы тоқтаған. Бұл тенденцияны төмендегі кестенің көрсеткіштері дәлелдейді.

2-кесте

Халықаралық сауданың 1980-96 жылдардағы көлемі.

	1987-91	1992	1993	1994	1995	1996
1 Халықаралық сауданың көлемі млрд.долл	-	3650	3600	4050	4700	5020
2 Халықаралық сауда көлемінің	11	6	-5	12	16	7

	өсімі, %						
3	Халықаралық саудадағы баға деңгейінің өзгеруі, %	5	1	-5	2	6	0
4	Халықаралық сауда көлемінің өсімі, %	6	5	4,0	9,5	8	7
5	Өнеркәсібі дамыған елдердегі импорттың өсімі, %	6	4	2	10	8	6
6	Мұнай экспорттаушы елдердегі импорттың өсімі, %	5	13	-2	-1	0	3
7	Дамушы елдердегі импорттың өсімі, %	11	13	14	11	11	10

Дүниежүзілік сауданың 90-жылдардың орта шенінде жедел өсу АҚШ-тың, Италияның, Канаданың, Испанияның импортының қарқынды өсуімен байланысты. Сонымен қатар бұл процеске Қыр Шығыс, Латын Америкасы елдерінің шаруашылық конъюнктурасының жақсарғаны да әсер етті.

Егер сауда саласындағы кедергілер біртіндеп жойыла берсе, онда халықаралық тауарлар рыногы жыл сайын орта есеппен 6%-ке өсері анық.

Жекелеген елдердің дүниежүзілік саудадағы ролін қарастырсақ, онда дүниежүзілік саудадағы ең ірі экспорттаушы және импорттаушы елге АҚШ жатады. 1994 жылы АҚШ-тың сыртқы сауда айналымы 1,2 трлн доллардан асты. Мұның өзі дүниежүзілік сауда көлемінің 28%-ін құрайды. АҚШ-тан кейінгі Алмания мен Жапонияның көрсеткіштері жоғары.

Алманияның сыртқы сауда айналымы 802 млрд доллар болып, дүниежүзілік сауда көлемінің 18,8%-ін құрады.

Жапонияның бұл көрсеткіштерімен қатар 672 млрд доллар мен 15,2% болды. Ең ірі сауда мемлекеттерінің қатарына Франция, Ұлыбритания, Италия, Канада, Голландия, Гонконг, Бельгия (Люксембургпен бірге) кіреді. Қытай, Сингапур, Чили, Финляндия елдерінің де экспорты жедел қарқынмен дамып келеді.

Дүниежүзілік саудада жүріп жатқан процестерді алдасақ, оның басты тенденциясы сыртқы сауданы ырықтандыру дер едік. Олардың негізгісі - мемлекетаралық экономикалық топтар мен сауда-экономикалық одақтар деңгейіндегі протекционистік тенденциялардың ұлғаюы. Дүниежүзілік банктің есептеулеріне қарасақ бұл одақтардың шеңберінде 90 жылдары дүниежүзілік сауданың 42% жүзеге асырылған.

Ең ірі тоғыз халықаралық аймақтың сауда одақтарының құрамы мынадай:

1. Еуропалық Одақ - Австрия, Алмания, Ұлыбритания, Италия, Ирландия, Финляндия, Дания, Бельгия, Люксембург, Нидерланды, Греция.

2. Еуропалық еркін сауда ассоциациясы - Исландия, Норвегия, Швейцария, Лихтенштейн.

3. Еркін сауда туралы Солтүстік Америкалық келісім АҚШ, Канада, Мексика;

4. Азия-Тынық мұхит экономикалық ынтымақтастығы - Австралия, Бруней, Малайзия, Сингапур, Тайланд, Жаңа Зеландия, Папуа-Жаңа Гвинея, Индонезия, Филиппин, Тайвань, Гонконг, Жапония, Оңтүстік Корея, Қытай, АҚШ, Мексика, Чили;

5. "Меркосур"- Бразилия, Аргентина, Парагвай, Уругвай;

6. Оңтүстік Африкалық даму комитеті - Ангола, Ботсвана, Лесото, Малави, Мозамбик, Маврикий, Номбия, ЮАР, Свазиленд, Танзания, Зимбабве;

7. Батыс Африкалық экономикалық және валюталық одақ - Кот'д Ивуар, Буркина - Фасо, Нигерия, Того, Сенегал, Бенин, Мали;

8. Оңтүстік Азиялық аймақтың ынтымақтастық ассоциациясы - Индия, Пакистан, Шри-Ланка, Бангладеш, Мальдив, Бутан, Непал;

9. Анд пакті-Венесуэла, Колумбия, Эквадор, Перу, Боливия.

Аталған одақтастықтарды құрудың негізінде саяси, экономикалық, тарихи мәні бар объективті процестер жатыр. Бұл процестердің күшеюі бір жағынан халықаралық сауданың дамуына игі әсер етеді (аймақ, одақ шеңберінде), екінші жағынан кез келген жабық құрылымдарға тән бірқатар кедергілер де болады.

Біртұтас әлемдік рыноктар жүйесін қалыптастыру бағытында әлі де болса көптеген кедергілер мен қайшылықтар бар. Еркін сауда немесе протекционизм мәселесі күн тәртібінен түскен жоқ. Сауда экономикалық одақтастықтарына мүше елдер қайшылықты жағдайларды түсіне, ескере отырып, проблемалардың оңтайлы, шешімін іздестіру үстінде.

10.2.3. Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісім.

Бүкілдүниежүзілік сауда ұйымы

Халықаралық сауданы реттеп, оның еркін дамуы жолындағы кедергілерді жойып отыратын негізгі халықаралық ұйым – Тарифтер мен сауда жөніндегі Бас келісім (ГАТТ).

ГАТТ-ты құру туралы келісімге 1947 жылы ең алдымен 23 ел қол қойып, ол келісім 1948 жылы күшіне кірген болатын. 1995 жылы ГАТТ өз қызметін тоқтатып Бүкілдүниежүзілік сауда ұйымы (БСҰ) болып қайта құрылды. Бұл беделді халықаралық ұйымның аты өзгергенімен, заты, принциптері, құқықтық механизмі өзінің жалғасын Бүкілдүниежүзілік сауда ұйымын тауып отыр.

Бүкілдүниежүзілік сауда ұйымы - қатысушы елдердің өзара саудасын белгілі принциптері, құқықтық нормалары, сауда жүргізу ережелері арқылы мемлекет деңгейінде реттейтін көп жақты халықаралық келісім.

ГАТТ-тың құқықтық механизмі төмендегі принциптерге негізделген болатын:

1. Мемлекетаралық сауда қарым-қатынастарында бір-біріне ең қолайлы жағдай жасау. Осы тәртіпке сәйкес келісім-шарт жасаған елдер бір-біріне жеңілдіктер мен артықшылықтар беруі тиіс, екі ел арасындағы жасалған келісім автоматты түрде басқа мүше елдерге де міндетті;

2. Алаламау (дискриминациялау) принципі. Бұл принципке сәйкес ГАТТ-қа қатысушы елдердің барлығының сауда қарым-қатынастары тең құқықтық жағдайда жүзеге асырылуы тиіс;

3. Ұлттық рынокты қорғауда мүмкіндігінше тарифтік кедергілерді қолдану, импорттық тауарларды т.б тарифтік кедергілерді алып тастау;

4. Көп жақты келіссөздер арқылы кеден бажын прогрессивті түрде төмендету;

5. Дамушы елдермен сауда қарым-қатынастарында преференциялар (жеңілдіктер мен артықшылықтар) беру;

6. Сауда-саттық қатынастарындағы кездескен қайшылықтарды келіссөздер арқылы шешу.

ГАТТ-тың қызмет жасаған жылдардағы жұмыс нәтижелері төмендегідей болды.

1996 жылдың басында ГАТТ-тың мүшелігінде 130 мемлекет болды. Осы жылдың қаңтарында ГАТТ Бүкілдүниежүзілік сауда ұйымы (БСҰ) болып қайта құрылды. Қазіргі кезде оған 81 мемлекет мүше. Бүкілдүниежүзілік сауда ұйымы ГАТТ-тың принциптеріне негізінде қызмет көрсету саудасы және интеллектуалдық меншік саудасы жөніндегі келісімдермен толықтырылды. Жаңа ұйым инвестицияларды қорғауды бақылаудың да жүзеге асырып, реттейтін болады.

3-кесте ГАТТ шеңберіндегі сауда келіссөздерінің тізбесі.

Келіссөздер жүргізілген орын	Жылдар	Қорытынды
Женева (Швейцария)	1947	Кеден тарифтерін төмендету
Аннеси (Франция)	1949	
Лондон (Англия)	1950	
Женева	1956	
Женева	1960-1961 (Диллон Раунды)	
Женева	1964-1979 (Кеннеди)	Тарифтерді төмендету демпингке қарсы

	Раунды)	кодексті жасау
Токио (Жапония)	1973-1979 (Токио- Раунды)	Тарифтерді төмендету ГАТТ-тың міндеттерін жетілдіріп, күшейтетін кодекстерді жасап, қабылдау. (Тарифтік емес кедергілерді жою)
Пунта-Дель-Эсте	1986-1994 (Уругвай Раунды)	Келендік кедергілерді азайту (БСҰ) құру туралы келісім. Қызмет көрсету саудасының Бас келісімін жасау.

Эксперттердің анықтауы бойынша, Бүкілдүниежүзілік сауда ұйымының бақылауында 5 трлн доллар тауар айналымы болмақ. Бүкілдүниежүзілік сауда ұйымының қызметі дүниежүзілік экономикаға жылына қосымша 250 млрд доллар жуық табыс әкелмек.

Бүкілдүниежүзілік сауда ұйымының жоғарғы басқарушы органы – Министрлер конференциясы.

Бүкілдүниежүзілік сауда ұйымы ГАТТ-тың қатысуымен жасалған келісімдердің толық орындалуын қадағалайтын болады. БСҰ-ға мүшелік әр-бір қатысумен мемлекетке бұрын келісілген құжаттардың барлығының мүлтіксіз орындалуын жүктейді.

Бүкілдүниежүзілік сауда ұйымының құрылуы халықаралық экономикалық қатынастарды, оның ірі саласы халықаралық сауданы жаңа белестерге шығарып, барлық мемлекеттердің сауда қарым-қатынастары деңгейін жоғарылатады деген сенім бар.

БСҰ-бейбіт, қатар өмір сүру принциптерін мейлінше тиянақтайтын беделді халықаралық ұйым.

10.2.4. Қазақстанның халықаралық саудадағы орны және ролі

Қазақстанның егемен ел ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымына және басқа да көптеген халықаралық ұйымдарға мүше болуы ел экономикасын халықаралық сауда қарым-қатынастарына интеграциялауға объективті жағдайлар жасады.

Қазақстан экономикасының бүгінгі жағдайын талдап қарасак, онда біз мынадай оңды құбылыстарды байқар едік.

1. Теңгенің тұрақтылығының нығаюы. Егер 1995 жылы теңге доллармен салыстырғанда 28,8 пайыз төмендеген болса, 1996 жылы 4,5 пайыз ғана төмендеді. Бұл тенденция 1997 жылы және одан әрі де сақталады деп күтілуде;

2. Инфляция деңгейінің төмендеуіне байланысты Ұлттық банктің қайта қаржыландыру ставкасы егер 1995 жылдың орта шенінде жылдық 75 пайыз болса, сол жылдың аяғында 52,5, ал 1996 жылы 30 пайыз болды.

3. Өндірістің құлдырауы тежеліп, макроэкономикалық ахуал барынша тұрақтанып, келешегіне болжам жасайтындай күйге жете бастады. Ішкі жалпы өнім (І.Ж.Ө) 1996 жылдың бірінші жартысында 1995 жылдың сол кезімен салыстырғанда 100,1 пайыз, соның ішінде өнеркәсіп орны-100,2 пайыз болды. Соңғы жеті жылдың ішінде тұңғыш рет Қазақстанда өндірістің құлдырауы тоқталып, біршама экономикалық өсуге қол жеткізілді.

4. Экспорт өнімдері тұрақты түрде ұлғаюда, егер 1995 жылы оның өсімі 154,5 пайыз болса, кейінгі жылдар ыда едәуір өседі деп күтілуде.

Қазіргі кезде Қазақстанда қолданылып отырған сыртқы сауда режимі, баға жасау еркіндігі және дүниежүзілік рыноктағы бәсеке бағытында елеулі өзгерістер қажеттігі туындап отыр. Солардың ішінде:

- облыстардың лицензиялар беру құқығын жойып, сыртқы {сауда режимі} экономикалық байланыстар министрлігінен мемлекеттік сыртқы сауда компанияларын бөліп, олардан монополиялық сауда жасау құқығын алу қажет;

- барлық лицензиялар мен квоталарды (үлестерді) аукциондарда сатуды заңдастыру керек. Мұның өзі пайданың бір бөлігін мемлекет қазынасына алуға, меншіктің әртүрлі нысанындағы кез келген кәсіпорынның лицензиялар мен квоталарға ашық және бәсекелесті түрде қол жеткізуіне мүмкіндік береді;

- экспорттық салалар мен өндірістің дамуын жетілдіре беру мен ынталандыру мақсатында экспорттық салық салу жүйесінде тұрақты түрде талдаулар жасап, қажет болған жағдайда оларға өзгерістер енгізу бүгінгі күннің талабы.

Қазақстанның сыртқы экономикалық байланыстар сәтласындағы орнын тұрақтандырып, ролін мейлінше арттыру бағыттарында қолға алатын жұмыстар жеткілікті.

Бұл жұмыстардың негізгілерінің ішінде аяқталған кешен құрып, экспорттағы шикізат бағытын жеңу үшін сыртқы экономикалық байланыстар саласын республика экономикасын құрылымдық қайта құру бағдарламасына сәйкестендіре беру қажет. Бұл ретте дайын өнім өндіретін аяқталған технологиялық кешендер құрып, өндіру салаларды экстенсивті дамудан интенсивті дамуға көшіріп, дүниежүзілік деңгейдегі жаңа технологияларды пайдалануды мақсат тұту керек.

Экспорт мүмкіндіктерін ұлғайта беру үшін, интенсивті ауыл шаруашылығын, жеңіл және тамақ өнеркәсібін жан-жақты дамыту жөніндегі іс шараларды батыл қолға алу міндеттері түр.

Аталған салалар мен өндірістерді шұғыл дамыту мемлекеттің экспорттық потенциалын ұлғайтып қана қоймай, жұмыспен толық қамту мәселесіне де қолайлы жағдай жасайды. Егер республикадағы жұмысшы күшінің салыстырмалы арзандығымен қолда бар шикізатты, мысалы өндірістік қалдықтарды жеңіл және тез іске асыруға болатындығын ескерсек олардың экономикалық тиімділік деңгейі жоғары екендігі түсінікті.

Қазақстанның халықаралық саудадағы ролін күшейту үшін оған тән ерекшеліктерді байқап, бағдарлау қажет. Қазақстанның ерекшелігі оның дамыған, сондай-ақ дамушы елдер қатарында бірдей болуы.

Бүкілдүниежүзілік сауда ұйымының жоғарғы басқарушы органы – Министрлер конференциясы. Бүкілдүниежүзілік сауда ұйымы ГАТТ-тың қатысуымен жасалған келісімдердің толық орындалуын қадағалайтын болады. БСҰ-ға мүшелік әрбір қатысушы мемлекетке бұрын келісілген құжаттардың барлығының мүлтіксіз орындалуын жүктейді. БСҰ- бейбіт, қатар өмір сүру принциптерін мейлінше тиянақтайтын беделді халықаралық ұйым. "Төрттік" елдердің БСҰ-ға қосылу туралы құжаттарды дербес жасайтыны және дербес келіссөз жүргізетіні атап өтілді. Қазақстан дербес сыртқы экономикалық саясатты жасау мәселесінде халықаралық саудада қалыптасқан жағдайлармен есептесіп, өз бағыт-бағдарын соларға сәйкестендіре анықтауы қажет.

Сауда капиталы қанау процесінің шеңберін ұлғайтады. Оның өзгесіне тек өнеркәсіп жұмысшылары ғана емес,

қолөнершілер және интеллигенцияның басым көпшілігі ұшырайды. Сауда капиталы еңбекшілерді қосымша тонаудың өткір құралы. Жалдамалы еңбек халық даналығындағы "Жығылғанға жұдырық" дегенге осы жерде тап болды-ау.

10.2.5. Халықаралық сауданың дамуының басты бағыттары мен келешегі

Әлем экономикасында тауарлар мен қызмет көрсетулерді ұлттық шекара арқылы айырбастау процесін "халықаралық сауда" деп атайды.

Шет елдерден сатылып алынатын тауарлар мен қызмет көрсетулер - "импорт" деп аталады. Ал, басқа елдерге сатылатын тауарлар экспорт болып саналады.

Егер ұлттық валюта құны басқа валюталармен салыстырғанда немесе онда елдің экспорты көбейіп, ол тауарлар басқа ел тұрғындары үшін арзандайды. Осындай жағдайда, міндетті түрде импорт азайып, ал тауарлар осы елдің тұрғындары үшін қымбаттайды. Ал, ұлттық валюта құны басқа валюталармен салыстырғанда артса, онда керісінше бағыттағы құбылыстар пайда болады.

Қазақстанның егеменді ел ретінде қалыптасуы барысында халықаралық экономикалық қатынастар ғылымын қолға алып, оны оқуды жетілдіру көкейтесті мәселеге айналып отыр.

10.2.6. Халықаралық сауданың артықшылықтары

Бір елдегі жеке кісілер мен фирмалар сияқты, елдегі компаниялар бір-бірімен сауда жасасқанда, ол екі жаққа да тиімді болады. Олай дейтін себебіміз, сатылатын тауар бір жағынан керек емес және артық болатын болса, екінші жағынан тауар қажетті болғандықтан оны сатып алады.

Көптеген жағдайларда, халықаралық саудаға екі ел емес, әр елдің жеке азаматтары мен кәсіпорындары қатысады.

10.2.7. Саудадағы кейбір түбегейлі артықшылықтар

Қайсыбір елдерде, басқа жақта өндіруге болмайтын нәрселер өндірілуі мүмкін. Мысалы, жылы климаты мен

топырақ ерекшеліктеріне байланысты, Флоридада бидайға карағанда апельсин өсірген тиімді. Ал, Канзаста керісінше, апельсинге карағанда бидай өсірген тиімді. Флоридадағы және Канзастағы адамдарға апельсин де, бидай да керек, сондықтанда әр елді мекендегі фермерлер бір өнімді шығаруға маманданып, соңынан артықтарын бір-біріне сатады. Әрине, Канзастағы фермерлер арнайы жылы жерлер жасап, онда апельсиндер өсіруі болар еді. Дәл сол сияқты Флориданың өзінде де бидай өсіруге болады. Алайда, ол екі жаңқа да қымбатқа түсер еді. Сондықтан да, әр елді мекеннің қайсыбір өнімге маманданып, соңынан бір-бірімен алмасқаны екі жаққа да тиімді болады. Сол сияқты кез-келген өндіріс саласы үшін, бір аймақ белгілі бір өнімдерді өндіргенге бейім болып, екіншісі басқа өнімге ыңғайлы болады. Ал енді кейбір аймақтың табиғат ресурстары, ысылған мамандары, дамыған көлік желісі қайсыбір саладағы тауарлар мен қызмет көрсетулер орындауға ыңғайлы болады.

Әрбір мемлекеттегі ерекше жағдайлар оларға қайсыбір тауарлар және қызмет көрсетулер жасауда артықшылықтар беріп, оларды өндіруден үлкен пайда табуға жағдай жасайды. Егер қайсыбір елдің кәсіпорнына белгілі бір өнімді шығару, басқа өнімге карағанда тиімді болатын болса, онда ол түбегейлі артықшылық деп аталады.

10.2.8. Әлем саудасындағы салыстырмалы артықшылықтар

Жоғарыда аталғандай барлық елдердің түбегейлі артықшылығы бола бермейді. Алайда, олардан басқа елдер де халықаралық сауда да, өздерінің салыстырмалы артықшылықтарын пайдаланып қатыса алады. Қайсыбір елдің белгілі бір өнімді шығаруда салыстырмалы артықшылығы бар дейді, егер осы өнімді өндірудің құны, басқа елдермен салыстырғанда төмен болатын болса, алайда, оны ұғыну қиындау болады, соған қарамастан келесі мысал арқылы түсіндіріп көрейік.

Дороти Диксон заң колледжінде оқып жүріп, сабақтан бос уақытында шаптараз болып жұмыс істеп жүрді. Ал, қазір жоғары жалақы алатын заң қызметкері болғанымен, егер қаласа маман шаптаразда жұмыс істей алар еді. Алайда, Доротидің үш баласы шашатарын жақын жердегі

шаптаразға алдырады. Дороти бұл тұста, шаптараздың қызмет көрсетулеріне төлеген ақшадан, оның өзінің клиенттеріне сол уақытта көрсететін қызметі үшін табатын ақшасы артық болатынын ескеріп, өзіне тиімді шешімді қабылдап отыр. Міне, осы шешім салыстырмалы артықшалықтарды ескеріп қабылданған болатын. Соның нәтижесінде Дороти үшін оның өзі заң жұмыстарымен шұғылданып, басқаларға балаларының шашын алғызғаны тиімді.

Әлемдегі барлық елдер өздерінің салыстырмалы артықшылықтарының ең үлкен мөлшерлі салалары бойынша маманданып тауарлар және қызмет көрсетулер өндіріп, халықаралық сауда жасайтындығын салыстырмалы артықшылық заңдары түсіндіріп бере алады. Әрбір жеке елдер өздерінің жақсы шығаратын заттарын өркендете өндіргеннен барлық елдер ұтысты болады, өйткені тек осындай жағдайда ғана артық еңбек, қаржы және табиғат ресурстарының шығынынсыз көп мөлшерде тауарлар және қызмет көрсетулер өндіруге болады.

10.2.9. Еркін сауданың артықшылықтары

Елдер арасындағы еркін сауданы қолдаушылар (сипқандай шектеулерсіз) оның келесідей артықшылықтарын атайды:

1. Тұтынушыларға пайда түсіреді. Саудаға қойылатын кез келген шектеулер сол қорғалған өнеркәсіп саласына түсетін пайданы тек тұтынушылардан алады. Мысалға, Солтүстік Каролинада Айоваға әкелінетін киімдер тарифы осы саланың Айовада дамуына көметін тигізеді, алайда ол ақшалар қымбаттатыла сатылған киімдерді тұтынушылар алғаннан кейінгі түскен ақшалар. Бұл дәлел халықаралық сауда үшін де осындай қатынаста болады.

2. Қайта қойылатын шектеулік шараларды болдырмайды. Басқа елдің бір елге қоятын шектеулері, одетте оған қарама-қарсы жауап шараларын қабылдауға алпып келеді. Американың басқа ел тауарына қойылған тарифтері мен импорт үлестері, ол елде Америка тауарларына сондай шаралардың қабылдануына себеп болады. Сондықтан да ондай қолдаушы тарифтер америка

экономикасының онша тиімді емес салалары үшін қолданылып, оны шетел бәсекелестігінен қорғайды. Соның өзінде АҚШ-тың экспорт шығаратын салалары ол шектеулерге қарсы жасалған шектеулерден зиян тартатын болады. Бұл тұста кейбір елдер америкада өндірілген тауарлардың әкелуіне тура шектеулер қойса, енді біреулерінің оларға төлейтін қаржыларының болмауы кесірін тигізеді.

10.3. Халықаралық саудадағы кедергілер

Жоғарыда аталған халықаралық сауданың артықшылықтарына қарамастан, көптеген елдер оған шектеу қоюда, оның ішінде АҚШ-та бар.

Кеден тарифтері. Бұл импортқа келетін тауарлар және қызмет көрсетулерге салынатын салық. Кеден тарифтерінің негізгі екі түрі бар. Мемлекеттің ақша қаржысын толтыру үшін қолданатын ресми тарифтері және ұлт өнеркәсібін шетелдік бәсекелестерінен қорғау үшін қолданылатын қолдаушы тарифтері болады. 1910 жылға дейін АҚШ-тың негізгі табыс көзі ресми тарифтер болып келген. Бұл тарифтердің негізгі мақсаты шетел тауарлары мен қызмет көрсетулерін отандық өнімдерден, қымбаттатып, олардың сатылуына шектеулер қою болып табылады.

Импорт үлесі. Бұл импортқа келетін қайсыбір тауарлар және қызмет көрсетулердің аты мен санына қойылатын шектеулер. Бұл шектеулерде қолдаушы тарифтер сияқты ұлт өнеркәсібінің белгілі бір салаларын жекелей шетел бәсекелестерінен қорғау болады. Мысалға, 1980 жылдары АҚШ үкіметі жапониядан импортқа келетін автокөліктер үшін осындай шектеулер енгізген болатын.

Басқа шектеулер. Аталғаннан басқа да елдер арасындағы сауда еркіндігін шектейтін бір қатар әрекеттер бар. Оларға мысал ретінде экспорт субсидияларын айтуға болады. Бұл экспортқа тауар шығаратын кәсіпорындарға өнімдерін шетелдерде төменірек бағамен сатуы үшін берілетін ақшадай жәрдем. Шетелдегі тауарлардың осы елдің өзінiң нарығындағы бағадан кем бағада сатылуы демпинг деп аталады. Халықаралық саудаға шектеу жасайтын тағы бір нәрсе "былықшылық" деп аталады. Бұл жағдайда мемлекеттік ережелер мен тәртіптерге сүйеніп, кеденнен

өтетін тауарлардың құжаттарының толтырылуы әуресарсанға айналдырып, көпке созылады.

10.3.1. Халықаралық сауданың шектелу себептері

Кеден тарифтерінің, импорт үлесінің және басқа да шектеулердің негізгі мақсаты, импорттық тауарлар және қызмет көрсетулерді қымбаттату болып табылады. Ендеше оны сатып алатындардың саны кеміп, адамдардың өмір сүру деңгейі төмендейді. Онда олардың не керегі бар? Деген заңды сұрақ туады. Сондықтан да халықаралық саудадағы шектеулерді қолдайтын дәлелдер келтірейік.

Ұлт қорғанысына байланысты салаларды қорғау. Ұлт қорғанысы үшін кейбір өнеркәсіп салалары өмірлік маңызды болады. Сондықтан да, бұл салалардағы өнімдерді шетелдерден алатын болсақ, соғыс бола қойған жағдайда, ол үлкен тәуелділік жүктейді.

Жаңа салаларды қорғау. Көптеген елдер, өздеріндегі индустрияландыруды бастағанда, қолдаушы тарифтер енгізіп, өзінің дамып келе жатқан өнеркәсібін қорғаған. Жаңа өнеркәсіп салалары мұндай көмексіз, ешуақытта дамып, басқа елдермен бәсекелесу деңгейіне көтеріле алмас еді. 1791 жылы Александр Гамильтон америка өнеркәсібінің барлық жаңа салаларын қорғау үшін қолдаушы тарифтер енгізген. Мұндай әрекеттерсіз Америка өндірушілері Батыс Еуропаның тиімді кәсіпорындарымен бәсекелесе алмаған болар еді.

Экономиканы диверсификациялау. Бұл әрекеттің де дәлелі алдағы сияқты. Онша дамымаған елдердің экономикасы, әдетте, бір өнімге, әлде тауарлар тобына байланысты болады. Егер осы негізгі өнімнің бағасы тез төмендеп кетсе, ол елдегі қаржы шым-шытырығын тудырар еді. Осындай жағдайларды болдырмау үшін, оларға әртүрлі тарифтер қолданып, субсидиялар бөліп, экономиканы диверсификациялайды (жанжақтыландырады).

10.3.2. Экономикалық ынтымақтастық негізі

Сонымен, әрбір елдің мамандандырылып, бір-бірімен сауда жасауды, олардың әрқайсысының қажетті тауарлар және қызмет көрсетулерді өздері өндіргеннен, әлде қайда

тиімді болатындығын байқадық. Алайда бұл тұста, тарифтер мен саудадағы басқа да шектеулер өзара тиімді айырбасқа кедергі жасайтындығын тағы да білеміз. Бұл екі фактор көптеген елдердің халықаралық сауданы дамыту үшін күш жұмсап, еркін сауда ассоциацияларын және кеден одақтарын құруға мәжбүр етіп отыр.

Еркін сауда ассоциациялары (ҒТА) бірнеше елдердің өзара саудадағы кедергілердің барлығын болдырмайтын келісімді қабылдау нәтижесінде құрылады. Бұл ассоциация мүшелері үшін оның мүшесі емес елдермен өзара қарым-қатынастарын өздері анықтауға мүмкіндік берілген.

Кеден одақтары мемлекеттер арасында еркін сауда мүмкіндігін туғызып, олардың мүшелері үшін басқа үшінші елдермен де бірдей мөлшердегі тариф бойынша халықаралық сауда жүргізілуін қамтамасыз етеді.

Еуропа Экономикалық Бірлестігі 1992 жылдан бастап бірыңғай нарық құруды жоспарлап отыр. Бұл жоспардың негізі 1986 жылғы шешімге байланысты жасалып, 1992 жылдан бастап Батыс Еуропа территориясындағы тауарлар, қызмет көрсетулер, капитал және адам ресурстарының қозғалыстарындағы барлық шектеулердің жойылатындығы жоспарланып тұр. Бұл жоспар "Еуропа 1992" деген атқа ие болды.

10.3.3. Халықаралық сауданы қаржыландыру

Егер біз қашан болмасын басқа елге барып көрсек, онда біз кейбір қонақ үйлерде, дүкендерде, ресторандарда біздің долларымызбен чектерімізді алғысы келмейтіндігін байқаймыз. Оның олай болу себебі, әрбір елдің өз ақшасы болады.

Әрбір елде тауар және қызмет көрсетулер сатушылары оларды осы елдің ақшасына сатуды қалайды. Сондықтан да, экспорт иелері үшін де өз ақшаларын тез және тиімді айырбастап алу қажеттігі туады.

10.3.4. Валюта курсы және шетел валюта нарығы

АҚШ-тың барлық жерінде валюта диллерлері, әлде банктер шетел валюталарын сатып алып және сатып тұрады. Міне, осы банктер мен валюта диллерлері шетел валюта

нарығын құрады. Шетел валюта нарығы әрқашанда еркін болмаған. 1944 жылдан 1970 жылдарға дейін көптеген елдерде тұрақты айырбастау құнды жүйеде жұмыс істеген, яғни бір елдің валютасы екінші елдің валютасына бекітілген күн бойынша ауыстырылған және ол күн, АҚШ долларына шағылып, бекітілетін болған.

1971 жылы шетел мемлекеттеріндегі АҚШ долларының мөлшері тым көбейіп кеткендіктен, Құрама Штаттары олардың алтынмен айырбасталуын қамтамасыз ете алмайтын болғандықтан, Президент Никсон доллардың құны тек сұраным және ұсыным заңдарына байланысты анықталып, олардың басқа валюталарға ғана айырбасталатындығы туралы шешім қабылдады.

Президент Никсон доллар, франк, песо және басқа да валюталар кез келген, айталық, бұршақ, ет сияқты тауар түрінде шетел валюта нарығында сатылуы тиіс деді. Бұл тұстағы олардың құны сұраным мен ұсыным заңдарына байланысты анықталатынын атап көрсетті.

Америка Құрама Штаттарынан кейін осындай икемді айырбастау жүйесіне көптеген елдер көпті. Сонымен қазіргі кезде шетел валюталарының құнын мемлекеттік ұйымдар емес, шетел валюта нарығындағы сұраным мен ұсыным заңдары анықтайды.

10.3.5. Сауда және валюта құны

Валюта құны уақыт бойынша өзгеріп тұрады. Валюта құнының өзгеруі сұраным пен ұсынымның өзгеруіне байланысты болады. Ұлт валютасына сұраным осы ұлттың тауарлары мен қызмет көрсетулеріне байланысты.

Валютаға ұсыным халықтың ұлттық валютаны басқа елдің ақшасын сатып алу үшін қалай ұстайтындығына байланысты болады. Мысалға, Франциядағы импорт иелері АҚШ-тан тауар алу үшін халықаралық валюта нарығынан өзінің франктеріне доллар сатып алу керек. Соңынан өз кезегінде олар өз долларына АҚШ-тан тауар сатып алады.

Ел ішінде сауда қатынастары қалай қажет болса, сол сияқты елдердің арасындағы сауда қатынасы, осы елдерде өндірілмейтін тауарлар мен қызмет көрсетулерді аз шығынмен алу үшін қажет. Оның барлығы салыстырмалы артықшылық принциптері бойынша, яғни егер екі елде

қайсыбір тауарлардың өндірілетін салыстырмалы құндары әртүрлі болса, онда олардың әрқайсысының тиімді өндірілетін тауарларға мамандандырылып, артық тауарлармен алмасуы екі жаққа да тиімді болатындығына негізделі шешіледі.

Халықаралық сауданың тиімділігіне қарамастан, кейбір елдерге өз өнеркәсібін шетел бәсекелестігінен қорғау үшін әртүрлі жасанды кедергілер жасалады. Ол кедергілер әдетте тарифтер және импорт үлесі түрінде іске асырылады. Соңғы кездерде тарифтер төмендетіліп, сауда шектеулерінің басқа түрлерінің кемітілу бағытында көптеген жұмыстар атқарылууда.

Импорт сатушыға тиімді валютамен төленеді. Бұл салалардағы мәмілелерді жеңілдету үшін халықаралық саудаға қатысатын елдердің валюталар нарығы жұмыс істейді. Шетел валютасының екінші басқа ел валютасымен есептелген сатылу бағасы валюта құны деп аталады. Валюта құны сұраным мен ұсыныс заңдарына байланысты өзгеріп отырады.

10.4. Әлем саудасы, ондағы тауар өндірісі

Адамзат қоғамын, оның негізі экономиканы зерттейтін ғылым саласы — экономикалық теория. Қазіргі дәуірде экономика мәселелерінен мағлұмат алмаған адам өзін білімді маман қатарына жатқызбақ тұрсын, күнделікті өмірге қажет сауалдарға да жауап бере алмайды. Экономика мен саясат тығыз байланысты. Біздің ойымызша, тәуелсіз алған Қазақстанның ерекшеліктеріне сай өзінің экономикалық теориясы болу керек. Әрине, тәуелділікке ие болған ел, әлемдік елдер қауымынан, бұрын Кеңес Одағы болмақ елдерден оқшау емес, керісінше, экономикалық интеграция халықаралық еңбек бөлінісі артықшылықтарын пайдалану қажет.

1991 жылдың соңында Кеңес Одағының ыдырауына байланысты, бұрынғы одақтас республикалар, оның ішінде Қазақстанда ілгері дамудың дағдарыстан жедел шығудың амалын іздей бастады. Осы қиын қыстау кезеңде Республика Президентінің стратегиясы жарияланды. Бұл стратегия бойынша Қазақстан Республикасы алдағы 15-20 жыл мөлшерінде экономикасы дамыған елдер қатарына

қосылуды, демократиялық құқықты мемлекет болуды көздеп отыр. Осы ізгі мақсатты жүзеге асырудың шешуші кепілі экономиканы өркендету, өндірістің тиімділігін арттыру, сол сияқты металл-машина жасау, отын-энергетика, халық тұтынатын өнеркәсіп бұйымдарын көбейту. Экономикалық дамудың бірден-бір жолы тауар-ақша қатынастарын кеңінен дамыту, сауда қатынастарын жетілдіру, нарық инфрақұрылымын қалыптастыру.

10.4.1. Тауар өндірісі. Құн заңы және нарықтың механизмі

10.4.1.1. Тауар шаруашылығын зерттеудің жалпы методологиясы

Тауар шаруашылығын зерттеуге бірінші қадам жасалысымен-ақ методологиялық мәселе пайда болады. Бұл құбылыстарға функционалды талдауды, себеп-салдарлы талдауды қолдану керек пе? Мәселені барынша қарапайым етіп, былайша түсіндіруге болады.

Функционалды талдау экономикалық құбылыстардың өзара байланысын "көлбеу сызығы бойынша" қарайды, бірінші не екінші деген сұрақ қойылмайды. Мысалы, баға сұранысты анықтау ма әлде керісінше ме?

Себеп-салдарлы талдаудың функционалды талдаудан айырмашылығы, ол тауар шаруашылығы категорияларының шығу тәркінен алынған табыстардың түпкі қайнар көздерін, себептерін, зерттеуге басты көңіл бөледі.

Бұл екі талдау тауар шаруашылығы категорияларын зерттеудегі қазіргі шектілік және марксистік әдістерді сипаттайды. Догматтық бағыттағы кеңістік экономикалық әдебиеттерде шектілік (маржиналистік) талдауды істің сыртқы көрінісімен айналысатын "дөрекі", "ғылыми емес" деп жариялады. Алайда, неоклассикалық мектепті ғылыми емес деп бағалау қате пікір. Бұл бағыттың өкілдері өз алдарына әлеуметтік-таптық қатынастарды анықтауды мақсат етіп қойған жоқ. Олардың талдауы жеке фирманың, өндірушінің не тұтынушының шаруашылық жүргізуінің негүрлым оңтайлы әдістерін іздеуге, ең жоғары деңгейдегі өл-ауқаты жетудің барынша тиімді тәсілін табуға арналған. Бұл көзқарас бойынша, еңбекші тап пен меншік иелерін бір-біріне қарсы қою дұрыс емес.

Өндірістің барлық факторлары еңбек те, капитал да, жер де ұдайы өндіріс процесіне өз үлестерін қосады және содан бұл факторлардың иелері тауар құнындағы өз үлестерін алады. Таптар арасындағы қарама-қайшылық емес, олардың өзара әрекеті, өзара бейімделуі экономиканың тиімділігін арттыруға әкеледі.

Қоғамдық өндірістің алғашқы нысаны натуралды шаруашылық, онсыз шаруашылықтардың басқа нысандарының мәнін түсіну де қиынға соғады. Натуралды шаруашылық еңбек өнімдері рынокқа түсетін айырбас үшін емес, ең алдымен өндірушілердің өз қажеттерін өтеу үшін ұйымдасатын шаруашылық. Яғни еңбек өнімі өндірушінің де жеке басының қажетін қанағаттандыруға арналады да, ол тұтынушының қолына тікелей бөлу жолымен тиеді. Мұнда тұтыну өндірумен сәйкес келеді де, олардың арақатынасын реттеуге қиынға соқпайды. Мұндай қатынастар әсіресе, алғашқы қауымдық құрылыста кең орын алды. Натуралды шаруашылыққа патриархалды шаруалар қожалығы және феодалдық иеліктегі шаруашылықтар жатады. Натуралды шаруашылықтың тауарлы нысанмен алмасуы ұзақ та, күрделі процесс. Атап өткендей, натуралды шаруашылық әрі түйық, әрі тұрақты, әрі өсуі өте баяу. Бұл қазіргі дүниеде де сақталып отыр, әсіресе экономикасы әлсіз елдерде елеулі орын алуда. Тіпті дамыған елдердің өзінде де натуралды шаруашылықтың кейбір нысаны сақталуда. Тауарлы өндірістің қалыптасуының жалпы негізгі қоғамдық еңбек бөлінісі, осымен байланысты өндірушілер әр қилы өнімдерді өндіруге маманданады. Екінші бір шарты, жекелей өндірушілердің бір-бірінен экономикалық жағынан оқшаулануы нәтижесінде өз еңбектерінің өнімдеріне өздері ие болып рынокқа сатуға шығады.

10.4.1.2. Тауар қасиеттері, оған қатысты еңбек және құн

Тауар дегеніміз: айырбастау және сату, тұтыну үшін шығарылатын еңбек өнімі. Ал ол тауардың айырбасталу немесе сату үшін өзіндік бір қасиеті болуы шарт. Мысалы, нан, май, сүт адамдардың жеке тұтыну қажетін қанағаттандыратын болса, құрал-жабдықтар өндірістік талғамды қанағаттандырады. Олай болса, заттың екі қасиеті болады екен, заттың қандай да болсын, адамның бір қажетін

өтейтін қасиеті оны тұтыну құны етеді, тауардың белгілі бір қажетті өтеу қасиетінің пайдалы да, зиянды да болуы әбден мүмкін. Енді қандай да болмасын еңбек өнімі тауар бола ала ма деген сұрақ туындайды. Мысалы, шаруалардың, қала тұрғындарының өз шаруашылығында, қосалқы шаруашылығында өсірген жеміс-жидегі өз отбасының, яғни жеке талғамын өтеуге пайдаланды делік. Осы өнімдер әлі тауар емес. Ол тауар болу үшін басқа бір қоғам мүшесінің қажетін қанағаттандыратындай айырбасқа түсуі шарт. Сонымен, тауардың екі жақсы қасиеті бар: біріншіден, ол адамның қандай да бір тұтыну қажетін қанағаттандыратын зат; екіншіден, ол басқа бір затқа айырбасталатын зат; заттың пайдалылығы оны тұтыну құны етеді.

Тұтыну құны – тауардың пайдалылығы, адамның белгілі бір қажетін қанағаттандыру қасиеті. Ол тұтыну бұйымдары, не өндіріс құрал-жабдықтары ретінде адамдар қажетін өтейді. Айырбас құны – ең алдымен сан арақатынасы түрінде көрінеді. Мұнда біртектес тұтыну құндары, екінші біртектес тұтыну құралдарына айырбасталады. Кейде кездейсоқ жайдың өзінде бір заңдылық болады. Оның негізгі тұтыну құнында емес, осы тауарларды өндіруге жұмсалған қоғамдық еңбекте.

Тауар өндірушінің тауарға сіңірген қоғамдық еңбегі тауардың құнын жасайды.

Құн- тауарға сіңіріліп, онда затқа айналған қоғамдық еңбек. Тауардың құны қоғамдық категория, ол көрінбейді, бірақ ол тауарды тауарға айырбастағанда, бір тауарды екінші тауарға теңестіргенде айқындалып отырады. Тауардың екі жақтылық қасиетінің болуы, еңбекке байланысты. Тауар өндірушінің тауарға сіңірген еңбегінің екі жақты сипаты бар. Бірінші жағынан ол нақты (тұтыну құнын жасаушы) түрінде көрінсе, екінші жағынан абстракты еңбек (құнын жасаушы) түрінде көрінеді. Нақты еңбек тұтыну құнының бірден-бір көзі бола отырып, құнның негізі бола алмайды. Тауарлардың құнын жасайтын абстракты еңбек. Абстракты еңбек (физиологиялық мағынада адам күшін жұмсау. Олай болса құн мөлшері тауар өндірушінің жұмсаған жұмыс уақытының санымен анықталады. Алғашқы кезде айырбас өте кездейсоқ, жай түрде орын алды. Осыған орай құнда кездейсоқ жай нысанда дамыды. Яғни бір заттың құны, екінші бір тауар арқылы анықталады. Сондықтан оны

салыстырмалы құн нысаны дейміз. Ал екінші тауар, бірінші тауардың құнын анықтай отырып, оған бірдей құн ретінде қарсы тұрады немесе оны эквивалентті құн нысаны деп атайды. Сөйтіп айырбас процесі тауарлар дүниесінен ерекше тауар-ақшаның бөлініп шығуына жеткізді. Құнның ақшалай нысанының пайда болуымен байланысты бүкіл тауарла әлемі екіге бөлінді: тауарлар және ақшалар.

10.4.1.3. Ақшаның қалыптасуы, мәні және атқаратын қызметі

Ақша дегеніміз: тауарлардың тауары, оның өз бойында жасырын түрде барлық басқа тауарлар болады, егер керек болса, қызығарлық және тілеген заттың қандайына болса да айнала алатын құрал. Құнның ақшалай нысанының бекуімен байланысты баға пайда болады. Баға құнның ақшалай көрінісі. Оның құннан жоғары да, төмен де болуы мүмкін. Экономикалық қатынастардың дамуымен байланысты алтынға осындай қасиетті қоғам берген. Адамдардың алтынды ақша ретінде пайдалануы оның осы қасиетімен түсіндіріледі. Сонымен, ақша ерекше тауар, ол тауарлар дүниесінен жеке дара бөлініп шығып жалпы эквивалент ролін атқарады. Ақшаның жалпыға бірдей эквивалент ретінде мынадай ерекшелік:

- 1) ол нақты бір заттың, қоғамдық тұтыну құнының болатындығын;
- 2) онда абстракты еңбек бейнелейтін құнның да болатындығын;
- 3) тауар өндірушінің жеке еңбегі қоғамдық еңбектің бір бөлшегі болып табылатындығын көрсетеді.

Тауар мен ақша арасындағы бірлік те, қарама-қарсылық қайшылық та тұтыну құны арқылы көрінеді. Мысалы, өндіруші қоғамға бір қажетсіз тауарды шығарса, ол сатылмайды, оны ақшаға айналдыра алмайды. Өйткені ол тұтыну құны тұрғысынан қоғамдық қажетті де, оның мүшелерінің қажетін де қанағаттандыра алмағаны. Егер тауар жеке қажеттілікті қанағаттандырса, ол тез арада өтіп кетеді, ақшаға айналады. Міне, тауар мен ақша арасындағы әрі бірлік, әрі қарама-қарсылық осылай түсіндіріледі. Қазіргі рынок қатынасында бұл заңдылықты қатаң ескерген жөн. Ақша тауарлы шаруашылықта адамдардың, қоғамдық

қатынасын бейнелейді. Яғни ақша зат емес, адамдардың арасындағы өндірістік қатынас.

Ақшаның қызметі: құн өлшеуіші, айналыс құралы, төлем құралы, қазына жинау, дүниежүзілік ақшалар. Ақшаның ең бірінші және басты қызметі - құн өлшеуіші. Оның мәні барлық тауарлардың құны ақша арқылы анықталады. Мұндай қызметті өзіндік құны бар тауар ғана атқара алады. Бұдан шығатын қорытынды, барлық жағдайда құн өлшеуіші қызметін алтын ғана атқарады. Ақшаның пайда болуымен байланысты бір тауардың екінші бір тауарға тікелей айырбасталуы (Т-Т) бір жола тауар айналымына (Т-А-Т) яғни ақша арқылы тауар айырбасына орын береді. Ақша тауар айырбасында аралық, яғни айырбас құралының қызметін атқарады. Мұндай қызметті атқару үшін нақты ақша немесе ақша белгісі қажет, өйткені тауар тек нақты ақшаға, ал ақша тауарға тікелей айырбасқа түседі. Тауарды сатып алу, сату процесінде қолма-қол ақшаның орын алмауы да мүмкін. Оған себеп, тауарды өндірудегі өндіріс процесінің, сатудағы айналыс процесінің ұзақтықтары түрліше. Ал кейбір тауарларды өндіру мен сату процесі белгілі бір маусымға т.б байланысты жағдайда болады. Әсіресе халықаралық еңбек бөлінісінің тереңдеуі мен экономикалық қатынастар шеңберінің ұлғаюы мен ақша төлем ретінде маңызды роль атқарады. Бұл жерде қолма-қол ақшаның болуы міндетті емес. Оның қызметін несие ақшалар атқарады. Соңғы кездерде есеп айырысу құралы ретінде тек қана банкноттар, чектер, қағаз ақшалар ғана емес, кредит карточкалары да кеңінен дамуда. Сатпай тұрып сатып аларлықтай әр түрлі кездейсоқ рынок тауар-ақша қатынасы, осымен байланысты ақшаның үстемдік етуі белгілі бір дәрежеге жеткенде кейбір адамдар үшін ақша қорын молайту олардың өмір сүруінің мақсат, мүддесіне айналады. Қазіргі кәсіпкерліктің дамуымен байланысты бұл зор маңызға ие болып отыр. Тауар-ақша қатынасының ұлттық шеңберден шығып, дүниежүзілік рынокты қамтамасыз етуі оның дүниежүзілік қызметін көрсетеді. Ақшаның өлемдік аренаға шығуымен байланысты ол өзінің "ұлттық мундирін" алып тастап, алғашқы бағалы металдар қорытпасы түрінде қызмет атқарады.

Дүниежүзілік айналыста ақша ең алдымен төлем ретінде қызмет етеді. Сонымен дүниежүзілік ақшалар үш түрлі қызмет етеді:

1. Халықаралық төлем құралы;
2. Халықаралық сатып алу, сату құралы;
3. Қоғамның байлығын сипаттаушы құрал.

Қағаз ақшалар өте ертеде, ең алғаш Қытайда даму алған. Олардың металл ақшалар айналысынан, айналыс құралы ретінде атқаратын қызметінен шыққан. Өйткені металл ақшалар айналыс қызметін атқара отырып тұтынуда тозады, салмағы кемиді, құны азаяды. Сөйтіп келе олардың орнын қағаз ақшалар басқан. Егер қағаз ақшалар тауар айналысына қажетті мөлшерде шығарылатын болса, онда бұл ақшалардың нақтылы сатып алу қабілеттілігі олардың номиналдық алтын мазмұнына сәйкес келетін болады. Ал егер ақша массасы тауар массасынан көп шығарылса, онда ол күнсызданады, инфляцияға ұласады.

Инфляция – белгілі бір елдің айналыстағы қағаз ақшасының шамадан тыс көбейіп кетуі салдарынан оның күнсыздануы. Инфляция қағаз ақшалардың алтынмен салыстырғанда құнының төмендеп кетуінен туады да, тауарлар бағасының көтерілуіне әкеліп соғады. Осымен байланысты қағаз ақшаның ресми құнын өзінің тұрақты калпына келтіру. Ол үшін бағасы төмендеп кеткен ақшаларды айналыстан шығарып, оның орнына толық құнды кредит билеттерін шығару (ашық девальвация) мақсаты мен ақша реформасы жүргізіледі. Ұлттық ақша өнімінің алтындық мазмұнын кеміту және оның шетелдік валюталармен қатынас курсы төмендетеді.

Револьвация – ақша курсы көтеру. Алтын немесе шетел валютасымен салыстырғанда мемлекеттік қағаз ақша курсының өсуі. Револьвация ақшаны тұрақтандыру мен бағаның инфляцияға ұшырамауына қарсы ықпал етеді. Сонымен, ақша-тауар өндірісінің қажетті элементі оның тауар дүниесіндегі ерекшелігі. Ақша жалпы эквивалент ролін атқарады, бүкіл тауарлардың күн өлшеуіші.

Ақша техникалық құрал емес, ол экономикалық категория адамдар арасындағы өндірістік қатынастарды көрсетеді. Ақша қатынасының сипаты тауар өндірісінің типімен анықталады. Сондықтан ақшаның қызметінің әр

қилы өндіріс тәсілдеріне ұқсастыратынына қарамастан, әлеуметтік-экономикалық мәнде ерекше орын алды.

10.4.1.4. Құн заңы – тауар өндірісінің заңы

Құн заңы тауар өндірісі мен тауар айналысының негізгі заңы. Құн заңының іс-әрекетінің мәні мынада: тауарларды өндіру мен айырбастау оларды жасап шығаруға жұмсалған қоғамдық қажетті еңбек шығындары негізінде жүзеге асырылуға тиіс. Ал, тауар ақша айналысында құн заңы баға заңы болып табылады.

Баға - құн заңының көрінісі. Құн баға заңы немесе бағаның жинақталған көріну нысаны. Құн заңының әрекеті тек рыноктық бәсеке арқылы көрінеді. Осы рыноктық механизм қатынасы сұраныс пен ұсыныс арақатынасы, бағаның ауытқуы мен пайда нормасы, салалық және ішкі салалық бәсеке арқылы құн заңы қоғамдық өндіріске ықпал етеді. Ал оның негізгі құн заңының өзінде емес, оның әрекет етуінің қоғамдық жағдайында, қоғамның экономикалық құрылысының сипатында.

Айналыс саласында құн заңы бағаны халықтың төлем қабілеттілігінің көлемі мен құрылымын, сұраныс пен ұсыныстың арақатынасын анықтауда маңызды роль атқарады. Құн заңын дұрыс басшылыққа алудың қоғамдық еңбек өнімділігін, өндірістің тиімділігін арттыруда, аз шығынмен көп нәтижеге жетуді, нақты рыноктық қатынасқа көшуді қамтамасыз етуде, шаруашылық реформасын іске асыру маңызы зор.

Тауар өндірісінің негізгі үш шарты бар:

1. Алғашқы күрделі еңбек бөлінісі, мал шаруашылығы мен егіншілердің бөлінуі нәтижесінде осы тайпалар арасындағы айырбастың дамуын тездетті;
2. Күрделі еңбек бөлінісі ауыл шаруашылығынан, қол-онсрдің бөлініп шығуы;
3. Күрделі еңбек бөлінісі жоғарыда аталған тайпалар арасынан саудамен ғана шұғылданатын әлеуметтік топтың шығуы.

Осы көрсетілген күрделі қоғамдық еңбек бөлінісі қазіргі замандағы ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, тасымал, құрылыс және сауда салаларының негізгі екені айқын. Сонымен, тауар өндірісінің экономикалық негізі қоғамдық

еңбек бөлінісі. Ол болмаса тауар өндірісі де, рынокта болмас еді. Тауар өндірісінің екінші алғы шарты тауар өндірушінің жеке меншігі болуы. Бір сөзбен айтқанда, тауар өндіруші өз мүлкін сатуға, басқа жерге апарып өткізуіне ерікті болуы қажет. Бұл меншіктің пайда болуы, адамдардың күн көрудің ауыртпалығынан туған қажеттілік.

Айырбас, рынок қатынасындағы негізгі тұлға — тауар. Экономикалық қатынастың өзі тауардан басталады. Тауар еңбектің өнімі, ол екінші бір затқа, тауарға айырбастау үшін шығарылады. Тауардың екі түрлі сипаты бар:

1. Адамның белгілі бір қажетін өтеу қабілеті;
2. Екінші бір тауарға айырбастау қасиеті.

Экономикалық теория тауардың қоғамдық қажетсізінді қанағаттандыру қабілетін тұтыну деп атайды.

Тұтыну құны — тұтылған жағдайда ғана жүзеге асатын тауардың сипаты. Тауар өндірушінің өзі үшін өндірілген өнімнің пайдалы қасиеті — оның басқа қажетті материалдық игіліктерге айырбастау сипаты. Экономикалық теорияда тауардың басқа тауарларға белгілі пропорцияда айырбасталу сипаты (айырбас құны) деп аталады.

Айырбас құн — тауар басқа заттармен салыстыру арқылы қаралатын зат екенін білдіреді, сонымен бірге заттар арасындағы қатынас орнаған жерде оларды өндірген адамдар арасындағы қатынаста бүркемеленіп көрінетінін байқауға болады.

Айырбас құны алдымен түрлі тұтыну құндарын айырбастаудағы сан қатынастарын байқатады. Сол себептен тауар айырбасы мынадай екі түрлі сұрақ тудырады:

1. Түрлі тауарларды, заттарды теңестіретін не?

2. Айырбасқа түскен тауарлардың сан қатынасы немен белгіленеді?

Тауарларды теңестіретін, өзара салыстырып, өлшейтін негіз — олардың еңбек өнімі, белгілі еңбек шығындарының нәтижесі. Тауар еңбектің ғана шығыны ретінде қаралса құн болып саналады, екінші сөзбен айтқанда құн дегеніміз: тауарға сіңген еңбек. Осыған орай құн теориясына ерекше тоқтаған жөн. Бұл теорияның негізін салған А.Смит, оны К.Маркс ілгері дамытты. Алдымен А.Смит зерттеген еңбек құнды алып қарасақ, тек қана еңбек өнімді жасаушы күш. Бұл теория бойынша, еңбектен басқа өндіріс факторлары жаңа құн жасай алмайды, тек қана өз құнын жаңа өнімге

нуыстырады. Оны ауыстыратын да адам еңбегі, бұл еңбек тек қол еңбегі деген тұжырымды алға тартты. Соңғы уақытқа дейін кеңістік экономикалық теорияда еңбек, құн және қосымша құн теориясы кең орын алып келді. Бірақ бұл теория адамзат қоғамының алдындағы негізгі мәселе азайып келе жатқан ресурстарды сақтауға арналған жаңа технологияны іздестіру қажеттігін еске алмады. Осыдан келіп құн және өндіріс шығындары туралы ұғым жалған түсіндіріледі. Тауарға баға берілгенде қоғамдық қажетті еңбек шығындарын есептеудің дұрыс еместігі, ол шығындар тиімділігі төмен кәсіпорындарда болатындығы айқындалды. Оған қоса монополиялық баға тағайындау жасанды тапшылық (дефицит) тудыратыны мәлім.

Шын мәнінде ерікті ұйымсыз, жеке адам өз инициативасы бойынша ерікті түрде кәсіпорын ұйымдастырмай нақтылы шығындарын есептей алмай немесе жаңа технологияның қажеттілігін түсінбейді. Ешбір жоспарлаушы орган шектелген өнімді, шектелген пайдалылықтың барлық жиынтығын, факторлар мен өнімнің бағасын есептеп, экономикалық проблемаларды шеше алмайтындығын әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Тепе-теңдік бағасы барлық рыноктардағы сұраныс пен ұсыныстың негізінде қалыптасады, шекті қоғамдық, пайдалылық пен шекті қоғамдық шығындар бір-біріне тең келіп тұратын "дәстүрлі бағаны" көрсетеді. "Дәстүрлі баға" өндірістің барлық негізгі факторларын: еңбектің, капиталдың, жерді пайдалану технологиясының тұрақты деңгейіндегі барынша тиімділікті сипаттайды. Сонымен, құн заңы дегеніміз — баға заңы. Рыноктық бағаның ауытқуы бұл заңның мына секілді маңызды қызметтерін анықтайды:

1. Өндірістің негізгі факторларын бөлу. Баға өскен байқалған салаларда өндірістің жандануы орын алады. Мұнда өндірістің маңызды факторлары тоғысады. Осының нәтижесінде тауарлар ұсынысы оларға деген сұраныстан асатын болса, кері процесс басталады. Рыноктық бағалар төмендей бастайды және бұл саладан ауысуы орын алады.

2. Өндіргіш күштердің дамуын ынталандыру. Рынокта тауар еңбек шығындарына емес, қоғамдық қажеттік еңбек шығындарына сәйкес бағалармен сатылады. Егер қандай да бір фирма немесе жеке бір тауар өндіруші өндіріс шығындарын ғана азайтуға қол жеткізсе, ол пайда алады.

Бұл үшін технологияны жетілдіру, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін қолдану, ресурстарды үнемдеу қажет. Сонымен ешқандай үгіт-ұрансыз күн заңы өндірушіні өндіргіш күштерді жетілдіру мен дамытуға қатысуға мәжбүр етеді.

3. Тауар өндірушілердің жіктелуі. Күн заңының бұл қызметі алдыңғы екеуінен шығады. Өндіріс шығындары төмен, рыноктың жай-жапсарын дұрыс бағалай білген тауар өндіруші алынған пайданың өсуіне байланысты баий түседі. Басқа тауар өндірушілер "ұтылыста" қалып зиян шегеді. Тауар өндірушінің жіктелуі күн заңының, баға заңының объективті нәтижесі.

10.4.1.5. Шекті пайдалылық теориясы

Күн заңы бойынша тек нарықта ғана айырбас кезінде еңбек шығынының қоғамдық қажетті деңгейі анықталады. Тек рынокта ғана күнның көру нысаны айырбас күн түрінде болады. Қысқартып айтқанда, күн өндірісте жасалынады, сатып алынса, ол біреудің тауар өндіруте жұмсаған еңбек шығыны қоғамдық қажетті шығын ретінде бағаланғаннан емес, сатып алушының тауарды бағалағаны.

Шекті пайдалылық теориясын жақтаушылардың пікірінше, тек тауардың пайдалылығы ғана еңбек шығынынан қоғамдық қажеттілік сипат береді.

Сонымен қатар, шекті пайдалылық теориясын жақтаушылардың ішінде пайдалылық өлшеу өлшемін табу мәселесі қызу пікірталас туғызды. Бұл мәселенің мәнін тек шекті пайдалылық сұраныс жайы және басқа категорияларды зерттегеннен кейін анықтауға болады.

Шекті пайдалылық теориясы субъективті бағалауды игіліктің сиректігімен, яғни оның көлемін байланыстырады. Шекті пайдалылық теориясының өкілдері бағалылықты пайдалылықтан шығарады. Бұл теорияны жақтаушылардың пікірі бойынша, адамның әрбір игілікті субъективті бағалауы, оның шекті пайдалылығымен анықталады, ал объективті айырбас пропорциялары немесе тауарлардың бағасы субъективті бағалауға байланысты және түбінде ол да шекті пайдалылықпен анықталады.

Күн және баға теориясындағы неоклассикалық бағыттың негізін қалаушы ағылшын экономисі А.Маршалл болып

табылады. Шекті пайдалылық теориясының бір жақтылығын ол бағалылықты тек пайдалылықпен түсіндіру деп көрсетті. А.Маршалл шекті пайдалылық теориясын ұсыныс пен сұраныс теориясымен, өндіріс шығындары теориясымен байланыстырды.

10.4.1.6. Ақшаның әлем экономикасындағы жалпы ерекшеліктері

XX ғасырда ақша қызметтері және ақшаның жалпыға ортақ эквивалент ретіндегі ролі өзгерістерге ұшырады. Барлық жерде де алтын жоғарыда аталған бес қызметін атқаруды қойды, еш жерде тауар құны алтын арқылы өлшенбейді, ешбір елде алтын айналыста болмайды, алтын төлем құралы қызметін де атқармайды. Халықаралық экономикалық қатынастарда есеп айырысу валюталар, доллар, маркалар, иендер т.б арқылы жүзеге асады. Сонымен алтынның айналыстан шығуы және оның ақша қызметін атқармайтын болуы демонетизациялау деп аталады. Демонетизация дегеніміз: алтынның ақша ролін және жалпыға ортақ, эквивалент ролін атқаруды доғаруы. Осы жерде мынадай өте қиын теориялық сұрақ туындайды.

Қазіргі ақшалардың мәні, табиғаты қандай? Өйткені кімге де болса анығы қазіргі уақытта асыл металл ақша емес, қағаз ақша — ақша. Ақшаның барлығы немен анықталады, оның тұрақтылығы неге байланысты? Егер қағаз ақша салыстырмалы сиректік қасиетінен айырылатын болса (сиректік заңы экономиканың аса маңызды заңдарының бірі ретінде басқа бөлімде қаралады) онда оның бағалылығы төмендейді. Сондықтан қағаз ақшаның құны туралы мәселе айналысқа қажет, қағаз ақшаның саны туралы мәселемен тығыз байланысты. Ақшаның мәні оның қызметтерінен шығады.

10.4.1.7. Айналымдағы ақша, теориялық мәселелері

Батыс экономистерінің басым бөлігі американ экономисі И.Фишер ұсынған формуланы пайдаланады. Ол формула баға деңгейінің ақша массасына тәуелділігін көрсетеді. КЖ-БС. Бұл жерде К- ақша массасы, Ж- ақшаның жылдамдығы, С- айналыстағы тауар саны. Осы

формулаға сәйкес тауарлар бағаларының деңгейі және ақшаның көлемі мынадай формуламен анықталады:

$$B = \frac{KЖ}{C}; \quad K = \frac{BC}{Ж}$$

Осыдан соң И.Фишер ақшаның құны оның санына кері пропорциялы деген қорытынды жасайды. И.Фишердің айырбас теңдігі $KЖ=BC$ айналыстағы ақша массасы мен тауарлар бағаларының сомасының, арасындағы байланысты көрсетеді. И.Фишер формуласы $KЖ-BC$ инфляция құбылысын түсіндіруге мүмкіндік береді. Инфляция дегеніміз: тауарлар бағаларының өсуімен қосарланған ақшаның күнсыздануы. Несиенің дамуы вексель және банкнот сияқты қағаз ақшаның түрлерінің пайда болуына әкеліп соқты. XX ғасырда есеп айырысу тарай бастады.

Чек, шындап келгенде қағаз ақшаға жатпайды. Чек депозиті айналыстағы қолма-қол ақшаны үнемдейді. Қазір қағаз ақша айналысының 90%-ке жуығы қолма-қол ақшасыз атқарылады.

Саяси экономикалық мағынада рынокты айырбас қатынасын білдіретін экономикалық категория деп қарайды. Ол экономикалық қатынастар жүйесінде ұдайы өндіріс процесінің маңызды сатысы, айырбасты сипаттайды. Сонымен, рынок тауарлы өндірістің құрамды компоненті, тауарлы өндіріс пен айналыстың заңдарына сүйенетін айырбас процесі. Рынок — тауар мен ақша айналысы қатынастарының жиынтығы. Экономикалық дамудың объективті жағдайы рынокты және оның категорияларын (баға, ұсыныс, бәсеке және т.б.) өмірге әкелді. Көп уақыт бойы біздің еліміздегі басқарудың әкімшілік-әміршілік әдісі үстем етуі рыноктың дамуына тежеу салды. Соңғы жылдары басқарудың экономикалық әдісіне көшу рыноктың айырбасқа кең жол ашып отыр. Шын мәнінде ұдайы өндіріс (жоспарлы ұйымдасқан процесс) рынокты оның икемділігін арттыруға пайдалануы аса маңызды мәселе. Сондықтан рынок ұдайы өндірісті үйлесімді дамытудың басты тұтқасы.

Рынокты сапалы жақсы тауарлармен толтыру мен қызмет көрсетуді жақсарту, біздің әлеуметтік саясатымыздың басты міндеті.

ТМД елдерінің ұлттық рыноктары бір-бірімен тығыз байланыста. Олар дүниежүзілік рынокпен де қарым-қатынасты да ұлғайтуда. Бұл қатынастарды дамытудың материалдық негізі ол елдер арасындағы еңбек бөлінісін тереңдету, тікелей тауар айырбасы мен сату қызметтерін кеңейту. Тауар айналысы мен рынок "Сатушы мен сатып алушылардың" арасындағы қатынастың көріну формасы болғанымен, олар шын мәнінде өндіріс пен тұтынудың, сұраныс пен ұсыныстың қайшылықтарын нақты көрсетеді.

10.4.1.8. Нарық механизмі

Нарықтық механизм өз қызметінің кәсіпкерлік скендігін, әр түрлі қолдану салаларына ресурстардың ауысуы мен баға құрылу екендігін, сатып алушылар мен сатушылар таңдау еркіндігін білдіретін экономикалық қатынастарды барынша тиімді жүзеге асырады. Басқаша айтқанда, рыноктық экономика дегеніміз: мемлекеттің араласуынсыз тиімсіз қызмет істеу қабілеті бар өзін-өзі реттеуші жүйе. Нарықтық механизмде тепе-теңдік орнату тенденциясы, өзіне тепе-теңдікті тұрақты түрде бұзу арқылы салады. Нарық экономикада тауарлар ақша көп болған жаққа қарай бағытталатын болғандықтан, рынок табыстың жетіспеушілігімен байланысты кейбіреулерді тарықтырса, ал басқалар салыстыруға болмайтын немесе шектен тыс табыстар алуы мүмкін.

Рыноктық механизм пайда алуға бағдарланған көп мүмкіндіктерді, әлеуметтік қамтамасыз ету, ғылым мен мәдениетті дамыту, қоршаған ортаны қорғау және т.б тиімді түрде шеше алмайды, Рыноктық механизмнің маңызды кемшіліктерінің болуы оны мемлекеттің экономикалық өмірге араласу жолымен реттеудің қажеттігіне әкеледі.

Нарық қатынастарын дамыту бағытында республиканың шетелдермен байланыстарын нығайту үшін халықаралық маркетингті енгізу тиімді. Бірінші Азия Барысы болу үшін Қазақстанға макроэкономикалық қатынастар шеңберінде халықаралық көрсеткіштерді менеджмент пен маркетингтік зерттеулерді пайдалану артық емес.

"Қазақстан-2030" стратегиясында Н.Ә.Назарбаев халықаралық қатынастардың мынадай маңызды факторлар мен бағыттарын атады:

- Қуатты сыртқы күштер келешегімізді айқындауда елеулі роль атқаратын өсіп түскен және ұлғайып келе жатқан өзара тәуелділік дәуірінде өмір сүріп отырмыз;

- Шетел инвестициялары мен ішкі жинақталымдардың деңгейі жоғары ашық нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсу.

10.5. Әлем саудасы. Қосымша күн және пайда теориясы

Әлем экономикасында, әлемдік сауда, ондағы айырбас, алмасу, бөліп бағыттау өте маңызды роль атқарады. Ол өндіріген өнімдегі әр бір адамның үлесін, қоғам мүшелерінің табысы, әл-ауқат, тұрмыс дәрежесін сипаттайды. Сондықтан экономикалық теорияда бөлу және табыстардың құрылу мәселелері зерттеушілердің назарынан тыс қалған емес. Д.Рикардо бөлуде бөліп бағыттауды саяси экономиканың пәні, ал жалақы, пайда және рентаны капиталистік қоғамның басты үш тобының алғашқы табысы деп санады, тағы сол сияқты К.Маркстің "Капиталының бөлуі" және П.Самуэльсонның "Экономика ұлттық табысты бөлу". Бұл тақырыпта меншікке сәйкес өндіріс факторлары: еңбек, капитал, жер сондай-ақ табыс нысаны: жалақы, пайда мен пайыз, жер рентасының пайда болуы қаралады. Бөлу баға арқылы жүзеге асады. Мұнда екі мәселе маңызды: біріншіден, өндірістің бүкіл факторлары механикалық және технологиялық жағынан өзара байланысты, оларды жеке дара пайдалануға болмайды. Тауар өндірісі үшін осы үш фактор өзара белгілі бір қатынаста болуы шарт. Әр бір факторға деген сұраныс көлемі басқа факторлардың баға дәрежесіне тәуелді, мысалы жұмыс күшіне деген сұраныс жалақы дәрежесіне ғана тәуелді емес, қанша машина, шикізат сатып алынады және оларға деген баға қалай қойылады, осылармен де байланысты. Екіншіден, өндіріс факторларына сұраныс пен олардың баға дәрежесі тұтыну сұранысы туындайды, түптеп келгенде өндіріс құрал-жабдықтары мен жұмыс күші адамға қажетті тауар өндіру үшін керек. Өндіріс факторларына сұраныс осы факторлар арқылы өндірілетін тауарларға деген сұранысқа тәуелді.

Мысалы, астық өсетін жерге сұраныс сол астыққа деген сұранысқа байланысты, белгілі мамандықтағы жұмысшылар еңбегіне деген сұраныс, осы жұмысшылар өндіретін өнімге деген сұраныспен байланысты.

10.5.1. Еңбекақы, оның әлем саудасымен байланыстылығы

Жалақы тұтынушылар табысының басым көпшілігін құрайды, сондықтан ол тауарлардың сұраныс көлеміне және олардың бағасына елеулі ықпал етеді. Жалақы дегеніміз не, оның дәрежесі мен динамикасы не нәрсеге тәуелді, жалақыға бәсекенің жетілген, жетілмеген түрі қалай ықпал етеді?

Осы мәселеге байланысты экономикалық теорияда екі тұжырымдама бар.

1. Жалақы еңбек бағасы (еңбекпен жұмыс күшінің айырмашылығы ескерілмейді), оның дәрежесі мен динамикасы рыноктық факторлар: сұраныс және ұсыныспен анықталады.

2. Жалақы жұмыс күші тауардың құнының ақшалай көрінісі, еңбектің бағасы емес, өйткені еңбек тауар бола алмайды, жалақы өндіріс жағдайы мен де (жұмыс күшінің құны), рыноктық факторлар сұраныс, ұсыныспен де анықталады, олардың ауытқуы жалақының жұмыс күші құнының бірде жоғары, бірде төмен болатындығын көрсетеді.

Жалақының екі тұжырымдамасы да ағылшынның саяси экономикасының классиктері А.Смит еңбек пен жұмыс күші арасындағы айырмашылықты ашып көрсеткен емес. Оның пайымдауынша, еңбек табиғи бағасы бар (немесе табиғи жалақы) "тауар" деп саналады. Ал, табиғи баға өндіріс шығындарымен анықталады. Яғни жұмысшының және оның отбасының тіршілігіне қажетті күн минимумымен анықталады. Осыдан басқа жалақы тарихи және рухани элементтерді қамтиды, осымен байланысты Смит жалақы мөлшерінің ұлттық айырмашылығы болатынын түсіндіреді. Жалақы дәрежесінің төмендігін және оның тіршілік минимумына өте жақын болу себебін А.Смит жұмысшы тобының ұйымшылдығының жоқтығымен байланыстырды. Жалақының динамикасының (қозғалысын) экономикалық жағдаймен байланыстырды.

Экономикалық өрлеу жағдайында еңбекке деген сұраныс өседі де рыноктық жалақы "табиғи жалақыдан" жоғары болады. Д.Рикардо да А.Смит сияқты жалақыны еңбек бағасы деп ұғынды. Д.Рикардо жалақы теориясын Малтустың халық өсімі теориясымен байланыстырды. Жалақы, осы теория бойынша, халықтың табиғи өсу заңына сәйкес күнкөріс заттарының минимумына ұмтылады. Осыған орай жалақының тұрақтылық заңы орын алды. Оның мәні мынада: жалақының өсуі жұмысшының отбасында табиғи өсімді көтермелейді де, еңбекке деген ұсыныстың өсуі жалақының төмендеуіне әсер етеді, керісінше жалақының төмендеуі жұмысшылар мен еңбекке ұсыныстың қысқаруына, тиісінше жалақының өсуіне әсер етеді. Сонымен, еңбекке деген ұсыныстың ауытқуы ықпалымен жалақы тұрақтылық мөлшеріне күнкөріс заттарының физикалық минимумына ұмтылады. Жалақы жұмысшының оның отбасының күнкөріс заттарының физикалық минимумына деген түсінік, жалақының "темірдей" қатты заңының негізін қалады.

Маркстік тұжырымдамаға сәйкес жалақы еңбек бағасы емес, өйткені еңбек тауар емес, олай болса оның құны да жоқ. Жұмыс күші тауар бола алады, ал жалақы осы тауардың бағасы, яғни оның құнының ақшалай көрінісі. Жұмысшы жалақы түрінде бүкіл еңбегі үшін емес, тек қажетті еңбек мөлшерінің құнын алады. Жалақының экономикалық мазмұны мынада, осы табыс арқылы өндірістің жеке факторының орны толтырылады, білім алу, еңбекке дайындығы жүзеге асырылады. К.Маркс жұмыс күшінің құны мен жалақы күнкөріс заттарының физикалық минимумына емес, күнделікті қажетті тұтыну заттарының құнымен анықталады деді. Жалақының мөлшері жұмыс күшінің құнына әсер ететін еңбек өнімділігіне, еңбектің қарқындылығына еңбектің күрделілігіне тәуелді. Жалақы сондай-ақ конъюнктурасы еңбекке деген сұраныс пен ұсыныстың арақатынасына тәуелді. Еңбек рыногында сұраныс пен ұсыныс тепе-тең болғанда жұмыс күшінің құнына тең жалақы белгіленеді.

Жалақы еңбек бағасы. Олай болатыны жұмысшы жалақыны өз еңбегін шығындағаннан кейін алады, жалақы мөлшері еңбектің әрекет ету ұзақтығына тәуелді, бірдей жұмыс атқаратын жұмысшылардан жалақысында жекелей

айырмашылық орын алады. Еңбек түгелдей төленген болып көрінеді. Сондықтан да пролетарлық саяси экономикада жалақыны жұмыс күші құнының өзгерген нысаны (яғни мәнін бұрмалайтын нысан), шындығында жұмыс күшінің бағасы деп көрсетеді. Қазіргі Батыстық экономика ғылымында жалақыны еңбек бағасы деген көзқарас орын алуда. Самуэльсон мен Нордхаус "Жалақы рыноктық бағаның маңызды категориясы, өйткені ол еңбек бағасы" деп жазды. Жаңа классиктер жалақының дәрежесі мен динамикасын рыноктық факторлар (сұраныс пен ұсыныс) деп түсіндірді.

Номиналды және нақты жалақыны ажырата білу керек. Номиналды жалақы ақшаға шығарып берілетін жалақы, оны жалдамалы қызметкер күндік, апталық, айлық еңбегі үшін алды. Номиналды жалақының мөлшеріне қарай жалақы дәрежесі туралы түсінік алуға болады, алайда ол тұтыну мен халық тұрмысының дәрежесін толық сипаттай алмайды. Ол үшін нақты жалақыны білу қажет. Нақты жалақы жұмысшының күнелтуіне қажетті заттарға шағылған жалақысы, яғни жұмысшының тапқан ақшасына өзі үшін және отбасы үшін қанша және қандай күнкөріс заттарын сатып алуға болатыны көрсетеді. Нақты жалақының дәрежесі тікелей номиналды жалақыға және тұтыну заттары мен қызмет көрсету бағасына тәуелді.

Жалақының негізгі нысандары. Жалақы негізгі екі нысанда мерзімде және келісімді түрде орын алады. Мерзімді жалақы өндірістегі еңбек шығынының ұзақтығымен анықталады, сондықтан ол күндік, апталық және айлық ақы болып бөлінді. Жұмыс күшінің ұзақтығы мен еңбек қарқындылығы әр қилы болғанда, нақты еңбекақы төлеу де әр қилы болады. Бірдей мерзім үшін жалақы алатын жұмысшылардың еңбекақы дәрежесін салыстыру үшін "еңбек бағасын", яғни бір сағаттық еңбекақысын анықтау қажет. Жалақының мерзімдік нысаны кәсіпкерге жұмыс күшінің ұзақтығы мен еңбек қарқындылығын белгілеу мүмкінділігіне ие болады. Кесімді жалақы жа жұмысшының жалақысы шығарылған өнім санына тәуелді. Жалақының бұл нысаны мерзімді жалақымен байланысты, өйткені бір өлшем өнімінің бағасы мерзімді жалақымен және ол өндірілген өнім санына бөлу арқылы анықталады. Кесімді жалақының мөлшері бір өлшем

өнім бағасын өндірілген өнім көлеміне көбейту арқылы есептеледі. Кесімді жалақының ерекшелігі, еңбектің саны мен сапасы өндірілген өнім арқылы бақыланып, өлшенеді. Ол еңбек өнімділігі мен қарқындылығын арттыруды мүдделендіреді, жұмысшылар арасындағы жалақы мөлшерінің жекелей айырмашылығының маңыздылығын күшейтіп, жұмысшылар арасындағы бәсекені ұлғайтады.

Өнеркәсібі дамыған елдерде жалақының негізгі нысандары мен бірге жұмысшының еңбек өнімділігі мен қарқындылығын ынталандыру мен жетілдіруге, олардың творчестволық қабілетін дамытуға бағытталған еңбекақы төлеудің басқа да жүйелері қолданылады. Осы жүйелерге кесімді – прогрессивті, кесімді көтерме, көп факторлы т.б жатады. Жалақының мөлшері жұмысшының еңбек өнімділігіне, өнім сапасына, шикізатты үнемдеу, жабдықтарды пайдалану коэффициенті т.б көрсеткіштеріне тәуелді.

10.5.2. Сауда және осы замандағы еңбекақы жүйесі

Жалақы өндіріс жағдайы мен нарықтық конъюнктураға тәуелді. Жалақы дәрежесіндегі айырмашылық ең алдымен өндіріс мөлшерінде анықталады. Экономикасы дамыған елдердегі жоғары жалақы өндіріс пен еңбек өнімділігі саласындағы жетістіктерге байланысты, өйткені алдын ала өндірілгенде ғана бөлуге болады. Жалақының мөлшері мен динамикасына ықпал ететін маңызды факторларға табиғи ресурстар, қолдағы капитал, жұмыс күштерінің саны мен сапасы, техника мен технология дәрежесі, өндіріс пен еңбекті ұйымдастыру жатады. Осы факторлардың өзара байланысты әрекет етуі еңбек өнімділігін сипаттайды. Өндірісі мен еңбек жоғары елдерде жалақының дәрежесі де жоғары. Жалақы дәрежесі мен динамикасын жалдауда рыноктық категориялар – сұраныс пен ұсыныс, олардың бәсекелік күрес ықпалымен ауытқуы неліктен маңызды? Рынок, сұраныс пен ұсыныс бүкіл өндірістік шығындардың дәрежесін көрсететін объективті экономикалық тетік, ол бүкіл тауарлар өндіріс, оның ішінде жұмыс күші шығындарын анықтаушы. Мұны көрсететін баға. Тұтыну тауарларына баға қоюдың рыноктық тетігі жұмыс күшін ұдайы өндіруді ынталандырады, сөйтіп осы тауардың бағасы жалақыға ықпал етеді. Жалақының

дәрежесі мен динамикасын анықтаудың экономикалық тетігі қандай? Бұл сұрақтарға жауап беру үшін еңбек рыногындағы жетілген және жетілмеген бәсеке жағдайын талдау қажет.

Жалақының мөлшері мен динамикасына еңбекке деген ұсыныс ерекше ықпал етеді. Жұмыс күшін сату оның иесінің өмірлік тіршілігінің бірден-бір көзі. Сондықтан жұмыс күшін сатушылардың арасында өткір бәсеке күресі орын алады. Еңбекке деген ұсыныс халықтың жалпы саны жұмыссыздар саны, жұмыс уақытының ұзақтығы, еңбектің сапасы сияқты көрсеткіштермен анықталады. Еңбекке деген сұранысқа ықпал ететін көрсеткіш- жұмыс күшінің ұзақтығы, ол еңбек қарқындылығының артуымен ұзарады және белгіленген жұмыс уақытының артуымен ұзарады және белгіленген жұмыс уақытынан асса, еңбекке ұсыныс та артады, бірақ одан жұмысқа қамту дәрежесі өспейді. Еңбекке сұраныс осындай дәрежеде болғанда, оған деген ұсыныс жалақының төмендеуіне ықпал етеді. Жалақы мөлшері еңбектің сатысына, мамандық және кәсіптік дайындыққа тәуелді. Мысалы жоғары жалақыны дамыған елдерде, әдетте, дәрігерлер, оқытушылар, юристер алады. Бұл жалақы оларды оқыту, дайындау үшін жинақталған байлықтан алынады, көп еңбек сіңіріледі, ал жалақы осы шығындардың орын толтыруы қажет.

Қазіргі кезде кейбір жұмыстар тартымсыз болуы мүмкін, алайда жалақы қоғамға пайдалы осындай тартымсыз (лас, ауыр) жұмысқа ынталандырады. Осындай еңбектің орнын толтыру қажеттігінен туындайтын жалақыдағы "айырмашылықты", "теңестіруші айырмашылық" деп атайды. Еңбек сипаты мен жалақы мөлшерінде "теңестіруші айырмашылық" типіне жатпайтын айырмашылықтар болады. Мұндай айырмашылықтар объективті сапалы ерекшеліктерден, адамның қабілеті, талантынан туындайды. Мұндай топтағы жалақы ставкасы да әр түрлі болады, аса талантты адамдардың табысында рента элементтері орын алады.

Жалақы дәрежесіндегі айырмашылыққа талдауды қысқаша қорытындылай келгенде, әр түрлі қызметкерлер тобының жалақы дәрежесіне ықпал ететін факторларды 2 типке бөлуге болады: біріншіден, объективті, экономикалық әдістермен жоюға болмайтын адамдар арасындағы айыр-

машылықтардан туындайды, екіншісі, ұқсас жағдайдағы бірбеткей адамдарды кемсітушілік факторлары жалақы мөлшері мен дәрежесін кемітуге этникалық, ұлттық жынысы т.б факторлар ықпалы етеді.

10.5.3. Әлемдік деңгейдегі еңбекақы және қосымша күн

Еңбек нарығы жалпы ең бір жетілмеген салаға жатады, өйткені мұнда бәсекенің әр қилы тежеушілері әрекет етеді. Бұған мынандай факторлар, атап айтқанда, бос жұмыс орны мен мөлшері туралы жұмысшының хабарсыз болуы немесе осы хабардың жеткіліксіз болуы, жұмыс күшін талдау мәселелері туралы заң актілерінің шектілігі, жалақы саласындағы фирма саясаты жатады. Жалақының дәрежесі мен динамикасына жұмысшы қозғалысы, ұйымдасқан кәсіпорындар қатты ықпал етеді. Кәсіподақтар жұмыс күші рыногын реттудің субъектісі, еңбекшілердің экономикалық мүддесі қорғаумен байланысты кәсіподақтардың алдындағы маңызды міндеттердің бір жұмыс күшін сатушы жұмысшылардың арасындағы бәсеке жұмысын жою немесе шектеу болып табылады. Кәсіподақтардың қызметі жалақы ставкасын көтеру, жұмыс күшінің ұзақтығын қысқарту, еңбек жағдайын жақсарту, зейнетақымен қамтамсыз ету, басқа да толып жатқан әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуге ат салысу.

Жұмыс күшінің рыногын реттеуде кәсіподақтар мен кәсіпкерлер арасындағы жасалатын келісім маңызды роль атқарады. Кәсіподақтар жұмысшылардың ұжымдық мүддесін қорғайтын өкілдер, өкілеттілігі конституцияға бекітілген кәсіподақтар мен кәсіпкерлер арасындағы келісім шарт жалақының формасы мен мөлшерін, жұмыс уақыты мен демалыс уақытының ұзақтығы, жұмыстан босату т.б мәселелерді реттейді. Келісімде көрсетілген шарт минималды, нормативті сипатында болады, оның мәні жұмысшылардың кәсіпкерлермен жасаған жеке келісім шарты, ұжымдық келісімге қарағанда нашар жасалатын болса, онда оның заңдық күші болмайды. Ұжымдық келісім мен норма принципінің минимумы дегенінің мәні неде? Бұл келісім шартты жұмыс орнына ие болу үшін, күресте жұмысшылар арасындағы бәсекені жою мүмкіндігін береді,

өйткені бәсеке кәсіпкерлер ұсынған ең нашар еңбек жағдайын жұмысшылардың қабылдауына мәжбүр етеді.

Кәсіподақтар кәсіпкерлермен келісім шартына отырғанда, еңбекке деген сұранысты шектеу жалақы ставкасын анықтау жолымен жалақы дәрежесіне ықпал етеді, жұмыс күшіне деген сұранысты көтеру мақсатына саясат жүргізеді. Кәсіподақтар ісі жалақыда қандай көрініс алады? Соңғы оншақты жылда рыноктық экономикасы дамыған елдерде жалақының өсуі және ол еңбекақыдағы айырмашылықтың қысқару тенденциясы байқалады. Кәсіподаққа біріккен өндіріс салаларындағы қызметкерлердің жалақысы орта дәрежеден асып, кәсіподағы жоқ салалармен салыстырғанда анағұрлым жоғары болып отыр.

Еңбек нарығы мемлекет тарапынан реттеліп отырады. Реттеу маңызды рыноктық факторларға: жұмыс күшіне, сұраныс пен ұсыныс, жұмыс уақытының ұзақтығы, еңбекке жалдау және жұмыстан босату тәртібіне, бағаның өзгеруі мен жалақыны индекскеуге таралады. Өнеркәсібі дамыған көпшілік елдердің заңы: өндірістегі кенет қауіпті жайттардан, жалдамалы еңбектен міндетті түрде қамтамсыздандыру, денсаулығының кемуінен қамсыздандыру сияқты әлеуметтік мәселелерді қамтиды. Мысалы, Швецияда жұмыс күші рыногының саясаты жүргізіледі, ол болса осы рыноктың барлық параметрлерін белгілейді. Мемлекет пен кәсіпорындардың маңызды әлеуметтік мәселелерін шешуге ықпал етеді, оның басты элементін матчинг дейді, еңбекке деген саясаты, жұмыс күшіне сұранысты ынталандыру, еңбек қатынасын реттеу, жұмыссыздарға жәрдемақы берілуін мемлекет пен кәсіпкерлердің бірдей қаржыландыруы. Кәсіпорындарда әлеуметтік қорлар жасалады, оның есебінен қызметкерлердің еңбегінің тиімділігін арттыру үшін, мүдделендіру жүзеге асырылады. Өндірісте жақсы нәтижеге жеткен жұмысшылар мен кәсіпкерлердің еңбегін бағалаудың әр қилы шаралары бар. Бұл ең алдымен сыйлықтар. Сыйлық берудің бұл түрі 20-жылдардың аяғы мен 30-жылдардың басында даму алды, жеке компаниялар өз қызметкерлерінің еңбек өнімділігін арттырғаны үшін оларға тегін туристік жолдамалар беру мүмкін болатындығын көрсетті. Әлеуметтік қамсыздандыру, жұмыссыздық жағдайында жәрдемақы, қартайған, еңбекке жарамсыз,

мүтедек адамдарға көмекақы беруді қамтиды. Жасы ұлғайғандарға беретін зейнетақы мөлшері жалақының мөлшеріне тәуелді. Жасының ұлғаюы, кездейсоқ бақытсыздыққа ұшырау, асыраушысынан айырылу, жұмыссыз қалумен байланысты жәрдемақы жалақыдан салық төлеу жолымен құралады.

Әлеуметтік қамсыздандыру қорының тағы бір көзі кәсіпкерге табысы үшін салынатын салық. Әлеуметтік қорғаудың мемлекеттік бағдарламасы халықтың табысын жалақы мен пайдадан түсетін салық арқылы қайта бөлу есебінен белгіленеді. Ол қаржы мемлекеттің бюджетінде жинақталады, кейін жалақыны халықтың тұрмыс-тіршілігі ауыр халдегі топтарына жұмсалады.

Дамыған елдердің көпшілігінде жеке қамсыздандыру жүйесі даму алған, оның есебінен бақытсыздық құрбанына ұшырағандарға кешілім көмек берілді. Бүгінде мадақтаудың түрі кеңінен дамып отыр. Әлем бойынша 1988 жылы фирмалардың осыған жұмсаған 4,6 млрд доллар болса, 1989 жылы 5,3 млрд долларға жетті. 1989 жылы туристік сапардың орташа құны 1650 доллар. Интенсивтураға арналған II халықаралық конференцияда (1990ж) мұндай саясат еңбекті мадақтаудың ең бір тиімді жолы деп бағаланды.

70 жылдардың ортасынан бастап дүниежүзілік еңбек рыногында елеулі өзгерістер орын алып, рыноктың тұрақсыздығының күшейгенін көреміз. Мемлекеттік әлеуметтік бағдарламалар қысқаруды, жұмыспен толық қамтамасыз ету үкіметтік бағдарламадан алынып тасталды. Әлеуметтік мұқтаждықтарға жұмсалатын қаражат барған сайын азаюда. Кәсіподақ мүшелерінің саны кеми бастады. Кәсіпкерлермен жекелей еңбек келісім шартын жасаушы жұмысшылар қатары көбеюде, оның жұмысшылар арасындағы бәсекені шиеленістіретіні хақ. Тұрақты белгіленген жұмыс уақыты орын алудан қалып келеді, бұл тарифтің саясатының негізін құрту деген сөз.

Жалақы өндіріс шығындарының бір бөлігі, сондықтан ақшалай жалақының ставкасының өзгеруі кәсіпорынның өндіріс шығындары мен пайдасының мөлшеріне ықпал етеді. Тұтынушылар табысының басым бөлігін құрай отырып, жалпы тұтыну тауарларының сұраныс көлемі мен осы тауарлардың баға дәрежесіне ықпал етеді. Міне, осыдан келіп жалақы ставкасындағы номиналды жалақының өсуі,

бағаның инфляциялық өсуіне және нақты жалақының төмендеуіне әкеліп соғады. Жалақыны өсірудің материалдық негізгі өндірісті дамыту, еңбек өнімділігі мен ұлттық табысты арттыру.

10.5.4. Осы заманда әлем деңгейінде қалыптасқан пайда теориясы

Пайда және пайыз қазіргі әлем деңгейіндегі экономикалық теорияда өте бір күрделі әрі пікірталас мәселелер қатарына жатады. Бұл мәселелерді талдау пайда мен пайыздың көзін анықтау ғана емес, оның нарықтық экономикадағы атқарар қызметін қарастыру.

Осы тұрғыдан ең бірінші теориясы, К.Маркстің пайда теориясы еңбек, күн теориясына негізделген және қосымша күн теориясының тікелей жалғасы болып табылады. Қосымша күн Маркстік пайымдауда пайданың, сауда пайдасының, қарыз пайызының өзгерген түрі, соңғылардың шыққан тегі және оның шығынмен байланыстылығы.

10.5.5. Шығын және пайда, олардың арақатынасы

Ілгеріде көреткендей өндірілген тауар құнын $W=C+V+M$, мұнда $(C+U)$ капитал орнын толықтыратын эквивалент, меншік иесінің өндіріс құрал-жабдықтары мен жұмыс күшін сатып алуға жұмсалғаны, немесе тұрақты жұмыс күшін сатып алуға жұмсалғаны, немесе тұрақты капитал (C) мен өзгермелі капиталға (U) жұмсаған шығыны. Тауар құнының өндіріс құрал-жабдықтары күшінің құнының орнын толықтыратын бөлігі капиталистік өндіріс шығындарын құрайды. Ол капиталистік үшін тауар өндірудің қаншаға түскенін көрсетеді. Өндіріс құрал-жабдықтары мен жұмыс күшіне жұмсалатын қаржы өзгеруі өндіріс шығындарына бірдей ықпал етеді, өндіріс шығындарында тұрақты және капитал айырмашылығы жойылады. Осымен байланысты үстірт қарағанда тауар құнының бір бөлігі $(C+V)$ капиталистік өндіріс шығындарының формасын (K) , ал басқа бөлігі (m) - пайда (P) формасын қабылдайды. Тауар құнының формуласы мынандай көрініс алады: $W=(C+V)+P$ немесе $K+P$ пайда маркстің экономикалық теориясында қосымша күн болып

табылады, ол бүкіл авансыланған капиталдың туу көрінісін алады. Пайда сандық тұрғыдан қарағанда тауар құнының өндіріс шығындарына шегергенде қалған артық бөлігі. Ал сапалық тұрғыдан алғанда пайда қосымша құнының өзгерген формасы.

Нарықтың пайдаға ықпалын жалпылама түрде былайша сипаттауға болады: егер тауар құны жоғары бағамен сатылатын болса, өткізілген пайда өндірілген қосымша құннан көп болады ($P > m$); егер тауар бағасы құннан төмен болса, өткізілген пайда мөлшері өндірілген қосымша құннан кем болады ($P < m$). Ал егер тауарларға сұраныс ұсынысқа сай келсе, баға құнымен теңеседі, капиталистер алатын пайда массасы өндірілген қосымша құнмен тең болады. Пайда нормасы жоғары болған сайын, капитал өсімі де жоғары болады. Пайда нормасы капиталистік шаруашылық етудің тиімділігінің бір белгісі. Капиталистің біліктілігі мен оның қолдағы бар өндіріс ресурстарын рационалды пайдалана білуі пайда нормасы, қосымша құн нормасына тікелей әсер етуі даусыз. Бірдей жағдайда пайда нормасы қосымша құн нормасының жоғарылауымен байланысты жоғарылайды, төмендеуімен байланысты төмендейді.

Капиталдың органикалық құрылымы төмендеген сайын, пайда нормасы жоғары болады, ал органикалық құрылымның жоғарылауымен байланысты пайда нормасы өсіп отырады.

Пайда нормасы капиталдың айналым жылдамдығына тәуелді. Пайда нормасының қозғалысымен акция курсының пайыз ставкасының, басқа да экономикалық көрсеткіштердің өзгерісімен байланысты.

10.5.5.1. Қосымша құн, оның табыс-пайда байланыстылығы

Қосымша құнды бөлуде қызмет істеуші өнеркәсіп және сауда капиталистері ғана емес, ақша қаражатының иесі қарыз капиталистері де қатынасады. Қарыз капиталы капиталдың ең бүркемеленген түрі, онда қосымша құн алудың көзі мен мүлдем жасырын көріністе. Қарыз капиталының А-А' қозғалысында капиталдың өгейленуі мен оған құн өсімін алумен байланысты аралық фаза түсіп қалады. Мұнда құнның өсу көзі, шын мәнінде, жасырын

келіп отыр. Мұнда капитал аралық қозғалыссыз "ақша түсімін" күтіп отырған ақша ретінде көрініс алады. Бірақ қосымша құн теориясы бойынша ақша, шын мәнінде, өздігінен өтпейді, ол қызмет етуші капиталистердің қолында қолдамалы еңбекті қанау арқылы қосымша құн алуға пайдаланылатын нақты капиталға айналады. Қарыз капиталы шаруашылық қызметімен айналыспайды, тек купондарды қиып отырумен шектеледі. Сонымен қарыз капиталы капитал-меншік иесі, өзіндік қозғалыс формасы бар ерекше тауар, оның иесіне өндіріс саласына қатыспай-ақ қосымша құнның бір бөлігін процент түрінде қабылдайды. Қарыз проценті - қосымша құнның ерекше формасы.

Қарыз капиталынан түскен пайда екі бөлікке бөлінеді: капитал иесін иемдену проценті мен қарыз алушы иемденетін кәсіпкерлік табыс. Қарыз процентінің белгілі дәрежесі және нормасы бар. Процент нормасы қарыз капиталынан алынған жылдық табыстың бүкіл қарыз капиталына қатынасымен өлшенеді. Егер қарызға берген капиталды 100 мың доллар деп ұйғарсақ, ал осыдан жылдық табыс 6 мың доллар болады, онда процент нормасы

6000

----- · 100% = 6 процентке тең.

100000

Сонымен бірге, еркін бәсеке жағдайында жоғары табысты өздестіру капиталдың бір саладан екінші салаға ауысуы күрделі қаржының әр қилы варианттарының альтернативті бағалығының теңдесуіне тиісті. Осы жағдайда кәсіпкердің толық шығындары толық түсіммен теңеседі.

10.5.5.2. Таза пайда (прибыль)

Жер рентасының екі түрі бар. Дифференциалды және абсолютті жер рентасы.

Дифференциалды рентаның құрылуын шартты мысалмен түсіндірейік:

Дифференциалды рентаның құрылуы. 5-кесте

Жер учаскелері	Түсімділік	Капитал шығыны	Орта пай-да	Бүкіл түсімнің өндірістік	Іентіер өнімнің жеке баға-	қоғам өндірісі өнімнің	Бүкіл өнім-нің қоғам бағасы	Диф Рента
1	2	3	4	5	6	7	8	9
I-ең төмен	3	100	20	120	40	40	120	0
II-орта-ша	4	100	20	120	30	40	160	40
II-жақсы	5	100	20	120	24	40	200	80

Осы мысалда, жер учаскелері сапалығы, құнарлығы бойынша үш түрге бөлінеді: құнарлығы бойынша ең төменгі-нашар жер учаскесі (I), орташа (II), құнарлығы жоғары-ең жақсы жер учаскесі (III). Осындай бағадағы жер-жеке меншікте, кәсіпкер – бұл арендатор, тікелей өндіруші – жалдамалы ауыл шаруашылығы жұмысшысы, ең бірінші-пайдаланушы болып келді.

Бұл кестенің 7, 8 және 9-шы бағаналарына көңіл аудару керек. Неліктен қоғамдық өндіріс бағасы 40 өлшемге тең, яғни ең төменгі жер учаскесінің жеке бағасының дәрежесінде белгіленген. Өйткені қоғамдық қажеттілікті қанағаттандыру үшін II және III жер учаскелерінің ауыл шаруашылық өнімдері жеткіліксіз, ондай жерлер шектеулі.

Сонымен ауыл шаруашылығының бағасында өзіндік ерекшелік бар, ол бойынша реттеушілік ролді орта шығындар емес, қайта ең жоғарғы шығындар анықтайды.

5-кестеден көрініп отырғандай, I-учаскіден жер иесі ешқандай рента алмайды, өйткені бұл жер ешқандай қосымша пайда әкелмейді. Мәселені қалай шешу керек? Бір жағынан жер иесінің барлығы да рента алуы керек, өйткені жер жеке меншікке, оны ешкім де арендаға тегін бермейді, ал екінші жағынан қарағанда, арендатор. I-арендатор I-учаскеден ешқандай қосымша пайда алмайды.

Абсолюттік жер рентасының құрылуын былайша түсіндіруге болады. Біріншіден, тауар құны категориясы (C+U+m) мен өндіріс бағасы (C+U+P) нақты ажырата білу керек. Екіншіден, қол еңбегінің үлкен көлемде орын алуымен капиталдың органикалық құрылымы (C:U) ауыл шаруашылығында өнеркәсіппен салыстырғанда төмендігін ескеру керек. Үшіншіден, жерге жеке меншік үстемдігі өнеркәсіптен ауыл шаруашылығында капиталдың еркін ауысуына кедергі жасайды. Жер иесі белгілі мөлшердегі төлемді төлемей ауыл шаруашылығы өндірісін игеру мақсатымен капиталдық ауыл шаруашылығына өтуіне болмайды.

Абсолютті жер рентасының құрылуы. 6-кесте

Капиталдың органикалық құрылуы	Қосымша күн	Құн	Салалық пайда нормасы %	Орта пай-да нормасы %	Орта пайда нормасының құрылуы	Ор-та пай-да	Өндіріс баға-сы	Абсолюттік рента
90+10	10		өнеркәсіп	10+1 5+15	20	15	115	
85+15	15	110 115	10 15	300	15	15	115	
80+20	20	120	20 ауыл шаруашылығы	x100 =15	15	15	115	
75+25	25	125	25		15	15	115	10

Кестеден көрініп тұрғандай, капиталдың еркін ауысуымен байланысты өнеркәсіпте бәріне ортақ пайда нормасы күралады -15%, өнеркәсіптің үш саласы бойынша да орта пайда да бірдей -15%, барлық саланың да өндіріс бағасы да бірдей -115. Алайда, ауыл шаруашылығының да капиталдың органикалық құрылымы, орташа өнеркәсіппен салыстырғанда төмен, ең басты жерге жеке меншік капиталдың ауысуына кедергі болып отыр, сондықтан ауыл шаруашылығы өнімінің құны өндіріс бағасынан жоғары, яғни 125>115. Егер өнеркәсіптен ауыл шаруашылығына

капиталдың еркін ауысуы орын алатын болса, ауыл шаруашылық жұмысшыларының еңбегімен өндірілген қосымша құн салааралық бәсеке арқылы қайта бөлініп "артық қазанға" түскен болар еді, нәтижесінде ауыл шаруашылығы тауарларының құны төмендер еді де, ал өндіріс бағасы көтерілер еді.

$$P_1 = \frac{10+15+20+25}{400} \cdot 100\% = 17,5\%.$$

Абсолюттік рента — ауыл шаруашылығы өнімдерінің құны мен өндірістік бағасының айырмасы.

Жерге жеке меншік абсолюттік рентаның "творчестволық себебі", ол ауыл шаруашылығы өнімдерінің құнының өндіріс бағасына дейін кемуіне, сол сияқты барлық салаларды орта пайданың жоғарылауына кедергі жасайды. Абсолютті жер рентасы теориясынан шығатын маңызды қорытынды — жерді национализациялау, ірі жеке жер меншігін экспропорциялау. Бұл теорияны басшылыққа алған большевиктер, практикада одан да ілгері кетті, бүкіл шаруалар шаруашылықтары экспропорцияланады, бүкіл жер национализацияланды, жерге жеке меншік түгелдей жойылды.

Біз қорыта келе, әр түрлі қызметкерлер тобының жалақы дәрежесіне ықпал ететін факторларды 2 типке бөлуге болады: біріншісі, объективтік, экономикалық әдістермен жоюға болмайтын адамдар арасындағы айырмашылықтардан туындайды, екіншісіне, ұқсас жағдайдағы бірбеткей адамдарды кемітушілік факторлары жалақы мөлшері мен дәрежесін кемітуге этникалық, ұлттық жынысы т.б факторлар ықпал етеді.

Пайыздың мәні мен атқаратын қызметін анықтағанмен, осыдан бұрынырақ қойылған, толық түсім мен толық шығындардың арасында айырмашылық бар ма, ол неден тұрады деген сұраққа жауап берілген жоқ. Өткен талдау еркін бәсекеге негізделеді, ол болса жоғары табыс әкелу үшін ізденуге, адамдардың шаруашылықты оптималды жүргізуіне, толық және ақиқатты хабарламаны рационалды пайдалануда капиталдың бір саладан екінші бір салаға ауысуын шектемеді. Мұндай жағдайда қосымша пайда болмау керек.

XI Тарау

Сыртқы экономикалық байланыс

11.1 Халықаралық экономикалық байланыстың дамуы

Қазіргі өтпелі кезеңде әлем елдерінде, оның қатарында Қазақстанда барлық қиыншылықтарға қарамастан, біз болашақ жеткіншек ұрпақ жайында, қазіргі өнеркәсіптік, өндірістік потенциалды жаңғырту жайында, ерекше ойлауымыз және шұғыл әрекет жасауымыз керек. Дүниежүзілік шаруашылық - бұл нарықтық шаруашылық, сондықтан әлем елдерімен түбірлі байланыс орнату осы егеменді елдердегі экономикалық реформаның нәтижесімен тікелей байланысты. Тағы бір кезек күттірмейтін мәселе Шығыс Еуропа елдерінің арасындағы интеграциялық процесті уақыт талабына сай, қайта құру, олардың өзара есеп-айырысуды дүниежүзілік бағамен, қатаң тұрақты валютамен жүргізу де өмірлік міндеттердің бірі. Сөйтіп олар Еуропалық қоғамдастық шеңберінде екі жақты келісімдерге қол қою, оның нарығына енуді жеңілдету. АҚШ тарапынан бұл елдерге сол үшін қолайлы жеңілдіктер беру. Бұрынғы ұлт республикаларының бәрі де Біріккен Ұлттар Ұйымына мүшелігіне еніп халықаралық дәрежеде оларды экономикалық, саяси егеменді ресми мойындап отыр.

Міне, Қазақстан Республикасын 1991 жылы 16 желтоқсанында егеменді мемлекет ретінде танып, бір-екі жылдың ішінде жүзден астам елдер мойындап, 70-тен астам ел онымен ресми дипломатиялық қатынас орнатып үлгерді. Қазақстанды осындайлық халықаралық дәрежеде мойынсұнудың бірден бір негізі, оның жерінде әлем бойынша анықталған қазбалы кең байлықтардың 1/15 бөлігі орналасқан. Мұнайдың, газдың түсті және қара металдардың, көмірдің химия және басқа да сирек кездесетін өте бағалы кендердің көзі де, қоры да мол. Ең бастысы халқы дархан, жері кең. Қазіргі жер бетіндегі 170-тен астам елдердің ішінде Қазақстан өзінің жерінің көлемі жағынан 9-орын, халқының саны бойынша 51-орын алады. Республика рыноктық жолмен дами отырып, сыртқы экономикалық байланыстарды ұлғайтуда, өйткені осы жағдайда ғана емес,

Әлемдік ғылым мен техника жетістіктерін халық шаруашылығын жаңарту қызметіне қамту мүмкіндігі туады, ол болса өз кезегінде ұлттық табыстың өсімін, ұлттық экономиканың гүлденуін қамтамасыз етеді, реформаның материалдық негізін нығайтады. Дүниежүзілік шаруашылық аралық интеграцияға ену республикасының әр қилы халықаралық экономикалық байланыстарға қатысуын, атап айтқанда, әлемдік сауда, елдер арасындағы ғылыми-техникалық алмасу, капитал, жұмыс күшінің халықаралық қозғалысы, транспорты, байланыс өндірістік тұтыну саласы мен информациялық қызмет көрсетуді интернационаландыруды қамтиды.

11.2 Сыртқы экономикалық байланыстың түрлері, оның даму кезеңдері

Сыртқа байланыстардың түрлеріне мыналар жатады:

1. Сыртқы сауда.
2. Шетелдік инвестициялау.
3. Ғылым, техника, мәдениет салалары-әлемдік экономикада.


Сыртқы сауданың дамуы

Сыртқы сауда бір елдің екінші бір елмен тауарды сыртқа шығарып (экспорт) және сырттан ішке (импорт) әкелумен байланысты сауда қатынасы. Сыртқы сауда ұлттық экономиканың тиімділігін арттырудың маңызды факторы, өйткені еңбек капитал, материал және басқа да өндірістік ресурстардың басқа елдермен салыстырғанда еңбек өнімділігі, өндіріс шығындары, өнім сапасы бойынша абсолютті және салыстырмалы артықшылығын сипаттайды. Мұндай салалардың өнімдері дүниежүзілік рынокта сол қатарлы елдердің өнімдерімен тез айырбасқа түседі. Сыртқы сауда арқылы мұндай ел өнеркәсіп шикізат көздері мен ауыл шаруашылығы тауарларын әкеле отырып, өзінің шектеулі табиғи ресурстарының орнын толтырады. Қазіргі ғылыми-техникалық революция кезеңінің бір ерекшелігі, сол елдің өз ішіндегі ішкі салық өнім алмасуда зор маңызға ие болып отыр. Осымен байланысты мамандану тереңдейді, (заттық, технологиялық т.б) ал кәсіпорындардың өз өнімдерін тұтыну шеңбері тарылады, сөйтіп тек қана рынокпен шектеледі.

Осындай кәсіпорындар арасында /әртүрлі елдерде/ тұрақты ұзақ мерзімді байланыстар орнығады. Кейбір деректерге қарағанда капиталистік мемлекеттердің сыртқы сауда айналымының 25%-ін құрастырмалы өнімдер, оның бөлшектері құрайды. Кейбір елдерде сырттан әкелінетін тауарларға есеп айырысуды, сыртқа шығаратын тауарлар есебінен емес, қызмет көрсету (мыс, транспорт, қамсыздандыру, банктер т.б) шетелдердегі капитал, лицензия және техникалық қызмет көрсету есебінен жүргізіледі. Бұл да сыртқы сауда саясатындағы қазіргі бір ерекшелік. Бүкіл қоғам, мемлекеттік көлемде, сыртқы сауданың субъектісін, объектісін анықтау және ұлттық табысты пайдаланумен кәсіпорындардың, қоғамдық сектордың тауарларын шетелдік рынокқа қосудың қисынды жүйесін төмендегідей байланыстардан көрсетуге болады.

1. ұлттық табыс;
2. өндіріс факторларын пайдаланғаны үшін төлемдер;
3. экспорт;
4. тұтыну тауарларын сатып алу;
5. трансферттер(дотация);
6. салықтар;
7. импорт;
8. ұлттық табыс.

Кәсіпорын — халықаралық экономикалық қатынас



Қазақстан еліміздің басқа аймақтарына шығарылатын өнімнің негізгі бөлігі - шикізат қосалқы материалдар, жартылай шикізаттар. Бұл жалпы өнім көлемінің 72,4%-не тең.

Республика экспортының негізгі көлемі (70% жуығы) кен өнеркәсібі салаларының үлесіне тиеді. Бұлар кен, мұнай, түсті металл, түсті және қара металлургияның жартылай фабрикалары, химия өнеркәсібінің өнімдері, жеңіл және тамақ өнеркәсібіне арналған ауыл шаруашылық шикізаттары, мысалы, Қазақстан хром кейін бұрынғы одақта экспортының 90%-ін, қорғасынның 70%-ін, мырыштың 40%-ін, фосфордың 90%-ін беріп келді. Бұрынғы одақтық ведомствалардың өктемдігі республиканың шетелдік тауарларды алуына бөгет жасады. Айталық, Қазақстан импортының құрылымында машиналар мен жабдықтардың (48,1%-ін) тәтті тағам өнімдерін өндіруге арналған шикізаттың (23,6%) үлес, металдар, азық-түлік тауарлары, оларды өндіретін шикізаттар, химия өнімдері, машиналар мен жабдықтар, басқа өнімдер, тауарлар. Сыртқы сауданың дүниежүзілік жалпы ұлттық өнімде алатын үлесі үнемі өсіп келеді. Мысалы, егер 1960 жылы жер шары бойынша жалпы ұлттық өнімдердегі сыртқы сауданың үлесі 7% болса, 1970 жылы ол 8%, 1990 жылы екі есе өсіп 15%-ке жеткен. Ал 2000 жылы дүниежүзілік рынокта алғашқы ондеу өнімінің үлесі 80%-ке жетпек. Демек, жер шары бойынша болашақта дайын өніммен сауда жасау шарықтап өссе, Бұған Қазақстанда елеулі өз үлесін қосары сөзсіз.

Ол үшін рыноктық қатынастарға кең жол ашу керек. Осы бағытта Қазақстан дүниежүзілік экономикалық ұйымдарға мүше болудың маңызы зор.

Осы мақсатпен Республикамыз халықаралық валюта қорына кіріп, оның 167-ші мүшесі болады. Сонымен қатар, Қазақстан Халықаралық қайта құру мен даму банкісінің 163-ші мүшесі болып тіркелді. 1992 жылғы Қазақстан экспорты мен импортының үлесі төмендегідей болар еді, (АҚШ-тың млн доллар).

7-Кесте

Аймақ-тар	Сыртқы сауда айналымы	Экспорт	Импорт	Жалпы көлемдегі үлесі /%/ Экспорт, импорт	
Еуропа	119,8	923,0	196,8	62,0	42,0
Азия-Австралия және Океания	685,8	450,0	235,8	30,2	50,3
Солт Америка	151,2	116,0	36,1	7,8	7,7
Оңтүстік Америка	0,4	0,3	0,7		

Мұнда Еуропа мен Азия елдерімен қатынас үлесі үлкен екендігін көрсетеді. Еуропа үлесі (62%) ал импортта Азия елдерінің соның ішінде Қытайдың орны ерекше (50,3%).

11.3 Ғылыми-техникалық өрлеу әлемдік экономикада

XX ғасырдың 50-ші жылынан басталатын ғылыми-техниканың өрлеу осы заманда өздеріне тән, бүгінгі көріністері мен ерекшеліктері бар. Олар мыналар:

- Ғылыми-техникалық прогресс кең ауқымды, универсалды сипатқа ие болады. Ол қоғам өмірінің барлық жақтарын қамтиды, тұрмыс жағдайына да, ұдайы фазаларына да әсерлі ықпал етеді.

- Өндіріс пен еңбекті ұйымдастыру және басқару жүйесін мүлдем өзгертті, сапалық жаңалықтар енгізді.

- Ғылым мен өндірістің интеграциялық қатынасы жоғары дәрежеге жетті. Экономикалық өсу-өрлеудің факторларын және қайнар көздерін, шаруашылық құрылымын және т.б жағдайларды күрт өзгертті.

- Жаңа принциптегі техника-технология жасалынып өндіріске енгізілуде. Сапалық жаңа өндіріс аппараты қалыптасып келеді. Жиынтық жұмысшы күші даму үстінде.

Қазіргі ғылыми-техникалық ерекшеліктерінің бірі: микроэлектрониканың жедел қарқынмен дамуы және пайдаланылуы. Микроэлектрониканың техникалық негізінде электрондық информация, жасанды интеллектуалды элементтерді бойына дарытқан электронды есептегіш машиналар /ЭВМ/ икемді автоматтандырылған өндіріс пайда болды.

Бұл қазірдің өзінде, әсіресе келешекте қоғамдық өндірісті дамытудың негізгі факторына айналары сөзсіз.

Ғылым мен өндіріс қосылып біртұтас процеске айналды. Оның негізінде:

- өмірге қалдықты аз қалдыратын немесе тіпті қалдықсыз шығаратын технология келіп кірді. Мұның экономикалық және экологиялық маңызы өз алдына ерекше;

- өндіріске аз операциялық технологияны пайдалану қазіргі ғылыми-техникалық революцияның негізгілерінің бірі;

- машина компонентіне және элементтеріне жаңа сапалық өзгерістер енді. Бұл жағдай адамның өндірістегі орны мен ролін мүлдем өзгертті, жұмысты күрделендірді, жаңа биік талаптар қойды;

- қазіргі ғылыми-техникалық революция ғаламдық сипатқа ие болуы, бүкілдүниежүзілік құбылысқа айналды;

- биотехника кең өріс алды.

Ғылыми-техникалық революция жұмысшы күшінің сапасын жақсартуға жол ашады, демек бұл білім беру жүйесінде де революциялық өзгерістер енгізді.

Ғылыми-техниканың дүниежүзілік шаруашылық жүйесіне тән ортақ жағдайлары мен заңдылықтары бар. Олардың негізгілері мыналар:

- шаруашылық салаларының және экономиканың құрылымдық өзгеріске ұшырауы;

- техника мен технологияның бір типтегі түрлері;

- жиынтық жұмысшы күшінің кәсіптік-мамандық құрылымының өзгеруі;

- жұмысшы күшінің сапасына деген талаптың өсуі;

- жұмысшы күшінің әрдайым босап қалуы;

- өндірістік емес салада жұмыс істеушілердің үлес салмағының өсуі.

Қорыта айтқанда, ғылыми-техникалық прогрестің қоғамдық дамудың, оның әлеуметтік мәні мен мазмұнын жоя алмайтын, бірақ ол дүниеде болып жатқан барлық құбылыстарға оның қайшылықтарына орасан зор ықпал ететін табиғи, объективті процесс.

11.4 Халықаралық байланыс және сауда

Халықаралық қатынас, ол ұлттық шаруашылықтардың тауар және қызмет көрсетуімен байланысты, яғни айырбас экономикалық қатынас болады.

Ол өте ертеде дамыған, алайда капитализмге дейінгі өндіріс әдістері натуралды шаруашылыққа негізделгендіктен, халықаралық сауда айналысына олардың өндіргіш өнімдерінің тек бір бөлігі ғана түсіп отырады.

Халықаралық сауданың сипаты сол саудаға қатысатын елдердің әлеуметтік-экономикалық құрылысымен, құрылымымен анықталады. Егер, бүгін халықаралық сауда негізінен тауар алмасумен шектелсе, қазір ғылыми-техникалық ойлармен алмасу, лицензиялар беру формасында кеңінен дамуда (олардың бүкіл айналымдағы үлесі 10%, ал болашағы бұдан да зор). Қазіргі кезде бұдан басқа күрделі құбылыс жабдықтарды құрастыру ғана емес, жобалау және құрылыс жабдықтарды арендаға беруді қамтып отыр.

Халықаралық сауданың динамикасы мен құрылымына өндіргіш күштер, дүниежүзілік өндірістің құрылымы да қатты ықпал етуде. ХІХ ғасырда халықаралық сауда айырбасында көбінесе шикізат, азық-түлік және жеңіл өнеркәсіп өнімдері ғана болса, қазіргі кезде өнеркәсіп тауарларының үлесі, әсіресе машиналар мен жабдықтардың үлесі елеулі түрде өсті. Қазіргі кезде халықаралық айырбас өрісіне ғылыми-техникалық жетістіктер айырбасы қосылды, (лицензиялар мен ноу-хоулар мен сауда жасау), олардың үлесі халықаралық сауданың жалпы айналымының 10%-ін құрайды. Технологиялық күрделі өнімдермен, лицензиялармен сауда-саттық жедел өсіп отыр. Егер 1970 жылы лицензиялар дүниежүзілік экспорттағы көлемі 2,4-2,7 млрд доллар болса, 80-жылдардың 2-ші жартысында бұл сан жылына 17 млрд доллардан асты. Халықаралық сауда объектілерінің қатарына қазіргі уақытта жобалау жұмыстары, лизинг (жабдықтарды ұзақ мерзімге жалға алу), инжиниринг (инженерлік құрылыс жұмысын атқару үшін жасалған келісімдер) жатады.

Халықаралық сауда да жаңа "индустриалды" елдер (Гонконг, Оңтүстік Корея, Сингапур, Тайвань) үлкен роль атқара бастады. Бұл елдердің экспортында өнеркәсіптік тауарлардың алатын орны елеулі. Ұлттық өнеркәсіп

өнімдеріне тиімді жоғары кеден бажын енгізу арқылы белгілі бір тауар түрлерін сатуға, мемлекеттік монополия арқылы ақшалай байлықты арттыруға ұмтылды. Бірақ қатан протекционизм сыртқы сауданы қысқартып, ұлттық экономикалардың оқшаулануына әкеп соқтырды. Сондықтан Ұлыбританиядағы өнеркәсіптік төңкеріс елді еркін сауда саясатын өтуге мәжбүр етті. Еркін сауда саясатының негізін дамушы Рикардоның салыстырмалы шығындар теориясы қалады. Осы бағытты ұстанған Ұлыбритания жаңа рыноктарды жаулап алып, дүниежүзілік экономикада жетекші орынға ие болды. Кейінірек басқа елдерде біртіндеп "еркін сауда" саясатына көше бастады.

Халықаралық сауда – экономикалық қатынастарды реттеу үшін халықаралық ұйымдар құрылды. Олардың қатарына: ГАТТ, ЕАСТ, ЮНКТАД т.б жатады.

ГАТТ – тарифтер мен сауда туралы басты келісім, оған қатысушылардың сауда қатынастары қабылданған нормалар мен ережелер негізінде айқындалады. Бұл ірі халықаралық ұйымдардың шеңберінде сыртқы саудаға қатысты барлық проблемаларды талқылау үшін, мүше елдер арасында келіссөздер, консультациялар, кездесулер өткізіледі.

ЕАСТ – Еуропалық еркін сауда ассоциациясы 1960 жылдан бастап жұмыс істейді. Бұл ассоциацияға 6 Батыс Еуропалық елдер кіреді. ЕАСТ-тың негізгі мақсаты еркін сауда жағдайын қалыптастыру.

ЮНКТАД – БҰҰ-ның сауда және даму конференциясы. Бұған 170-ке жуық мемлекет, сондай-ақ көптеген халықаралық ұйымдар кіреді. ЮНКТАД-халықаралық экономикалық қатынастардың дамуына реттелуіне қолдау жасайды.

11.5 Әлем және Қазақстан экономикасындағы тікелей инвестиция

"Қазақстан 2030-стратегиясында" Н.Ә.Назарбаев халықаралық қатынастардың мынандай маңызды бағыттары мен факторларын айтады:

- қуатты сыртқы күштер келешегімізді айқындауда сөзсіз елеулі роль атқаратын күннен-күнге өсе түскен ауқымдану мен ұлғайып келе жатқан өзара өмір тәуелділік дәуірінде сүріп отырмыз;

- шетел инвестициялары мен ішкі жинақталымдардың деңгейі жоғары ашық нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсу;

- ұлттық қауіпсіздікке Ресей, ҚХР, Орта Азия, Таяу және Орта Шығыс елдерінің, АҚШ, БҰҰ, Халықаралық валюта қоры, Дүниежүзілік Азия, Еуропа, Ислам даму банктерінің, халықаралық институттардың қолдауларын барынша пайдалану.

Әлемдік экономикалық кеңістіктегі елдерді Қазақстанның табиғи байлықтары мен демократиялық ахуалы қызықтырады. Сондықтан да дүниежүзінің дамыған, әсіресе рыноктық экономикасы бар мемлекеттер біздің республикаға инвестиция жұмсауға әзір екендігі іс жүзінде көрсетілуде. Бізге шетел инвестициясын тарту 1992 жылдан басталды. Алғашқы экспорттық несиені Австрия мен Германия үкіметтері берді. 1993 және 1995 жылдары республика экономикасын жүйелі қайта құруды жүргізу және макроэкономикалық тұрақтылық пен реформаны қамтамасыз ету бағдарламалары бойынша халықаралық валюта қорымен келісім жасалды.

1992-1995 жылдары Қазақстан шетелдерден техникалық көмек түрінде 270 млн доллар алды. Қазақстанда шағын бизнесті дамыту үшін Еуропа банкісі 77,5 млн доллар беруге әзір. Жалпы республика экономикасындағы құрылымдық өзгерістерді жүзеге асыруға 9 млрд АҚШ доллары қажет.

Қазақстанның әлемдік рынокқа шығуының айқын көрінісі ірі трансұлттық корпорациялардың, біріккен кәсіпорындардың қанат жаюы. Айталық, Самсунг корпорациясы біздің экономикаға 1млрд доллар инвестиция жұмсады. "Теңіз-Шевройл" да өз инвестициясын қосты.

Әлемнің назары – Каспий теңізі мұнайын, Батыс Қазақстандағы Қарашығанақ газын игеру, Қытай Халық Республикасы мұнай құбырын 60-айда бітіруге, оны салуға 3,5 млрд доллар жұмсауға әзір. Ал АҚШ-тың қызығушылығын туғызған мәселе: Қарашығанақты игеру. Мұндағы акционерлік қоғам бақылау пакетіндегі "Ресей Лукойл" компаниясының үлесі 15%, "Аджип Бритиш газ"-орқайсысы 32,5%, Техасо үлесі 20%.

Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында өтпелі кезеңнің қиындығын және ХХІ

ғасырдағы республиканың бет-бейнесі айқын көрсетілді. Болашақта орталық Азиядағы Барыс болу үшін, халықтың әл-ауқатын және қауыпсіздігін қамтамасыз ету үшін, экономикалық күш-қуатты арттыру керек. Осы мақсатқа байланысты жеті стратегиялық басым бағыттарын жүзеге асырудың бір көзі шетел инвестициясын пайдалану. Әрине Қазақстанның халықаралық байланыстары осы кезеңде де алдымен жақын көршілеріміз: Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей және басқа да ТМД елдеріне қамтиды. Бірақ ірі трансұлттық капиталды, ҚХР, Батыс және Шығыс елдері Мұсылман әлемімен де экономикалық қатынастар ұлғаяды. Мұны біздің республиканың геосаяси, геоэкономикалық, жағрапиялық жағдайлары талап етеді.

Инвестициялық қаржыларды ел экономикасына тарту әр түрлі нысанда жүзеге асырылады, оған шетел банктері мен халықаралық ұйымдардан қарыз алудан бастап, кәсіпорындарды тікелей шетел инвесторларының меншігіне сатуға дейінгі әрекеттер жатады. Шетел капиталын ұлттық экономикаға тарту өте пайдалы процесс.

1. Шетелдік инвестициялар елдің өндірістік базасын жедел жаңартуға және оның өндірістік мүмкіндіктерін арттыруға көмектеседі.

2. Шетел фирмалары жаңа өндіріс орындарын ашумен қатар, бәсекелік күресте шыңдалған еңбек пен өндірісті ұйымдастыруды ала келеді.

Біздің экономикаға ірі инвестицияларды келтіру үшін бірнеше шарттарды орындау керек:

1. Мемлекет шетелдік инвестицияларға қауіпсіздік кепілдігін беруі керек.

2. Мемлекет шетел инвесторларына пайданы тұрақты валютаға ауыстырып әкетуіне жағдай жасауы керек.

Тек бір жылдың ішінде, яғни 1997 жылы республика 3 млрд доллар инвестиция сіңірді. Егемендік алған жылдардың ішінде 10,1 млрд долларға тең инвестиция алынды.

11.5.1. Әлем экономикасындағы жалпы сыртқы байланыс.

Сыртқы экономикалық стратегиясының бағыты

Қазақстандағы сыртқы экономикалық байланыстарды дамыту, республиканың шетелдермен валюта қаржы, және несие қатынастарының негізіне жұмсалған. Сыртқы

экономикалық кешенді басқару негізінен құқықтық және экономикалық тұтқалары (кеден, баж салықтары, валюта курсы, банк проценті) ауыстырылады.

Сыртқы экономикалық стратегиясының бағыты ұлттық валютаның біртіндеп еркін өтімділігі мен валюта нарықын дамыту, әзірлеу және енгізу.

Валюта несие операцияларын коммерциялық банктер жүргізеді, кәсіпорындар мүлікті кепілге алып, шетелдік несиелерді дербес тарту құқығын алады.

11.5.1.1. Сыртқы экономикалық қызмет және оның мақсаты

Сыртқы экономикалық қызметтің мақсаты, Қазақстанды дүниежүзілік шаруашылық байланыстар жүйесіне енгізу. Сыртқы экономикалық қызмет срезелерінің сақталуын үкімет жөнінде құрылған валюталық бақылау инспекциясы қадағалайды. Олар тауарлардың арзан бағамен сыртқа шығаруына қарсы баж салығы белгіленеді. Өндірістің қалыптасқан құрылымында Қазақстан экспортының белгілі бөлігін шикізаттар, жартылай өнімдер, материалдар (96%) құрайды, соның ішінде түсті қара металлургия өнімдері 60%, химия өнеркәсібі 18%, агроөнеркәсіп орындары айтарлықтай орын алды. Агроөнеркәсіп кешенінің негізгі экспорттық өнімдері – шитті мақта, астық және тері заттары. Мұндай жағдайдың басты себебі техникамен жабдықтаудың артта қалуы.

Экспорттың құрылымын, оның тиімділігін жетілдіру, яғни машина жасау т.б салаларының өнімдерін көбейту жолымен жүзеге асырылады.

Импорттағы негізгі заттар - машиналар, құрал-жабдықтар, халық тұтынатын тауарлар, жеңіл және тамақ өнеркәсібіне арналған шикізат пен материалдар. Машиналар мен құрал-жабдықтардың меншікті салмағы 25%.

Экспорт, импорт операцияларын жүргізуде негізгі оріптес Қытай 55%, ӨӘК-ң бұрынғы мүшелері 17%, дамыған капиталистік елдер 19%.

11.5.1.2. Қазақстанның сыртқы экономикалық қызметінің 2-ші бағыты

Сыртқы экономикалық қызметтің 2-ші бағыты, республиканың экономикасын тұрақтандыруға шетелдік инвесторларды қатыстырып, шетелдік несиелерді тарту. Бұл қаржыны халық шаруашылығын жетілдірудің басым бағыттарын шешу үшін мақсатты түрде пайдалануы тиіс. Несиелерді қамтамасыз ету үшін алтын қоры құрылады. Ол ұлттық валютамен қамтамасыз етуде қызмет етеді. Импорт есебінен құрал-жабдықтар мен жаңа технологиялар сатып алынады.

Сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру үшін дамыған сыртқы экономикалық инфрақұрылым қажет.

Қазақстан валюта қорына, Халықаралық жаңғырту мен даму банкісіне, Халықаралық қаржы копорациясына, Халықаралық даму агенттігіне, инвестициялар кепілдігінің сан қырлы агенттігіне, инвестициялық дамуларды реттеу жөніндегі халықаралық орталыққа, ассоциациясына мүше болды.

11.5.1.3. Ішкі нарық және әлем нарығы

Ішкі нарықтың проблемаларын шешудің нақты жолы: кәсіпкерлік пен бизнесті дамыту, оларға мүмкіндігінше қолдау көрсету. Оларды дамытатын орталықтар мен қорлар құру.

Ал енді сыртқы нарыққа келетін болсақ, біріншіден, экспортқа тауарлар өндіруді ұйымдастыру, оларды өткізудің жолдарын іздестіру. Екіншіден, дүниежүзіндегі басқа елдерге тікелей инвестициялау мүмкіндіктерін мұқият зерттеу, Қазақстан капиталын шет елдерде, әсіресе дүниежүзіндегі дамушы елдерінде, ТМД елдерінде орналастырудың нақты мүмкіндігін іздеу.

Өркениетті болам деген мемлекет, тек қана шетел инвестициясын пайдаланып қана қоймай, тиімді жерге өз капиталын орналастырғаны да жөн. Үшіншіден, қазірдің өзінде ХХІ ғасырға жақындап қалған кезде, оның сыртында астық, ет, сүт тағамдары, былғары — мех шикізаты, жүн, түсті металдар, мұнай мен мұнай өнімдері сирек кездесетін элементтер бойынша дүниежүзілік сауда да лайықты орынға

ие болуын көздеу керек. Сонда Қазақстан Республикасы таяу уақытта сирек кездесетін және түсті металдар дүниежүзілік стандарттар бойынша сатылатын, тұрақты жұмыс істейтін биржалар, аукциондар, жәрмеңкелер ұйымдастыра және оларды өндіру және сатуға өзінің монополиялық жағдайын пайдалана алар еді. Отанымызды қорғау және дамыту ұлттық қауіпсіздік концепциясының негізінде Республикамыздың сыртқы сауда экономикалық бағдарламасын жасау керек. Дүниежүзілік ғылым мен техниканың дамуында басымдылық 4-5 жылда өзгеріп отырады.

Әлем нарығына шығудың негізгі мәселелері Қазақстан әлем рыноктарына шығып, ондағы тұрақтануы транспорт пен коммуникация жүйелерінің дамуына тікелей байланысты. Егер ауыл шаруашылығы, азық-түлік, жеңіл өнеркәсіп, таукен өнімдерінің экспорты автомобиль және теміржол транспорттарына тәуелді болса, мұнай мен газ экспорты халықаралық трансконтиненталды тасымалдау құбыр жүйелерінің салынуына тіреліп тұр. Астық өнімдері Қазақстан үшін экспорттық түсімдердің маңызды түрі. Бірақ болашақта таза астық экспортын азайтып, оның орнына одан шығарылған түпкі өнімдердің үлесін арттыру керек. Болашақта шикізат құбырларын тасымалдаудың салынуына байланысты Қазақстанда өңделмеген мұнай экспортының көлемі күрт және өте күрделі түрде өседі деп күтілуде.

11.5.2. Дүниежүзілік экономикалық қатынас, ондағы сауданың қазіргі кезеңдегі сипаттайтын тенденциялары

Осы кезеңде әлемде экономикалық қатынас дамуындағы басты тенденция, ол шикізат саудасын салыстырмалы қысқарта отырып, өңдеуші өнеркәсіп өнімдері мен халықаралық алмасуды интенсификациялау. Бұл көптеген әлем елдерімен қатар, әсіресе шикізат көзі болып келген, Қазақстан үшін ерекше маңызы бар мәселе. Енді дүниежүзілік нарыққа шикізат көздері мен тамақ өнімдерін дамушы елдер емес, дамыған капиталистік елдер шығаратын болады.

- Дамыған капиталистік мемлекеттердің өзара сауда қатынасының аясы кеңейіп, интеграциялық топқа бірігуде. Бұған мысал ретінде Батыс Еуропалық қоғамдастықтың 1957

жылы құрылған 12 мемлекеті. Бұлар баж одағын құрудан бастап Еуропалық одақтастық шеңберінде капиталдың, тауарлардың қызмет көрсетудің және жұмыс күшінің жалпы режим ретінде еркін қозғалысын, қаматамысз етті, үшінші бір елдерге саясатын жүргізуді, ұлттық финанс жүйесін реттеп, Еуропалық валюта жүйесін құрды. Еуропалық қоғамдастық елдерінің сауда көлемі өсіп, дүниежүзілік сауданың өсу қарқынынан анағұрлым асып түсті (1958-1990ж 93%).

- Тұтас алғанда халықаралық алмасу әсіресе интеграциялық топтар үшін бұрынғы тежеуліктен еркін сауда саясаты басым роль атқарды. Соңғы оншақты жылда тауар сатумен салыстырғанда халықаралық қызмет көрсетудің қарқыны өсуде, информатика, телекоммуникация, космостан жерді дистанциялау басқарып анықтау /картаграфияда қазбалы байлықты іздеу, астықтың түсімділігін анықтау, метрология мен гидрологияда/ машина мен жабдықтарды жалға беру (лизинг), ЭВМ көмегімен есептеу, рыноктық, лабораториялық және болжамдық зерттеулерді жүргізу т.б. Банктік қамсыздандыру, әуе транспорты, кеңістік, құрылыстық, жарнамалық қызмет көрсетулер де тез дамыды.

Сонымен Қазақстан экономикасының құрылымын жетілдіру үшін шикізат өндірісін дамыту керек, әрине бұл мәжбүрліктен туындап отырған іс-әрекет экономиканы жетілдіру үшін қажетті қаражат табудың уақытша жолы.

Болашақта шикізат құбырларының тасымалдаудың салынуына байланысты Қазақстанда өңделмеген мұнай өнімдерінің көлемі күрт және өте күрделі түрде өседі деп күтілуде. Қазақстанның мұнай қорын сыртқа тасымалдау құбыр жолдарын салудың бірнеше жобаларының түрлері белгілі. Солардың ішінде түпкі нәтижеге жету мұнайды әлем нарығына шығару, қажет болатын инвестициялық шығындардың көлемі мен тиімділігі жағынан алғанда бірінші кезекте Теңіз-Каспий шельф консорциумның Новороссиск жағындағы жобасы тұрғаны белгілі. Бірақ Республикаға бірін-бірі алмастыратын және толықтыратын альтернативті құбыр жүйелері қажет.

Біріншіден, болашақта мұнай шығару көлемі күрт өскенде жалғыз құбыр жолы мұнай экспортын толық қамтамасыз ете алмайды. Әлемге белгілі маман – мамандану

сарапшылардың пікіріне қарағанда, осы күні зерттеліп анықталған мұнай қорлары Қазақстанда ХХІ ғасырдың бас кезінде Парсы шығанағындағы Араб елдерінен кейінгі екінші орынға шығады. Содан Қазақстан үшін болашақта Солтүстік Батыс және Оңтүстік, Оңтүстік Батыс бағыттарындағы мұнай-газ құбырларымен қатар, Оңтүстік, Оңтүстік Шығыс және Қиыр Шығыс бағыттарында салынатын құбыр жолдары тиімді және қажет болады. Газ экспорты негізінен Ресей бағытында дами алады. Егер қалыптасқан экономикалық бағыттар одан әрі нығайып дами түссе, Украина да біздің газға мүдделі болып отыр. Украинаға газды Ресей арқылы тасымалдап жеткізуге болады, немесе Ресеймен арнайы шарт жасап экспорт түрінде Украинамен байланыс жасауға болады. Болашақта мұнай мен газ экспорты Қытай және Оңтүстік-Шығыс Азия елдері бағытында дами алады. Көршілес жатқан Ресей, Өзбекстан, Түркіменстан елдері Қазақстанның мұнайы мен мұнай өнімдеріне тәуелді емес, керісінше олар өздерінің иелігіндегі мұнай өңдеу зауыттарының өнімдерін сыртқа сатып, өткізу жолдары мен мүмкіншіліктерін іздестіруде. Еуропа бізден алыста жатыр, оған шығу қиынға түседі, жеткеннің өзінде де, Еуропаның бұрыннан қалыптасқан және реттелген рыногына ену мүмкін емес. Қалғаны көршілес Қырғызстан мен Қытай, бұл рыноктардың мүмкіншіліктері шектеулі және шағын. Қазақстанда жаңадан мұнай өңдеу зауыттарын салудың орнына қолдағы бар зауыттың қуатын толық пайдалану жолдарын іздестірген дұрыс сияқты.

Қазақстанның дәстүрлі экспорты – түсті және кара металлургия, тау-кен өндірісі. Мұнай мен газды арнайы экспорттауға салынған құбыр жүйелері, тау-кен өндірісі, ауыл шаруашылығы, азық-түлік және өнеркәсіп өнімдерін экспорттау тікелей теміржол және автомобиль транспорттарының дамуына байланысты. Содан болашақта ХХІ ғасырға аяқ басқалы тұрғанда, ғылыми-техникалық прогрестің өте бір биік дамыған деңгейді дүниежүзілік интеграция тамырын жая бастағанда (Ежелгі Ұлы Жібек жолын) жаңғыртудың Қазақстан арқылы Шығыс Азияны, Орталық Азия және Таяу Шығыс аймақтарымен байланыстыратын, соның нәтижесінде, Батыс Еуропа елдерінің теміржол жүйесіне жалғасатын, Транс-Азиялық

теміржол магистралын іске қосудың маңызы өте зор. Бүкіл әлемде әсіресе Еуропада, АҚШ-та, Канада автомобиль транспортымен халықаралық контейнерлік жүк тасымалдау әдісі өте жоғары дамыған. Қазақстан үшін де автомобиль транспортымен сырт елдерге өзінің өнімдерін экспорттаудың болашағы зор.

Сонымен, Қазақстан экономикасының құрылымын жетілдіру үшін шикізат өндірісін дамыту керек, әрине бұл мәжбүрліктен туындап отырған іс-әрекет, экономиканы жетілдіру үшін қажетті қаражат табудың уақытша жолы.

Өкінішке орай, осы күнге дейін мұндай бағдарлама жасалмаған, іс жүзінде таяз сияқты қазба байлық көздерін болжауға және өндіруге құқылық беретін лицензия - рұқсат құжаттарын кім көрінгенге, қалай болса солай тарату, шикізат өндіру кәсіпорындарын, стратегиялық даму мақсаттарын анықтамай шетел фирмаларына сату процесі орын алуда. Егер қалыптасқан экономикалық пен даму стратегиясын өзгертпесек, Республиканың шикізат өнімін белгілеп, шикізат түрлеріне озық технология арқылы терең өңдеп дайын өнім өндіретін өндіріс түрлері қалыптасады.

11.6. Әлем экономикасы және жаңа халықаралық экономикалық қатынастар

XX ғасырдың екінші жартысындағы дүниежүзілік шаруашылықтың айтарлықтай ерекшеліктерінің бірі — халықаралық экономикалық қатынастардың жедел әрі қарқынды дамуы.

Әрине аталған процестер оңайлықпен жүріп жатқан жоқ. Бұлар бәсекелді қайшылықпен диалектикалық экономикалық қатынастардың диалектикасының өзі жекелеген елдердің экономикалық тәуелсіздік пен ұлттық шаруашылықты көркейтуге деген ұмтылыстың көрінісі. Дүниежүзілік шаруашылықтың нығайып интернационалдануы ұлттық экономикалардың мейлінше ашықтығы, дамудың тиімді арналардың пайда болуы, осының бәрі экономикалық өсудің диалектикасы.

Біздің заманымыз өзара байланысты, экономикалық дамудың жалпыға ортақ заңдылығына бағынатын біртұтас әлем. Сондықтан еліміздің ойдағыдай өркендеп гүлденуі үшін сыртқы экономикалық байланыстардың маңызы зор.

Қазақстан Республикасының бұрынғы кеңес үкіметі тұсында халықаралық экономикалық қатынастардың субъектісі бола алған жоқ. Сыртқы экономикалық байланыстардың субъектісі болуына оған ешкім мүмкіндік те берген жоқ.

Ал қазір Қазақстанның егеменді ел ретінде қалыптасуы барысында халықаралық экономикалық қатынастар ғылымын қолға алып, оны оқытуды жетілдіру көкейгесті мәселеге айналып отыр. Халықаралық рыноктық орта өзінің экономикалық, ұйымдық, заңдық т.б аспектілері бойынша біздің елде қалыптасып, орныққан шаруашылық қызметін жүргізу әдіс амалдарынан өзгеше екендігі мәлім. Соңғы уақытқа дейін орын алып келген сыртқы экономикалық қатынастарға деген көзқарасымыз рыноктың заңдарына сәйкес құрылған экономикалық жүйелерде өзінің шарасыздығын тіпті кейбір сәттерде зиянды екендігін көрсетіп жүр.

Еліміздің сыртқы экономикалық байланыстарын орнықтырып, дамытудың қазіргі кезеңі сол қатынастардың нысандары мен әдістерін түбегейлі өзгерту қажеттілігімен айқындалады. Меншік түрінің қандай түрінде болсын отандық жүздеген фирмалар мен кәсіпорындар халықаралық экономикалық қатынастарға қосылып оның белсенді мүшесі болуға ұмтылуда.

11.6.1. Жаңа кезеңдегі халықаралық экономикалық қатынастардың мәні мен басты мәселелері

Егер экономикалық құбылыстарды зерттейтін ғылымдардың жиынтығын алып қарастырсақ, олар бір зәулім дарактың тамырынан тарап өскен желектері тәрізді болып көрінер еді. Ол дарак - бүкіл экономикалық ғылымдардың методологиялық негізі экономикалық теория.

Халықаралық экономикалық қатынастар теориясы да өз бастауын экономикалық теориядан алады. Дегенмен, әрбір экономикалық ғылым саласының өміршендігін басқа экономикалық ғылымдардан ерекшелігін, қалыптасып даму кезеңдерін тек соның өзіне тән, дербес пәні болып дәлелдейді. Халықаралық экономикалық қатынастардың пәні осы қатынастарды жүзеге асыру механизмдерін талдап оқыту.

Халықаралық экономикалық қатынастар: жекелеген елдердің салалық, аймақтық шаруашылығының субъектілері - өндірістік бірлестіктер мен кәсіпорынның дүниежүзілік шаруашылықтағы кездейсоқ экономикалық қатынастарды емес, сол қатынастардың тұрақты түрде қайталанып отыратын, бәріне ортақ дәйекті процестерін талдайды.

Халықаралық экономикалық қатынастың механизміне - өзінің құқықтық, заңдық нормаларымен қоса оларды жүзеге асыратын әдістер мен амалдардың негізгі тобын халықаралық келісім шарттар, хартиялар, кодекстер т.б осы қарым-қатынастардың көздеген мақсаттарға жетуіне қажетті құжаттар құрайды.

Халықаралық экономикалық қатынастардың құрылымы мынандай:

1. Халықаралық еңбек бөлінісі.
2. Тауарлар және қызмет көрсетулердің халықаралық саудасы.
3. Капиталдар мен шетел инвестицияларының қозғалысы.
4. Жұмысшы күшінің халықаралық миграциясы.
5. Халықаралық валюта-қаржы және несие қатынастары.
6. Халықаралық экономикалық интеграция.
7. Халықаралық ғылыми-техникалық және өндірістік қарым-қатынастар.

Халықаралық экономикалық қатынастың құрылымына халықаралық меншік қатынастарын және халықаралық экономикалық ұйымдарды да жатқызуға болады. Халықаралық экономикалық қатынастар негізгі нысаны - халықаралық сауда. Дүниежүзілік шаруашылық кешенінде өзінің құндық көлемі бойынша сыртқы сауда қатынастары алдыңғы позицияларды берік сақтап отыр. Сонымен бірге соңғы онжылдықтарда ғылыми-техникалық, көлік қамсыздандыру, туризм, ақпарат жабдықтарды мерзімді жалға беру, консультациялық қызмет көрсету жүйелеріндегі мемлекетаралық экономикалық қатынастардың нысанына жатады. Тікелей байланыстар халықаралық өндірістік кооперация, ғылыми тәжірибемен алмасу, құрылыс саласындағы қызметтер, объектілер жаңарту түрлерінде жасалады.

Өндірістің интернационалдануы өндіргіш күштердің қызметін кеңейтумен қатар, өндірістік қатынастарды да жетілдіреді. Экономиканың интернационалдануы халықаралық өндірістік қатынастарды ұлттық өндірістік қатынастармен мейлінше жақындастырады.

11.6.2. Дүниежүзілік шаруашылықтың даму кезеңдері

Халықаралық экономикалық (ең алдымен саудасаттық) қатынастары дүниежүзілік шаруашылық қалыптасуға дейін де бар болған. Мысалы, Ұлы Жібек жолын, Еуропа мен Солтүстік Африка, Еуропа мен Таяу Шығыс елдері арасындағы сауда қатынастарын атасақ та жеткілікті. Бұл қатынастар мемлекетаралық, аймақаралық сипатта болады. Ал дүниежүзілік шаруашылықтың пайда болуына байланысты халықаралық экономикалық қатынастардың да қызмет ауқымы кеңейіп, тереңдеп әлемдік сипатқа ие бола бастады. Халықаралық экономикалық қатынастар өзінің дамуы үшін дүниежүзілік шаруашылыққа "қарыздар" деп те айтуға болады.

Халықаралық экономикалық қатынастың қалыптасып орнығуы, оны өз заңдары қызмет ету нысандары ішкі механизмдері бар дербес құбылысқа айналдырады. Қазіргі дүниежүзілік шаруашылық рыноктың, экономиканың объективті заңдарына негізделген өзара байланысты және бір-біріне тәуелді ұлттық экономикалардың жиынтық оркестрлерін көрсететін экономикалық организм.

Өзінің қалыптасу және даму жолдарында дүниежүзілік шаруашылық ұзақ "тар жол тайғақ кешулерден өтті". Мысалы, Рим империясының өзі сол кездегі дүниежүзілік шаруашылықтың сипатында болды деп есептейтін зерттеулер бар. Тағы бір ғалымдар дүниежүзілік шаруашылықтың қызметі ұлы жағрапиялық жаңалықтарды ашу ғасырында (XII-XIII) басталғанын дәлелдейді. Шынында XII-XIII ғасырдағы ұлы жағрапиялық жаңалықтарды ашу кезеңдері, мысалы тастардың, хош иісті дәмдердің, бағалы металдардың, құлдардың халықаралық саудасын жандандырып дамытты.

Бірақ, ол замандардағы дүниежүзілік шаруашылық қалыптасуына капиталы шеңберімен шектелген болатын. Қазіргі дүниежүзілік шаруашылық капитализмнің өзінің

монополистік кезеңіне аяқ басқан шағында қалыптаса бастады.

XX ғасырдың бас кезіндегі дүниежүзілік шаруашылық экономикалық емес әдістерге мәжбүр ету, ықтиярсыз бағындыру, күштеу саясатына негізделеді. Әрине мұндай "саясат" қатаң текетірестіктерді туғызып, дүниежүзілік шаруашылықты тұрақсыздандырады. Бұл қайшылықтар, тарихтан белгілі, екінші дүниежүзілік соғыстың басталуына себепші болады. Өткір қайшылықтар дамыған және дамушы елдердің арасында да молынан кездесті.

XX ғасырдың ортасына қарай дүниежүзілік шаруашылық капиталистік және социалистік болып қажарылды. Әлемдік экономикалық жүйеде капиталистік шаруашылық басым шептерді иемденеді. Мысалы, 90 жылдардың басында халықаралық саудадағы олардың үлесі 9/10 болды. 80 жылдары халықаралық экономикалық айырбаста капиталистік елдердің жиынтық жалпы өнімінің 1/5 өз тұтынушыларын тапты. Ал бұрынғы социалистік елдерде дүниежүзілік ұлттық табыстың 1/3 өндірілді. Соның ішінде өзара экономикалық көмек кеңесі елдерінде өндірілген болатын.

Үстіміздегі ғасырдың 60 жылдарында дүниежүзілік шаруашылық жүйесіне дамушы елдер қосылып келді. 70 жылдардың ортасында олардың қатарынан "жаңа индустриалды елдер", "төрт жолбарыс", Оңтүстік Корея, Тайвань, Гонконг және Сингапур суырылып алға шығып, дүниежүзілік қауымдастыққа дамудың ерен қарқыны паш етті.

Латын Америкасы елдерінің ішінде өнеркәсібі жедел дамып келе жатқан мемлекеттерге Бразилия, Аргентина, Мексика жатады. КСРО ыдырап, Шығыс Еуропа елдерінде болып өткен "барқыт революциялардан" кейін, дүниежүзілік шаруашылық біртұтас мәнге ие бола бастады. Құрылу мен қалыптасу үстіндегі бүкілдүниежүзілік шаруашылық құрамына - экономикалық өсу деңгейлері бірдей емес, өнеркәсібі дамыған және дамушы, экономикалық жүйесі өтпелі кезеңді басынан кешіріп отырған елдерді біріктіріп отыр. Қаншалықты қайшылықты және әр қилы болса да XX ғасырға қарағанда XXI ғасыр табалдырығында дүниежүзілік шаруашылық, мейлінше біртұтас үйлестірілген динамикалық қозғалыстағы шаруашылық болып көрінеді.

Қазіргі дүниежүзілік шаруашылық рыноктың және халықаралық еңбек бөлінісінің принциптеріне негізделген интернационалдық бағыттағы шаруашылық бейнесіне ие болып отыр.

11.6.2. Жаңа кезеңдегі халықаралық экономикалық қатынастың ерекшеліктері

Қазіргі халықаралық экономикалық қатынастың дамуының мәні, ерекшеліктері және деңгейі мыналардан көрінеді:

- дүниежүзілік шаруашылықтағы халықаралық еңбек бөлінісінің тереңдеуі;
- дайын өнімдердің саудасы көлемінің, құрылымының, сапасының өзгеруі оның таза алыпсатарлықтан ұлттық өндіріске қызмет көрсетушіге айналуы;
- капиталдар келуінің қарқыны;
- ғылыми-техникалық миграциясының өсуі;
- жекелеген елдер мен аймақтардың экономиканың үйлену процесінің жеделдеуі және көбеюі.

Өнеркәсібі дамыған елдердің сауда, өндіріс және несие-қаржы мәселерінде жеткен жоғары деңгейі, дүниежүзілік шаруашылық кешенінің қалыптаса бастағанының белгісі. Еуропалық одаққа қатысушылар мемлекеттік шекаралары бола тұра, біртұтас шаруашылық жүйесінің құрамдас бөліктері тәрізді қызмет атқаруда. Сөйтіп, іс жүзінде шаруашылық өмірдің интернационалдануы процесі жүріп жатыр. Жалпы, интернационалдану деген ұғымның астарында әлемдік шаруашылық байланыстары жүйесінің көп деңгейлігі жатыр. Бұл деңгейлер жекелеген елдерді бүкілдүниежүзілік кешенге біріктіру мақсатында пайдалануы.

Интернационалдану дегеніміз: халықаралық еңбек бөлінісі негізінде жекелеген елдер арасындағы тұрақты өндірістік экономикалық байланыстарды қалыптастыру.

XX ғасырда айырбастың интернационалдануы капитал мен өндірістің интернационалдануына жалғасты. Өндірістің халықаралық мамандануы мен кооперациясы жедел дами бастады. Ішкі ұлттық рыноктың шеңбері ірі көлемді маманданған өндіріске тарлық етті. Сондықтан ол ұлттық шекарадан объективті түрде шығады.

Ғылыми-техникалық прогресс әсерімен өндірістің интернационалдануы, қай елде болмасын тек қана өз өндірісімен шұғылдануын экономикалық жағынан тиімсіз етеді. Дербес, ұлттық экономикалар дүниежүзілік экономикадан өз орнын іздейді, соған "бір кірпіш болып қалануға" мүдделі болады.

Жұмысшы күшінің қозғалысы, кадрлар даярлау, мамандану мен алмасу уақыт озған сайын интернационалдық мәнге толыға береді. Аталған байланыстардың қалыптасу заңдылықтарын зерттеп, болашағын болжау, дүниежүзілік шаруашылықтың құрылымына бастайтын төте жол. Жекелеген елдердің экономиканың жақындасып, үйлесуі негізінде бүкілдүниежүзілік капиталдар, тауарлар және қызмет көрстеу рыногы қалыптасады, сөйтіп, біртұтас дүниежүзілік шаруашылық кешенінің құрылу мерзімі жақындайды. Бұл халықаралық экономикалық қатынастың ең жоғарғы деңгейі. Демек, дүниежүзілік экономиканы неғұрлым халықаралық экономикалық қатынастарының кешенді жүйесі ретінде қарастыру, соғұрлым дүниежүзілік рынокқа жеткізер жолды жеңілдетеді.

Халықаралық экономикалық қатынастың әлемдік деңгейін екі тұрғыдан талдап көрсетуге болады. Макроэкономикалық деңгейде оны жекелеген елдер мен аймақтардың халықаралық экономикалық белсенділігі мен шетелге шығуға ұмтылыстары айғақтайды. Мұндай ұмтылыстардың көздеген мақсаты — экономикалық ұмтылыстардың еркіндік, сауда мен инвестициялар жолындағы кедергілерді жою, еркін экономикалық аймақтарды құру т.б.

Микроэкономикалық деңгейде мұны фирмалар мен кәсіпорындардың күші рыноктың шеңберінен шығып, әлемдік кеңістіктерге ұмтылыстары байқатады.

Мысалы, Солтүстік Америка, Батыс Еуропа, Жапония елдерінің "бір жағадан бас, бір жағадан қол шығару" ниеттері халықаралық экономикалық қатынастың әлемдік кеңістіктерді игеруге ұмтылыстардың дәлелі. Біздің заманымыздың бірталай қайшылықтарына қарамастан, оның басты белгісі мемлекеттердің бір-бірімен қарсыласуы емес, қайта бірлескен іс-қимылдар мен өзара түсініктерді ортақ мүдделерге пайдалану болып отыр.

Біртұтас өзара байланысты және өзара тәуелді, мейлінше дамыған әлеуметтік әділетті қоғам құру —

дүниежүзілік шаруашылықтың негізгі тенденциясы. Әрине мұны проблемасы жоқ, тек қана ілгеруші қозғалыс деп айту, әлі ертерек болар еді.

Бұл қозғалыстың ілгерілеуіне мыналар әсер етеді:

- индустриалды қоғамнан постиндустриалды, ақпаратты қоғамға өту;
- технологиялық төңкерістер;
- энергия-шикізат және азық-түлік мәселелерін шешу;
- экологияның әлемдік проблемаларының шешімін табу.

Бұл қозғалысқа теріс ықпалын тигізетін қауіпті де қатерлі күштерге: ұлтшылдық, нәсілшілдік, діни факатизм жатады. Сонымен, қазіргі уақыттағы халықаралық экономикалық қатынастың мәні: осы қатынастардың қарқындылығын арттырып, оларға жаңа келбет пен жаңа мазмұн беруде болып тұр.

11.6.3. Осы замандағы халықаралық сауда - әлем экономикасында

11.6.3.1. Халықаралық экономикалық қатынас жүйесіндегі - халықаралық сауда

Халықаралық экономикалық қатынастың дәстүрлі және ең кең дамыған нысанына сыртқы сауда жатады. Дүниежүзіндегі елдердің барлығы үшін сыртқы сауданың ролі ерекше маңызды. Американдық ғалым Дж. Сакстің пікірінше "қандай бір ел болмасын оның экономикалық жетістігі сыртқы саудаға байланысты. Дүниежүзілік экономикадан оқшауланып ешқандай ел дені сау, жөні түзу экономика жасай алған жоқ".

Ғылыми-техникалық прогрестің ықпалымен экономикада жүріп жатқан құрылымдық өзгерістер: өнеркәсіп өндірісінің мамандануы мен кооперациялануы ұлттық шаруашылықтардың қарым-қатынасын күшейтеді. Мұның өзі халықаралық сауданың мейлінше дамуына мүмкіндіктер туғызады. Халықаралық сауда дегеніміз - дүниежүзі елдері арасындағы төлемді, жиынтық тауар айналысы.

Сыртқы сауда "Фритретерствоны" (еркін сауда) немесе "протекционизмді" (өз тауар өндірушілерін қолдау) талдап алудағы ымырасыздық, өткен уақыттардың еншісінде қалды. Қазіргі кезде бұл екі бағыт өзара бірігіп араласып кетті.

Фритретерство саясатын ең алғаш А.Смит өзінің "салыстырмалы артықшылықтар теориясында" анықтаған. Ол: "айырбас қандай елге болса да қолайлы, әрбір ел одан абсолютті артықшылықтар табады", - деп жазған.

XX ғасырдың II-ші жартысынан бастап халықаралық сауда жоғары қарқынмен жедел дами бастады.

Халықаралық сауданың жедел өсуіне мынадай факторлар әсер етті:

1. Халықаралық еңбек бөлінісі мен өндірісті интернационалданудың дамуы.

2. Экономикада жаңа салалардың пайда болуына және негізгі капиталды жаңартуға иті әсерін тигізген ғылыми-техникалық революция.

3. Дүниежүзілік рыноктағы трансұлттық корпорациялардың белсенді қызметі.

4. Тарифтер мен сауда туралы бас келісімнің шаралары арқылы халықаралық сауданың реттелуі.

5. Көптеген елдердің импортына кедергілердің жойылып, кеден бажы төмендеп, еркін экономикалық аймақтардың құрылуы.

6. Сауда-экономикалық интеграция процестері дамып, жалпыға бірдей рыноктардың қалыптасуы.

7. Сыртқы рынокқа бейімделген экономикасы бар "Жаңа индустриалды елдердің пайда болуы" т.б.

Соңғы онжылдықтарда сауда динамикасының әрекеттілігі біліне бастады. Бұл дүниежүзілік рынокқа белсенді қатысушы елдердің өзара сауда экономикасының қатынастарына әсерін тигізді. АҚШ дүниежүзілік рыноктағы басымдығынан айырма бастады. Егер 1950 жылы АҚШ-тың үлесіне тиген болса 1990 жылы ол тек қана 8/1 тең болды. Өз кезегінде Алманияның экспорты АҚШ-тың деңгейіне жақындады.

Сөйтіп, 90 жылдары Батыс Еуропа халықаралық сауданың орталығына айналды. 80 жылдары халықаралық сауда-саттықта Жапония едәуір жетістіктерге жетті. Бұл жылдары машина мен жабдықтар экспорттауда Жапония дүниежүзінде бірінші орынға шықты. Сол кезеңде өз тауарларының бәсекелік мүмкіндіктері бойынша Жапонияға Азияның "жаңа индустриалды елдері" – Сингапур, Гонконг және Тайвань жақындады.

Бәсеке қабілеттіліктің дүниежүзілік классификациясы порт жүзге жуық критерийлерден тұрады. Олардың негізгілеріне жан басына шаққандағы табыс, инфляцияның деңгейі және сыртқы сауда балансы жатады. Классификацияда аталғандардан басқа қазба байлықтар, инфрақұрылым, байланыс, құрал-жабдықтар т.б факторлар ескертіледі.

Женевада өткен дүниежүзілік экономикалық форумның баяндамасында: бәсекелікті-нақты мемлекеттердің дүниежүзілік рынокқа салыстырмалы түрде бәсекелістерінен артық байлық шығаруы деп анықталады. Маманадардың болжауы бойынша XXI ғасырдың алғашқы жылдарында бәсекеге қабілетті елдер санатында АҚШ пен Азиялық мемлекеттер болады. 2030 жылы бәсеке ең қабілетті үш мемлекеттің қатарында: АҚШ, Жапония, Қытай болмақ. Бұлардан соң: Алмания, Сингапур, Оңтүстік Корея, Индия, Тайвань, Малайзия және Швейцария мемлекеттерінің мүмкіндіктері мол.

Дамушы елдердің өз экспортын диверсификациялауға (шаруашылық қызметіне жаңа өріс табуға) ұмтылыстары өнеркәсібі дамыған елдер тарапынан қандай нысанда болмасын қарсылыққа кездесуде. Дегенмен, кейбір дамушы елдер ең алдымен "Жаңа индустриалды елдер" өз экспортының құрылымын өзгерту ісінде айтарлықтай жетістіктерге жетті. Олардың экспортында дайын өнімнің өнеркәсіп бұйымдарының соның ішінде машиналар мен жабдықтарының үлесі артты.

Женевадағы дүниежүзілік сауда ұйымының деректеріне сәйкес 1994 жылы ең үлкен экспорттаушы мемлекеттердің қатарына мыналар кіреді:

8-Кесте

	Мемлекеттер	Экспорт млрд. доллар.	Дүниежүзілік саудадағы үлесі-%%
1	АҚШ	512	10,1
2	Алмания	421	9,5
3	Жапония	397	5,7
4	Франция	236	5,7
5	Ұлыбритания	205	4,9
6	Италия	189	4,5
7	Канада	165	4,0

8	Гонконг	152	3,7
9	Голландия	148	3,6
10	Бельгия	131	3,1
11	Қытай	121	2,9
12	Сингапур	96	2,3
13	Оңт Корея	96	2,3
14	Тайвань	93	2,2
15	Испания	73	1,7

XX ғасырдың соңғы ширегінде халықаралық экономикалық қатынас жүйесінде Азия-Тынық мұхит аймағының ролі күшейді. Дүниежүзілік банктің есептеуі бойынша 2000 жылы дүниежүзілік сауда көлемінің 40%-і тынық мұхит бассейнінде шоғырланады. Өнеркәсібі дамыған елдер арасындағы халықаралық еңбек бөлінісінің тереңдеуі, олардың өзара сауда қарым-қатынасын ұлғайтып, дамушы елдердің үлестерін азайтады.

Қазіргі уақытта негізгі тауар тасқыны - "үлкен үштік" АҚШ, Батыс Еуропа Жапония шеңберінде ағылып жатыр.

11.6.3.2. Дүниежүзілік сауданың осы замандағы құрылымы

Дүниежүзілік сауданың ең қарқынды және өскелең дамып келе жатқан секторы, өңдеуші өнеркәсіп саласының тауарлары, оның ішінде ғылыми-сыйымды тауарлар.

Өнеркәсібі дамыған елдерде ғылыми-сыйымды тауарлар экспорты жылына 500 млрд доллар құрайды, ал жоғары технологиялық өнімнің үлесі 40%-ке жақын. Машиналар мен жабдықтар саудасының да ролі, қаржы-несие қызметтерінің айырбасы кең қанат жаюда. Машиналар мен жабдықтар саудасының қарқыны бірқатар жаңа қызметтер түрлерін өмірге алып келеді. Оларға инжиниринг, лизинг, консалтинг, ақпаратты есептеу қызметтері жатады.

Инжиниринг – клиентке көрсетілетін инженерлік қызметтердің жиынтығы. Оның түпкі мақсаты өндіріске жұмсалған күрделі қаржыны немесе басқа шығындарды өтеуде жоғары нәтижеге жету. Ондай нәтижеге жету үшін, инжиниринг материалдық, технологиялық, еңбек және қаржы ресурстарын тиімді пайдаланудың әдістерін іздестіреді.

Лизинг – машиналар мен жабдықтарды белгілі бір мерзімге арендаға беру туралы келісім. Лизинг халықаралық және ұлттық деңгейде өнеркәсіп-банк монополияларының жалғайып кетуінің жаңа нысаны.

Соңғы онжылдықта (1985-1996ж.ж) өнеркәсібі дамыған елдердің машиналар мен жабдықтар экспорты үш есе өсті. Әсіресе, электроникалық және электронды жабдықтарды экспорттау жедел қарқынмен дамып келеді, олардың үлесіне машинотехникалық өнімдерді экспортының 25% тиімді.

Халықаралық сауда жедел дамып келе жатқан саланың бірі – химиялық өнімдер саудасы. Энергоресурстар мен ішкі затқа сұраныстың көбейгенімен шикізат саудасының қарқыны дүниежүзілік сауданың қарқынынан едәуір төмен. Мұның себебі-біріншіден, шикізатты алмастыратын жасанды өнімдерді өндіруді ұлғайту, екіншіден, шикізаттың өзін ұтымды пайдалану арқылы қалдықсыз терең өңдеу процестерін қолдану.

Дүниежүзілік азық-түлік саудасының оған деген сұраныстың біршама азайғаны байқалады. Бұл белгілі дәрежеде өнеркәсібі дамыған елдерде азық-түлікпен қамтамасыз ету деңгейінің жоғарылануымен байланысты.

Халықаралық ұйымдардың мәліметтері бойынша соңғы онжылдықта (1985-1996ж.ж) халықаралық сауда жыл сайын орта есеппен 5,2%-ке өскен. Бірақ, мұншалықты өсу барлық уақытта бірдей емес. Мысалы, 1989 жылы халықаралық сауданың өсуі 8,2%-ке өссе, 1993 жылы 4%-ке дейін төмендеген. Мұның басты себебі, өнеркәсібі дамыған елдерде байқалған экономикалық тоқырау.

Ал, дәл осы кезеңде "азиялық" сыртқы сауда қарқыны 10%-тен асқан.

1994 жылы халықаралық сауданың көлемі 9,5%-ке жоғарылап, осы жылдардың басындағы төмендеу тенденциясы тоқтаған.

9-Кесте

Көрсеткіштер	Жылдар		
	1987-1991	1992	1993-1994
Халықаралық сауданың көлемі млрд. доллар.	—	3650	3600
Халықаралық сауда көлемінің өсімі	11	6	-1

(%,%)			
Халықаралық саудадағы баға деңгейінің өзгеруі (%,%)	5	1	-5
Халықаралық сауда көлемінің өсімі (%,%)	6	5	4,0
Өнеркәсібі дамыған елдердегі өсім (%,%)		4	2
Оның қатарында импорттың өсімі (%,%)	5	13	-2
Дамушы елдердегі өсім (%,%)	6		
Оның қатарында өсімі (%,%)	11	13	14

Дүниежүзілік сауданың 90-шы жылдардың орта шенінде жедел өсуі АҚШ-тың, Италияның, Канаданың, Испанияның импортының қарқынды өсуімен байланысты. Сонымен қатар, бұл процеске Қиыр Шығыс, Латын Америкасы елдерінің шаруашылық конъюктурасының жақсарғаны кедергілерді біртіндеп жойа берсе, онда тауарлар рыногы жыл сайын орта есеппен 6%-ке өсетіні анық.

Дүниежүзілік саудада жүріп жатқан процестерді талдасақ, оның басты тенденциясы сыртқы сауданы ырықтандыру дер едік. Бұл орайда бірқатар проблемалар да бой көрсетеді. Олардың негізгісі – мемлекетаралық топтар мен сауда экономикалық одақтар деңгейіндегі протекционистік тенденциялардың ұлғаюы.

Дүниежүзілік банктердің есептеулеріне қарасақ, бұл одақтардың шеңберінде 90 жылдары дүниежүзілік сауданың 42%-і жүзеге асырылған. Ең ірі тығыз халықаралық аймақтың сауда одақтарының құрамы мынандай:

1. Еуропалық одақ - Австрия, Алмания, Ұлыбритания, Италия, Ирландия, Франция, Испания, Португалия, Финляндия, Дания, Бельгия, Люксембург, Нидерланды, Греция.

2. Еуропалық еркін сауда ассоциациясы – Исландия, Норвегия, Швейцария, Лихтенштейн.

3. Еркін сауда туралы Солтүстік Америкалық келісім - АҚШ, Канада, Мексика.

4. Азия-Тынық мұхит экономикалық ынтымақтастығы – Австрия, Бруней, Малайзия, Сингапур, Тайланд, Жаңа Зеландия, Папуа-Жаңа Гвинея, Индонезия, Филиппин, Тайвань, Гонконг, Жапония, Оңтүстік Корея, Қытай, АҚШ, Мексика, Чили.

5. "Меркосур" – Бразилия, Аргентина, Парагвай, Уругвай.

6. Оңтүстік Африкалық даму комитеті – Ангола, Ботсвана, Лесото, Малави, Мозамбик, Маврикий, Номбия, ЮАР, Свазиленд, Танзания, Зимбабве.

7. Батыс Африкалық экономикалық және валюталық одақ - Кот д'Ивуар, Буркина-Фасо, Нигерия, Того, Сенегал, Бенин, Мали.

8. Оңтүстік Азиялық аймақтың ынтымақтастық ассоциациясы – Индия, Пакистан, Шриланка, Бангладеш, Мальдив, Бутан, Непал.

9. Анд пакті – Венесуела, Колумбия, Эквадор, Перу, Боливия.

Аталған одақтарды құрудың негізінде саяси, экономикалық мәні бар объективті процестер жатыр. Бұл процестердің күшеюі бір жағынан халықаралық сауданың дамуына әсер етеді, екінші жағынан, кез келген жабдық құрылымдарға тән бірқатар кедергілер де болады.

Біртұтас әлемдік рыноктар жүйесін қалыптастыру бағытында әлі де болса, көптеген кедергілер мен қайшылықтар бар. Еркін сауда немесе протекционизм мәселесі күн тәртібінен түскен жоқ. Сауда экономикалық одақтастықтарына мүше елдер қайшылықты жағдайды ескере отырып, проблемаларды оңтайлы шешімін іздестіруде.

11.6.3.3. Қазақстанның халықаралық саудадағы орны және ролі

Қазақстанның егемен ел ретінде БҰҰ-ны және басқа да көптеген халықаралық ұйымдарға мүше болуы, ел экономикасын халықаралық сауда қарым-қатынасына интеграциялауға объективті жағдайлар жасады.

Қазақстанның жағдайын талдап қарасақ, онда біз мынадай оңды құбылыстарды байқар едік:

1. Теңгенің тұрақтылығының нығаюы. Егер 1995 жылы теңге доллармен салыстырғанда 28,8% төмендеген болса, 1996 жылы 4,5% қана төмендеді.

2. Инфляция деңгейінің төмендеуіне байланысты ұлттық банктің қайта құру ставкасы егер 1995 жылдың ортасында жылдық 75% болса, сол жылдың аяғында 52,5%, ал 1996 жылда 30% болды.

3. Өндірістің құлдырауы тежеліп, макро-экономикалық ахуал барынша тұрақтанып, келешегіне болжам жасайтындай күйге жете бастады. Ішкі жалпы өнім 1996 жылы бірінші жарты жылында 1995 жылы сол кезеңмен салыстырғанда 100,1% соның ішінде өнеркәсіп өнімі 100,2% болды. Соңғы жеті жылдың ішінде тұңғыш рет Қазақстанда өндірістің құлдырауы тоқтатылып біршама экономикалық өсуге қол жеткізілді.

4. Экспорт өнімдері тұрақты түрде ұлғаюда, егер 1995 жылы оның өсімі 154,5% болса, кейінгі жылдары да едәуір өседі деп күтілуде.

Солардың ішінде:

- облыстардың лицензиялар беру құқығын жойып, сыртқы экономикалық байланыстар министрлігінен мемлекеттік сыртқы сауда компанияларын бөліп, олардан монополиялық сауда жасау құқығын алу қажет;

- Барлық лицензиялар мен үлестерді аукциондарда сатуды заңдастыру керек. Мұның өзі пайданың бір бөлігін мемлекет қазынасына алуға, меншіктік әртүрлі нысандағы кез келген кәсіпорынның лицензиялар мен квоталарға ашық және бәсекелесті түрде қол жеткізуіне мүмкіндік береді.

Экспорттың салалар мен өндірістің дамуын жетілдіре беру мен ынталандыру мақсатында экспорттың салық салу жүйесінде тұрақты түрде талдаулар жасап, қажет болған жағдайда оларға өзгерістер енгізу бүгінгі - күннің талабы. Қазақстанның сыртқы экономикалық байланыстар саласындағы орнын тұрақтандырып, ролін мейлінше арттыру бағыттарында қолға алатын жұмыстар жеткілікті. Бұл жұмыстардың негізгілерінің ішінде аяқталған кешен құрып, экспорттағы шикізат бағытын жеңу үшін сыртқы экономикалық байланыстар саласын, республика экономикасын құрылымдық қайта құру бағдарламасына сәйкестендіре беру қажет. Бұл ретте дайын өнім өндіретін аяқталған техникалық кешендер құрып, өндіруді салаларды

өкстенсивті дамудан интенсивті дамуға көшіріп, дүниежүзілік деңгейдегі жаңа технологияларды пайдалануды мақсат тұту керек.

Экспорт мүмкіндіктерін ұлғайта беру үшін, интенсивті ауыл шаруашылығын жеңіл және тамақ өнеркәсібін жан-жақты дамыту жөніндегі іс-шараларды батыл қолға алу міндеттері түр.

Аталған салалар мен өндірістерді шұғыл дамыту мемлекеттердің экспорттық потенциалын ұлғайтып қана қоймай, жұмыспен толық қамту мәселесіне де қолайлы жағдай жасады. Егер республикадағы жұмысшы күшінің салыстырмалы арзандығы мен қолда бар шикізатты, мысалы, өндірістік қалдықтарды жеңіл және тез іске асыруға болатындығын ескерсек, олардың экономикалық тиімділік деңгейі жоғары екендігі түсінікті. Қазақстанның халықаралық саудадағы ролін күшейту үшін, оған тән ерекшеліктерді байқап бағдарлау қажет. Қазақстанның ерекшелігі оның дамыған, сондай-ақ дамушы елдер қатарында бірдей болуы.

Қазақстанды дамыған елдер қатарына қосатын факторларға халқының жаппай сауаттылығы, ғылыми-зерттеу мекемелерінің кең жүйесі - ғарыштық зерттеулерге қатысу мүмкіндіктері жатады.

Экономиканың шикізаттың бағыты, шетел инвестициялары мен жаңа технологияларға деген қажеттілік, инфрақұрылымның төмен дәрежесі, Республиканың дамушы ел екендігінің дәлелдері. Ал, дамушы елдердің өз экспортына қолайлы база жасау бағытындағы іс-қимылдары көптеген кедергілерге кездесетіні белгілі.

1997 жылдың басында Мәскеуде интеграциялық комитетте Беларусьтің, Қазақстанның, Қырғызстанның және Ресей Федерациясының сарапшы топтарының бүкілдүниежүзілік сауда ұйымына кіру мәселесі жөнінде жұмыс басындағы кеңес болып өтті. Егер экономикалық құбылыстарды зерттейтін ғылымдардың жиынтығын алып қарастырсақ, олар бір зәулім дарактың тамырынан тарап өскен желектері тәрізді болып көрінер еді.

Халықаралық экономикалық қатынастар теориясы да оз бастауын экономикалық теориядан алады. Халықаралық экономикалық қатынастардың пәні, осы қатынастарды жүзеге асыру механизмдерін талдап оқытады.

Халықаралық экономикалық қатынастар жекелеген елдердің салалық аймақтық шаруашылығының субъектілері: өндірістік бірлестіктер мен кәсіпорынның дүниежүзілік шаруашылықтағы кездейсоқ экономикалық қатынастарды емес, сол қатынастардың отыратын бәріне ортақ дәлекті талдайды.

Халықаралық экономикалық қатынастың қалыптасып орнығуы, оны өз заңдары қызмет ету нысандары, ішкі механизмдері бар дербес құбылысқа айналдырады.

Халықаралық экономикалық қатынастың әлемдік деңгейін екі тұрғыдан талдап көрсетуге болады.

Макроэкономикалық деңгейде оны жекелеген елдер мен аймақтардың халықаралық экономикалық белсенділігі мен шетелге шығуға ұмтылыстарды айғақтайды. Макроэкономикалық деңгейде мұны фирмалар мен кәсіпорындардың күші рыноктың шеңберінен шығып, әлемдік рыноктың кеңістіктерге ұмтылыстары байқалады. Халықаралық экономикалық қатынастың дәстүрлі және ең кең дамыған нысанына сыртқы сауда жатады.

11.7. Кәсіпкерлік және халықаралық экономикалық қатынас

Қазақстанда кәсіпкерлік басым мөлшерде халықаралық экономикалық қатынас негізінде дамуда. Кәсіпкерлік қызметтің орыс алар жері ең алдымен кәсіпорын, оның қатарында шет ел кәсіпорындарымен біріккен түрлері. Экономикалық категория ретінде ол өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастарды ұйымдастырудың негізгі буыны. Құқықтық тұрғыдан кәсіпорын заңдылық құқықтары бар дара шаруашылық субъектісі, өзіне бекітіліп берген мүліктерді пайдалана отырып, өнімдерді өндіреді, жұмыстар атқарады, әр түрлі қызмет түрлерін көрсетеді.

Дүниежүзілік тәжірибе негізінде кәсіпорындардың әр қилы ұйымдық және құқықтық формалары пайдаланылады, оны елдің ұлттық заң шығарушы органдары анықтайды. Оларға әрдайым заңды статус беріледі, осыған сай мүліктері болады, міндеттемеге сәйкес оған жауапкершілігі болады. Сөйтіп кәсіпорындар азаматтық процесте, сотта, шаруашылық сотында және аралық сотта да өз мүдделерін қорғайды.

Қазақстанда қолданып жүрген заңдарға сәйкес кәсіпорындардың мынадай ұйымдық-құқықтық формалары бар:

- мемлекеттік кәсіпорын;
- серіктестік толық жауапкершілікпен (толық серіктестік), аралас жауапкершілікпен (аралас серіктестік), шектеулі жауапкершілікпен (шектеулі серіктестік);
- акционерлік қоғам;
- ашық және жабық типтері.

Орын алып келген мынадай түсініктер: шағын кәсіпорын, бірлескен кәсіпорын, "кооператив", бұлар шын мәнінде кәсіпорынның заңды статусын бейнелейді, оның экономикалық мазмұнының кейбір жақтарын ғана түсіндіреді. Мысалы, шағын кәсіпорын атауы мұнда жұмыс істейтіндердің санына қарай берілген анықтама. Бүкіл әлемде оның ішінде, біздің елде де кіші бизнесті мемлекеттік қолдау бағдарламасы бар. Шағын кәсіпорындар үшін жеңілдіктер берілген, бірінші жылы салықтың толық мөлшерінің төрттен бірін, екінші жылы жартысын төлейді.

11.7.1. Кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық формалары, олардың әлем саудасындағы ролі

Жеке кәсіпорынды ұйымдастырушы да, иелік етуші де бір адам. Қалғандары жалдамалы қызметкерлер. Толық серіктестік - жеке адам және заңды тұлғалардың бірігуі, олардың мүшелері бойынша қозғалмайтын мүліктерге жауапты. Мұның мәні мынада. Егер толық серіктестікке оны ұйымдастырушылардың бірі жеке адам ретінде енетін болса, белгілі бір жауапты кезеңге кезіккенде (банкрот жағдайында) қажетті күнделікті заттардан басқа жеке мүліктерін, атап айтқанда, машина, саяжай, зергерлік бұйымдар, картина т.б бағалы мүліктерді тізімге алады. Әдетте, толық серіктестіктерді заңды тұлғалар (кәсіпорындар) құрайды. Мұндай жағдайда серіктестіктің жарғысын тіркеудің қажеті жоқ.

11.7.2. Аралас серіктестік

Аралас (командиттік) серіктестік толық серіктестіктің өзгерген формасы. Мұның негізгі ерекшелігі бір немесе

бірнеше қатысушылардың бүкіл мүліктерімен несие беруші серіктестіктер алдында жауап береді. Біреуінің немесе бірнешеуінің жауапкершілігі қоғамға қосқан үлесі бойынша шектеледі. Бүкіл мүліктерімен тәуекелділік етіп отырған қатынасушы - қоғамның ішкі мүшесі немесе толық серіктестіктер деп аталады. Командиттік серіктестіктер ұжым басқарады және елөкілеттік қызмет атқарады. Фирманың ішкі өзара қызметін командистер келісім арқылы жүзеге асырады. Әдетте, мұндай келісім құқын ірі командитті компаниялар шеңберінде командистерден тұратын кеңеске беріп отырады.

Командитті серіктестікке салық тұрғысынан қарағанда, шектеулі жауапкершілігі бар қоғам қабылданады. Мұндай құрылым шектеулі жауапкершілігі бар командитті серіктестік деп аталады. Оның артықшылығы салық төлеу тұрғысынан ол серіктестік, ал азаматтық құқық тұрғысынан шектеусіз жауапкершілігін шектеулі қоғамға тарата алады, сойтіп жауапкершілікті шектеу арнасынан өтеді, олардың капиталы да көп болмайды.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік - алдына белгіленген пайдашылар үлестерінің негізінде құрылған бірлестік. Оның мүшелері қоғамның міндеттемелерін орындау жауапкершіліктері жоқ, тек өз үлестерінің мөлшерінде тәуекелділік жасайды. Шектеулі жауапкершіліктің де мәні осында. Көпшілік жағдайда жауапкершілігі шектеулі қоғамда компаньондар арасында берік өзара байланыс бар. Осы себептермен ол семьялық кәсіпорындар ұйымдастыруға өте қолайлы. Егер қоғамның бүкіл мүлкі бір адамның қол астында болса, онда ол "бір адам қоғамы" болғаны.

Жауапкершілігі шектеулі қоғамды ұйымдастыру үшін, құрылтай келісім шартын жасау керек, онда фирманың аты, мекен-жайы, кәсіпорынның қызмет түрі, бағыты, негізгі капитал мөлшері, қоғам мөлшерінің үлесі көрсетіледі.

Қоғам мүшелерінің құқы жылына бір рет немесе екі рет өткізілетін қоғам мөлшерінің жиналысында анықталады. Жиналыстың маңызды шешімдер қабылдау құқы бар, атап айтқанда, жылдық балансты бекітеді, пайданы мақсатты пайдалануды анықтайды, шығындарды қысқартады, қоғамның төрағасын сайлауды немесе қайта сайлауды, оған әр қилы мәселелер бойынша тапсырмалар жүктейді.

11.7.3. Акционерлік қоғамдар

Оның ашық және жабық типтері. Акционерлік қоғам - бұл заңдық құқы, жарғысы бар қоғам. Ол рұқсат ету жолымен құрылады, акцияда бірден үлесі бар, белгілі мөлшерде бір бөлшектенген негізгі капиталы бар. Жеке адам және заңды ұйымдар акционерлер бола алады. Акционерлік қоғамды құру үшін серіктестік келісім шартын жасауы керек, оның қоғамның жарғысы деп атайды, оны нотариус куәаландыруы керек. Акционерлік қоғамды ұйымдастырушыларға шек қойылмайды. Ұйымдастырушының бір адам болуы да мүмкін. Акционерлік қоғамның негізгі капиталы акцияларға бөлінеді. Акцияның ақшалай сомасы негізгі капитал көлеміне сай келуі керек. Экономикалық көзқарас бойынша акция деп отырғанымыз бағалы қағаз, онда қоғам мүліктері белгілі бір мөлшерде есепке алынған. Акциялардың жай, тартымды, атаулы және ұсынушыға арналған түрлері болады. Биржаларда сатылатын және сатып алынатын акцияларды курс бағасын көрсетіп, биржа котировкасында жариялайды. Акционерлік қоғам екі типте болады. Жабық және ашық. Ашық қоғам акцияларды еркін тарату, сату жолымен таралады. Оны кәсіпорында жеке адам да сатып ала алады. Мұндай қоғам көп көлемді капиталды қажет еткен жағдайда құрылады. Ашық типтегі акционерлік қоғамның бірден-бір үлгісіне РИНАКО жатады.

Жабық типтегі акционерлік қоғам, іс жүзінде жауапкершілігі шектеулі серіктестік десе де болғандай. Республикамыздың "Кәсіпорындар және кәсіпкерлік қызмет туралы" заңында жауапкершілігі шектеулі серіктестік пен жабық типтегі акционерлік қоғамға бірдей анықтама берілген. Жабық қоғам ашық типтегі акционерлік қоғамнан акцияларды таратудың ерекше әдісімен өзгеше. Оның мәні мынада. Акционерлік қоғамның акциясын сатып алуда акционер басқалармен салыстырғанда артық құқыққа ие болады. Жабық типтегі акционерлік қоғам мен жауапкершілігі шектеулі қоғамды бірдей қарағанда, ұйымдық-құқықтық фирманың басшылыққа қай түрін таңдап алады екен? Серіктестікті ұйымдастырушылардың саны 10-15-тен аспаса өте ыңғайлы. Есесіне акция шығарудың, кәсіпорынды акциялаудың қажеті жоқ.

11.7.4. Бюджеттік кәсіпорындар, мемлекеттік корпорациялар, аралас компаниялар

Бұл топқа заңды, шаруашылық дербестігі жоқ кәсіпорындар енеді. Өз жағдайына қарай, олар мемлекеттік әкімшілік жүйесіне енеді, тікелей немесе құрылымдық түрғыдан бір министрлікке, ведомствоға немесе қоғамға тіркеледі. Олар пайдадан салық төлемейді, олардың бүкіл табысы мен шығысы мемлекеттік бюджет арқылы өтеді. Олар әдетте, сыртқы финанс көздерін пайдаланбайды, мемлекеттік қазына есебінен қаржыландырылады. Кәсіпорын басшыларын мемлекеттік органдар тағайындайды, барлық қалған жұмыс істеушілермен бірге оларды мемлекеттік қызметкерлер деп атайды.

11.7.5. Халықаралық экономика негізінде кәсіпкерлікті дамыту

Қазақстан Республикасының Шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі агенттігі - Экономикалық зерттеулер институтымен және Кәсіпкерлер форумы кеңесімен бірлесіп, Президенттің тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасында Шағын кәсіпкерлікті дамыту мен мемлекеттік қолдаудың 1999-2000 жылдарға арналған, мемлекеттік бағдарламасының жобасын талдап жасады. Ол "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" заңды міндетті түрде орындауға бағдарланған және шағын бизнес нарық экономикасында жетекші роль атқарып отырған елдер тәжірибесін ескерді. Бағдарламада бірқатар шараларды жүзеге асыру белгіленген.

11.7.5.1. Шағын кәсіпкерлікті қаржы-несиелік және инвестициялық қолдау

Кәсіпкерлікті қаржылай қолдау едәуір шығындарды талап етеді, ал мемлекеттік бюджеттің мүмкіндігі шектеулі екендігі белгілі. Мұндай жағдайда бюджеттік қаржыны пайдаланудың коммерциялық механизмдеріне көшу қажет. Бүгінгі таңда коммерциялық банктер, негізінен, не сатып алуды несиелеуге бағдарланған, не ірі тауар өндірушілерді несиелеуді қолайлы көреді. Ұлттық банктің ұйғарымы банктердің шағын кәсіпкерлікке несие беруге мүдделігін

туғызудың нақты механизмдерін енгізусіз, күткендегідей нәтиже бермеді. Шағын өндірістік бизнес өтімді мүдделері саласынан тыс қалып келеді.

Осыған байланысты шағын кәсіпкерлікті лизингтік несиелер беру, сақтандыру, франчайзингті дамыту түрінде және қолдаудың басқа да дәстүрлі де емес түрлерінде, олар туралы бағдарламаның басқа тауарларында кеңірек айтылатын болады, қолдау маңызды рөлге ие болады.

Кәсіпкерлікті қаржылай қолдау саясаты қызметтің басқа түрлерін ұзақ мерзімді және орташа мерзімді несиелеу үлесін ұлғайтуға, аймақтық деңгейде кепілдік қорлар мен несиелер серіктестіктерін құруға бағытталады. Сөйтіп, шағын бизнесті дамытуда мультипликативтік тиімділік беретін механизмдер қалыптастырылады, өйткені бастапқы капиталға қол жеткізу, әрине негізгі проблема.

11.7.5.2. Салық салу және кеден саясаты

Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне салық салудың әділ және көңілге қонымды жүйесін құрудың негізгі принципі - жалпы экономикалық мүдделердің фискалдық мүдделерден басым түсуі болуы тиіс.

Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне салық салудың азайтылған механизмі, кәсіпкерлердің табысын анықтаудың байыпты және әділ тәртібінің болуын көздейді. Кәсіпкерлердің жалпы табысына бірыңғай жеңілдікті ставка енгізу немесе патент сатып алу нысанындағы мемлекеттік алымдардың жиынтығын есептеудің күрделі де қажытатын азабынан құтылуға мүмкіндік береді.

Ағымдағы және аванстық төлемдер төлеудің қазіргі қолданылатын тәртібін жою керек.

Оқу орталықтарының табысын шағын бизнес үшін кадрлар даярлау жөніндегі шығындары сомасына, консалтингтік, заңгерлік және басқа да мамандандырылған ұйымдардың табысынан, шағын бизнеске көрсетілген қызметтер сомасына кемітуді қарастыру қажет.

Өндірісті дамытуға, бәсекеге түсе алатын экспортқа бағдарланған немесе импортты ауыстыратын өнімдер шығаруға қаржы жұмсайтын шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін табыс салығын есептеген кезде, салық салынатын табысты осы қаржы сомасына кеміту көзделінуі маңызды.

Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың негізгі бағыттарының бірі, қолайлы жағдай жасаудың, онда кеден бажын төлеудің жеңілдікті режимі де қамтылады, құқықтық режимін белгілеу болып табылады.

Бұл саладағы негізгі шара сыртқы экономикалық операциялар бойынша құжаттарды хаттау шараларын оңайлату мен мерзімдерін қысқарту, шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін, кеден тарифтерінің жеңілдікті жүйесі жөніндегі ұсыныстарды талдап жасау болып табылады.

Бұл саладағы негізгі шара - сыртқы экономикалық операциялар бойынша көптеген жеңілдіктер жасау. Экономиканың басым бағыттарында кәсіпкерлікті дамыту мақсатында елімізде өндірілмейтін және өз өндірісінде пайдаланылатын жабдықтар, комплектеуші және басқа материалдар әкелгені үшін қосылған құн салығы ставкасын төмендету, өндірістің мақсаттары үшін шикізат импорттаған кезде ҚҚС төлеуді кейінге қалдыру мүмкіндігін қарастыру көзделеді. Кеден заңдарын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды талдап жасау кеден кодексі жобасын әзірлеу үшін негізге айналуы тиіс.

11.7.5.3. Шағын кәсіпорындарды өндірістік және инновациялық қолдау

Шағын бизнесті мемлекеттік қолдау орташа топтың іргетасын құрайтын жекелеген әлеуметтік топтар өкілдері қызметінің, әлеуметтік-құқықтық және экономикалық жақтарын заңдық тұрғыда реттеу арқылы да қамтамасыз етіледі.

Бағдарлама старательлік қозғалысты жаңа негізде қайта өркендетуді көздейді. Бірінші кезең, осы сектордың құқықтық-нормативтік базасын құруға арналуы тиіс. Одан кейін старательдер палатасын құру қажеттігі пайда болуы мүмкін. Байыпты және әділ конкурс негізінде қатар іріктеуден өткен бірнеше старательдер артельдеріне қатысты "пилоттық" жоба жасап талдау жоспарланған. Қосымша экономикалық ынталандыру ретінде Үкімет тарапынан салықтар, бонустар мен роялти төлеу жөнінде кейбір жеңілдіктер қарастырылуы мүмкін.

11.7.5.4. Шағын кәсіпкерлікті қолдаудың инфрақұрылымдарын дамыту

Шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың инфрақұрылымдарын қалыптастыру ыңғайында таяу болашақта шағын кәсіпкерлікті дамыту қорының жұмысын қайта құру көзделген. Қазір қажетті қор инфрақұрылымдар мен аймақтардағы үкімет органдары мен өзара ықпалдастығы болмауы себепті шағын кәсіпкерлердің қолы жетпес ұйымға айналып отыр. Осыған байланысты мемлекеттік өкіметтің жергілікті қор қызмстіне кеңінен тарту жоспарланған.

Қор қарыз алушылар мен банктер арасындағы делдал қызметін өзіне алады деп көзделінеді, бұл тапсырылған жобаларды қарау мен мақұлдау тәртібін жеделдетеді, берекесіздікті жояды, сондай-ақ кәсіпкерлердің шығындарын едәуір азайтады.

Белгіленген шараларды іске асырудың нәтижесінде қоршағын бизнесті қолдау мен дамыту жөніндегі аймақтар деңгейіндегі кең тармақты инфрақұрылымға ие болады. Оның үстіне ондай қадамдар жергілікті жерлерде бастамалар туғызуы тиіс, сөйтіп бұл назарды қазіргі кезде шағын бизнестің тағдыры шешіліп жатқан аймақтарға аударуға мүмкіндік береді.

Нарық инфрақұрылымы жүйесін дамыту шағын кәсіпкерлікті қолдаудың маңызды аспектісі болып табылады. Шағын бизнестің тиімді қызмет етуін қамтамасыз ететін нарықтық инфрақұрылымның негізгі элементіне аудиториялық, консалтингтік, бухгалтерлік және басқа да қызмет түрлерін көрсететін ұйымдар: қаржы-несие институттары, сақтандыру компаниялары, оқу орындары жатады.

11.7.5.5. Шағын кәсіпкерліктің өнеркәсіп орталықтары

Шағын кәсіпкерліктің өнеркәсіптік орталықтары ұғымы орталық ішіндегі шағын кәсіпорындардың қазіргі заманғы өнімдер өндіру мен стандарттарға сай келетін озық технологияларды қолдануына қолайлы жағдай туғызатын, өнеркәсіп объектілері кешені мен белгілі бір қызметтер көлемін білдіреді.

12 ТАРАУ

Әлем қаржы-несие жүйесі және ақша айналымы

12.1. Қаржы-несие жүйесінің мәні

Қазіргі жағдайда қандайда әлем мемлекеттің экономикалық құрылымын зерделеу, оның қаржы жүйесін талдаусыз мүмкін емес. Бұл жүйе қаржы қатынастары жиынтығынан және оны реттейтін институттардан тұрады. Қаржы қатынастары кез келген қоғамда орын алатын жалпы экономикалық қатынастардың құрамды бөлігі, мемлекет қаржы жүйесі арқылы саяси, экономикалық және әлеуметтік салалардың алуан түрлі қызметтеріне қажетті қаражаттарды жинақтап, пайдаланады.

Мемлекеттік қаржылар ұлттық табысты қайта бөлуде, қоғамдық ұдайы өндірісті дамытуда, қоғамның экономикалық құрылымын қалыптастыруда, өндіргіш күштерді жетілдіруде маңызды роль атқарады. Мемлекеттің қаржылары әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асыруға, мемлекеттік басқару аппараты мен қорғанысқа, тәртіп сақтау күштерін қаржыландыруға, сыртқы экономикалық қызметті атқаруға жұмсалады.

Қаржы жүйесі мемлекеттің көптеген қаржыландыру институттарын қамтиды. Олар әр түрлі бағыттағы несие институттарымен тығыз байланыс негізінде әрекет жасайды.

а) Мемлекеттік бюджет.

Әлем елдерінің мемлекеттік қаржы жүйесінің бел ортасында мемлекеттік бюджет тұрады. Бюджеттік жүйе өте күрделі механизм. Ол сол елдің ерекшелігін, оның әлеуметтік – экономикалық құрылысын, мемлекеттік құрылымын білдіреді. Ел бюджетінің құрылымымен байланысты. Унитарлық мемлекеттердің бюджеттік жүйесі екі деңгейден – мемлекеттік және жергілікті бюджеттерден тұрады. Федеративтік мемлекеттерден штаттардың, (АҚШ) жерлердің (ФРГ) өз бюджеттері болады, соған сәйкес әкімшілік ұйымдары қызмет етеді.

Мемлекеттік бюджет үкімет қолындағы ақша ресурстарының орталықтарындағы қоры. Бұл қаражат мемлекеттік аппаратты, қарулы күштерді қаржыландыруға және әлеуметтік-экономикалық қызметтерді атқаруға

жұмсалады. Қазіргі жағдайда бюджет экономиканы мслекеттік реттеудің, шаруашылық конъюнктураға ықпал студің, дағдарысқа қарсы шараларды жүзеге асырудың аса күшті құралы. Қазіргі мемлекеттік бюджет, оның сан түрлі қызметін көрсететін күрделі де, көп қырлы құжат. Ең алдымен бюджетте мемлекеттің кірісі мен шығысының құрылымы бейнеленді. Шығыста бюджеттік ассигнациялардың, қаржылардың бағыттары мен қызметтері көрінеді. Өзінің құрылымы жағынан бюджеттің шығысы мынадай бөлімдерден тұрады: мемлекетті басқару шығындары, әскери шығындар, мемлекеттік шаруашылық жұмыстарының шығындары, сыртқы экономикалық қызметтердің шығындары.

Мемлекет қызметтерінің ұлғаюы мемлекеттік шығындардың қарқындылығын ЖҰӨ өсуі қарқынынан едәуір асырып жібереді. Мысалы, АҚШ-та ХХ ғасырда мемлекеттік шығындар 350 есе артты. Тек 1980-1989 жылдары арасында федералдық бюджет шығындары 2 еседен астам өсті (433,5млрд. долл. 872млрд. долл. жетті).

Мемлекет шығындарының басты тармағына экономиканың өндірістік секторының қызмет істеуін қамтамасыз етуге байланысты шығындар жатады. Әлеуметтік инфрақұрылымдарға- білім беру мен денсаулық сақтауға бөлінетін шығындардың да үлесі айтарлықтай.

Әскери шығындардың да үлесі қомақты. Әскери шығындарды айтқанда тек тікелей шығындарды ғана көрсетіп қоймай, жанама шығындарды да ескеру керек. Оларға әскери қарыздар бойынша проценттік төлемдер, зейнетақы, соғыс мүтедектеріне, ардагерлерге және т.б көмек түрлері жатады. Мемлекет бюджетінің басты құрамды бөлігі жергілікті бюджеттер. Олар арқылы ең алдымен коммуналдық меншік объектілері, жол, мектеп, байланыс құралдарын дамыту және тұрғын үй құрылысы қаржыландырады. Жергілікті бюджетті жергілікті әкімшілік, полиция, сот пен прокуратура пайдаланады. Жергілікті бюджеттің үлкен бөлігі әлеуметтік – мәдени қажеттілікті өтеу, денсаулық объектілерін, экологиялық тепе-теңдікті сақтауға кеткен шығындардан тұрады.

Мемлекеттік бюджеттің кірістері біріншіден, орталық және жергілікті органдар жинайтын салықтардан, мемлекеттік заңдардан, бюджеттен тыс немесе мақсатты

қорлардың төлемдерінен құралады. Мұндай қорлардың құрылуы ірі қаржы ресурстарын нақты мақсаттарға, ең алдымен әлеуметтік-экономикалық сипаттағы мақсаттауға шоғырландыру қызметінен туады. Бұлардың қатарына әлеуметтік қамсыздандыру, жол құрылысы, қоршаған ортаны қорғау, жұмыс күшін даярлау, қайта даярлау және т.б жатады.

Мемлекеттік табыстың жалпы материалдық негізін ұлттық табыс құрайды, мұны бөлу және қайта бөлу негізінде бірқатар шаралар жүзеге асырылады. Мұндай қайта бөлу механизмінің негізгі және тұрақты буындары – салықтықтар, мемлекеттік заем, бюджеттен тыс қорлардан алынған төлемдер.

12.1.1. Салықтар, оның қаржымен байланыстылығы

Салықтар салық салудың принциптері және түрлері. Мемлекеттік бюджет түсімдерінің ең басты көзі – салықтар. Өнеркәсібі толық дамыған елдердің бюджетіндегі салықтардың үлесі 90%. Салықтың негізгі түрлеріне табыс салығы, одан басқа қоғамның құқықты мүшелерінің табыстарына, корпорация пайдаларына салынатын салықтар. Өндірістік бірлестіктер, кәсіпорындар, капитал иелері өздері жариялаған мәлімдемелері бойынша салық төлейді.

Салық мәлімдемесі салық төлеушілердің өз табыстарының мөлшері туралы хабары, ол жалдамалы еңбек адамдарынан салық, жалақы төлегенде ұсталынады.

Табыс салығын алу белгілі бір төменгі деңгейден басталады. Номиналдық табыстың ұлғаюына сәйкес табыс салығын өсірудің базасы жасалады, салық төлеушілердің саны артады, мемлекеттің шоғырландырылған жалпы қаржы-қаражаттары көбейеді. Салық салудың нормасы – салық ставкасы объектінің бір өлшеміне салынған мөлшері. Салық ставкаларының көптеген түрлері бар. Егер табыстың көлеміне байланыссыз салық төлеудің бірыңғай проценті, тағайындалса, олар пропорциялы ставкалар болады. Егер ставкалар табыстың өсуімен көбейсе, онда прогрессивті, үдемелі ставкалар болғаны. Салық салудың тәжірибесінде бір объектіге (м: автомашинаға) оның құнына қарамастан салынатын қатаң ставкалар кездеседі. Салық салу жүйесінің басты буыны – бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде пайда

болған корпорациядан алынатын салық. Салық акционерлік қоғамдық таза пайдаға айналды, яғни жалпы пайдадан басқаларды шегергеннен кейін, мысалы, жедел амортизация, табиғи кезеңдердің азаюы, қайырымдылық қоры төлемдері және т.б шығындар. Көптеген елдерде корпорация пайдаларына салық салу ставка пропорциялар арқылы жүреді.

Салық салу тарихында жоғары пайдаға салық салу деген де бар. Ол пайданың белгілі мөлшерден артық болуына байланысты салынады. Мұндай шара әдетте төтенше жағдайларда, соғыс, экономикалық күйзеліс кездерінде қолданылады. Табыс салығының қатарына мүлік салығы және капиталды пайдаланумен байланысты атқарылған істер салығы да жатады. Бірінші жағдайда, салық мүліктерінің құнына қарай әрбір адамнан және заңды тұлғалардан алынады.

Капитал ісінен алынатын салық корпорациялардың бағалы қағаздарды сату, сатып алуынан түскен табыстардан алынады. Тікелей табыс салықтарымен қатар жанама салықтар да маңызды роль атқарады. Олар туралы немесе қызмет көрсету бағаларына қосылады. Бұл салықты тауарды тұтынушылар төлейді. Қаржы ресурстарына бюджетке шоғырландырудың басты құралы тікелей салықтар, алайда жанама салықтардың да ролі кеміген жоқ.

Жанама салықтар бүгінде үш түрде көрінеді: акциздер, фискалды, монопольді салықтар, және кеден салығы. Бұлардың ішіндегі ең бастысы – акциздер. Олар тауар бағаларына немесе қызмет көрсету тарифтеріне қосылады. Әр бір елдің ерекшеліктеріне қарай акциздер халық тұтынатын тауарларға, транспорт байланысы, тұрмыстық қызмет көрсету түрлеріне салынады. Қазіргі кезде акциздің бір түрі - қосымша құнға салық салу кеңінен дамуда. Бұл жағдайда салық тауарды өткізгеннен түскен барлық түсімге салынбай, тек осы кезеңдегі өндірістік қызметтік нәтижесінде қосылған құнға салынады.

Фискалды, монопольді салық мемлекеттің монопольді өндіретін тауарларына салынатын жанама салық. Нақты елдердің ерекшеліктеріне қарай бұлардың қатарында темекі бұйымдары, алкогольдік ішімдіктер, сусындар, тұз және т.б болуы мүмкін. Фискалды, монопольды салықтың түсімдері әдетте мемлекеттік бюджетке түседі.

Жанама салықтың қатарында кеден, баж алымдары жатады. Олар тауарларды мемлекеттік шекарадан әрі-бері алып өткенде төленетін салықтар. Қазіргі кезеңде, әсіресе шетелдер тауарларынан алынатын кеден салығының маңызы зор. Кеден салығының механизмі арқылы мемлекет белгілі тауарлардың шеттен әкелуін тежеп, өзінің ішкі рыногын шетелдік бәсекеден қорғайды. Қазіргі мемлекеттердің финанс жүйесінде маңызды рольді орталық үкіметтің салықтарымен қатар жергілікті жерлердің салықтары да атқарады. Олардың ішіндегі ең бастылары: меншік салықтары, әр түрлі жанама салықтар (темекі, ішімдікке, жанармайға және т.б.).

Жергілікті әкімшіліктің қажеттіктерін өтеуге өз салықтары жетіспегендіктен, көптеген елдерде орталық үкіметтің жергілікті органдарға субвенция беруі үшін белгілі сомалар бөлінеді. Жалпы өзінің табиғаты жағынан субвенция дегеніміз: орталық үкіметке түсетін салықтың бір бөлігі, ол жергілікті бюджетке бөлініп беріледі.

Қазіргі кездегі салықтардың маңызы мен ролі мемлекеттік органдарды қаржы ресурстарымен қамтамасыз етумен шектелмейді. Салықтар ұлттық табысты мемлекеттендірудің басты құралы. Олардың макро-экономикалық шешуші ролі артып келеді, мұны ЖҰО-нің көлеміндегі салық үлесінің ұлғаюынан көруге болады. Салықтар экономикалық белсенділікті арттырудың, ұдайы өндіріс процесіне әрекет етудің басты бір тұтқасы ретінде жаңа бір сипатқа ие болуда. Мұндай ықпал көп бағытта жүргізілуде. Пайдаға салық салу арқылы манипуляция жасап, мемлекет капиталдың қорлану процесіне айтарлықтай әсер етеді. Оның мысалы ретінде жеделденген амортизация деп аталатын салық механизмін келтіруге болады. Мұнда мемлекеттік қаржы органдары компанияларға амортизация қорына негізгі капиталдың іс жүзіндегі тозуы құнынан айтарлықтай артық соманы жіберуге рұқсат етеді. Нәтижесінде пайданың салық алынатын мөлшері едәуір кеміп, төленген салықтың көлемі де азаяды. Жедел амортизациялау әдісі экономиканың корпоративтік секторындағы күрделі қаржыны көбейтуге ынталандырады. Оны қолдану ғылыми-техникалық прогресті интенсификациялауға, экономикадағы құрылымдық өзгерістерді

жүргізуге, әсіресе ғылымды көп қажет ететін салаларды дамытуға жұмылдырады.

Салық арқылы реттеу әдістері салалардың бәсекелестігін ынталандыруға, капиталдың қорлануына қолайлы жағдай жасауға, корпорациялардың әлеуметтік қызметін қолдауға кеңінен пайдаланылады. Осы мақсатта салықты корпорация қызметтерінің түрлеріне қарай пайдалану жөнінде түрлі жеңілдіктер беріледі. Мұндай шараларға мысалы, өндіруші компанияларды (әсіресе мұнай мен газ өнеркәсібінде олардың табиғи қорларының азаюына байланысты) салық арқылы ынталандыру жүйесі жатады. Бұл ережеге сәйкес өндіруші компаниялар пайдалы қазбалар көзінің азаюына және өндіріс жағдайларының қиындауына байланысты салық төлемейді. Салықтық жеңілдіктер беру арқылы мемлекет өндіргіш күштерді аймақтық орналастыруға, инфрақұрылым объектілерін салуға және т.б. айтарлықтай әсер ете алады. Салықты реттеуде мемлекет тек жекелеген шаралар жүргізіп қоймай, сонымен қатар шаруашылық конъюнктураға ықпал етеді. Экономикалық тоқыраудан шығу үшін мемлекет салық салудағы жеңілдіктер беру жолымен күрделі қаржыны ынталандырып, тұтыну мен инвестицияны қолдап, тауарларға жиынтық коғамдық сұраныстың болуы үшін қолайлы жағдайлар жасайды. Бүкіл экономикалық конъюнктураны ынталандырудың ірі шараларына мысалы, 80 жылдарда АҚШ үкіметінің басына келген Рейган әкімшілігінің салықтары едәуір қысқарды. Бұл бағдарламаның территориялық негізі ретінде американ экономисі А.Лаффердің есебі алынған. Ол сол салықты азайтудың нәтижесінде мемлекеттің экономикалық өсуімен табыстың көбеюін дәлелдеді. Лаффердің ойынша корпорациялар табысына шектен тыс салық ставкасын көтеру, олардың күрделі қаржыға деген ынтасын жояды, ғылыми-техникалық прогресті тежейді, экономикалық өсуді баяулатады, сөйтіп мемлекеттік бюджеттің түсімдеріне кері әсер етеді.

12.1.2. Қаржы мен бюджет

Әлем елдерінің мемлекеттік бюджетімен салық ставкасының арасындағы тәуелділік графикалық бейнесі, "Лаффердің қисық сызығы" деп аталады. Салық ставкасы

өскенде мемлекет табысы салық салудың нәтижесінде ұлғаяды. Салық ставкасының қолайлы мөлшері мемлекеттік бюджетке жергілікті түсімдерді қамтамасыз етеді. Салықты одан әрі көбейту еңбек пен кәсіпкерлік ынтасын төмендетіп, 100% салық салу мемлекеттік табысты нольге теңейді, өйткені ешкімде тегін жұмыс істегісі келмейді. Басқаша айтқанда болашақта шектен тыс салықты азайту қор жинауды, инвестицияны, жұмыспен қамтуды арттырып, жиынтық табыстың көлемін ұлғайтады. Нәтижесінде салықтық түсімдердің нәтижелілігі өседі, тапшылық азаяды, инфляция бәсеңдейді. Әрине Лаффердің қисық сызығының тиімділігі тек еркін рынок механизмінің қалыпты жағдайында ғана мүмкін болады. Бұл теорияға сын тұрғысынан терең талдау жасамай, мынаны ғана атап өтеміз. Талас жоқ, салық ставкаларын жоғарылату немесе төмендету күрделі қаржы динамикасын тежейді, өндірісті ынталандыруға әсер етеді. Жалпы рыноктық экономика жағдайында инвестицияға салық ставкасынан басқа да факторлар ықпал етеді. Бұлардың ішіндегі ең бастылары — циклдық ерекшеліктер және компания тауарларына сұраныс пен ұсыныстың арақатынасы, олардың пайдаларының өсуі.

12.1.3. Әлем елдеріндегі бюджет тапшылығы (дефицит)

Бюджеттік процесс әр бір мемлекеттің кірістері мен шығыстарын байланыстырады, теңестіреді. Бірақ қазіргі кезде барлық елдерде дерлік мемлекеттің шығыстары оның кірістері мен табыстарына қарағанда тез өседі. Оның себептері көп, олардың ішіндегі ең бастылары, өмірдің сан түрлі салаларындағы мемлекет ролінің үздіксіз артуы, оның экономикалық және әлеуметтік қызметінің кеңеюі, мемлекет аппаратының өсуі және т.б себептер. Бюджеттік шығындардың көбеюі салық түсімдерімен сәйкес келмейді, сондықтан бюджеттің тапшылық көруі барлық мемлекеттерде оның абсолютті мөлшері бойынша да және ЖҰӨ-ге қатынасынан да анық көрінеді. Соңғы көрсеткішті өнеркәсібі дамыған мемлекеттер мысалынан қарасақ, онда 1970 пен 1985 жылдар арасында ол былай өскен %, % есебімен.

10-Кесте

Мемлекеттер	Жылдар	
	1970	1985
АҚШ	0,3	4,1
Жапония	0,9	3,1
ФРГ	0,1	2,7
Италия	5,1	12,0

Мемлекеттік бюджеттің тұрақты тапшылық негізінде көптеген себептер жатыр. Оның қатарына жоғарыда көрсетілген факторларды да жатқызуға болады. Ол мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік қызметінің ұлғаюы және осы мақсатқа шығынның көбеюіне байланысты. Артық өндірудің циклдық дағдарыстары кезінде бюджетке түсетін салықтар азаяды. Ал, мемлекет болса әлеуметтік мұқтаждықтарға шығындарды көбейтуге тиіс, (жұмыссыздарға көмек және т.б) сонымен қатар экономиканың белгілі секторларын қолдауға, жалпы мемлекеттік маңызы бар салаларға инвестиция көлемін сақтауға да қаражат керек. Бюджеттік тапшылық мемлекеттік қаржылардың терең сәйкессіздігінің салдары. Сонымен қатар олар ақша айналысының айтарлықтай берекетсіздігімен де байланысты. Бюджеттік тапшылықтарды реттеу- қазіргі мемлекеттің экономика саласындағы ең күрделі проблемасына айналды.

12.1.4. Мемлекеттік қарыз

Бюджеттік тапшылықтарды қаржыландырудың басты жолы - мемлекеттік қаржы экономикалық қатынастардың жиынтығы, мұнда мемлекет заем немесе кредиттер, несие ролін атқарады.

12.2. Әлем елдеріндегі қаржы жүйесі және оның нарықтық қалыптасуында атқаратын ролі

Қаржы жүйесі дамыған нарықтың инфрақұрылымның аса маңызды элементі болып табылады. Сонымен қатар оны елде нарықтық қатынастарды жасаудың құралы ретінде белсенді түрде пайдалануға болады. Бұл біздің қаржы

жүйеміздің реформа жасауды, оны рыноктық негіздерде өзгертуді қажет етеді. Міндетті жалпы халық шаруашылығы, соның ішінде қаржы жүйесінің қазіргі өте күрделі жағдайы қиындата түседі. Егер дәлірек айтатын болсақ, қаржы жүйесі мемлекеттің де, кәсіпорындардың да қаржысына тән дағдарысқа ұшырап отыр.

Қаржы және қаржы жүйесі деген не?

Қалыпты ұдайы өндірісті қамтамасыз етуге қажетті ақша ресурстарының пайда болуымен оны пайдаланудың жүйесі қоғамның қаржысы болып табылады. Ал мемлекеттің, алуан түрлі кәсіпорындар мен ұйымдардың балалар мен аймақтардың, сондай-ақ жекелеген азаматтардың арасында қаржы қорларының қозғалуына байланысты туындайтын экономикалық қатынастардың жиынтығы - қаржы қатынастарын құрайды.

Қаржы қатынастары, қаржы ресурстарының қорларының құрылуына, бөлінуіне және пайдалануына байланысты бөліктерін ғана қамтиды. Бұған жеке тұтынуға және айырбасқа, бөлшек сауда тауар айналымына, тасымалдық, тұрмыстық, коммуналдық және басқа қызметтерге ақы төлеуге жұмсалатын ақша қаражаттары кірмейді.

Қаржы жүйесі дегеніміз - ақша қаражаты қорларының құрылуына, бөлінуіне және пайдалануына себепші болатын қаржы қатынастарының жекелеген салаларының /буындарының/ жиынтығы, сондай-ақ, қаржы мекемелерінің жүйесі кейде оған несие мекемелері де қосылып, қаржы-несие жүйесі ретінде қарастырылады.

Қаржы экономиканы басқарудың барлық жақтарын жалғастырады, мемлекет пен кәсіпорындар, халық арасындағы байланысты, яғни кәсіпорындар мен халықтың салық төлемдері, сондай-ақ әр түрлі қорларға бөлінетін қаржы қатынастарын жүзеге асырады. Мемлекет пен кәсіпорындар арасындағы қаржы қатынастары ең алдымен кәсіпорындар пайдасының бір бөлігінің мемлекеттің әр түрлі арналар арқылы жалпы мемлекеттік мұқтаждарға алып қоюы жөніндегі қатынастарды білдіреді. Бұл орайда кәсіпорындар мен мемлекет арасындағы қаржы қатынастары шаруашылық механизмінің жетілдіруімен бірге үнемі жетілдіріп отырады. Шаруашылық механизмінің рыноктық қатынастарға бейімдеп қайта құру, қаржы қатынастарын да жетілдіруді қажет етті.

Нарыққа көшу жағдайында экономикалық байланыстар жүйесінде кәсіпорындар арасындағы қаржы қатынастарының елеулі маңызы бар. Олардың арасында жасалатын шаруашылық шарттары өнім берушілер мен сатып алушылардың өзара төлем міндеттемелерімен регламенттеп қана қоймай, сонымен қатар шарттық тәртіпті бұзғаны үшін айыппұл салып, өсім алып жазалау жүйесінде регламенттейді. Қазіргі уақытта, кәсіпорындар арасындағы шаруашылық байланыстары бұзылған кезде, кәсіпорындар арасындағы шарттық міндеттемелер жүйесі қаржы жүйесін ерекше қатаң, қадағалап отыруға тиісті.

Кәсіпорындар мен банкілер арасындағы ұдайы өндірісті жүзеге асыру үшін кәсіпорындарға кредит беру жөніндегі қатынастар қаржы қатынастарының құрамдас бөлігі болып табылады. Несие берудің төменде сөз етілетін жаңа жүйесі ендігі жерде рыноктық қатынастардың қалыптасуындағы алға қарай жасалған қадам болып табылады.

Кәсіпорындар ішіндегі жалпы кәсіпорын мен оның құрылымдық бөлімшелері, сондай-ақ, кәсіпорын мен оның қызметкерлері арасындағы шаруашылық байланыстарына қызмет көрсететін қаржы қатынастары ерекше сала болып есептеледі. Мемлекеттік кәсіпорындар ішінде қазіргі уақытта оның құрылымдық бөлімшелері ретінде арендалық, кооперативтік және басқа бөлімшелер жұмыс істеу мүмкін, ал олардың арасындағы қатынастар енді толық рыноктық қатынастарға айналады.

Кооперативтік қозғалыстың кеңінен дамуына байланысты мемлекет пен кооперативтер арасындағы қаржы қатынастары едәуір өзгереді. Бұл қатынастар салық салу, инвестициялық саясат, жеңілдіктер беру және т.б сияқты рыноктық тұтқалардың көмегімен реттеледі. Мемлекет пен халық арасында қаржы қатынастары едәуір кең көлемде болады. Олар ең алдымен әр түрлі қоғамдық тұтыну қорларынан төленетін төлемдер зейнетақы, жәрдем, стипендия мен берілетін жеңілдіктер жөнінде пайда болды. Қаржы - қатынастың халықтың салық төлемдерін де, сондай-ақ мемлекеттің еңбекшілерге кредит беруінің әр түрлі формаларын - заемдарды, халықтың уақытша бос ақшалай қаражаттарын жинақ банкілеріне салуын да

қамтиды. Өз кезегінде мемлекет халыққа тұрғын үй салу және т.б үшін кредит береді.

Сонымен қаржы қатынастары қоғамның экономикалық өмірінің елеулі жақтарын қамтиды және оларды жетілдіру, экономиканың рыноктық қатынастарға көшуінде алға қарай жасалған қадам болып табылады.

12.3 Әлем елдеріндегі бюджет және оның теңгерілу проблемасы

Мемлекеттік бюджет экономиканы мемлекеттік реттеудің аса маңызды құралы болып табылады, өйткені бюджеттің теңдестірілгендігі халық шаруашылығы тепе-теңдігі мен пропорциялы дамуының ең басты және айқындалушы өлшемі болады.

Мемлекеттік бюджет – елдің негізгі қаржы жоспары, қаржы жүйесінің орталық буыны. Оның басты мақсаты – қаржы құралдарының көмегімен экономиканың тиімді дамуы және жалпы мемлекеттік міндеттерді шешу үшін жағдай жасау.

Елдің қаржы жоспары болып табылатын мемлекеттік бюджеттің кіріс және шығыс баптары болады. "Қазақстан Республикасындағы салық жүйесі туралы" заң қабылданғанға дейін бюджеттің кіріс бөлігінің негізгі бөлігі, негізгі бабы – айналым салығы, ал содан соң пайдадан төленетін төлем болып келеді. Салық салу өзгерістерге байланысты мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігі мына бағыттар бойынша: қосылған құнға салынған салықтан, пайдаға салынатын салықтан әлеуметтік сақтандыруға төленетін жарнадан, халықтан алынатын салықтармен басқа да төлемдерден, сыртқы сауда мен сыртқы экономикалық қызметтен келтірілетін кірістен және басқаларынан қалыптасуға тиіс.

Бюджеттің шығыс бөлігі былайша бөлінеді: әлеуметтік саланы дамытуға, әлеуметтік-мәдени шараларды қаржыландыруға жұмсалатын шығын (күрделі қаржысыз); азық-түлікке және басқа да әлеуметтік мұқтаждарға берілетін нысаналы бюджеттік дотация; тұрғын үйлер, денсаулық сақтау, ағарту, мәдениет объектілерін және т.б салу. Халық тұтынатын тауарлар өндіру мен халыққа қызмет көрсету жөніндегі кәсіпорындар құрылысына қаржы жұмсау; халықтың тұрмыс деңгейін арттыру жөніндегі орталықтандырылған шаралар және заемдерді өтеу, әскери

шығындар, құқық қорғау органдарын ұстау, басқару шығындары, ғылымды қаржыландыру, сыртқы экономикалық қызметке байланысты және басқа шығындар. Мемлекеттік бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерін цифр келтіріп сипаттап жатпай-ақ, соңғы жылдары бюджет тапшылығының күрт өсіп кеткенін ғана атап өтеміз. "Бюджет тапшылығы" деген қысқа терминнің астарында қаржы қатынастарындағы толып жатқан қолайсыз факторлар, орасан көп дотациялар, шығындардың бақылаусыз және барлық жерде өсуі және т.б жатыр. Қазір елдің бүкіл қаржы жағдайының базасын қалыптастырып отырған кәсіпорындардың, қаржы жағдайы да мәз емес. Кәсіпорындардың рентабельділігі өте үлкен ауытқыулармен сипатталады. Жағдайы әбден жақсы кәсіпорындарымен қатар залалды және рентабельділігі төмен кәсіпорындар саны көп. Өндірістің құлдырауы инфляцияның өсуі мен дағдарыстың тереңдеуі осыдан болып отыр. Экономикадағы кез келген іркіліс бірінші кезекте елдің қаржы жағдайына, мемлекеттік бюджетке салқынын тигізеді. Мемлекеттің кірісі кемиді. Қоғамның көкейтесті мұқтаждарын қаржыландыратын ешнәрсе болмайтын жағдай туады. Сол кезде баспа станогы интенсивті пайдаланып, айналымға орасан көп мөлшерде қағаз ақша ағылып түседі. Ал мұның өзі тұтыну рыногындағы жағдайда одан сайын асқындыра түсіп, сұранымның орасан артуына әкеп соғады, ал бұл, әлбетте, рыноктық қатынастардың дамуын тежейді. Ішкі және сыртқы қарыздың өсуі бюджет тапшылығының заңды нәтижесі болып табылады. Әрине, мемлекеттік қарыздың өз ерекшелігі бар, қайсыбір мөлшерде, әсіресе ішкі жағдайда оны қолдануға болады. Бірақ біздің қазіргі қарыздарымыз тым көп және жылдан жылға өсіп барады. Олар қаржы жағдайына нақты ықпал жасап, экономиканың рынокқа қарай қозғалысын тежеп отыр.

Елдің мемлекеттік қарызын шамамен 500 млрд сомнан астам деп бағалай отырып, қарыздың құрылымын білу қажет. Сөз жоқ, онда мемлекеттің берешегіне жататын элементтер бар. Бұлар халық сатып алған заем облигациялары. Онда әдеттен тыс, басқа елдерге тән емес элементтер де бар. Мысалы, халықтың жинақтаған қаржыларын пайдалану. Аз уақыт ішінде бұл элемент шамамен 180 млрд сомға өсті. Тым әдеттен тыс жағдай қалыптасты,

өйткені халықтың жинақтаған қаржысын мемлекет қарызға алып, пайдаланып қойды. Мемлекеттік сақтандырудың резерв қорының жайы да нақ осындай. Мемлекеттік қарыздың бұл элементтерін де халықтың борышы деп санауға болады. Бұл қарызды қалай өтеу керек деген мәселе туады. Қай бір экономистер бағалы қағаздар шығарып, оларды салымшыларға беруді ұсынады. Алайда бізде бағалы қағаздар шығарып, оларды салымшыларға беруді ұсынады. Бізде бағалы қағаздар рыногының әлі де өте нашар дамығандығына байланысты, салымшыларды ынталандыру үшін салымдар бойынша төленетін пайыз ставкаларын арттыру қажет.

Мемлекеттік бюджетті тұрақтандыру және оның тапшылығын қысқарту үшін қандай шаралар ұсынуға? Бұл проблеманы ешкімнің мүдделеріне нұқсан келтірмей шешу мүмкін емес нәрсе. Бүкіл мәселе кімнің мүдделерін уақытша елемей қалдыру қажет екенінде. Кәсіпорындардың ба, халықтың ба? Бірінші жағдайда: қандай салалар, қызмет бағыттары, меншік формалары кейінге қалдырылмақ? Екіншісінде, қандай әлеуметтік топтар? Егер біз бюджет тапшылығын ұлттық жалпы өнімнің 2,5-3% бөлігі болатын оңтайлы шамаға жеткізіміз келсе, оны тіпті де оңай емес мәселелерді дереу шешу керек.

Бірінші кезекте бюджет шығыстарының барлық баптарына тағы бір рет мұқият талдау жасау, бір жерінде "қысу", қайсыбір шығындарды жақсы кездерге қалдыру, кейбір шығындардан жай ғана бас тарту керек болады.

Әрине халықтың тұрмыс деңгейінің төмендеуіне тікелей байланысты емес шығыстардан бастау керек. Республикада ең алдымен 1990 жылы басталған объектілерді қоса алғанда, өндірістік құрылысқа арналған күрделі қаржыны (20-30 пайызға); екінші дәрежелі шығындарды және жағдайдың өзгеруіне байланысты нысаналы мақсатын жоғалтқан шығындарды, мерзімінде итерілмеген қаржыларды қысқарту; 3-5 жылдан ерте пайда бермейтін, бұрын қабылданған барлық инвестициялық бағдарламалардың күшін жою; мемлекеттік кәсіпорындарға қаржы бөлуді азайту көзделуде. Мемлекеттік бюджет тапшылығын қысқартудың басқа бағыттары ішінен қорғаныс шығындарын қысқартуды, басқа мемлекеттерге көмек көрсетуден бас тартуды, басқару аппараттарын ұстау

шығындарын қысқартуды атап көрсеткен жөн. Басқа шығындар ішінен экспорт = импорт операцияларының залалдығын өтеуге жұмсалатын шығындарды бөліп айтуға болады. Бұл залалдар біздің экспорт құрылымының ұтымды болмауына, ал екінші бірінде — жабдықтар, машиналар және халық тұтынатын тауарлар сатып алу үшін еркін конверсияланатын валюта алудың қажет екеніне байланысты. Бюджет тапшылығының оның халықтың тұрмыс деңгейіне тікелей әсер етпейтін шығындарын қысқарту есебінен кемітудің қазіргі азды-көпті нақты мүмкіндіктерді, айтар болсақ, міне осылар белгілі бір мақсаттарға бөлінетін бюджет қаражаттарын қысқарту жөнінде шаралар қолдана отырып, "сараңның шығыны екі есе" деген нақылды ұмытпау керек. Таяу болашақта мемлекеттік бюджетті үнемдеу саясаты туғызған бұдан әлдеқайда қиын жағдайдан шығу жолын іздестіріп жүрмесек болғаны. Тегінде, қалай дегенмен де бюджеттің кіріс көбейту жолдарын іздестіру қажет. Бұл арада да ортақ істің игілігі үшін жекелеген кәсіпорындардың мүдделерін елеусіз қалдыра тұруға тура келеді. Біз кәсіпорындарда артық ақшаның көп қоры (олар құнсызданып отырған жағдайда) болып отырғанда, өнім тапшылығын жоя алмаймыз. Сірә, белгілі бір уақыт аралығында жеңілдікті салық салу және қосылған құнға салынатын салық нормасын қатаң ұстану керек болар. Егер салық салу жөніндегі жеңілдікті салық салудың қандайын болса да мейлінше жіктеп, кәсіпорындардың пайдасына салық салу және қосылған құнға салынатын салық нормасын қатаң ұстау керек болар.

Біздің импорттың сапасын құрылымына мейлінше мұқият талдау жасауға тура келеді. Іс жүзінде қосымша мәселе ретінде жарияланған экономикалық тәуелсіздігі дегеніміз, әрбір республиканың қаржы дербестігі мен берік қаржы базасын нығайту. Бұл түсінікті де, өйткені қаржы жағынан тәуелді болып отырғанда, шын мәнінде егеменді болу мүмкін емес. Сондықтан экономикалық егемендіктен қаржы (дербестігі) жағы түпкі деп те айтуға болады.

Қазіргі уақытта республикаларда қаржы бюджеттерін қалыптастыру көздерін айқындап, олардың тапшылығын жою жөніндегі шаралар белгіленген салық салу туралы заңдар қабылданды, мұның өзі олардың егемендігін нығайтудағы маңызды қадам болып табылады.

12.4. Несие, оның мәні және ұйымдастыру принциптері.

Несие мекемелері

Нарықтық экономикаға көшу ақша-несие жүйесін де қайта құруды талап етеді. Бұл жалпы халық шаруашылығын басқаруды қайта құрудың табиғи құрамдас бөлігі және ол кредит қатынастарын да қамтиды.

Кредит қатынастары болуының объективті түрде қажеттілігі қоғамдық ұдайы өндіріс процесіндегі тауар ресурстары мен ақша қаражаттары айналысының заңдылықтарына байланысты.

Экономикалық категория ретінде — несие кәсіпорындар халық арасында несие қорын қалыптастыру мен пайдалану негізінде, яғни қаражатты жинақтап, оны мерзімі қайтарылатыны және процент төлейтіні көрсетілген шарттармен, уақытша пайдалануға беру негізінде қалыптасатын қатынастарды білдіреді.

Ресейде Қазан революциясына дейін кредит жүйесінің үш-төрт қабатты рыноктық қатынастарға қызмет көрсету бейімделген, құрылымы болған. Олардың құрамына мыналар кірген: орталық банк I қабат, коммерциялық және жер банкілері жүйесі II, сақтандыру компаниялары III қабат, сондай-ақ бірқатар мамандандырылған институттар.

Кеңес үкіметі жылдарында кредит жүйесіне реформалар жүргізіліп, олар жүйенің шамадан тыс ірілендіруі мен орталықтандырылуына себепші болады. Шынына келгенде тек біреуі - Мемлекеттік банкі, Құрылыс банкісін, Сыртқы сауда банкісін қамтыған ортанғы қабат қана қалды. Мұндай өзгерістер сөздің кең мағынасында жойылып, әкімшіл-әміршіл басқару жүйесіне көшеді.

Бұл реформаның кемшіліктері мыналар:

- вексель айналысының болмауы;

- шынына келгенде, банкілердің екінші мемлекеттік бюджет ролін атқаруы, оның үлесіне кәсіпорындардың, әсіресе ауыл шаруашылығындағы кәсіпорындағы қарыздарын кешіру мен есептен шығарып отыру тиімді;

- шаруашылықтың барлық салаларына қайтадан кредит беру жөніндегі шексіз-шетсіз операциялар;

- банк мамандандырылуының жойылуы;

- кәсіпорындарда балама кредит көздерінің болмауына байланысты туған монополизм;

- пайыз ставкаларының төмен деңгейі;

- банклердің әртүрлі салалар қызметіне нашар бақылау жасауы;

- несие және қағаз ақшаның бақылауға келмейтін имиссиясы 1987 жылғы банк жүйесіне жүргізілген реформа кредит жүйесіне еш жаңалық енгізген жоқ және нақ сондай сипатын сақтап қалды. Үш банкінің монополиясын бірнеше банкінің монополиясы алмастырды. Жаңа банк жүйесіне Мемлекеттік банк, Аграрлық-өнеркәсіптік банк, Өнеркәсіптік-құрылыс банкісі, Жинақ банкісі, Сыртқы экономикалық банк енді.

1987 жылғы қайта құру, біздің несие жүйеміздің құрылымының туып келе жатқан рыноктық қатынастардың қажеттеріне еш бір жақындатпай, бір қабаты жүйені сақтап қалды, бұған тауар ретінде коммерциялық және кооперативтік банкілер стихиялы түрде құрыла бастады.

1990 жылы мемлекеттік банктер мен коммерциялық банктер жүйесінің комитетін екі қабатты немесе екі сатылы жүйесі негізделген реформа ұсынылды. Банк жүйесін ұйымдық жағынан қайта құрумен қоса несие механизмі де, атап айтқанда несие беру әдістері де қайта құрылады. Несие берудің көптеген түрлері мен шарттарынан бас тарту, кредит беру жүйесін оңайлатып, оралымдылығын арттыру көзделуде. Кейіннен несие беру объектілерінен, несие беру субъектілеріне кету күтілуде. Несие бойынша берешек қысқа мерзімді, орташа мерзімді және ұзақ мерзімді қарастырылады. несие жүйесі солардың ішінде белгілі принциптеріне: материалдық қамсыздандырылуға, мерзімділігіне қайтарылатындығына, алқымдылығына негізделеді.

Сонымен бірге шетелдік банкілердің клиенттерге материалдық қазыналармен қамтамасыз етілмеген, бірақ қарыз алушының озық техникалық идеясымен, тамаша іске басшылық беделімен, "қамтамасыз етілген" несие беру жөніндегі пайдалы тәжірибесін де ескеру қажет. Американ банкирлерінің көпшілігі фирманың кредитке қабылеттілігін айқындайтын факторлардың ішінде несиенің қамтамасыз етілуі, әдетте, онша маңызды емес деп санайды. Несие оны өтеуге қарызды қамтамасыз ететін активтерді сату керек

болады деген емес, қайта уағдаластыққа сәйкес өтеледі деген есеппен беріледі.

Банкілерді коммерциялық негізге көшуіне байланысты олардың инвестициялық саясатында елеулі өзгерістер жасалады деп күтуге болады. Егер бұрын агроөнеркәсіптік кешен кәсіпорындардың бәрі қатаң түрде тек қана КСРО Аграрлық-өнеркәсіптік банкісіне бекітіліп, басқа банкілеріне "көшу" мүмкіндігі болмай келген болса, қазіргі уақытта әрбір клиентке қызмет көрсететін банк таңдауға құқық берілген.

Коммерциялық банкілердің тым көбеюі рыноктық қатынастарға, жарналық негіздегі коммерциялық банкілердің ұйымдастырылуы – ақша рыногын жасауға қарай жасалған алғашқы қадам. Бұл банкілер таратылатын қаражаттар және басқа банкілерге берілген несиені бойынша проценттік ставкаларды өз бетінше белгілейді.

Нарықтық экономикаға көшу банк қызметін коммерцияландыру процесін жеделдету талап етті. Бұл оларды акционерлендіруге әкеп тіреді.

Коммерциялық банкілер шарттық жағдайда заңды ұйымдармен азаматтарға кредит, есеп-айырысу немесе банк қызметін көрсетуді жүзеге асырады. Олар әр түрлі фабрикаларда: акционерлік қоғамдар және жауапкершілігі шектеулі, шетел капиталы қатысатын қоғамдар формасында ұйымдастырылады. Операцияларының түрі бойынша олар әмбебап және мамандандырылған болып бөлінеді.

Бұрынғы Жалпыодақтық коммерциялық банкілердің, Сыртқы экономикалық банкінің, Өнеркәсіптік-құрылыс банкісінің және Жинақ банкісінің қызметінде елеулі ерекшеліктер бар.

Сыртқы экономикалық банк акционерлік-коммерциялық банкіге айналып, оның негізгі функциясы шетелден несиелер тарту мен мемлекеттің валюталық ресурстардың орналастыруы болды. Өнеркәсіптік-құрылыс банкісіне мемлекеттің одақтық маңызы бар ірі бағдарламаларға несиені беру жөніндегі агенті функциясы жүктелген болатын.

Жинақ банкісі халықтың ақша қаражатын тарту және несиені беру жөніндегі операцияларды жүзеге асырып отырды.

1991 жылы несиені бойынша барлық банкілерге міндеті неғұрлым жоғары ставкалар: мерзімі 1-жылға дейінгі кредиттер бойынша 6 пайызға дейін, 1-жылдан 3-жылға

дейін 9 пайызға дейін, 5-жылдан астам мерзімі 11 пайызға дейін ставкалар қолданылады.

Банк жүйесінде болып жатқан өзгерістерді сипаттай келіп, оның рыноктық қатынастарды.

12.5. Әлем елдеріндегі бірлескен кәсіпорындардың қаржылары

Осы заманда әрбір әлем елдерінің жағдайына сай, біздің экономикамыз үшін жаңа қазіргі қаржы қатынастарының маңызды мәселесі, шетелдік әріптестермен бірлескен кәсіпорындардың қаржысы болып табылады. Бұл арада ең алдымен бірлескен кәсіпкерлік жағдайында жарғылық қорларды бағалау, қызметке несиені беру көздерімен түрлерін таңдап алу, тәуекелдің барлық түрлерін саралау, бағалау және олардан сақтандыру жайында мәселе қойылады. Бұл мәселелердің пысықталмағандығы шетелдік инвесторлардың толып жатқан басқа себептерді есептемей, бірлескен кәсіпорындар құруға асқан сақтықпен аяқ басуына әкеп соғады.

Бірлескен кәсіпорындардың жарғылық қорына үлес заттай күйінде де, дүниежүзілік рыноктағы бағаны ескере отырып, шарттық баға бойынша соммен де енгізілді. Сондай-ақ шетелдік қатысушының валюта түріндегі үлесі де бағаланып, ол кейіннен коммерциялық курс бойынша сомға шағып қайта есептеледі. Валюта курсы бірлескен кәсіпорын құру туралы шартқа қол қойылған күнгі, не оған қатысушылар келіскен басқа бір күнгі курспен есептеледі.

Тағы бір маңызы – жарғылық қордың мөлшері мен оны қатысушылардың төлеуі. Қор мөлшерін анықтаған кезде қатысушылар: несиені беру көздерін тартудың дұрыс болатыны бойынша қалыптастырылған жарғылық қорды негізге алады.

Бірлескен кәсіпорынды қаржыландырудың маңызды көзі несиені болып табылады. Несиені механизмінің мақсаты – банк жүйесінің қаражатын шоғырландыру негізінде бірлескен кәсіпорындардың өндірістік қорлары айналысының пайызын қайтару, төлеу және мерзімділік негізінде қосымша ақша ресурстарымен қамтамасыз ету. Несиені алу үшін бірлескен кәсіпорын несиені бере алатын банкімен кредиттік келісім жасады. Сом түріндегі несиені

өндірістік құрылысқа және кәсіпорынның материалды базасын нығайтуға 6 жыл мерзімге берілуі мүмкін.

Банк берілген соманың қамтамасыз етілуін кәсіпорынның балансы бойынша ай сайын тексеріп отырады.

Бірлескен кәсіпорынның қаржы-кредит және кредит қызметі тәуекел етудің әр алуан түрлері болатынымен және олардан сақтану қажет екенімен байланысты. Олардың коммерциялық, валюталық, техникалық-технологиялық, саяси түрлері болуы мүмкін. Біздің елімізде тәуекелдің кейбір түрлерін қазіргі уақытта "Ингосстрах" қоғамы сақтандырады.

12.6. Әлем нарығы жағдайындағы қаржы және банк жүйесі

Әлем қаржы жүйесі және оның нарықтық қалыптасуында негізгі атқаратын ролі - қаржы-қаржыландыру мен әр елдің ұлттық, жалпы алғанда әлем экономикасының дамуының ірге тасы болады. Қалыпты ұдайы өндірісті қамтамасыз етуге қажетті ақша ресурстарының болуы мен оны пайдалану жүйесі қоғамның қаржысы болып табылады.

Қаржы экономиканы басқарудың барлық жақтарын жалғастырады. Мемлекет пен кәсіпорындар, халық арасындағы байланысты, яғни кәсіпорындар мен халықтың салық төлемдері, сондай-ақ әр түрлі қорларға бөлінетін қаржы мемлекеттік бюджетті қалыптастыру жөніндегі қаржы қатынастарын жүзеге асырады. Қаржы жүйесі дегеніміз: ақша қаражаты қорларының құрылуына, бөлінуіне және пайдалануына себепші болатын қаржы қатынастарының жекелеген салаларының /буындарының/ жиынтығы, сондай-ақ қаржы мекемелерінің жүйесі, кәде оған несие мекемелері де қосылып, қаржы-несие жүйесі ретінде қарастырылады. Сонымен қаржы қатынастары қоғамның экономикалық өмірінің елеулі жақтарын қамтиды және оларды жетілдіру экономиканың рыноктық қатынастарға көшугінде алға қарай жасалған қадам болып табылады.

Қазіргі уақытта республикаларда қаржы бюджеттерін қалыптастыруы көздерін айқындап, олардың тапшылығын жою жөніндегі шаралар белгіленген салық салу туралы

заңдар қабылданды, мұның өзі олардың егемендігін нығайтудағы маңызды қадам болып табылады.

Банк жүйесінде болып жатқан өзгерістерді сипаттай келіп, оның рыноктық қатынастарды жасауда едәуір ілгері басқанын атап көрсету керек. Бірлескен кәсіпорынның қаржы-несие және несие қызметі тәуекел елдің әр алуан түрлері болатынымен және олардың сақтану қажет екенімен байланысты. Олардың коммерциялық, валюталық, техникалық-технологиялық саяси түрлері болуы мүмкін. Біздің елімізде тәуекелдің кейбір түрлерін қазіргі уақытта "Ингосстрах" қоғамы сақтандырады.

12.7. Әлемдегі ақша жүйесінің мәні және түрлері

Дүниежүзінде әр түрлі ақша айналымының жүйелері бар, ол тарихи даму кездерінен өткен және әр мемлекеттің заңымен бекітілген. Ақша айналымының басты компоненттері мыналар:

1. Ұлттық ақша өлшемі (доллар, теңге, сом, франк, марка, иена, крона және т.б) олар арқылы тауарлар мен қызмет көрсету бағалары белгіленеді.

2. Несие және қағаз ақшалар, монеталар жүйесі, олар қолма-қол айналымдағы заңды төлем құралдары болып саналады.

3. Ақша эмиссиясы жүйесі, яғни айналымға ақша шығарудың заңды түрде бекітілген тәртібі.

4. Ақша айналымын реттеп отыратын мемлекеттік органдар.

Ақша айналымы жүйесінің негізгі екі түрі бар:

1. Металл ақшалар айналымы жүйесі. Мұнда алтын немесе күміс монеталар айналымда болады, олар ақшаның барлық қызметтерін атқарады.

2. Несие және қағаз ақша айналымы жүйесі. Бұлардың ерекшелігі алтынға айырбастала алмайды, алтынның өзін айналымынан ығыстырады.

Тарихи металл ақша айналымының биметализм және монометализм деген түрлері қалыптасты. Биметализм алтын мен күмісті пайдалану негізінде XVI-XIX ғасырларда Батыс Еуропа елдерінде пайда болды. XIX ғасырдың соңында күміс өндірісі жағдайларының өзгеруіне сәйкес ол құнсызданып, алтын мен арасалмағы өзгерді. Күміс монеталардың көбеюі

оларды шығаруды тоқтатты. Сөйтіп биметализмді монометализм ауыстырды, мұнда ақша материалы болып, бір ғана металл-алтын есептелетін болды. Қағаз және несие ақшалары осы металлға еркін айырбасталды. Монометализмнің үш түрі белгілі:

1. Алтын металы стандарт. Ол бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін қолданылып, қағаз және несие ақшалардың алтынға еркін айырбасталуымен сипатталады.

2. Алтын кесек стандарты. Ол Англия мен Францияда бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде енгізілді.

3. Алтын девиздер стандарты, ол 20- жылдарда көптеген елдерде енгізілді, мұнда банкноттарды алтынға шағылған шетелдік валютаға айырбастады. 1929-1933 жылдардағы дүниежүзілік экономикалық дағдарыс монометализм дәуірін тоқтатты.

XX ғасырдың 30 жылдарынан бастап Батыс елдерінде бірте-бірте несие ақша жүйесі қалыптаса бастады. Оның айырықша белгілеріне мыналар жатады: несие ақшалардың үстемдік жағдайы, алтынның айырбастан кетуі, банкнотты алтынға айырбастауды жою және оның алтындық мазмұнын жоққа шығару, жеке кәсіпкерлерге, мемлекетке несие беру мақсатында ақша эмиссиясын күшейту, қолма-қол емес айналымды айтарлықтай кеңейту, ақша айналымын мемлекеттік реттеу.

Қазіргі кезде қағаз және несие ақшаларды шығаруды мемлекет тікелей өз билігіне алды.

Ақша массасы халық шаруашылығындағы тауарлар мен қызметтің айналымын қамтамасыз ететін сатып алу мен төлемдердің жиынтығы. Олар жеке адамдарда, кәсіпорындарда, бірлестіктер мен ұйымдарда және мемлекетте болады.

Қазіргі рыноктық экономикада банктік ақша дәуірі басталады. Банктік ақшаға чектер, несие карточкалары және т.б жатады. Ақша массасының құрамына тікелей сатып алу немесе төлем құралы ретінде пайдаланылмайтын компоненттері "квази-ақша" деп аталады. Ақша айналымы құрылымындағы ең қомақтысы да және ең тез өсетін бөлігі де осы "квази-ақшалар".

Профессор П.Самуэльсон квази-ақшаларды өтімді активтер деп атады. Активтердің ең өтімді түрі — ақша. Жоғары өтімді мүліктерге алтын, бағалы металдар мен

тастар, мұнай, өнер шығармалары жатады. Өтімі төмендеу болатындарға үйлер, құрал-жабдықтар жатады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, ақша айналымы құрылымында мынадай компоненттерді бөліп көрсетеді, оларды ақша агрегаттары M^1 және M^2 деп атайды. M^1 - мағынасындағы ақшаны басқаша "іскерлік ақша" деп те атайды. Бұл қолма-қол ақша мен монеталарды, яғни банктен тыс айналатын ақшаларды және банктің ағымдағы есеп шотындағы ақшаларды қамтиды. Олар ағымдағы есепшоттағы депозиттер қызметтерін түгел атқарады және қолма-қол ақшаға жеңіл айналады. M^2 -кең мағынадағы ақша, ол M^1 -дің барлық компоненттерін қамтиды және коммерциялық банктердің жедел жинақ есепшоттарындағы ақшаны, маманданған финанс институттарындағы депозиттерді де қосып алады. Мерзімдік салымдардың иелері алымдағы салымдармен салыстырғанда жоғары проценттік табыс табады, бірақ олар салымдарын көрсетілген мерзімнен бұрын ала алмайды. Сондықтан мерзімдік жинақ есепшоттардағы ақшаларды сатып алу және төлем қаржылары ретінде пайдалана алмайды, бірақ олар өз потенциалы тұрғысынан есеп айырысуға жарамды. M^1 және M^2 -лердің айырмашылығы M^2 -де квази-ақшалар бар, оларды іс үшін пайдалану қиын.

Біздің елімізде соңғы уақытқа дейін ақша агрегаттары есептелмеді және пайдаланылмады. Теориялық жағынан ол маркстік экономикалық теорияның квази-ақша мен қолма-қол ақшаны біріктіруге болмайды, өйткені олар әр түрлі категориялы ақша, бағалы қағаздар мен несиелер деген қағидасына негізделеді. Алайда ақша, инвестиция рыногы мен бағалы рыногының арасында тығыз байланыс бар. Мерзімдік есепшоттағы қалған ақшалары мен бағалы қағаздары есеп айырысуға жеткілікті салымшылар оларды өз қажеттеріне жарата алады. Бағалы қағаздар сатудан түскен табыстар тауар, сатудан түскен қаржылары сияқты ағымдағы есепшоттарда сақталады. Ақша агрегаттары күнделікті өмірде мемлекеттік ақша саясатының нысанасы ретінде оң қызмет атқарады.

12.8. Әлем экономикасында қаржыландырумен несие-ақша саясаты

12.8.1. Макро және микроэкономикада

Нарық экономикасы әлемде екі дәрежеде қызмет атқарады, олар "макроэкономика және микроэкономика" болып бөлінеді. Осыған сәйкес экономикалық талдау да - "макроанализ" және "микроанализ" деңгейінде жүргізіледі. Осылай талдау жасаған Дж.М.Кейнстің 1936 жылғы "Еңбекке тарту, процент пен ақшаның жалпы теориясы" деген еңбегі батыс экономистері арасында кең қолдау тапқан.

Микроэкономика - жеке буын немесе негізгі экономикалық буынның (фирманың) қызмет ету саласы. Микроэкономиканың нарық жағдайындағы басты сипаты және негізгі мақсаты - табыс табу.

Макроэкономика - бұл жалпы экономикалық процестер саласы, қоғамдық - "фирмалардың жиынтығы" болып табылады.

12.8.2. Қаржыландыру мен толық жұмыспен қамтуды ынталандырудың несие-ақшалай және қаржы-бюджеттік саясаты

Пайда мөлшерін және сұранысты арттыру ақшалай (номиналды) жалақыны кеміту арқылы болады. Бұл классикалық теорияның концепциясы. Жалақыны қысқарту бағаның төмендеуіне және нақтылы табыстың жалдама жұмысшылардан басқа өндіріс факторларына (кәсіпкерлерге), кәсіпорындардан рантьеге қайта бөлінуіне алып келеді. Жалпы қайта бөлу тұтынуға бейімділікті кемітеді. Осының нәтижесінде күрделі қаржы жұмсаудың тиімділігі артады. Бұдан басқа, бағаның төмендеуімен ақшалай табыстың шектеулігі нақты ақшаға сұранысты азайтады. Өз кезегінде қарыз өсімінің деңгейі төмендеп қаржыландыруға қолайлы жағдайлар жасалады. Бұл жол, жалақының икемді саясаты атанып, ақшалай жалақы бірлігінде көрсетілген ақша санын өзгерту әдәсін бейнелейді. Рыноктық экономика жағдайындағы демократиялық қоғамда бұл саясатты жүзеге асыру күрделі мәселе. Автаритарлық қоғамда ғана жалақы - қаржы саясаты арқылы жоғарыдан

реттеледі. Нарықтық экономикада жалақыны біржақты қаулылар арқылы реттеу, әсіресе төмендету кәсіподақтардың қарсылығына ұшырайды. Екіншіден, бұл саясат нәтижесінде бағаның тұрақсыздығы артып, кәсіпкерлер арасындағы іскерлік байланыстарды қиындатады. Мұның салдары қаржыландыру сұранысына да теріс әсерін тигізді. Жалақы саясатының теріс жақтарын болғызбау үшін ақша саясатын да шұғыл өзгертпін отыратын іс-әрекет механизмі керек. Ашық нарықтағы несие-ақшалай мөлшерін реттеу, есептік ставка мен міндетті қосалқы қор мөлшерін реттеу, осының барлығын Кейнстің есебі бойынша үкіметтің қолынан келеді. Жалақы бірлігіндегі ақша мөлшерін көбейту жалақының мөлшерін өзгертпей-ақ өсім дәрежесін төмендетуге, бағаның және қаржылардың шекті тиімділігін арттыруға жол ашады. Сондықтан бұл қаржыландыру сұранысы мен толық жұмыспен қамтуды ынталандырады. Жинақ ақшаның өсімінің төмендеуі тұтынуды арттырып, банктерден ақшаның кетуін тездетеді.

12.8.3. Қаржыландырудағы Кейнстің негізгі концепциясы

Тікелей кәсіпкерлікпен айналысудан басқа Кейнс мемлекетке тиімсіз өндіріс салаларын, коммуналдық шаруашылықты, жәрдемақы төлеуді қаржыландыруды ұсынды. Мемлекеттік шығындарды Кейнс мемлекеттік бюджеттің кірістік бөлігімен ғана шектеп қоймай, тапшылықты қаржыландырудың да көзі екендігі белгілі. Ол мұндай шаралардың инфляцияны қоздыратынын түсінді, бірақ инфляцияның қарқынын мемлекет реттейді, өйткені бюджет тапшылығының көлемі мен ақша шығару соның қолында деп есептейді. Экономиканың тарихи дамуы бұл көзқарастың дұрыс екенін көрсетті. Сұраныстың бюджеттік ұлғаюы жұмыссыздықтың азаюының шешуші факторларының бірі болады және экономикалық мәселелерді шешуден басқа әлеуметтік қайшылықтардың өткірлігін бәсеңдетуге әсерін тигізді. Сонымен қатар, Кейнс өндіріс көлеміне, табысқа және жұмыспен қамтуға әсері тұрғысынан мемлекеттік шығындардың қажеттілігі мен тиімділігін негіздеу үшін "мультипликатор" теориясын ұсынды. Кейнстің негізгі мақсаты іске тартуды мемлекеттік реттеу болса да, ол жұмыссыздықтың толық жойылуын қаламады.

Керісінше, оны төмен деңгейде болса да сақтауды ұсынды. Кейнстің пікірі бойынша жұмыссыздықты толық жою ақшалай жалақының артуын туғызып, кәсіпкерлердің пайдасын азайту арқылы қаржыландыру сұранысты кемітеді. Жұмыссыздықтың болуы жалақыны "шектеу" саясатын жүзеге асырып, "тиімді сұраныс" жағдайын қамтамасыз етуі тиіс. Сол себепті Кейнс үшін іске толық тарту түпкі мақсат емес, тек "тиімді сұранысқа" жетудің құралы ғана және де ол кәсіпкерлік табысқа тәуелді жағдайда болады.

12.8.4. Экономикалық реттеу және қаржыландыру

Дж.М.Кейнстің концепциясы экономиканы мемлекеттік реттеудің ұзақ мерзімдік тәжірибесінің негізі болды. Бұл концепция әр түрлі елдердегі өндіргіш күштердің даму деңгейіндегі байланысты және сол елдердің өзіндік ерекшеліктеріне сай қолданылады.

Кейнстік реттеу моделін талдауды аяқтай келе оның негізгі сипаттарына тоқталайық:

1. мемлекеттік бюджет арқылы қайта бөлінетін ұлттық табыс үлесінің жоғары болуы, мысалы, ол Жапонияда-34,2%, АҚШ-та-37,6%, Батыс Еуропада-50% және одан жоғары бұл жерлерде үлестің өсу тенденциясы байқалып отыр;

2. мемлекеттік және аралас кәсіпорындар негізінде кең ауқымды мемлекеттік кәсіпкерліктің пайда болуы;

3. экономикалық конъюнктураны тұрақтандыру, кезеңдік ауытқуларды болдырмау және өсу мен іске тартылудың жоғары қарқынын қамтамасыз ету үшін, кең түрде несие-ақшалай және бюджеттік-финанстық реттегіштерді пайдалану.

Дж.М.Кейнс ұсынған мемлекеттік реттеудің үлгісі Батыс елдеріндегі өндіріс қайшылықтарын ондаған жылдар бойында реттеуге мүмкіндік берді. Оның концепциясы белгілі бір тарихи даму кезеңдерінде шаруашылық даму тенденциясының объективті бағдарламаларына игі әсерін тигізді. Екі дүниежүзілік соғыс арасында және одан кейін "Кейнс үлгісі", өндірістің өсуін, еңбек өнімділігінің үздіксіз артуын, өндіріс тиімділігі көрсеткіштерінің жоғарылауын қамтамасыз етті. Солардың әсерінен ұлттық табысты қайта бөлу механизмінің тиімділігі артты. 70 жылдардан бастап

FTP-ға байланысты өндіргіш күштер дамуының жаңа заңдылықтары белең ала бастады. Олар мемлекеттік реттеулі екенін көрсетті. Бұл кезең капитал әлеміндегі қоғамдық өндіріс жағдайларының өзгергендігін көрсетті. Өндірістің даму қарқыны төмендеп, жұмыссыздық деңгейі арта бастады. Инфляция шектен тыс шамаға жетті. Мұның өзі Кейнс ілімдерінің ізбасарларының бірі Филлипстің жұмыссыздық пен инфляция бір мезгілде қатар өсуі мүмкін емес деген заңын теріске шығарды. Инфляцияның өсуі, өндіріс қарқынының төмендеуі мен жұмыссыздықтың өсуі жаңа экономикалық жағдайлардың қалыптасқанын көрсетті, яғни Кейнс концепцияларының әлеуметтік-экономикалық шегін айқындады.

12.8.5. Бюджет және экономиканы жандандыру

Бюджет тапшылығын қаржыландыру мен экономиканы жандандыру мақсатындағы несие-қаржы ұйымдарының басқыншылық саясаты ақша-қаржыларын үздіксіз көбейтіп, инфляцияны одан әрі өршітеді. Инфляцияны шектей отырып, өндірістің өсуі мен жұмыспен қамтуды қалай ынталандыруға болады және өндірістің өсуімен жұмыссыздықты шектемей тұрып инфляциямен қалай күресуге болады? Кейнстік теория бұл сұрақтарға жауап бере алмады. Сонымен қатар Кейнстік мемлекеттік реттеу үлгісі жаңа замандағы FTP-дың жаңа сатысы өндіріс салалары мен компаниялардың жаңа техника, технология және кәсіптік білімнің серпінді, өте тез өзгерістеріне шұғыл түрде бейімделуін қажет етеді. Ал, мұның өзі көлемді күрделі қаржылардың бағыт-бағдарын жаңаша айқындауға және мемлекет тарапынан қойылатын шектерді алып тастауға, яғни кәсіпкерлікке барынша еркіндік беруді талап етеді. Бірақ пайданың басым бөлігін салықтар арқылы алып қою және орталықтандырылған реттеу жүйесінің бюрократтық құрылымы игі өзгерістер мен техникалық прогреске елеулі кедергі болады. Мысалы, АҚШ-та 70-жылдар соңында 58 реттеуші орындар жыл сайын 7 мыңға жуық ережелер мен нұсқаулар арқылы жеке кәсіпкерлікті шектеп отырды. 1978-1981 жылдардағы экономикалық дағдарыс екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі ең терең дағдарыс болды, сонымен қатар ол, экономиканы

мемлекеттік реттеу үлгілерінің де дағдарысын көрсетті. Осы дағдарыс нәтижесінде мемлекеттік реттеудің түбірлі қайта құрылуы жүзеге асып, неоконсервативтік мемлекеттік реттеу концепциясы қалыптасты.

12.9. Әлем елдеріндегі қаржы, ақша және несие

Әлем деңгейіндегі ғылымда қалыптасқан экономикалық теорияда, әр елде әлеуметтік-экономикалық негіз салуда ең басты мәселелердің бірі, тіпті ең басты проблеманың бірі, ол - қаржы, қаржыландыру жүйесі. Макроэкономикалық деңгейде халық шаруашылығын инвестициялық шешім жасау, жалпы алғанда қаржы оның анықтамасы барлық ақша ресурстарының қосындысы болып келеді. Бүкіл ел, мемлекет көлеміндегі қаржыны қалыптастыру, топтастыру, бөліп бағыттау, пайдалану, инвестиция мәселелерін шешу, ұйымдастыру, басқару, қаржы қаржыландыру мәселелерін шешу.

Мемлекеттік қаржы оның материалдық мазмұны негізінен ақша қорының жинағы болып келеді. Атап айтсақ, қандай бір мемлекет болмасын, ол жалпы қоғамдық өнімді және ұлттық кіріс-табысты бөліп-бағыттап пайдалану және қайта қарап, бөліп беріп отыру, ақшалай қаржыландырудың басты міндеті болып келеді. Негізінен қаржы қоғамдық экономикалық қатынастың негізін салады. Онымен тікелей байланысты болады, әсіресе жинақтау процесінде орталық және шет ақша қорларын бөліп-бағыттап пайдалануда, жалпы қаржы пайдалануда байланысты болады. Адам баласы эволюциялық дамуда тікелей өнім, тауар айырбастау процесінен тауар ақша қатынасына көшті.

Жалпы алғанда ақша ол бар дүние мүліктің, тауардың эквиваленті болып келеді.

Сондықтан да әр бір мемлекет өзінің қызметінің процесінде экономиканы басқаруда және әлеуметтік процестерді ұйымдастырып басқаруда барлық кіріс-табысты есепке алып, сонымен бүкіл ел шығынын есептеп, есепке алып, ақшалай негізде даму деңгейін жасап отырады.

Сонымен бірге "Несие"- қарыз капиталының қозғалысы, несие беру мүмкіндігі ақысын төлеу, қайтарып беру және мерзімдік принциптеріне құралған. Экономикалық категория ретінде несие құлиеленушілік

қоғамда өсімқорлардың ақшаны қарызға беруінен басталып, өзінің айтарлықтай даму дәрежесіне буржуазиялық қоғамда қарыз капиталын пайдалану арқылы жетті. Несие нарықтық экономика тұсында маңызды қызметтер атқарады.

12.9.1 Әлем экономикасындағы ақша жүйесінің мәні және түрлері

Дүние жүзінде әр түрлі ақша айналымының жүйелері бар, ол тарихи даму кезеңдерінен өткен және әр мемлекеттің заңымен бекітілген. Ақша айналымының басты компоненттері мыналар:

1. Ұлттық ақша өлшемі (доллар, теңге, сом, франк, марка, иена, крона және т.б.) олар арқылы тауарлар мен қызмет көрсету бағалары белгіленеді.

2. Несие және қағаз ақшалар, монеталар жүйесі, олар қолма-қол айналымдағы заңды төлем құралдары болып саналады.

3. Ақша эмиссиясы жүйесі, яғни айналымға ақша шығарудың заңды түрде бекітілген тәртібі.

4. Ақша айналымын реттеп отыратын мемлекеттік органдар.

Ақша айналымы жүйесінің негізгі екі түрі бар.

1. Металл ақшалар айналымы жүйесі. Мұнда толыққанды алтын немесе күміс монеталар айналымда болады, олар ақшаның барлық қызметтерін атқарады.

2. Несие және қағаз ақша айналымы жүйесі. Бұлардың ерекшелігі алтынға айырбастала алмайды, алтынның өзін айналымнан ығыстырады.

Тарихи металл ақша айналымының биметализм және монометализм деген түрлері қалыптасты. Биметализм алтын мен күмісті пайдалану негізінде XVI-XIX ғасырларда Батыс Еуропа елдерінде пайда болды. XIX ғасырдың соңында күміс өндірісі жағдайларының өзгеруіне сәйкес ол құнсызданып, алтынмен арасалмағы өзгерді. Күміс монеталардың көбеюі оларды шығаруды тоқтатты. Сөйтіп, биметализмді монометализм ауыстырды, мұнда ақша материалы болып, бір ғана металл — алтын есептелетін болды. Қағаз және несие ақшалары осы металлға еркін айырбасталады.

Монометализмнің 3 түрі белгілі:

1. Алтын монеталы стандарт.

2. Алтын кесек стандарты.
3. Алтын девизор стандарты

XX ғасырдың 30 жылдарынан бастап, Батыс елдерінде бірте-бірте несие ақша жүйесі қалыптаса бастады. Оның айрықша белгілеріне мыналар жатады: несие ақшалардың үстемдік жағдайы, алтынның айырбастан кетуі, банкнотты алтынға айырбастауды жою және оның алтындық мазмұнын жоққа шығару, жеке кәсіпкерлерге, мемлекетке несие беру мақсатында ақша эмиссиясын күшейту, қолма-қол айналымын мемлекеттік реттеу.

Қазіргі кезде қағаз және несие ақшаларды шығаруды мемлекет тікелей өз билігіне алды.

Қазіргі рыноктық экономикада банктік ақша дәуірі басталды. Банктік ақшаға чектер, несие карточкалары және т.б жатады. Аталған есеп айырысу құралдары банктік депозиттерді де билейді. Тауар мен қызметті төлеуде сатып алушы чек пен несие карточкасы арқылы банктерге өз депозитінен қажетті соманы сатушының есепшотына аудартады немесе қолма-қол беруді бұйырады. Ақша массасының құрамына тікелей сатып алу немесе төлем құралы ретінде пайдаланылмайтын компоненттер де кіреді. Өңгіме коммерциялық банктердегі мерзімді есепшоттағы жинақ салымдары, басқа да несие-қаржы ұйымдарының қаржылары, депозиттік сертификаттар, инвестициялық қорлардағы акциялар туралы болып отыр. Ақша айналымының аталған компоненттері "квази-ақша" деп аталады. Ақша айналымы құрылымындағы ең қомақтысы да және ең тез өсетін бөлігі де осы квази-ақшалар.

Ақша массасы дегеніміз не?

Ақша массасы — халық шаруашылығындағы тауарлар мен қызметтің айналымын қамтамасыз ететін сатып алу мен төлемдердің жинақтығы. Олар жеке адамдарда кәсіпорындарда, бірлестіктер мен ұйымдарда және мемлекетте болады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, ақша айналымы құрылымында мынадай компоненттерді бөліп көрсетеді, оларды ақша агрегаттары. M^1 және M^2 деп атайды. M^1 - мағынасындағы ақшаны басқаша "іскерлік ақша" деп те атайды. M^2 - кең мағынадағы ақша, ол M^1 -ң барлық компоненттерін қамтиды және коммерциялық банктердің жедел жинақ есепшоттарындағы ақшаны, маманданған

(финанс институттарындағы депозиттерді де қосып алады. M_1 және M^2 -дің оларды іс үшін пайдалану қиын, қолма-қол нудару да оңай шаруа емес. Біздің елімізде соңғы уақытқа дейін ақша агрегаттары есептелмеді және пайдаланылмады. Теориялық жағынан ол маркстік экономикалық теорияның квази-ақша мен қолма-қол ақшаны біріктіруге болмайды, өйткені олар әр түрлі категориялы ақша, бағалы қағаздар мен несиелер деген қағидасына негізделді. Алайда, ақша инвестиция рыногы (орта және ұзақ мерзімді қарыз капиталы) мен бағалы қағаздар рыногының арасында тығыз байланыс бар. Мерзімдік есепшоттағы қалған ақшалар мен бағалы есеп айырылуға жеткілікті салымшылар оларды өз қажеттеріне жарата алады. Бағалы қағазды сатудан түскен табыстар тауар, сатудан түскен ақша қаржылары сияқты ағымдағы есепшоттарда сақаталды. Ақша агрегаттары күнделікті өмірде мемлекеттің ақша саясатының нысанасы ретінде оң қызмет атқарады.

Нақтылы өмірде банк депозиттері ұлғаюының мультипликациондық әсерінің нәтижесі көбінесе күнделікті айналымға түскен ақшаның көлеміне байланысты, өйткені банктен қарыз түрінде алынған ақша депозитке түгел қайтарылмай қолма-қол ақша ретінде де жібереді. Біздің мысалымызға тұтынушылардың ағымдағы есепшоттан алғандары ескерілмейді, ал олар банктердің қарыз беру мүмкіндігін азайтады. Ең соңында, банк резервтерінен ақшаларды алу жағдайында мультипликациондық әсер қарама-қарсы бағытта әрекет етеді.

Банктердің жаңа ақша жасауларының, демек, ақша массасының өзгеруінің негізгі факторларына мыналар жатады: резерв ставкасының ең төменгі мөлшері және заемшиктер тарапынан жаңа қарыз алуға деген сұраныс. Бұдан әрі біз осы тұтқаларды пайдалана отырып, мемлекеттік банктің ақша массасы көлемін қалай реттейтінін көреміз.

12.9.2. Әлем елдеріндегі ақша сұранысы мен ұсынысы


Макроэкономикалық тепе-теңдік ақша нарығында белгілі бір тепе-теңдіктің болуын қалайды. Олардың

ішіндегі ең бастысы ақшаға деген сұраныс пен ұсыныстың тепе-теңдігі.

Ақшаға сұраныс шаруашылық агенттерінің сақтап жүрген ақша қаржыларының мөлшерімен анықталады. Шын мәнінде ол ақша қорына немесе қалған номиналды ақшаға деген сұраныс. Ақшаға сұранысты теориялық талдау мен рыноктағы теңдік жағдайларын зерделеу бұл мәселелерде екі негізгі экономикалық мектептің "монетарлық және кейнстік макроэкономикалық үлгілердің" пайда болғанын көрсетеді.

Ақшаға деген сұраныстың монетарлық теориясы неоклассикалық дәстүрлерге сүйеніп, XVIII ғасырларда пайда болды. Бұл теория экономика ғылымында үстіміздегі ғасырдың 30-40 жылдарына дейін үстемдік жүргізген ақшаның сандық теориясының ұсыныстарын басшылыққа алды. Монетаристер экономиканы дамытуда ақшаның роліне үлкен мән береді. Рыноктық шаруашылықтың цикльдік өзгеруін түсіндіруде де ақша массасының маңызы бар деп есептейді. Кейнстік және монетарлық тәсілдердің айырмашылықтарын жақсы білу үшін, алдымен неоклассикалық варианттың сандық теориясына талдау жасайық. Ақшаға сұраныстың неоклассикалық теориясы математикалық тұрғыдан 3 теңдік жүйесінен тұрады, олар кембридж теңдемесімен тығыз байланыста. Біріншіден, бұл теңдеу номиналды ақша қалдығына сұранысты суреттейді.

$M^2 = KPY$ (K = номиналды табыс пен қажетті ақша қалдықтары арасындағы тепе-теңділік; P = бағаның абсолютті деңгейі; Y = нақты табыс). Екіншіден, бұл теңдеу ақшаның ұсыну қызметін сипаттайды: $M_s = M - s$ ($M - s$ = ақшаның номиналды саны). Үшіншіден, бұл теңдеу рыноктағы теңдіктің жағдайларын көрсетеді: $M_s = M_d$ яғни, ақшаға деген жоспарлы сұраныс оның рыноктағы тепе-теңдігін сақтайтындай жоспарланған ұсынысына сәйкес болуы қажет. Демек, неоклассиктердің түсінігінде ақша рыногының макроэкономикалық үлгісі мынаған негізделген: ақшаға деген жиынтық сұраныс ақшалай табыс дәрежесінің қызметі, ал ақшаны ұсыну экзогенді тұрақты мөлшер, яғни ақшаға сұраныстан тыс бөлек тағайындалады. График түрінде бұл үлгіні былай көрсетуге болады.




$M_s M_s$ - ақшаны ұсыну қисық сызығы.

ОМД- ақшаға сұраныстың қисық сызығы.

Кейнстік теория ақшаға сұранысты түсіндіргенде неоклассиктерден мүлдем алшақтайды. Дж.М.Кейнс ақшаға сұранысты түсіндіруде неоклассиктер теориясы өкілдерінің бұл жөніндегі пікірлерімен сәйкес келеді. Қалдық ақшаларды алыпсатарлық немесе сақтық, бейқам болу неиегімен ұстап тұру себептері де бұрынғы неоклассиктердің көзқарастарынан айырмашылықтары көп. Сонымен экономика ғылымында Кейнс қоржындық таңдау проблемасын енгізді, белгілі адамның активінің қолайлы құрылымын қандай болуы керек. (ақша қаржысымен облигация үлестерінің арасалмағы) индивидтің (адамның) күткен үмітін талдауда да ол басты роль атқарады. Ол ақшаға сұранысты болжап білуге болмайтын құбылысқа айналдырады. Сұраныс 2 бөлікке бөлінеді: $M_d1 + M_d = L_1(Y) + L^2(r - \tau)$.

M_d1 - трансакциондық сұраныс немесе басқаша көрінісі, $L_1(Y)$; M_d - алыпсатарлық сұраныс немесе басқаша көрінісі, $L^2(r - \tau)$; r - рыноктың проценттік ставкасы; $-\tau$ процент нормасының жайшылықтағы күтімі. Ақша рыногының Кейнстің агрегаттық үлгісі трансакциондық алыпсатарлықтың ақша қалдықтарына сұраныс қызметін біріктіреді, сонымен қатар сақтандыру пиғылы да ескеріледі. График түрінде:



Монетаристер баға мен жалақы икемді болып, сұранысқа қарай жылдам өзгертетінін айтады. Сөйтіп, олар Дж.М. Кейнс пен оны қолдаушылардың "бұл көлемдер тұрақты, өзгермейді"- дегендерін жоққа шығарады. Бір қарағанда әңгіме таза теориялық, схоластикалық өмірден алшақ проблема сияқты, рыноктық шаруашылықты мемлекеттік реттеу мәселелерін шешуге қатысы жоқ болып көрінеді. Бірақ, олай емес, біз болашақта өмірлік маңызы бар екі экономикалық мектептің макроэкономикалық үлгілерімен таныстық.

12.9.3. Ақшаның өндіріс көлеміне ықпалы

Неокейнсиандықтар мен монетаристердің теориялық айтыстары қалай дегенмен баға белгілеу немесе ақшаға сұраныс мәселесі төңірегінде емес, ақшаның рыноктық шаруашылық дамуына әсері қандай деген проблемада жатыр. Бұл мектептердің рыноктық экономика механизмінің қызметі туралы түсініктері әр түрлі. Монетаристердің макроэкономикалық үлгісі ақшаның жиынтық сұранысын реттеуге немесе мемлекеттік монетарлық саясатына басымдылық маңыз береді, ал кейнсиандықтардың ақшамен қатар фискалдық (салық) саясатына да назар аударғаны белгілі. Ақша (монетарлық) саясаты - орталық банктің жиынтық сұранысты реттеу мақсатында несиенен ақша айналымына жоспарлы түрде ықпал ету үшін қабылдаған өзара байланысты шараларының кешені.

Өткен онжылдықтарда ақша саясатын жақтаушылар тек монетаристер арасында ғана болмай, неокейнсиандықтар арасынан да шықты. Олар ақша саясатының әдістері фискалдық шараларға қарағанда жылдам және икемді жүргізіледі дейді. Фискалдық саясат заң шығарушылар мен әкімшілік органдардың да ұзақ келісуін қалайды, ал бұл

тиімділікті төмендетеді. Ақша саясатының көмегімен инфляцияға қарсы тиімді күресуге және құлдырауды тежеуге болады.

12.9.4. Әлем деңгейіндегі қаржы жүйесінің мәні

Қазіргі жағдайда қандай да бір мемлекеттің экономикалық құрылымын зерделеу, оның қаржы жүйесін талдаусыз мүмкін емес. Бұл жүйе қаржы қатынастары кез-келген қоғамдық жүйеде орын алатын жалпы экономикалық қатынастардың құрамды бөлігі. Мемлекет қаржы жүйесі арқылы саяси, экономикалық және әлеуметтік салалардың алуан түрлі қызметтеріне қажетті қаражаттарды жинақтап пайдаланады.

Мемлекеттік қаржылар ұлттық табысты қайта бөлуде, қоғамдық ұдайы өндірісті дамытуда, қоғамның экономикалық құрылымын қалыптастыруда, өндіргіш күштерді жетілдіруде маңызды роль атқарады. Мемлекеттің қаржылары әлеуметтік басқару аппараты мен қорғанысқа, тәртіп сақтау күштерін қаржыландыруға, сыртқы экономикалық қызметті атқаруға жұмсалады. Қаржы жүйесі мемлекеттің көптеген қаржыландыру институттарын қамтиды. Олар әр түрлі бағыттағы несиені институттарымен тығыз байланыс негізінде әрекет жасайды.

12.9.4.1. Әлем елдерінде мемлекеттік қаржыны қалыптастыру

Қаржы қатынасы қандай да болмасын қоғамдық жүйеде ең басты қоғамдық экономикалық қатынастың басты бөлігіне жатады. Қаржы механизмдер арқылы мемлекет барлық ақша қорларын жинақтап, қалыптастырып, пайдалану негізін салады. Соның арқасында мемлекет деңгейінде ол өзінің саяси экономикалық және әлеуметтік көптеген міндетін орындайды. Жалпы ел дамуын қамтамасыз етеді. Жалпы алғанда мемлекет қаржы, ұлттық табыс-кірісті бағыттап бөліп отырады және осы проблеманы шешуде басты роль атқарады. Сонымен қатар мемлекеттік қаржы негізінде өндіргіш күштерді пайдалануда жоғары деңгейлік жағдай жасалады, қоғамның экономикалық құрылымы құрылады және жалпы қоғам бойынша даму, қайта құру проблемалары шешіледі. Мемлекеттік қаржы

ресурстарын пайдалану, оны іске асыру әсіресе тиімді пайдалануда негізінен арнаулы бағдарламалар жасалып, механизмдері белгіленіп пайдалану жолдары дәлелденіп қойған мақсаттарды орындайды. Мемлекеттік қаржы ресурстарының басты пайдалану бағыттары, ол:

1. мемлекеттік аппаратты қаржымен қамтамасыз ету;
2. қарулы күштерді қаржыландыру;
3. бүкіл халықаралық экономикалық қатынасты қаржыландыру болып келеді.

Сонымен қатар мемлекеттік қаржы қалыптастыруда бюджетті қарап бекітуде парламентте бюджеттің жобасын үкімет жасайды, яғни қаржы министрлігі және мемлекеттік кіріс министрлігі ол жоба парламентте арнаулы қаралып, президент бекітеді. Осымен байланысты мемлекеттік қаржы қалыптасуда бюджеттің кіріс-шығыс бөлімдерін анықтауда көптеген басты мәселелер туады. Олар — бюджеттің дефициті, яғни бюджеттің кіріс бөлімінің шығыс бөлімінен кем болуы, яғни жалпы бюджеттің тапшылығы. Сонымен қатар мемлекеттің қарыздылық, яғни, мемлекеттің несиесінің төленбеуі, қарызды өтей алмау, мемлекеттік деңгейде салықтың түсімінің кірісінің толық болмауы мемлекеттік қарыздың көлемінің өсуі құнды қағаздардың құнының төмендеуі т.с.с мәселелер экономикаға кері әсер тигізеді.

12.9.4.2. Несиенің әлем экономикасындағы маңызды қызметтері

Несие нарықтық экономика түсында, аса маңызды қызметтер атқарады.

Біріншіден, тарихи тұрғыдан несиені қоғамдық өндірістің шеңберін айтарлықтай кеңейтті.

Екіншіден, несиені қайта бөлу қызметін атқарады. Осының арқасында жеке жинақтар, кәсіпорындар пайдасы, мемлекет табысы қарыз капиталына айналып, халық шаруашылығының кіріс келтіретін салаларына жұмсалады.

Үшіншіден, несиені айналым шығындарын үнемдеуге көмектеседі. Оның даму барысында банктік есепшот пен салымдар (несиені картөкілері, әр түрлі есепшоттар, депозит сертификаттары) қолма-қол ақшасыз айналымға түседі, сөйтіп ақша ағымы жеделдейді.

Төртіншіден, несиені капиталдың орталықтануы мен шоғырлануын тездету қызметін атқарады. Несиелі бәсекелік күресте жиі пайдаланылады, ол фирмалардың бірігуімен бірін-бірі жойып жіберуіне ықпал етеді.

12.9.5. Қазіргі әлем экономикасындағы несиені жүйесінің құрылымы

Қазіргі несиені жүйесі ұзақ тарихи дамудың нәтижесі және ол нарықтық экономиканың талаптарына сай өзгеріп отырады. Егер институционалды жағынан қарасақ несиені жүйесі валюта-қаржы мекемелерінің кешені, оны мемлекет экономиканы реттеп атқару үшін белсенді пайдаланады. Несиені жүйесі қоғамдық ұдайы өндірістің барлық механизмін қамтып, өндірістің шоғырлануы мен капиталдың орталықтануын күшейтіп, бос ақша қаржыларын елдің экономикасына қолдануға септігін тигізеді.

Батыс елдеріндегі бүгінгі несиені жүйесі мынадай маңызды процестердің әсерімен қалыптасты: банк капиталының шоғырлануы мен орталықтануы, несиені финансі жүйелерінің мамандануы мен несиені жүйесінің функционалды құрылымының күрделенуі, банк және өнеркәсіп монополиясының қосылуы мен бірігуі, банктік істердің интернационалдануы, трансұлттық банктер мен финансі топтарының пайда болуына әкелді.

Қазіргі несиелік жүйеде мынадай 3 негізгі буын бар: орталық банк, коммерциялық банк, маманданған несиені-финансі институттары.

Несиелік жүйеде жетекшілік орынды банк атқарады, ол капитализмнің бастапқы сатысында XVIII-XIX ғасырларда коммерциялық банктерден бөлініп шықты. Тек орталық банкке ғана мемлекет ақша шығаруға (эмиссия) ерекше монополиялық құқық берді. Көптеген орталық банктер бірден мемлекеттік институттар болып құрылды, басқалары екінші дүниежүзілік соғыстан кейін мемлекет иелігіне айналды. Бірқатары осы күнге дейін аралас мемлекеттік жеке меншік негізінде жұмыс істейді.

Орталық банктер көптеген қызметтер атқарады, олардың ішіндегі бастылары:

- банкнот эмиссиясы (шығару);
- мемлекеттік алтын-валюта резервін сақтау;

- басқа несие беретін мекемелердің резервтік қорларын сақтау;
- экономиканы ақша-несие арқылы реттеу;
- коммерциялық банктерге несие беру және мемлекеттік мекемелерге қасалық қызмет көрсету;
- есепшот жүргізу және ақша аудару операциялары;
- несие беретін мекемелердің қызметіне бақылау жасау.

Коммерциялық банктер несие жүйесінің "нервтік" орталығы болып есептеледі. Қазіргі коммерциялық банктер несие-финанс мекемелерінің әмбебап сипаттағы түрі. Ол халық пен кәсіпорындардан салымдар қабылдап, несие беріп қана қоймай, сонымен қатар клиенттерге қаржылық қызмет көрсетеді. Коммерциялық банктердің операциялары пассивті (қаржыларды келтіру) және активті (қаржыны орналастыру болып көрінеді). Бұдан басқа банкаралық, делдалдық операциялар және сенімді операцияларды (мүлікті, бағалы қағаздарды орналастыру) орындайды.

Қазіргі рыноктық экономикада зейнеткерлер қоры, сақтандыру компаниялары, өзара қорлар, инвестициялық банктер, ипотекалық банктер, қарыз сақтау ассоциацияларымен және т.б осы сияқты арнаулы несие қаржы институттары ерекше орын алады. Көп көлемде ақша ресурстарын шоғырландырған бұл институттар капиталды тиімді орналастыру және қорлану процесіне белсене қатысады.

12.9.6. Қаржы, ақша, несие әлем экономикасының даму негізі

Қаржы жүйесі ғылыми практикалық тұрғыдан алғанда экономикадағы қаржы қатынасының қорытындысы қосындысы негізі болып келеді және жан-жақты қаржы реттеу негізі болады. Ол жүйе қаржыны реттеу институттары жүйесі ретінде қалыптасады. Қаржы қатынасына теориялық тұрғыдан анықтама берсек, ол — ең басты экономикалық қатынастың қоғамдық ең маңызды бөлімі болып келеді. Сонымен қатар олар қандай да болмасын қоғамдық жүйенің негізіне айналады. Мемлекет қаржы механизмдері арқылы ақша қорларын қалыптастырып, оны пайдалануды қамтамасыз етеді. Соның негізінде әлеуметтік ортадағы экономикадағы саяси жүйедегі көптеген ел дамуына қажетті

функцияларды орындап отырады. Мемлекеттік қаржы қоры қоғамдағы экономикалық құрылым қалыптастырады. Қоғам ел дамуында қайта құру проблемасы шешіледі. Ұлттық кіріс бөліп бағыттайды соның негізінде жалпы ел дамуы қаматамысз етіледі. Қаржы пайдалануда экономикалық жаңа құрылымдар пайда болады. Өндіргіш күштерді пайдалану, ынталандыру негізінде жүргізіледі. Жалпы әлеуметтік экономикалық даму негізі салынады. Тағы да осымен байланысты әлеуметтік бағдарламалар орындалады. Бүкіл мемлекеттік қауымды барлық қарулы күштерді ақшамен қамтамасыз етіп, сыртқы экономикалық қатынастарды жүргізеді. Қаржы жүйесі көптеген мемлекеттік қаржы институттарын қамтамасыз етеді. Олар түрлі ақша айналымы несие институттарымен бірігіп қызметте болады.

13 ТАРАУ

Әлем валюта жүйесінің, әлем экономикасындағы маңызы

Дүниежүзілік шаруашылық байланыстарын, валюта қатынастарының жолға қойылған жүйесінсіз, оны нақтылы әлем деңгейінде біліп, қаржыландыруға болмайды. Өзіне тән үлгісінде валюта қатынастары елдің ішінде қолданылатын ақша айналысының заңдарын жүзеге асырады және дамытады. Бұл қатынастардың эволюциясы өндіргіш күштердің дамуына, халықаралық еңбек бөлінісінің тереңдеуіне, дүниежүзілік капиталистік шаруашылықтың құрылымдық өзгерісіне байланысты.

Валюта қатынастары — бұл дүниежүзілік қатынастардың қолданылуына байланысты және елдер арасындағы шаруашылық байланыстарының алуан түрлеріне (сыртқы сауда, сыртқы капитал шығару, пайданы инвестициялау, ғылыми-техникалық айырбас, туризм және т.б.) қызмет көрсететін экономикалық қатынастар.

Қазіргі заманда валюта қатынастарының әлеуметтік-экономикалық функциясы сол, дүниежүзілік және бүкіл-дүниежүзілік шаруашылық шеңберінде капиталдың ұдайы өндірісі үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету. Валюта жүйелері ұлттық және дүниежүзілік болып бөлінеді.

Ұлттық валюта жүйесі — елдің ұлттық заңдары бойынша айқындалатын валюта қатынастарын ұйымдастыру үлгісі болып табылады.

Дүниежүзілік валюта жүйесі — бұл дүниежүзілік шаруашылықтың дамуына байланысты және мемлекет келісімдерімен заң жүзінде баянды етілетін халықаралық валюта қатынастарын ұйымдастыру үлгісі болып келеді.

13.1. Валюта — несиелік жүйесі

13.1.1. Валюта нарығы, мәні, түрлері

" Валюта " деген түсінік үш мағынада қолданылады:

а) әрбір әлем мемлекеттің ақша санының бірлігі (Қазақстанның "теңгесі, АҚШ "доллары", орыстың "рубль", Жапонның "иені", ағылшынның "фунт стерлингсі",

Италияның "лири" т.б) және оның алтын, күміс, қағаз ақша түріндегі типі;

б) шет мемлекеттің ақша белгісі, сонымен бірге шетелдің ақша бірлігіндегі көрінетін және халықаралық есеп-айырысуда қолданылатын несиелік және төлем құралы;

в) халықаралық аймақтық ақша-есеп айырысу бірлігі мен төлем құралы.

Бұл шетел валюталарының (банкноттар, казначейлік билеттер және монеталар, теңге, ақша түріндегі ақша белгілері, сатып алу, сату) операциялары бойынша болатын қаржы экономикалық және олардың тұтынушылары валюталық операциялардың қатысушылары болып табылады. Көптеген валюталық операциялар делдалдық брокерлік фирмалар арқылы жүргізіледі. Валюталық нарықта: сыртқы сауда, туризм, қызметтер жеке адамдардың ақша аударуы, капиталдардың жұмыс күшінің миграциясы (бір елден бір елге ауысуы) т.б бойынша кең ауқымды операциялар жүзеге асырылады. Валюталық нарықта, валюталық курстардың айырмасы есебінен пайда табу мақсатымен қаржыларын бір валютадан басқа валютаға аударып отыратын трансұлттық компаниялар маңызды роль атқарады. Қолдану саласы мен тәртібіне қарай валюталар — еркін толық айналымды, яғни, кез-келген шетел валюталарына белгілі бір эквивалент (балама) бойынша шектеусіз айырбасталатын, ішінара айналымды бола алмайтын, тұйық, яғни, тек қана бір елдің ішінде ғана айналатын, басқа шетел валютасына айырбастала алмайтын болып бөлінеді. Еркін толық айналымды валютаға АҚШ-тың доллары, ГФР-н маркасы, ағылшын фунт стерлингсі, Швейцарияның франкісі және Жапонның иенасы жатады. Жыл сайынғы Лондонның валюталық нарығының айналымы-187, Нью-Йорктікі-129, Токионікі-115 млрд долларға жетеді. Францияның франкісі мен Италиян лирасы ішінара айырбасталатын валюталар. Тұйық валютаға көптеген дамушы елдердің, кейбір Шығыс Еуропа елдерінің валюталары жатады. Ал, ТМД елдерінің сомына (рубль) келетін болсақ, ол әзірше дүниежүзіндегі ең бір тұйық валюта болып отыр. Шетел валюта курсының биржалық копировкасы (көшірмесі) валютаның айырбас курстары әрдайым өзгеріп отырады, оның өзі валютаның сұраным мен ұсыным жағдайларына сезімталдығын көрсетеді.

Валюта курсына шыққанда, тоқсаныншы жылдардың басында біздің сомымыздың құны күннен күнге түсіп барады. Бір кезеңдерде осыдан 10 шақты жыл бұрын бір АҚШ доллары біздің ақшамызбен 1 сомға да жетпейтін еді. Кейіннен 1 доллардың бағасы 8 сомға шығып кетті. Ал соңғы жылдарда сомның құны күн санап, сағат санап құлдырап бара жатыр. Қазақстанда аталған жылдарда валюта делдалханасының биржасында кезекті валюта саудасында АҚШ долларының курсы 835 сом болып белгіленді. (қазір 1000 сомның айналасында), яғни 1 доллардың бағасы осынша сомға жетті деген сөз бар. 1992 жылы ол 300 сомға жетпейтін еді. Бір айтарлығы, валюта биржасында долларға деген сұраным өте үлкен болып тұр. Демек, сомның құнсыздануы қай жерге барып тоқтайтыны белгісіз.

Шетел мамандарының пікірі бойынша, сомның айналымды бола алмауы мынадай себептермен түсіндіріледі: тым жоғарылатылған валюта курсымен орынсыз ішкі бағыттармен: тауарлы айналымдылықтың болмауымен ТМД елдерінде жүргізіліп жатқан түбегейлі экономикалық реформалармен, сомның еркін айналымдылығын қамтамасыз етуге бірте-бірте көшу шаралары көзделген. Олардың ішінде экономиканы қаржылай суықтыру, ақша айналысын тұрақтандыру, сомды қажетті тауарлармен қамтамасыз ету қаржы нарығы мен ұлттық валютаны құру шаралары бар. Бірқатар ТМД елдері өздерінің ақша бірліктерін бастыруға кірісті. Қазақстан Республикасының нарыққа көшу бағдарламасында да өзінің ұлттық валютасын ендіру құрылған. Ол әзірше соммен қатар әрекет етпек. Бұндай ақша бірлігі теңге (мысалы 1 сом-1 Дм) деп аталмақшы. Валюта нарығы — 1 сұраным мен ұсыным негізінде валюталарды сатып алу, сату шоғырланған ресми орталық; шетел валюталарын және шетел валюталарымен төленетін төлем құжаттарын сатып алу, сату жөніндегі тұрақты экономикалық және ұйымдық қатынастар жүйесі. Бұнда еуродепозиттер нарығы, еуронесиелер нарығы, еурооблигациялар нарығы қамтылады. Биржалық Валюта нарығы биржадан тыс (банк аралық) Валюта нарығы түрлеріне бөлінеді. Дүниежүзілік ірі Валюта нарығы АҚШ-, Ұлыбритания, ГФР-, Франция, Швейцария, Жапония, Сингапурда орналасқан. Валюта нарығында операциялардың 2 түрі қолданылады. Олар: "spot" (валюта дереу жеткізу)

"форванд" - келісілген курс бойынша уағдалы уақыттан кейін (бір айдан және одан көп уақыттан кейін) жеткізу.

13.1.2. Ұлттық валюта жүйесі

Біздің Республикамыздың кез-келген нүктесінде ұлттық валютаны бөгетсіз сомға айырбастауға болатын болады. Ұлттық ақша бірлігін еркін айналымды валюта қылу көзделген. Ол үшін ұлттық валюта қажетті тауар массасы мен және алтын қорымен қамтамасыз етілуге міндетті. Мысалы, ішкі сомдық аймақша төлем дағдарысынан туындаған өнім өткізу дағдарысы халық шаруашылығының құлдырауына әкеліп соқтырады. 1992 жылдың шілдесінен бастап Ресейдің орталық банкісі мемлекеттер арасында төлем айыруларды ұлттық банктердің біртұтас корреспонденттік есебі арқылы өткізуді жүзеге асырыуы, шын мәнінде есеп айырысудың күрт кідіруін туғызды және іс жүзінде сом аймағының ыдырауын бастап берді. Бұндай жағдайда, дағдарыстан нығу үшін ақша бірлігінің теңгерілуі (балансы) мен тұрақтылығы, оған деген сенімді нығайту қажет. Онсыз құнсызданған Ресейдің ақша бірлігі — рубль барған сайын баргерлік айырбаспен немесе халықаралық айналыс құрал қабілеті валюталармен ығыстырылады, ал рубльді ондай валютаға айналдыру өте күрделі мәселе. Яғни қазіргі таңда жаңа ақша бірлігін, дәлірек айтсақ Қазақстанның ұлттық валютасын енгізу, мемлекеттік тәуелсіздіктің айқын белгісі болып табылады. Дегенмен, мынаны мойындауымыз керек — оны енгізу жолында қазір қалыптасқан экономикалық жағдайға байланысты көптеген қиындықтар туады. Жаппай өндірістің құлдырауы, бюджеттің тапшылығы, инфляция ұтымсыз салық салу жүйесі, бәсекелі индустриалды өндіріс құрылымының болмауы. Достастық мемлекеттер арасындағы экономикалық байланыстардың шиеленістілігі бұл процесті жүзеге асыруды күрделендіріп отыр. Мемлекеттік ақша жүйесін өзгерту, жүргізіліп жатқан экономикалық реформадан, яғни бір мезгілде жүзеге асырылатын экономиканы тұрақтандыру, бейтараптандыру, жекешелендіру, шараларынан тыс жағдайда өте қауіпті болуы және гиперинфляцияның күшеюіне әкеліп соқтыруы мүмкін. Сондықтан ұлттық валютаны енгізу үшін қажетті

алғышарттар жасалуы керек. Бірінші кезекте ішкі республикалық нарықты орнықтыру міндеті тұр. Бұл өте күрделі міндет, дегенмен республикада оны жүзеге асырудың барлық мүмкіндіктері бар: шикізат ресурстар, экономикалық потенциал. Ол үшін өндірісте аса ірі құрылымдық өзгерістер жасау, шикізат өндіруден тұтынуға дайын түпкі өнім шығаруға көшу қажет экспорттық мүмкіндіктерді кеңейту арқылы валюталық түсімді молайту, жеткілікті дәрежеде мемлекеттің алтын резервін жасауда аса маңызды шаралар болып табылады. Өзіміздің ақша бірлігіміз бюджеттің тапшылығы жойылғаннан белсенді төлем балансы жасалғаннан кейін ғана жақсы нәтиже беруі мүмкін.

Ұлттық валютаны енгізудегі ең басты нәрсе - қалыптасқан жағдайда оны өндірудің барынша дұрыс механизмін табу және ақша қажетті ақша мөлшерін анықтау. Осы сұраққа байланысты көптеген пікірлер бар, бірақ оның бәрі бірдей жергілікті дәрежеде негізделмеген. Купон, талон сияқты ақшаның сурағаттарын енгізу, артық ақшаның көбеюіне, сөйтіп экономикадағы инфляциялық процестердің күшеюіне әкеліп соқтырады. Осы мәселе бойынша "Қазақстан экономика және өмір" журналының 1993 жылғы 5-ші нөмірінде жарық көрген экономика ғылымының докторы К.Қажымұратов пен экономика ғылымдарының кандидаты Н.Нұрлановтың пікірлері көңіл аударуға тұрарлық: "Дереу енгізу қисынсыз" — журнал "Экономика и жизнь". Олардың пікірінше, алғашқы кезде өзіміздің ақша бірлігін, рубльмен қатар жүретін паралельді валюта түрінде енгізу барынша тиімді әдіс болмақ. Оның мөлшері қажетті мөлшерден не артық не кем де болмауы керек. Жаңа ақшаны қамтамасыз етудің бірнеше тәсілдері бар: алтынмен, шикізат ресурстарымен, тауар массасымен, валютамен осындай қамтамасыз етуден ұлттық валютаның күші, оның қабылданған ауыстыратын бағыт бойынша, басқа валютаға айырбастауға қабілеті тәуелді болады. Ұлттық валютаны нарықтық шын мәніндегі каталитаторы қылу үшін, оны басқа валютаға айырбастау қабілеті бар шетел валюталарынан және алтын қорынан асып түсетін мөлшерде шығару керек. Оның мәні мынада: 100% валюталық жабу астында шығарылған ұлттық валюта басқа елдердің айырбастау қабілеті бар валютаның суррогатты ғана болып қалады. Ал бұндай шектеулі шетел валютасына негізделген

қаржы жүйесі, республиканың экономикасына пәрменді әсер ете алмайды. Бұндай жағдайда қаржы тепе-теңдігіне, валютамен және алтын қорымен жабылмаған ұлттық ақша көлемін тауармен жабу арқылы ғана қол жеткізуге болады. Алғашқы кезде ұлттық валютаны жоғары сұранымға ие болып отырған тауарларға (импортты ауыстыратын) және импортты тұтыну тауарларына, сонымен бірге тұтыну қаржыны тауарларына шақтап шығару қажет. Сонда ғана ұлттық ақша тауар массасының көлемімен қамтамасыз етіледі, демек, рубльге қарағанда тұрақты және жоғары сатып алу қабілеті болады. Валюта (сөзбе сөз-баға, күн)-бұл, тауарлардың күннің мөлшерін өлшеу үшін пайдаланылатын ақша бірлігі. Әрбір ұлттық валютаның басқа елдің ақша бірлігіндегі бағасы болады. Бұны валюталық немесе айырбас курсы деп атайды. Басқаша айтқанда валюталық курс — бұл шетел валютасының бірлігіне айырбастала алатын ұлттық валюта бірлігінің бір саны. Айырбасталу курсының мынадай түрі бар: номиналды айырбас курсы, әдетте белгіленген, сонымен бірге қалқымалы негізде әрекет ете алатын ұлттық валюта бірлігімен шетел валютасының арақатынасы түрінде көрінеді.

Нақтылы айырбас курсы — бұл екі елдің баға деңгейінің арақатынасын есепке алатын айырбас курсы. Ол номиналды айырбас курсы салыстырылып отырған елдің баға индекстерінің қатынасына бөлуден шығатын бөлінді түрінде есептен шығарылады.

Өзгермелі айырбас курсы — ішкі нарықты теңгеру мақсатында айырбас курсы өзгерту жолымен жүзеге асырылатын мемлекетаралық есеп жүйесі 70 жылдардың ортасынан бастап, индустриалды елдердің көбісі өз валюталарын құбылтудың белгісі бір нысандарына көшті.

Тікелей айырбас курсы — бұл ұлттық валютаның шетел валюталарына қатынасына орнықтыру және өзгермейтін жағдайда қалыптасатын жүйе болып табылады. Ұлттық валюта жүйесі — елдің сыртқы экономикалық, байланыстарын қамтамасыз ету үшін валютаның өтемпаздығын көздейтін экономикалық, ақша-несие қатынастарының жиынтығы. Негізгі белгілер: ұлттық валюта, валютаның валютаның сақтық қорларының көлемі мен құралы, ұлттық валютаның валюталық тепе-теңдігімен бағамы (курсы), оның

қолданылу тәртібі валютаның айырбасталымдылық шарты, валюталық шектеулерді қолдану. Олардың негізгі нысандары мен әдістері, халықаралық есеп айырысу құрамының қолданыстағы тәртіптемесі мен нысандары, еңбек елдің валюталық қатынастарын реттейтін ұлттық органдар мен мекемелердің мәртебесі, ұлттық валюта мен алтын нарығының өтемпіздық шарттары.

Ұлттық валюта жүйесі деп отырғанымыз мемлекеттік, ұлттық заңдарға негізделген сол елдің валюта қатынасын ұйымдастыру формасы. Ол мынадай элементтермен сипатталады. Ұлттық валюта өлшемі, алтын-валюта резервінің ресми құрамы, валюта курсының құрылу механизмі, валюта айналымдығының шарты, валюта шектеушілігінің орын алу немесе орын алмауы, елдің сыртқы есеп айырысу тәртібі, ұлттық валюта рыногы мен алтын рыногының режимі, елдің валюта қатынасын реттеуші ұлттық валюта ұйымдардың статусы. Ұлттық валюта жүйесі — ақша жүйесінің құрамды бөлігі оның ерекшелігі елдің экономикасының даму дәрежесімен және сыртқы экономикалық байланыстың жайымен сипатталады.

13.1.3. Дүниежүзілік валюта айналымы

Дүниежүзілік валюта жүйесі — бір аймақтағы дүниежүзілік шаруашылық байланыстардан туындаған валюта — экономикалық қатынастардың жиынтығы. Негізгі құрамдас белгілері: халықаралық төлем құралдарының жинақталушы (ұлттық, шетелдік және ұжымдық халықаралық валюталар); валюталарды айырбастау тәртіптемесі, сондай-ақ валюта курсы мен валюталық тепе-тендік, валютаның айырбасталымдылық шарттары, халықаралық айналымды валюта-төлем құралдарымен қамтамасыз ету тетігі, халықаралық айналымды валюта-төлем құралдарымен қамтамасыз ету тетігі, халықаралық есеп айырысу нысандарын, дүниежүзілік валюта мен алтын нысандарын тәртіптеу; халықаралық есеп айырысу мен несие операцияларын жүзеге асыратын дүниежүзілік және ұлттық банк мекемелері желісін құру.

Аймақтық валюта жүйесі — бір аймақтағы бірқатар елдің валюта саласындағы қатынастардың ұйымдық-экономикалық нысаны, Мысалы, Еуропалық Валюта жүйесі

Еуропалық одаққа мүше бірқатар елдердің валюта саласындағы қатынастарында бірігу үрдістерін ынталандыруға, ұлттық валюталар курстарының ауытқуын азайтуға және бір-бірімен байланыстыруға Еуропалық одақта бірте-бірте меншікті валюта-құн құралдарына негізделген валюталық тұрақтылық аймағына айналдыруға, Еуропалық одақ елдердің халықаралық айырысуында АҚШ долларының ролін шектеуге, яғни келешекте Еуропалық одақ елдерінің біртұтас ішкі нарығының валюта-қаржы өрісін қалыптастыру үшін, алғышарттар жасауға бағытталған. Дүниежүзілік Валюта жүйесі халықаралық валюта қатынастарын ұйымдастырудың формасы. Ол шаруашылық өмірінің интернационалды сипат алуы және дүниежүзілік рыноктың дамуымен тығыз байланысты. Тарихта белгілі 3 дүниежүзілік валюта жүйесі орын алды.

1. XIX ғасырда алтын стандартына негізделген, мұнда алтын немесе монеталық ақша тауары ретінде пайдаланылады, қағаз ақшаның алтынға еркін алмасуы тиіс деп қарастырылды.

2. Бұл жүйе алтын валюта стандартына негізделді. Бұл XX ғасырдың 30 жылдарында басталып 50-60 жылдары аяқталды. Заңды түрде бұл жүйе 1944 жылы Бреттон-Вуд (АҚШ) конференциясында бекітілді. Қазақстанның дүниежүзілік экономикаға интеграциялық қадамының бірі оның халықаралық валюта қорына және ғаламдық финан-несие орталығы — халықаралық өзара есеп айырысу банкке мүшелікке енуі. Халықаралық валюта қорының Уставтың капиталы шамамен 100 млрд долларға және 80 млрд доллар уақытында қамтылған қаражат. Халықаралық Валюта қоры қазірде әр бір мүше елдің валюта, несие және экономикалық талдау жасаудың аса ірі ғаламдық орталығына айналып отыр. Халықаралық Валюта қоры жетекші дамыған елдердің макроэкономикалық саясатын көп жақты координациялауда маңызды роль атқаруда. Халық банкі боса дамушы елдердің стратегиялық дамуын анықтаудың әлемдік орталығына айналып отыр. Дүниежүзілік шаруашылық жүйесінің қалыптасуы, елдер арасындағы экономикалық байланыстарының интернационалдануы ұлттық шаруашылықтар қызметінің интенсификациясына әкеліп соғады. Осыған байланысты аталған процесте қызмет көрсетуші құрал ретіндегі халықаралық валюталық қатынастар қалыптасады.

Валюталық қатынастардың жекелеген элементтерінің қалыптасуы сауда орталықтарында жүргізіледі. XX ғасырдың орта шенінен бастап халықаралық экономикалық, қаржы-қаражат және валюталық қатынастар өз дамуында жаңа сатыға көтерілді. Ашық экономика құруға ұмтылыстардың басшы тенденциясы сауда айырбасын жеделдету, дүниежүзілік қаржыландыруды дамытуды, жаңа валюта нарықтарын құруды, әр түрлі елдер арасындағы валюталық-қаржылық қатынастарды кеңейтуді көздейді. Валюталық қатынастар: дәстүрлі ақша қызметінің дүниежүзілік ақша қызметіне ауысуымен байланысты жүзеге асатын экономикалық қатынастардың жиынтығы.

Халықаралық валюта жүйесі дүниежүзілік шаруашылық шеңберіндегі валюталық қатынастарды ұйымдастырудың нысаны.

Бұл жүйе дүниежүзілік капиталистік шаруашылықтың бірте-бірте қалыптасуы нәтижесінде пайда болып, кейінірек мемлекетаралық келісімдер арқылы заңдастырылған. Халықаралық валюта және қаржы-несие нарықтары дүниежүзілік шаруашылықтың халықаралық экономикалық қатынастары ең маңызды буындарының бірі.

XX ғасырдың соңғы 15-20 жылдары қаржы нарықтарының қарқынды өсуімен айқындалады. Дүниежүзілік валюта және сауда операцияларының күндарының ара қатынасы 1980 жылы 10/1 болса, 1992 жылы бұл көрсеткіш 10/1 болған. Қаржы нарығы дамуы негізінде қаржы айналымының объективті заңдылықтары жатыр. Бұл жерлерде уақытша, бос капиталдар пайда болса, екінші жерде оған сұраныс пайда болады.

Дүниежүзілік валюта, несие құнды қағаздар нарықтары қалыптасуының алғы шарттары:

- капиталдың өндіріс пен банктерде шоғырланады;
- шаруашылық байланыстардың интернационалдануы;
- банкаралық телекоммуникациялардың дамуы.

13.1.4. Халықаралық мемлекеттік несие

Халықаралық несие — мемлекеттік банктердің заңды мекемелер мен жеке адамдарына беретін несие.

Халықаралық несие — бұл елдердің халықаралық экономика қатынастары саласындағы материалдық ресурс-

тардың қозғалысы, ол тауар және ақша формаларында жүріп, белгілі бір шарттар мен төлемдер негізінде қайтарылатын соммалар. Несиенің субъектілері өздерінің органдары арқылы көрінетін елдер өздерінің мәні бойынша халықаралық несие ұлғаймалы ұдайы өндірісті қамтамасыз етудің құралдарының бірі, кейде дамушы елдерге экономикалық көмек көрсету құралы.

Экономикалық заңдар жиынтығы халықаралық несиенің қажет екенін айғақтайды. Халықаралық несиенің дамуын мына факторлар анықтайды.

1. халықаралық еңбек бөлінісі мен экономикалық интеграцияның тереңдеуі;
2. өндірісті кооперациялау және мамандандыру;
3. елдердің табиғи ресурстары және жұмыс күшімен біркелкі қамтамасыз етілмеуі;
4. жекелеген елдердің экономикалық қызмет көрсету әрқелкілігін жеңу қажеттілігі;
5. дамушы елдерге экономикалық қызмет көрсету қажеттігі;
6. дамушы елдердің дамыған елдермен сауда-экономикалық қарым-қатынас.

Ақшалай халықаралық несие - ұлттық валюта мен еркін өтімді валютада беріледі.

Халықаралық несиенің қызметі мемлекеттің қаржы, процесінде белгілі бір шарттар негізінде қайта бөлу.

Халықаралық несие пайдалану халық шаруашылығын жеделдете дамытуға, экономикалық интеграцияны жеделдетуге септігін тигізді.

Халықаралық несиенің негізгі формасы сыртқы борышкерлерге белгілі бір шартпен беріледі. Қазіргі жағдайда дамыған елдерден құрал-жабдықтар, материалдар, тағы сол сияқты, алу үшін сыртқы сауда ұйымдары мен сыртқы экономикалық банк осы елдердің банктері мен фирмаларынан келісімдер негізінен алынатын коммерциялық несиелерді пайдаланады. Өтем келісімдері — аларман құнын басқа банк (осы елдердің банктері мен фирмаларынан келісімдер негізінде алынатын) тауарлармен өтейтін сыртқы сауда келісімдері, өтем келісімдерінде шетелдер банктерінен ұзақ мерзімді несиелер алу көзделеді. Олардың есебінен елдік фирмаларға белгілі бір объекті алу үшін, олардан алынатын тауарлар төленді. Олардың құны

салынған объектілердің өнімін несиенің сомасын пайызымен қоса толық ақтайтын мөлшерде қайтарылады.

Несие - өндірістік қатынастарды білдіретін экономикалық категория. Несие экономикалық категория ретінде өзіндік формаларға бөлінеді. Олар:

1. Коммерциялық несиенің сатушының сатып алушыға өткізген тауарын және көрсеткен қызметі үшін төлем уақытын кейінге қалдыру.

2. Банктік несиенің ақшалай қарыз түрінде банктер арнайы несиенің қаржылық мекемелер беретін несиенің. Бос ақша капиталы өндірістің кез келген саласына беріле береді.

3. Тұтыну несиесі - коммерциялық және банктік несиенің формасында тұрғындарға тұтыну тауарларын сатып алу үшін берілетін несиенің. Негізгі міндетті тұрғындарға тауарлардың сатылуына қолдау көрсету.

4. Мемлекеттік несиенің - жеке және заңды тұлғаларға қатысты қарыз алушы немесе қарыз беруші мемлекет және жергілікті билік органдары болатын несиелік қатынастар жиынтығы.

5. Халықаралық несиенің - қайтарымдылық және төлемділік шарттармен валюталық және шаруашылық ресурстарды берумен байланысты халықаралық экономикалық қатынас сферасында қарыз капиталының қозғалысы.

Несиелік жүйенің - несиелік қатынастар несиелену формалары мен әдістерінің және несиелік қаржылық мекемелердің жиынтығы. Несиелік жүйенің 2 түсінігі бар:

1. несиелік қатынастардың, несиелік формалары мен әдістерінің жиынтығы ретінде;

2. бос ақша қаражаттарын жинақтайтын және оларды қарызға беретін несиелік-қаржылық мекемелер жиынтығы. Несиенің берушінің кім екендігіне байланысты 3-ке бөлінеді:

1. жеке несиенің;
2. үкімет несиесі;
3. халықаралық ұйымдар несиесі.

Ұсынылу формасына байланысты 2 түрі бар:

1. тауарлық несиелер;
2. валюталық несиелер - олар мынадай валютада беріледі, қарыз беруші елдің, қарыз алушы елдің, басқа ұлттық, халықаралық есеп айырысу бірлігімен;

Берілу мерзімі бойынша 3-ке бөлінеді:

1. Қысқа мерзімдік (1 жылға дейін) дәстүр бойынша сыртқы саудада және қызметтері мен халықаралық айырбас жасалу салаларында қолданылады.

2. Орташа мерзімдік (1 жылдан 5 жылға)- олар арқылы машиналар мен құрал-жабдықтардың экспорты қаржыландырылады.

3. Ұзақ мерзімдік (5 жылдан жоғары)- негізінен инфрақұрылым мен өндірістегі инвестицияларды қаржыландыру үшін қолданылады.

13.2. Құнды қағаздар негізіндегі, валюта жүйесі

13.2.1. Қор биржасындағы құнды қағаздар

Қор биржасы - бұл құнды қағаздардың қалыптасу айналымына қажетті жағдай жасау, олардың нарықтық бағасын анықтау және олар жөнінде ақпараттар тарату, өз қызметінің ерекше тақырыбы болып табылатын ұйым.

Қор биржасы құнды қағаздардың 2-ші нарқын ұйымдастырушы болып табылады. Биржадан тыс нарық әлбетте құнды қағаздардың жаңа шығарылымдарын қамтиды. Онда несиенің - қаржы институттары тұлғасында ұжымдық салушы іс-қимыл жасайды. Биржадан тыс нарықта көбінесе облигациялардың үлкен бөлігі орналастырылады. Биржада керісінше құнды қағаздардың бұрынғы шоғырылымдардың негізінен акционерлік қоғам акциясының бағасы белгіленеді.

Қор биржасы жабық акционерлік қоғам формасында құрылады және құрамында кемінде 3 мүше болуы тиіс. Тек қор биржасының акционері ғана оның мүшелері бола алады. Ол коммерциялық емес ұйым, оның мақсаты пайда табу емес, өзін-өзі негізделген және өз қызметінен өзінің мүшелеріне табыс төлемейді. Қор биржасының ең аз жарғы капиталы заң жүзінде белгіленеді. Қор биржасы инвестиция қызметімен шұғылданбайды, бірақ биржаға мүше болуға құқық беретін өз акцияларын шығарып сата алады.

Қор биржасы кәсіпорындар туралы заңға сәйкес тіркеліп, қаржы министрлігінде құнды қағаздармен биржа жұмысын жүргізуге лицензия алады.

Құнды қағаздан операцияларын тауар және валюта биржасының қор бөлімдері де лицензиясы бар болса, жүзеге асады. Қор биржасы мен басқа биржаның қор бөлімдері заң

тәртібімен бекітілген ереже, биржа жарғысы, құнды қағаздармен жасалынатын мәмілелердің ішкі ережесі негізінде жұмыс істейді.

Бағалы қағаздармен жасалынатын операцияларды жүзеге асыру — негізгі міндеттеріне кіретін инвестиция институттары сондай-ақ мемлекеттік атқару органдары қор биржасына мүше бола алады. Қор биржадағы операцияларды оның мүшелері ғана жүзеге асыра алады. Олардың тапсыруы бойынша құнды қағаздарды сатып алу немесе сатуды брокерлермен диллер атқарады.

Брокерлер — мәмілелер жасаудағы делдалдар тұтынушылардың тапсырмасы бойынша және олардың есебінен онысы үшін белгілі бір төлем ала отырып, жұмыс істейді. Қазіргі жағдайда делдалдық операцияларды банктермен тығыз байланысы бар брокерлер, фирмалар (фирмалар жүйесін қоса) жүргізеді.

Диллер - құнды қағаздар сатып алу және сатумен өз атынан және өз есебінен айналысады, бұлар жеке фирмалар, банктер, жеке адамдар қор биржасының мүшелері.

Қор биржасының қаржы қызметі мыналардың есебінен жүзеге асырылуы мүмкін: қор биржасының оған мүшелікке енуге құқығын беретін акцияларын сату, қор биржасы мүшелерінің мүшелік жарналары:

- биржада жасалынған әрбір мәлімеден алынатын биржа алымы;

- биржа қызметіне түсетін басқа табыстар.

Биржаның табыстары оның қызмет ауқымын ұлғайту және жетілдіруге байланысты шығындарды жабуға жұмсалады.

Қор биржасы министрлігімен келісе отырып құнды қағаздарды сатуға жіберу — листинг, сондай-ақ оларды шығару делистинг ережелерін белгілейді.

Биржада бағалы қағаздарды сатып алу, сату биржалық курс негізінде жүзеге асырылады. Биржалық курс — бұл қор биржасында айналыста жүрген бағалы қағаздардың сатылу бағасы. Биржалық курс дивидендтің шамасынан тікелей тәуелділікте, ал қарыз пайызынан кері тәуелділікте болады. Оны мына формула түрінде көрсетуге болады:

$$\text{Ан} = \frac{\text{Д}}{\text{Кп}} \cdot 100\%$$

Бұнда Ан- акция нарығы немесе биржалық курс.

Д- дивиденд

Кп- қарыз проценті.


Бұл формуланың экономикалық мағынасы мынада: егер акцияны сатып алушы банкте дивидендіне тең кіріс алғысы келсе, оның банкке акция нарығына тең сомма салуына тура келер еді. Мысалы, акцияның ең төменгі (номиналды) бағасы 100 теңгеге дейін, ал оған алынатын дивидендтің шамасы 10 теңге. Қарыз пайызының шамасы-5% онда акцияның нарқы немесе сатылу бағасы 200 теңге ($\text{Ан} = 10:5 \cdot 100\%$) болады. Басқаша айтқанда, неғұрлым акционерлік кәсіпорынның табыстылығы жоғары болса, биржалық курс соғұрлым жоғары болады.

Дүниежүзілік ірі қор биржалары.

Биржалар	млн. доллар
Нью-Йорк	1023,2
Токио	392,3
Орта-Батыстық (АҚШ)	71,1
Лондон	76,4
Осака	61,8
Тынық мұхит	36,8
Торант	31,7
Америка	26,7
Амстердам	20,0
Париж	19,8
Филладельфия	17,9
Бостон	14,4
Стокгольм	10,8
Монреаль	7,5

13.2.2. Валюталық курстар, әлем экономикасында

Валютаның курсы - оларға сұраным мен ұсынымның арақатынасымен анықталады. Сұраным мен ұсынымның әсерімен валюталық курстың құбылуы күшті валютаға да, сонымен бірге әлсіз валютаға да тән болады.



P- шетел валютасының бағасы
A- шетел валютасының саны

Шетел валютасына сұраным мөлшері мына фактордан тәуелді болады:

- елдің импортта тауар мен қызметке қажеттіліктерінен;
- туристердің шығынынан;
- елдің міндетті түрде орындайтын әртүрлі төлемдерінен және тағы басқаларынан.

Валютаны ұсыным мөлшері елдің экспорт көлемімен, мемлекет алатын заемдермен және тағы басқаларымен анықталады. Жалпы, сұраным мен ұсынымға байланысты валюта курсының қалыптасуы, өздігінен валюталық ара қатынасқа әсер ететін нақты процестер туралы ештеңе айта алмайды, валюта курсына, тікелей және жанама түрде елдің ішкі және сыртқы экономикалық қатынастарының барлық жиынтығы әсер етеді.

Валюта курсының динамикасына әсер ететін факторлардың ішінен мынаны айтуға болады:

- ұлттық табыс және өндіріс шығындарының деңгейі;
- ақшаның нақты сатып алу қабілеті және елдегі инфляция деңгейі;
- валютаның сұраным мен ұсынымына әсер ететін төлем балансының жағдайы;
- елдің пайыз нарқының деңгейі;
- дүниежүзілік нарықта валютаға сенім және т.б.

Қолдану саласы мен тәртібіне қарай валюталар:

а) еркін толық айналымды (конверсияланатын), яғни кез келген шетел валютасына белгілі бір эквивалент (балама) бойынша шектеусіз айырбасталатын, ішінара айналымды, яғни, барлық валюталық операциялар бойынша айналымды бола алмайтын; басқа шетел валютасына айырбастала алмайтын болып бөлінеді.

Сонымен қатар, валютаның қаржылық және тауарлық конверсиялануы болады. Қаржылық - бұл шет мемлекеттің валюталарында конверсиялануы.

Тауарлық - кез келген тауарда сатып алу қабілеті.

Конверсиялануына қарай валюталарды сыртқы және ішкі валюта деп айырады.

Валютаның сыртқы конверсиялануы деп бұл ұлттық валютаны ел ішінде де, онан тыс жерде де шетел азаматтарының пайдалануына шектеудің болмауы. Бұндай жағдайда, ішкі нарықтық механизм ұлттық валютаның кез келген валютаға, тауар массасына, әртүрлі бағалы қағаздарға (мемлекеттік, жекеменшік) конверсиялануына кепілдік береді.

Сыртқы экономикалық қатынастарда мемлекеттің, ұлттық, валютаны (теңгені) резиденттерімен (жеке және заңды тұлғалар) пайдалануды шектеуден бас тартушы валютаның ішкі конверсиялануына жағдай жасайды. Дүниежүзілік тәжірибе көрсетіп отырғандай, әдетте, конверсиялану түрлерінің әр түрлі үйлесуі орындалады. Қазіргі таңда ұлттық валютамыз теңгенің конверсиялануы экономикалық реформаның міндеттерін шешудің өзіндік ерекшелігі бар "кілті" болып табылады. Енді, шетел валюта курсының биржалық катировкасын қаралық. Валютаның айырбас курстары әрдайым өзгеріп отырады, оның өзі валютаның сұраным мен ұсыным жағдайларына сезімталдығын көрсетеді. Мысалы, 1994 жылы 19 мамырда Қазақстан Валюта делдалханадағы кезекті сауда-саттықта шетел валютасының курстары төмендегідей болып белгіленеді.

Валюталық курстар
11-Кесте

Валютаның аттары	Шетел валютасы		Құны
	Теңгеге шаққандағы курсі		
	Теңге	тыын	
Австралия доллары	28	49	1,0
Австрия шиллингі	3	36	1,0
Ағылшын фунт. стер	58	94	10,
Бельгия франкі	11	49	10,0
Неміс маркасы	23	62	1,0
Голланд гульдені	21	05	1,0
Дат кронасы	6	03	1,0

Италия лирі	2	47	1000,0
Норвегия кроны	5	45	1,0
АҚШ доллары	39	10	1,0
Испан песеті	2	89	10,0
Грек драхмасы	1	59	10,0
Сингапур доллары	25	47	1,0
Ресей рублі	21	15	1000,0
Қырғыз сомы	3	18	1,0
Молдаван мегі	9	56	1,0
Кувейт динары	131	41	1,0

Республикада ұлттық валюта теңгені енгізу, тәуелсіз мемлекеттің барлық атрибуттарын (жарақтарын) қалыптастырудың соңғы қадамы болды. Оның үлкен экономикалық және саяси маңызы бар. Қазіргі дағдарыс жағдайында ұлттық валютамызды енгізу амалсыз шара болды, оған 1993 жылы 7 тамыздағы және 23-ші қыркүйектегі жаңа тұрпаттағы сом аймағын құру туралы Ресей үкіметімен жасалған келісім шарттардың ресейліктердің кірісінен жүзеге аспай қалуы себеп болды.

Теңгені енгізуге байланысты алда тұрған басты міндет-оның тұрақтылығы мен жоғары сатып алу қабілетін қамтамасыз ету, оны болашақта конверсиялану қабілеті бар валютаға айналдыру. Ол үшін ең алдымен экономиканы дүниежүзілік нарықты бәсекелестік қабілеті бар экономикаға айналдыру, ал валюта-қаржы жүйесін сыртқы

сауда мен валюта несиелік қатынастардың халықаралық стандартына сәйкес қайта құру керек.

Қазақстанда өндірістің құлдырауы, өсіп бара жатқан бюджет тапшылығы және инфрақұрылымның өсуі жағдайында теңгені конверсияландырудың қажетті шарттары мыналар болуы мүмкін:

- а) импортты алмастыратын өндірісті дамыту мақсатында, оның технологиялық профилін өзгерту, қайта құру;
- б) мемлекеттің төлем балансын жақсарту;
- в) инфляция қарқынын бәсеңдету.

Осы көрсетілген факторларды ескермей, қандай да болмасын қатаң ақша-несие саясатын жүргізу арқылы конверсиялануға жету мүмкін емес. Қазіргі таңда валютамен қамтамасыз ету, оны қажетті деңгейде ұстап отыру, басты міндеттердің бірі болып табылады.

Қазақстан валютасын қорлау туралы халықаралық валютамен, бүкілдүниежүзілік Еуропалық және Азия даму банкілерімен, сондай-ақ әлемнің бірқатар дамыған елдерінің үкіметтерімен келісімге қол қойылды, жеткізілді. Дегенмен, ұлттық валютаның тұрақтылығын, оның халықаралық деңгейде сатып алу қабілетін орнықтыру, біздің ішкі потенциалымызды пайдалануымыздан, экономикалық реформаларды Қазақстанның ерекшелігін ескере отырып, байыпты түрде жүзеге асырудан тәуелді болмақ.

Валютаны тұрақтандырудың нуллификация, девольвация және револьвация сияқты әдістері бар.

Ақшаны нуллификациялау – мемлекеттің аса ауыр инфляция жағдайында, құны түскен қағаз ақшаларды жарамсыз деп жариялауы.

Девольвация - ұлттық валюта курсы шетел курсына немесе халықаралық есептік ақша бірліктеріне қатысты ресми түрде төмендету.

Револьвация – бұл, егер инфляция деңгейі басқа елдерге қарағанда жай қарқынмен өсетін, төлем балансы белсенді, ал несие берушілермен импорттардың мүддесі қарыздар мен экспорттардың мүддесіне басым түскен жағдайда жүзеге асырылатын ұлттық валюта курсы шетел валюталарына қатысты ресми түрде көтеру.

Екі валютаның айырбас кезіндегі құндық арасалмағы, бір елдің ақша өлшеміне шаққандағы бағасы. Валюталарды айырбастау баламасы. Кейбір бухгалтерлік есеп айыры-

суларда шетелдік екі валютаның теңгемен салыстырғандағы баламдарымен (курстармен) белгіленетін осы валютаның ара салмағы кросс – курс дейтінді қолдану керек. Мысалы, АҚШ доллары 1,7 дм-ге пара-пар болады. Ол ұлттық, эмиссиялық банк немесе қандай да болсын құзырлы мемлекеттік валюталық орган белгілеген ресми курс болуы және банктер арасындағы операцияларда, валюта рыноктарында сұраным мен ұсынымның өзгеруіне орай өзінің құндық негізінен ауытқып отырады. Төлем балансының жай-күйін айқындаушы болып табылады. Сайып келгенде, нарық тетігі туындаған үйлесімдіктерді икемдеу бағытында әрекет еткенімен, олар халықаралық экономикалық айырбастың серпініне, бағымы мен құрылымына, әсіресе қаржы биржасы байланысы саласында елеулі әсер етеді, сөйтіп ең алдымен жекелеген салалар мен өндірістің дамуына, экономикалық өсу қарқынына ықпал жасайды. Шетелдік ақшаға сұраным мен ұсыныстың айқындалатын және еркін көтерілуі немесе төмендеуі мүмкін валюта курсы икемді құбылмалы валюта курсы деп атайды. Валюталық нарық практикасында еркін құбылмалы валюта курсы жүйесінде неғұрлым жоғары бағам – сатушы бағамы мен неғұрлым төмен бағам сатып - алушы бағамы болады.

Екі валюта бағамы арасындағы айырма – кәсіпкерлер мен валюталық операцияларды жүзеге асыратын банктердің табысын құрайды.

Ұлттық валюталар (түрлі елдердің ақша өлшемдері) арасындағы (заңдық тәртіппен айқындалған валюталық тепе-теңдік негізінде ресми белгіленген ара салмақ тіркелген валюталық курс болып келеді). Оның қолданылуы, әдетте, халықаралық валюта қорының (ХВҚ) және басқа халықаралық институттың қызметімен байланысты, олардың шеңберінде мүше елдердің валюталық тепе-теңдікті, қолма-қол ақшасыз есеп айырысу үшін пайдаланатын арнаулы өзара қарыз құқықтары негізінде келісу көзделеді. Валютасы айырбасталатын елдердегі инфляцияның деңгейі немесе ескерілмейтін айырбасталатын валютаның ағымдағы бағасына, шағын есептелген валюталық бағам атаулы - валюталық бағам деп аталды, ал валютасы айырбасталатын елдерде базарлық жылмен салыстырғанда бағаның деңгейіндегі өзгерістер ескерілетін валюталық бағам - нақты

валюталық бағам деп аталады. Олардың арасындағы арасалмақ мынадай формуламен өрнектеледі.

$Hвб = Авб (Беі | Бее)$

мұнда:

Hвб Авб тиісінше нақты және атаулы валюталық бағам.

Беі- ел ішіндегі баға.

Бее- өзге елдегі баға.

Басқа елдің валютасының ақшалай бірлестіктерінде көрінген валюталық курс немесе ұлттық ақшалай бірліктің бағасы барлық ішкі бағаларды басқа елдің бағаларымен байланыстырады. Валюталық курстың тұрақсыздануы отандық тұтынушылар үшін басқа елдің тауарлардың бағаны және керісінше, отандық тауарлардың бағаны - басқа елдің тұтынушылары үшін өзгереді. Сөйтіп, бұл өзгерістер экспорт пен импорттың тартылымдығына ықпал жасайды. Басқа елдің валютасы жөнінде ұлттық валюта курсының төмендеген жағдайында экспорт дамиды, кері жағдайда импорт дамиды, өйткені бірінші жағдайда отандық тауарлар шетелдіктер үшін арзандайды да, олардың тарапынан бұл тауарларға сұраным өседі, екінші жағдайда, импорттық тауарлар арзандайды да бұл тауарларға сұраным өз елінде өсе түседі. Мемлекеттің валюталық курстың жүйесі икемді немесе тіркелген валюталық курстар түрінде ұйымдастырылуы мүмкін.

Икемді курстар жүйесінде айырбас валютаға сұраныс пен ұсыныс негізінде жүргізіледі, тіркелген курстар жүйесінде алынған немесе басқа тұрақты валютаға валютаның белгілі бір қатынасы белгіленеді, екінші жағдайда мемлекет пен қатынасты реттейді, сол арқылы елдің төлем балансының баланстануына қол жеткізу үшін валюта нарқының функциясына араласады. Сонымен бірге, өз елі жөнінде шетелдік валюта курсының төмендеуі экспортта құн ысырабына соқтырады, олар өтеледі және (қосымша экспорт) керісінше, бұл курстың көтерілуі жағдайында ысырап импортта пайда болады. Ол қосымша экспорт арқылы толықтырылуы тиіс.

Валюталық курстар өзгерісінің экспорт пен импорттың ауқымына ықпалы.

12-Кесте.

Көрсеткіштер	1 қалыпты	Төмендетілген	Жоғарыла- -тылған
Курстың арақатынасы (долл, теңге)	1:100	1:50	1:400
Ақша қаражаттарының алғашқы соммасы 1000 теңге	1000		
А: тіркелген курстар Экспорт: Алынған экспорт түсімі, 1000 долл.	10	10	10
Белгіленген курс бойынша теңгеге қайта есептелген экспорт түсімі	1000	500	4000
Валютаның қалыпты курс шарттарынан ауытқуы, 1000 теңге		-500	+300
Импорт			
1. Ішкі рынокта сатылғанның көлемі 1000 теңгеммен нарықтың шарттары бойынша 1:1000	1000	2000	250
2. Валюталардың қалыпты курс шарттарынан ауытқуы 1000 т	-	+1000	-750
3. Шетелдік импорттар үшін жеткізілген, аумағы 1000 долл	10	10	10

Өткізуден түскен түсім 1000т	1000	1000	1000
Курс бойынша долларға қайта есептелген осы түсім	10	20	2,5
Шетелдік әріптес үшін ауытқуы, 1000 доллар	-	+100	-75

Сөйтіп, валюталық курс экспортпен импорттың ауқымына ықпал жасайды. Олар, өз кезегінде қаражат құралдары арқылы экспорт пен импортқа салынатын салықтар, кеден жарналары алынған, бөлінетін қаражат ресурстарының көлеміне мемлекеттің және сондай-ақ экспорттық немесе импорттық өнімдердің тауарлардың және қызметті тұтынушылардың қаражат жағдайында ықпал жасайды. Ұлттық банк өзінің ақша бірлігін қолдау үшін, валюта резервтерінен айырыла немесе халықаралық қаражат ұйымдарынан көмек сұрай отырып, валюталық минтервенция жүргізуге мәжбүр болды.

13.2.3. Әлем экономикасында мемлекеттік валюта қорларын қалыптастыру және пайдалану

Мемлекеттің валюта қорына - республикалық қор, жергілікті органдардың валюта қорлары жатады. Оларды құрау және пайдалану Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жүргізіледі.

Республикалық валюта қоры мен жергілікті үкімет орындарының валюта қорлары республика аумағында сыртқы экономикалық операцияларға қатысқан, меншік формалары мен ведомствалық бағыныстылығына қарамастан заңды мекемелермен жеке адамдардың валюта табысы құралады. Шаруашылықты жүргізудің көрсетілген субъектілері белгіленген ставкалар бойынша өнім, тауар жұмыс, қызмет түрлеріне қарай тиісті мөлшерде баж салығын төлейді.

Экспортты кәсіпорындар мен ұйымдардың валюта түсімі республика аумағындағы үкіметті банктердің есепшотына міндетті түрде аударылады. Олар валюта түсімінің салық салынатын бөлігі республика Ұлттық мемлекеттік банкінің арнайы есепшотына аударылады.

Жергілікті өкімет орындарының валюта қорын құрау үшін, Республика валюта қорынан облыстар аумағында

жүзеге асырылған тауарлар, өнімдер, жұмыстар, қызметтер экспортының валюта табысының 10 пайызы бөлінеді.

Республика және жергілікті валюта қорының қаржысы сонымен қатар, валюта биржалары мен аукциондарында белгіленген тәртіп пен шетел валютасын сатып алу шетелдерден әкелу есебінен толықтырылуы мүмкін.

Республика және жергілікті валюта қорының қаржысы сыртқы борышты өтеуге, халықаралық төлемді төлеуге, экспорт және импорт тауарларын шығару үшін жабдық шикізат, материалдарды сатып алуға және т.б. пайдаланылады.

13.2.4. Қазақстандағы құнды қағаздардың қалыптасуы және дамуы

13.2.4.1. Құнды қағаздар туралы жалпы түсініктеме

Құнды қағаздарға жататындар: компаниялардың акциялары және адамдардың облигациялары, мемлекеттік облигациялар, банктердің сертификаттары, казначейлік вексельдер. Құнды қағаздар ортақ қазанға ақша төленген соң, пайдаға ортақтасуға және корпорация капиталын бөлісуге қақалақ беретін куәлік. Олар әуелде ақша қорын жасау мақсатымен мемлекеттік және жеке-дара мекемелер арқылы сатылады. Сондай-ақ құнды қағаздарды шығарушылардың да, инвесторлардың да (пайда табу үшін құнды қағазға ақша құйған жеке адамдар) сатуына болады. Оның нарықтық бағасын анықтайтын соны шығарған кәсіпорындар мен инвесторлар, ал ол қағаздың болашақ өтілуіне байланысты. Құнды қағаздың бағасының қымбаттауы кәсіпорындардың экономикалық жетістігіне тәуелді, мәселен, зауыт пайданы неғұрлым көп түсірсе, инвестордың алтын үлесі де өсе түспек. Егер эмитент (құнды қағаз шығарушылар) шығынға отырып қалса, оның акциясының құны да арзандап, акцияны сатып алған жұрттың да пайдадан құр алақан қалуы мүмкін. Сондықтан акцияны шығарған кәсіпорындардың экономикалық, өндірістік жағдайы жолында әрқашан хабардар болып отыру акционерлердің қалт жібермейтін тірлігінің бір саласы.

Облигация – сатып алған жеке адамдардың инвестордың эмитентке берген қарызы іспетті. Инвестор облигацияны сатып алу арқылы қарызға ақша құяды, ал

эмитент алдағы уақытта оның қарызын өсімімен қайтарады деген сөз. Үкімет орындары да облигация шығарып, кәдімгі салықтан түсетін табыс сияқты оны да мемлекеттік масштабтағы мәселелерді шешіп отырған, ұйымдардың мұқтажына жұмсайды. Сонымен, құнды қағаз жеке-дара, сондай-ақ мемлекеттер үшін қаражат көзі болып табылады. Ал, инвесторлар пайда табамын деп ақша шығарғанымен, оны қайтарып алуына, өсім түсуіне ешкім кепілдік бере алмайды, көп ретте пайда табудың орнына тақыр жерге отырып қалуы да мүмкін. Сондықтан мұның табысынан тәуекелі басым. Әрине тәуекелге кез-келген бара бермейді, барған өкінбейді.

Түштеп келгенде, құнды қағаз саудасынан эмитентке де, сауда-саттыққа араласқан басқаларға да түсер пайда көп. Тұтас алғанда бұл экономиканы көтерудің бір жолы өйткені, құнды қағаздан түскен қаржыны көзін тауып, өндіріске жұмсай білсе, бұдан бүкіл Қазақстан ұтады, жұмыссыздық саны азайып, халықтың тұрмыс жағдайы да жақсара түспек.

Құнды қағаз саудасы биржа қоры арқылы жүргізіледі және оның құнды қағаз жөніндегі Ұлттық комиссия бекіткен өз талаптары бар. Ол тараптар биржа аралық қатынастың сенімділігіне, қаржы мәселесіне тіреледі. Биржа арқылы құнды қағазын өткізген әрбір кәсіпорын көпшілік хабардар болып отыруы үшін, өзінің қаржы жағдайын экономикалық ахуалы, басқарма органдары, алдағы жоспары хақында ақпар беріп тұруға міндетті. Бұл ақпар кейде инвесторға түсетін 3 айлық немесе жылдық есептің негізінде тұмақ.

Құнды қағаз саудасын қолма-қол жеткізуге биржа көбіне брокерлер жалдайды да, одан түскен пайдадан жалақы төлеп тұрады. Сол сияқты бұл іске диллердің тартылуы мүмкін. Бұлардың екеуі де делдалдар, айырмасы диллер жалақы алмайды, түскен пайдаға белгілі мөлшерде еншілер.

Үкімет облигацияларын шығаратын Қаржы министрлігі, болмаса ресми мекемелердің бірі, ал корпорацияның облигациялары инвесторлары қолма-қол немесе коммерциялық банктердің брокері арқылы тартылады.

Қазіргі кезде Қазақстанның көптеген кәсіпорындары акционерлік қоғамға айналып жатыр. Өздерінің купонын инвестициялық жекешелендіру қорына өткізу арқылы

азаматтар олардың акцияларын алуына болады. Инвестициялық жекешелендіру қоры – акционерлік қоғам мен азаматтар арасындағы дәнекер десек те, делдал десек те болады. Әрине азаматтар ақшасын кәсіпорындарына тікелей өздері салуына да болады, бірақ инвестициялық жекешелендіру қоры (ИЖҚ) одан гөрі тиімдірек, оның қызметкерлері конъюнктураның құйтырқысын жақсы біледі, оның үстіне олар облигацияны анағұрлым арзанға сатып алуы мүмкін.

Бүгінде Қазақстан үкіметі көптеген кәсіпорындарын дотация арқылы және болымсыз процентпен несие берумен ұстап отыр. Ертең олар жекеменшікке ауысқанда соларға кеткен қаржы әлеуметтік салаларды қамтамасыздандыруға жұмсалмақ. Сондықтан елдің экономикасын көтеруде құнды қағаздың маңызы зор.

13.2.4.2. Қазақстандағы құнды қағаз нарығының даму деңгейі

Құнды қағаздар рыногін жасақтау республикамыздың қаржы саласын тұрақтандыру бағытындағы міндеттермен тікелей байланысты. 1996 жылдың май айында 1996-1998 жылдар аралығындағы құнды қағаздар рыногін дамыту бағдарламасы бекітілді. Бағдарламаның осы кезеңдегі негізгі бағыты рыноктың тиімді қызмет етуі үшін инфраструктура жасау болып табылады.

Болашақта бұл бағдарламаға өзгертулер енгізеді. Өйткені құнды қағаздарды шығару орналастыру мен айналымға түсіру күрделі экономикалық және құқықтық қатынастарға, сыртқы факторларға қатысты. Сол фактордың бірі – жекешелендірудің қолданылып жүрген схемасы мен мемлекеттік ішкі қағаздарды жою.

Құнды қағаздар рыногындағы негізгі қаржылық құрал - акциялар мен мемлекеттік құнды қағаздар.

1997 жылы 1 маусымда 3758 акционерлік қоғам акциялар шығарылымын тіркеуден өткізді. Олардың басым бөлігі акционерлік қоғамға айналған бұрынғы кәсіпорындар.

1995-1997 жылдардағы акциялар шығарылымы 304,421310 млрд теңге, 1997 жылы қаңтар-маусым аралығындағысы - 110,746 млрд теңге болды. Ал бұл аралықтағы жалпы өнім өндіру 358 млрд теңге болғанын атап өту керек.

Корпоративті құнды қағаздар рыногында талдау жасағанда, қайтара шығарылым кәсіпорындарының қор рыногы арқылы инвестиция алуға дайындығы бар екендігін білдіретін елеулі фактор ретінде аталады.

Қайтара шығарылым акциялары үстіміздегі жылдың 1 маусымында 63,3525 млрд теңге болды. Бұл барлық шығарылымның азғана мөлшерін (қаржылай түрде) еске ала келе, акциялардың әлі толық инвестициялық құрал болып үлгермегендігін, олардың шығарылымы тек жекешелендіру қорытындысын нығайтуға қызмет ететіндігін түйіндеуге болады. Мамыр айындағы (1997ж) дерек бойынша Халықаралық Қазақ қоры биржасына 4 акционерлік қоғамның мемлекеттік пакеттері қойылған. Осының біреуінің өзімен ғана осы уақытқа дейін 5041050 теңгенің саудасы жасалған.

Сөйтіп, жалпы алғанда құнды қағаздардың бастапқы рыногы салыстырмалы түрде қалыптасып қалғанын, екінші рыногы баяу дамуда екенін байқаймыз. Қазір Халықтық банкке салым салушылардың өсе түскенін байқауға болады. Ұлттық статистика агенттігінің мәліметі бойынша, үстіміздегі жылдың алғашқы 2 айында салымшылар 7,7%-ке өссе, наурыз айында салым 12,4 млрд теңгеге жетті.

Халық мемлекеттік құнды қағаздарға сенім артуда. 1996 жылдың қыркүйегінен бері Ұлттық жинақ облигациялары 3 рет шықты. Жалпы құны 1,25 млрд теңге болды. Сондай-ақ шетелдік инвесторлар да мемлекеттік құнды қағаздарға сенім арта түсуде. Бұл біздің қаржы жүйеміздің тұрақталу тенденциясына оң ықпалын тигізе бермек.

13.2.4.3. Осы замандағы валюта нарығы

Жалпы қорыта келгенде, әлем валюта нарығы 2 түрге бөлінеді: Ұлттық және дүниежүзілік валюта жүйесі. Ұлттық валюта жүйесі дегеніміз - елдің ұлттық заңдары бойынша айқындалатын валюта қатынастарын ұйымдастыру формасы болып табылады.

Дүниежүзілік валюта жүйесі – бұл дүниежүзілік шаруашылық байланыстардан туындаған мемлекетаралық келісімдері мен заң жүзінде баянды етілетін халықаралық валюта ұйымдастыру формасы болып келеді.

Валюталық нарықта сыртқы сауда, туризм, қызметтер жеке адамдардың ақша аударуы, капиталдардың жұмыс күшінің миграциясы (бір елден бір елге ауысуы) және т.б кең ауқымды операциялар жүзеге асырылады. Валюталық нарықта, валюталық курстардың айырмасы есебінен пайда табу мақсатымен қаржыларын бір валютадан басқа валютаға аударып отыратын трансұлттық компаниялар маңызды роль атқарады.

Ұлттық валютаны енгізудегі ең басты нәрсе - қалыптасқан жағдайда оын өндірудің барынша дұрыс механизмін табу және қажетті ақша мөлшерін анықтау, осы сұраққа байланысты көптеген пікірлер бар, бірақ оның бәрі бірдей жергілікті дәрежеде негізделмеген.

Яғни валюталық қатынастар дегеніміз - дәстүрлі ақша қызметінің дүниежүзілік ақша қызметіне ауысуымен байланысты жүзеге асатын экономикалық қатынастардың жиынтығы. Валюталық қатынастардың жекелеген элементтерінің қалыптасуы сауда орталықтарында жүргізіледі. Дүниежүзілік валюта, халықаралық несие, құнды қағаздар нарықтары қалыптасуының алғы шарттары болып келеді.

Халықаралық несие — мемлекеттің банктік заңды мекемелер мен жеке адамдарына беретін несие. Халықаралық несие — бұл елдердің халықаралық экономика қатынастары саласындағы материалдық ресурстардың қозғалысы, ол тауар және ақша формаларында жүріп, белгілі бір шарттар мен төлемдер негізінде қайтарылатын сомма. Экономикалық заңдар жиынтығы халықаралық несиенің қажет екенін айғақтайды. Халықаралық несие пайдалану халық шаруашылығын жеделдете дамытуға, экономикалық интеграцияны жеделдетуге септігін тигізеді.

Тағы бір айтып кететін мәселе, ол қор биржасы. Қор биржасы — бұл құнды қағаздардың қалыпты айналымына қажетті жағдай жасау, олардың нарықтық бағасын анықтау және олар жөнінде ақпараттар тарату, өз қызметінің ерекше тақырыбы болып табылатын ұйым.

Қор биржасындағы операцияларды оның мүшелері ғана жүзеге асыра алады. Олардың тапсыруы бойынша құнды қағаздарды сатып алу немесе сатуды брокерлермен диллер атқарады.

Брокерлер — олар клиенттердің тапсырмасы бойынша жұмыс істейді және онысы үшін белгілі бір төлем ақысын алады.

Диллер — бұлар құнды қағаздар сатып алу және сатумен өз атынан және өз есебінен айналысады. Олар жеке фирмалар, банктер, жеке адамдар, қор биржасының мүшелері.

Республикада ұлттық валюта теңгені енгізу, тәуелсіз мемлекеттің барлық атрибуттарын қалыптастырудың соңғы қадамы болды. Оның үлкен экономикалық және саяси маңызы бар. Теңгені енгізуге байланысты алда тұрған басты міндет — оның тұрақтылығы мен жоғары сатып алу қабілетін қамтамасыз ету, оны болашақта валютаға айналдыру. Қазіргі таңда, теңгені тауарлармен, алтын-алмас қорымен, валютамен қамтамасыз ету, оны қажетті деңгейде ұстап отыру басты міндеттердің бірі болып табылады.

Қазақстан валютасын қорлау туралы халықаралық валюта қорымен, бүкілдүниежүзілік Еуропалық Азия даму банктерімен, сондай-ақ әлемнің бірқатар дамыған елдерінің үкіметтерімен келісімге қол қойды.

Нарықтық экономиканы тапқырлықпен жүзеге асырған өркениетті елдердің тәжірибесі көрсеткендей шетелдік инвестициясы экономиканы дамыту, халықтың әлеуметтік аяқатын жақсартуы мүмкін еместігіне бүгінде көпшіліктің көзі жетіп отыр. Бұл жөнінде Қазақстан ТМД мемлекеттерінің арасында алдыңғы орында тұр. Инвестиция жөніндегі мемлекеттің дерегі бойынша 1996 жылы елімізге шетелдерде 1904,5 млн доллар беріледі. Оның 235,194 млн займ, 252 млн несиеге, 1417,3 млн доллары тура инвестиция ретінде берілген.

1997 жылы негізгі капиталдағы құрылысқа біріккен кәсіпорындағы 31,2% компаниялар мен фирмаларға, 14,7% түрлі өндіріс орындары берілген. Алғашқы жылдары 1992-1993 жылдардағы несиелер үкіметтің кепілдік беруімен келген болса, онда оның орнын халықаралық қаржы ұйымдарының заемы ауыстырады. Сонда құнды қағаздар нарығы, несие (кредит) инвестиция үшін қажет деген сұрақ туындайды.

Әрине, құрылымдық реформа қаржылы еңбекпен ауқымды қаржы-қаражат, әсіресе шетелдік валюта мен білікті мамандарды қажет етеді. Шетелдік валюталарды алу

және олардың түсімін арттыру сол баяғы шикізат экспортын өсіру арқылы ғана мүмкін болады.

Негізгі валюталарға қатынастылығы жағынан алғанда доллардың рыноктағы айналысының ауытқулары, дүниежүзілік шаруашылық валюта механизміне нұқсан келтіреді, сол арқылы халықаралық экономикалық байланыстардың дамуына ықпал етеді. Батыстың жетекші елдерінің валюта айналыстарының күрт ауытқуын шектеуге деген ұмтылысы іс жүзінде нәтижесіз болып шықты.

Қазіргі замандағы валютаның компраимистік сипаты бар. Ол АҚШ-пен оның негізгі әріптестерінің арасындағы өткір қайшылықтарды жоя алмайды. Валюталық сілкіністер бұрынғысынша дүниежүзілік шаруашылықтың тұрақтылығының маңызды факторы болып табылады.

13.2.4.4. Валюталық қатынастың дамуы

XX ғасырдың орта шенінен бастап халықаралық экономикалық, қаржы-қаражат және валюталық қатынастар өз дамуында жаңа сатыға көтерілді. Ашық экономика құруға ұмтылыстардың басты тенденциясы сауда айырбасын жеделдетуді, халықаралық қаржыландыруды дамытуды, жаңа валюта рыноктарын құруды, әр түрлі елдер арасындағы валюталық-қаржы қатынастарды кеңейтуді көздейді.

Валюталық қатынастар дегеніміз - дәстүрлі ақша қызметінің дүниежүзілік ақша қызметіне ауысуымен байланысты жүзеге асатын экономикалық қатынастардың жиынтығы.

Дүниежүзілік ақша сыртқы сауда мен қызмет көрсетулерді, капиталдар қозғалысын, пайданы инвестицияларға аударуды, несие және қарыз беруді, ғылыми-техникалық айырбасты, туризмді, заңды және жеке тұлғалардың ақша аударуын қамтамасыз етеді.

Валюталық қатынастар ұлттық және халықаралық деңгейде жүзеге асады. Ұлттық деңгейде олардың ұлттық жүйесін қамтиды. Ұлттық валюта жүйесі дегеніміз- мемлекеттік заңдармен бекітілген, елдің валюталық қатынастарын ұйымдастыру немесе керісінше жіктеуге әсер ететін ең маңызды механизмдерінің бірі.

Ұлттық валюта жүйесінің негізгі белгілеріне мыналар жатады:

- Ұлттық валюта бірлігі;
- ресми алтын-валюта қорының құрылымы;
- Ұлттық валютаның паритеті мен валюта курсы қалыптастыратын механизмі;
- валютаның айырбасталу мүмкіндігі (обратимость, конвертируемость валюты);
- валюталық шектеулердің деңгейі;
- мемлекеттің сыртқы экономикалық есептеулерді жүзеге асыру тәртібі және т.б.

Ұлттық валюта жүйесін байланыстыратын буынға валютаның курсы мен паритеті жатады.

Валютаның курсы дегеніміз- жекелеген елдердің валюталарының ара қатысы немесе басқа елдің валютасы арқылы көрсетілетін жеке бір ел валютасының "бағасы".

"Паритет"- валюталардың алтын мөлшеріне сәйкес ара қатысы. Паритет валюта курсының негізі, бірақ валюта курсы паритетіне дәлме-дәл келмейді.

Халықаралық валюта жүйесі дүниежүзілік шаруашылық шеңберіндегі валюталық қатынастарды ұйымдастырудың нысаны.

Бұл жүйе дүниежүзілік капиталистік шаруашылықтың бірте-бірте қалыптасуы нәтижесінде пайда болып, кейінірек мемлекетаралық келісімдер арқылы заңдастырылған.

Халықаралық валюта жүйесінің негізгі элементтеріне мыналар жатады:

- ұлттық және ұжымдық валюта бірліктерінің қоры;
- халықаралық өтімді (ликвидный) активтердің құрамы мен құрылымы;
- валюталық паритеттер мен курстардың механизмі;
- валюталардың өзара айырбастау жағдайы;
- халықаралық есептеулердің нысандары;
- халықаралық валюта рыноктары мен дүниежүзілік алтын рыногындағы орныққан тәртіп;
- халықаралық валюта-қаржы қозғалысын реттеуші ұйымдар (Халықаралық валюта қоры- МВД, Халықаралық даму банкі- МБРР және т.б).

2 Халықаралық Валюта жүйесінің негізгі міндеттеріне тұрақты экономикалық өсуді, инфляцияны ауыздықтауды, сыртқы экономикалық айырбас пен төлем айналымын тепе-теңдікте сақтауды қамтамасыз ету шеңберіндегі халықаралық есептеулер мен валюта рыноктарын реттеу жатады.

Халықаралық Валюта жүйесі халықаралық экономикалық қатынастарды кеңейтуге, немесе керісінше шектеуге әсер ететін ең маңызды механизмдердің бірі.

13.2.4.5. Валюта, инвестиция әлем экономикасында

Инвестициялық процесті дамытуда әлемдік экономика қарамағында олардың міндет бағыты, функциясы негізінде байланысты. Әлемде сегіз типтес банк мекемелері бар. Олар инвестициялық процестің ең басты негізі болып келеді. Атап айтсақ:

1. Имиссия банктері, яғни, ынталы оперативтік активті жұмыс істейтін мемлекетке және коммерциялы банктерге қаржы-қаржыландыру қабілеті бар банк болып келеді. Ол банк банкнот шығарады немесе валюта, ақша шығарады және мемлекеттік құнды қағаздарды сатады. Осыған байланысты қабілеті бар банк болып келеді.

2. Коммерциялық банктер олардың бәрі демек акционерлік қоғам ретінде құрылады, және жабық немесе ашық акционерлік қоғам банкісі ретінде қызмет істейді. Олардың негізгі міндеті мен функциясы ақша қорын жинау, барлық мекемелер бойынша ақша қорын қалыптастыру. Олармен көптеген түрлі операциялық жұмыс жасау. Осы кешенді жұмыстардың толық түрлерін тікелей ақшалай ағым негізінде барлық қызмет түрін орындау.

3. Инвестициялық банктер олардың басты міндеттеме қызметтері. Акцияларды және тарату түрлі қаржы қаржыландыру операциясында қосымша жұмыс істеу. Сонымен қатар, түрлі банк несиелерін ұсыну жұмыстарын орындау.

4. Клинирх банкісі оның басты жұмыс бағыты құжат негізінде түрлі есеп жасап, есептеу банк аралық, осындай есепті орындау вексельдік жұмыстарды орындап басқа банктерге құжат арқылы қатынас жасап жұмыстарын орындау.

5. Инвестициялық компаниялар ең басты көлемді оның жұмысы басқа банктерден не болмаса басқа компаниялардан облигация, акциялар сатып алу тікелей өзінің акцияларымен халыққа сауда жасау осы банктің негізгі қызметінің негізгі бағыты болып келеді.

6. Жинақтау кассілері немесе банкі олардың негізгі мақсаты, қызметі банкі операцияларының барлық түрін орындау халықтық ақша жинақтау халыққа ақшалай қызмет ету.

7. Қамсыздандыру компанияларының негізгі қызметтері: қамсыздандыру, банктік депозиттер, көп жылдық қаржы - қаржыландыру жұмыстарын орындау, қаржы беру, жеке меншіктегі облигациялар сатып алу, қамсыздандыру, ынталандыру қорын жинақтау барлық фирмалар түрін немесе халық ақша қорынан.

8. Пенсия қоры: қаржы, ақша ұсыну акциялар мен облигацияларды, сатып алу халықтың жинақтаған ақшасын және фирманың ақша қорынан зейнетақы қорын қалыптастыру.

13.3. Әлем экономикасындағы инвестициялық процесс

Осы дәуірде әлемдік экономиканың дамуы әрбір ұлттық экономиканың дамуымен тікелей байланысты болса, онда әрбір елдің әлемдік деңгейде әлемдік интеграция негізінде күрделі қаржыны пайдалану, жалпы инвестициялық процесті дамытумен тікелей байланысты болып келеді. Жалпы алғанда ұлттық және әлемдік капитал әртүрлі салаға салалық негізде байланысты жүргізіледі. Оның негізгі ақша, қаржы-қаражат яғни, банкі капиталы өндірістік капиталымен салыстырмалы негізде болады. Ең бірінші өнеркәсіп капиталы, сауда капиталы болып құралып, капиталдың жаңа формасы қалыптасып жалпы алғанда әлемдік қаржы капиталы болады. Қорытындылап айтқанда, инвестициялық процестің әлемдік күрделі қаржы пайдалану функциялары ол көптеген миллиондаған мемлекет тұрғыдан ең жоғары аса күрделі және кең дүнкелі қаржыландыруда, қаржы пайдалануда басқару немесе менеджерлік жұмысты орындау болып келеді. Оны революциялық басқару деп атайды. Ең басты проблема, ол өндірістік және банкілік капиталды шоғырландыру болады ол:

1. Өнеркәсіптік монополия, яғни алуан көлемді тауарлардың түрлерін шығару;

2. Рангие қабатын дамыту, яғни өз капиталынды басқалардың капиталы арқылы дамытып көбейту;

3. Халықтың табыс-кірісін дамыту;

4. Қаржыландыру істерін әлемдік деңгейде пайдалану және банкирлер бәсекесін пайдалану;

5. Капиталдың, ақшаның өтімді болуы. әлемде жүру, жүргізу негізгі және оның ықшамды, ұтымды деңгейде болуы.

2.2 Халықаралық Валюта жүйесі — динамикалық, дамушы жүйе. Бұл жүйе Батыс елдері экономикасындағы, дүниежүзілік шаруашылықтағы өзгерістер мен қажеттіліктерге сәйкес бірте-бірте өрістеді. Өз даму барысында халықаралық валюта жүйесі негізгі төрт кезеңнен өтті және сол кезеңдер халықаралық валюта жүйесінің төрт түрін сипаттайды.

13.3.1. Әлемдегі валюта жүйесінің түрлері, олардың дамуы

Халықаралық Валюта жүйесінің бірінші түрін алтын стандарт жүйесі деп атайды. Бұл жүйе ХІХ ғасырдың соңына қарай қалыптасты. Ол кезде бірқатар мемлекеттердің валюталары ел ішіндегі рыноктарда алтынға еркін айыр-басталды.

Алтын стандарт жүйесінің негізгі белгілеріне мыналар жатады:

- әрбір валюта бірлігінде белгілі алтын мөлшерінің болуы;

- валютаның алтынға айырбасталу мүмкіндігінің ел ішінде де, мемлекет шекарасынан тысқары жерлерде де сақталуы;

- алтын құймалардың монеталарға айырбасталуы, алтынның еркін экспортталуы мен импортталуы және халықаралық алтын рыноктарын еркін сатылуы;

- алтынның ұлттық қоры мен ел ішіндегі ақша ұсынысы арасындағы қатаң байланыстың болуы.

Алтын стандартқа негізделген халықаралық есептеулердің механизмі қатаң курс бойынша жүргізіледі. Алтын стандарттың басқа түрлеріне, ақша ұсынысы арасындағы қатаң байланыстың болуы, алтын монета, алтын құйма және алтын девиз стандарттары жатады. Алтын стандарттың бір түрінен екінші түріне көшу дүниежүзілік капитализм жүйесінің дамуы барысында жүзеге асып отырды.

Капиталистік шаруашылықты жүргізудің бірте-бірте күрделенуі, дүниежүзілік шаруашылық байланыстарының кеңеюі мен тереңдеуі, экономикалық дағдарыстардың циклдық қайталанулары экономиканы реттеуді күшейтудің объективті қажеттігін туғызып, мемлекеттің экономикалық процестерге араласуын күн тәртібіне қойды. Экономикаға мемлекеттің араласуының күшеюі алтын стандартпен анықталатын қатаң валюта курсына айнала басталуына әсер етті.

Екінші жүйе — алтын девизді стандарт жүйесі 1922 жылғы Генуя конференциясы шешімінің нәтижесінде пайда болды. Кейінірек бұл шешімді капиталистік елдердің көпшілігі құптады. Алтын девизді стандарт жағдайында банкноттар алтынға емес, басқа елдердің девиздеріне (банкноттар, вексельдер, чектер) айырбасталып, содан кейін ғана алтынға ауыстырылатын болды. Девиз валюта ретінде доллар мен фунт стерлингі қабылданды. Алтын девизді стандарт іс жүзінде реттелетін валюта курсы жүйесіне, ең алдымен алтын-валюталық стандарт жүйесіне көшудің алғашқы қадамдары еді.

1972 жылы Халықаралық Валюта қорының (МВФ) Кингстондағы (Ямайка) кезекті кеңесінде дүниежүзілік валюта жүйесінің жаңа негіздері қаланды. Ямайка келісімдеріне сәйкес халықаралық валюта механизмі ендігі уақытта былайша құрылатын болды.

1. Алтынның күн өлшемі ретіндегі және валюта курстарын анықтаушы қызметі жойылды, сөйтіп бұдан былай алтын бағасы еркін анықталатын кәдуілгі тауарға айналды. Сонымен қатар ол ерекше өтімді тауар болып қала берді. Қажет болған жағдайда алтын сатылады, және одан түскен валюта төлемдер үшін пайдаланылады.

2. СДР(special drawint-SDR) займ алудың арнаулы құқығы стандартының мақсаты оны негізгі резервтік авуар (төлем қаражаты) жасап, басқа резервтік валюталардың ролін төмендету.

3. Әр елге ұлттық валюта курсының өздері таңдаған тәртібін орнықтыру құқығы беріледі. Мемлекетаралық валюталық қатынастар ұлттық ақша бірліктерінің қалықтау курсына екі факторға:

а) валютаның ішкі, ұлттық рыноктағы ұлттық валютаға сұраныс пен ұсыныстың ара қатысына байланысты болады.

90-жылдардың бас кезінде қалықтау курсы факторын жүзеге асыруға байланысты халықаралық валюта жүйесін ұйымдастырудың күрделі схемасы пайда болды.

Валюталық корзина дегеніміз – бір валютаның орташа курсына басқа валюталардың белгілі жиынтығына қатысты өлшеу әдісі. ЭКЮ-дің СДР-ға қарағанда қолдану өрісі кеңірек, ол тек ресми байланыстарда ғана емес, жеке меншік секторда да пайдаланылады. Айталық, ЭКЮ валюта бірлігі есебінде бірлескен қорларда және халықаралық валюта-несие, қаржы ұйымдарында, ауыл шаруашылығы өкілдерінің бірыңғай бағасы ретінде, Еуропаның Одаққа мүше елдердің орталық банктері валюталық интервенция жасағанда т.б жағдайларда қолданылады. Жеке меншік (коммерциялық) ЭКЮ еурооблигациялық заемдерді, банктердің депозиттері мен кредиттерін қаржыландыратын валюта есебінде пайдаланылады. 500-ден аса халықаралық ұйымдар несие беру шараларында ЭКЮ-ді пайдаланады. Еуропалық валюта жүйесіне кіретін елдер валюталарының ондағы үлесі мынадай: неміс маркасы-30,4%, француз франкі-19,3%, ағылшын фунті-12,6%, итальян лирасы-9,9%, голланд гульдені-9,5%, бельгиялық франк-7,8%, даниялық крон-2,5%, испандық песет-5,2%, португалдық эскудо-0,8%, гректердің драхмасы-0,7%, люксембургтің франкі-0,3%.

Еуропалық экономикалық Одақтастық құрыларда біртұтас еуропалық валюта жасау мәселесі қарастырылған жоқ болатын. Бірақ, 70 жылдардың ортасынан бастап біртұтас валюталық одақ құру жолдары белсенді түрде іздестіріле бастады. Еуропалық Одақтастықтың жетекшілері АҚШ долларына альтернативтік валюта бірлігін жасауға ұмтылумен қатар, валюталар шайқасын тиімді бақылау үшін валюталардың интеграциясын жүзеге асыруға мүдделі болды.

Еуропалық Одақ шеңберінде өткен күрделі келіссөздердің нәтижесінде 1979 жылы Еуропалық валюта жүйесі құрылды.

Еуропалық валюта жүйесі - ұлттық валюталардың экономикалық интеграция шеңберінде қызмет етуімен байланысты экономикалық қатынастар жиынтығын көрсететін халықаралық (аймақтық) валюта жүйесі.

Еуропалық валюта жүйесі үш элементтен тұрады: 1) ЭКЮ-Еуропалық Валюта жүйесінің негізі; 2) валюта курстары мен интервенцияларының механизмі; 3) валюта курсына тұрақтандыру үшін қолданылатын несиелеу механизмі.

Еуропалық валюта жүйесінің алдына мынандай міндеттер қойылды:

- Еуропалық Одақ елдері ішінде сенімді валюталық тұрақтылықты орнату;

- Тұрақты түрде даму стратегиясының негізгі элементі болу;

- Экономикалық даму процестерінің байланысын нығайтып, еуропалық ынтымақтастыққа жаңа екіін беру;

- Халықаралық экономикалық және валюталық қатынастарға тұрақтандырушы фактор ретінде әсер ету.

Еуропалық валюта жүйесінің атқарушы механизмі ЭКЮ-ді қалыптастыру және реттелетін жүйе арқылы жүзеге асады.

Еуропалық валюта жүйесі валюталық қорлардың Одаққа мүше елдердің бәріне бірдей ортақ болуына кепілдік береді. Еуропалық валюта жүйесінің қызмет етуі және дамуы "Делор жоспары" дегенмен тығыз байланысты.

Еуропалық Одақтың көрнекті қайраткері Ж.Делор Еуропа валюталарын біріктіру жөнінде үш сатылы жоспар ұсынды. 1) еуропалық Одақтың жекелеген елдері арасында үйлестірілген экономикалық және валюталық саясатты жүзеге асыру; 2) Еуропалық Одақтың орталық банкісін құру; 3) ұлттық валюталарды Еуропалық Одақтың ортақ валютасына ауыстыру.

1990 жылы Еуропалық валюта жүйесіне қатысушы елдер қатарына Англия, Испания, Португалия қосылды. 1991 жылы біртұтас Еуропалық экономикалық кеңістік құру жөніндегі Маастрихт келісіміне қол қойылды. Осы келісімге сәйкес Еуропалық Одаққа мүше елдердің үкімет басшылары валюталық Одақ құруды күптады.

Батыс Еуропа елдері валюталары курсының тербелуін реттеу мақсатында құрылған Еуропалық валюта жүйесі 15 жыл бойына өзіне жүктелген қызметті ойдағыдай атқарды. Дегенмен, 1992 жылдың күзінен бастап бұл жүйе жүрісінен жанылды. 1992 жылдың қыркүйегінде Еуропалық валюта жүйесінен ағылшынның фунты бөлініп шықты, испандық

песет пен португалиялық эскудо девольвацияға (күнсыздануға) ұшырады. Бұл оқиғалардың басты себептерінің бірі аталған елдердің орталық банктерінің бірі аталған елдердің орталық банктерінің биржалық алыпсатарлардың валюталарды күнсыздандыру мақсатындағы әрекеттеріне тосқауыл болуға қабілетсіздігі болды. Осының салдарынан 1993 жылы Еуропалық Валюта жүйесіне енетін сегіз ақша бірліктерінің бесеуі (Францияның және Бельгияның франкі, даниялық крона, жоғарыда көрсетілген песет пен эскудо) солар үшін белгіленген курстың ең төменгі деңгейіне дейін күлдірады. Өз кезегінде бұл елдердің Орталық банктері өз валюталарының курсы жасанды түрде қолдаудан бас тартты. Аталған валюталар белгіленген курстан 15%-ке ауытқу мүмкіндігіне ие болды. Орталық банктер өз кезегінде айырбас курсы түрақты түрде жоғары деңгейде ұстап тұру үшін қажет болған есеп ставкаларын төмендетуге өкілеттік алды.

13.3.2. Еуропалық ұлттық валюта жүйесі

Маастрихт келісімдеріне сәйкес еуропалық Одақ мемлекеттерінің ұлттық валюталары курсының бір-біріне қатысты түпкілікті орнығуы 90 жылдың соңы болады деп ұйғарылды. Бұл процестің өзі үш кезеңге бөлінеді.

Бірінші кезең 1998 жылы басталады. Бұл уақытта валюталық Одаққа қабылдау критерийлеріне сай келетін елдер анықталады. Маастрихт келісімі белгіленген критерийлер қатарына инфляция деңгейі, мемлекеттік бюджеттің тапшылығы (3 проценттен артпауы тиіс), есептеу ставкасы, ұлттық валютаның тұрақтылығы жатады. Осы критерийлерге сай келген мемлекеттер бірінші топтың құрамына кіріп, валюталық одақтың алғашқы мүшелері болады. Әзірше бұл критерийлерге Алмания, Люксембург, Ирландия және Австрия сай келіп тұр. 1998 жылдың соңына дейін Орталық Еуропалық банк құрылады да, одан әрі Еуропалық орталық банктер жүйесі жасала бастайды.

Екінші кезеңде (1999-2001ж.ж) ұлттық ақшаларды жаңа еуропалық ақша бірлігі- ЕУРО-ға алмастырады. Жаңа бірыңғай валюта айналымға түседі. Алғашқы кезде 6 ай ішінде жаңа валюта ұлттық валютамен бірдей айналымда болады. Көрсетілген уақыттың соңына қарай ұлттық

ақшалар, жоспарға сай, өздерінің төлем құралы статусын жояды.

Үшінші кезеңде Еуропалық валютаның экономикалық одақ кеңістігіндегі банктік шеттардың барлығы еуропалық валютаға ауыстырылады. Экономистердің есептеуі бойынша, бірыңғай еуропалық валютаның дүниежүзіндегі ең қуатты валюталардың бірі болуына мол мүмкіндігі бар. Бұл валюта Еуропалық Одақты тұрақтандырып, инфляциямен күресті жеңілдетеді және АҚШ, Жапония сияқты елдермен рынок үшін шайқаста көмектеседі деп күтілуде.

Халықаралық валюта және қаржы-несие рыноктары дүниежүзілік шаруашылықтың, халықаралық экономикалық қатынастардың ең маңызды буындарының бірі.

XX ғасырдың соңғы 15-20 жылдары қаржы нарықтарының қарқынды өсуімен айқындалады. 1980 жылдан бастап дүние жүзінің дамыған елдерінің қаржы активтері олардың ішкі жиынтық өнімдерімен саыстырғанда 2,5 есе жедел көбейген. Дүниежүзілік валюта және сауда операцияларының құндырамының ара қатысы 1980 жылы 10:1 болса, 1992 жылы бұл көрсеткіш 60:1 болған.

Қаржы рыногы дамуының негізінде қаржы айналымының объективті заңдылықтары жатыр. Бір жерлерде уақытша бос капиталдар пайда болса, екінші жерде осыған сұраныс қалыптасады. Дүниежүзілік валюта және қаржы-несие рыноктары бұл қайшылықтырды дүниежүзілік шаруашылық деңгейінде шешеді.

13.3.3. Капитал қозғалысы және валютамен қамтамасыз ету

Халықаралық экономикалық қатынастар, соның ішінде дүниежүзілік сауда, қызмет көрсету және капиталдар қозғалысы өздерін тұрақты түрде валютамен қамтамасыз етуді қажетсінеді, ұлттық валюталардың сауда-саттығын талап етеді. Дүниежүзілік валюта, несие құнды қағаздар рыноктары қалыптасуының алғы шарттарына мыналар жатады:

1. капиталдың өндіріс пен банктерде шоғырлануы;
2. шаруашылық байланыстардың интернационалдануы;
3. банкаралық теле коммуникациялардың дамуы.

Валюта рыноктары дегеніміз-сұраныс пен ұсыныс негізінде шетелдік валютаны ұлттық валютаға курсы бойынша сатып алу мен стауды жүзеге асыратын орталықтар.

Ұлттық валюта рыноктары дамыған рыноктың экономикасы бар елдің барлығында қызмет атқарады. Ұлттық рыноктардың дамуы мен олардың өзара байланысының күшеюі арқылы біртұтас дүниежүзілік валюта рыногы қалыптасты. Оның құрамына дүниежүзілік, аймақтық, ұлттық жергілікті валюта рыноктары кіреді. Бұл рыноктар өздерінің көлеміне, валюталық операциялар мен валюта сомаларының сипатына қарай ерекшеленеді. Әдетте, дүниежүзілік валюта рыноктары, дүниежүзілік қаржы орталықтарында шоғырланады.

Дүниежүзілік қаржы орталықтары дегеніміз-банктердің маманданған несие-қаржы институттарының топтасқан жері. Онда халықаралық валюта, несие, қаржы операциялары жүргізіледі және құнды қағаздармен, алтынмен байланысты келісімдер жасалады. Дүниежүзілік қаржы орталықтарының ішіндегі ең ірілері- Лондон, Нью-Йорк, Майндағы Франкфурт, Париж, Цюрих, Токио валюта рыноктары. Бұлардағы валюта операцияларының көлемі 1973-1992 жылдар аралығында күніне 10-12 млн доллардан 900 млрд долларға дейін өсті.

90 жылдардың басында халықаралық валюта келісімдерінің 50%-ке жуығы дүниежүзілік валюта рыногының үш орталығында жүзеге асырылды. Олар: Лондон валюта рыногы күніне -187 млрд доллар, Нью-Йорк -129 млрд доллар, Токио күніне -115 млрд доллар валюта операцияларын жүзеге асырады. Халықаралық валюта операцияларының бір тәуліктегі жалпы көлемі 90-жылдардың ортасында 1 трлн 230 млрд долларға жетті.

Қазіргі валюта рыноктарына мынандай ерекшеліктер тән:

1. дүниежүзілік шаруашылық байланыстарының интернационалдануы негізінде валюталық рыноктардың да әлемдік өріске шығуы және валюталық келісімдерді жүзеге асыруда абсолюттік байланыс құралдарын кеңінен қолдануы;

2. валюталық операцияларды орталықсыздандыру және оларды компьютерлерді қолдану арқылы бүкіләлемдік сипатқа ие болуы;

3. валюта операцияларын үйлестірудің (унификация) мәнінің артуы;

4. алыпсатарлық келісімдер көлемінің ұлғаюы;

5. валюта курстерінің тұрақсыздануы.

13.3.4. Валюта нарықтарының негізі мен ерекшеліктері

Валюта нарықтары халықаралық есептеулерді жедел жүзеге асыруды, дүниежүзілік валюта рыноктарының несие және қаржы рыноктарымен өзара байланысын нығайтуды қамтамасыз етеді.

Валюта рыноктарының көмегімен банктердің, кәсіпорындардың, сондай-ақ мемлекеттің валюталық қорлары толықтырылып отырады.

Сонымен қатар валюталық нарықтар механизмді экономиканы мемлекеттік реттеуге, бір топ елдердің (мысалы, Еуропалық Одақ) макродеңгейінде пайдаланылады. Нақты қызмет шеңберінде валюта нарықтары биржалардың, брокерлік фирмалардың, банктердің және трансұлттық копорациялардың жиынтығы. 80 жылдардың соңына қарай банктер банкаралық рынокта өзара келісімдердің оған қоса сауда-өнеркәсіп сомасының клиенттерімен келісімдердің көпшілігі инвестициялық қорлау арқылы жасалатын болды.

Халықаралық несие-қаржы қатынастары дүние жүзілік несие және қаржы нарықтарындағы қарыз капиталының қозғалысымен байланысты қатынастар жүйесін қамтиды.

Халықаралық несие нарығында ақша капиталының елдер арасындағы қозғалысы қайтарымдылық, мерзімдік, пайызын төлеу жағдайларында жүзеге асады.

Дүниежүзілік несие нарығы қарыз капиталы нарығының бір бөлігі, оған дүниежүзілік ақша нарығы мен дүниежүзілік капиталдар нарығы кіреді.

Дүниежүзілік қаржы нарығы да қарыз капиталы нарығының бір бөлігі, мұнда құнды қағаздарды шығару, сатып алу мен сату жүзеге асырылады.

Қарыз капиталдарының дүниежүзілік нарығы соңғы онжылдықтарда қарқынды, жедел дамыды. Мұның өзі қарыз

капиталы қозғалысының ұзақ мерзімдік тенденцияларымен, бұл қозғалысты ұлттық деңгейде реттеуші мемлекеттік-құқықтық нормалардың икемділігінің артуымен, құнды қағаздар әрекетінің кеңеюімен және интеграциялық процестермен байланысты. Қарыз капиталының дүниежүзілік рыногы қарыз капиталының дүниежүзілік шаруашылықтағы қозғалысын қамтамасыз етуші әр түрлі компаниялардың, банктердің, валюта-несие мекемелерінің жиынтығы. Үстіміздегі ғасырдың соңғы жылдарындағы дүниежүзілік шаруашылық пен халықаралық экономикалық қатынастардың маңызды ерекшелігінің бірі халықаралық несие-қаржы қатынастарының өсу қарқынының өнеркәсіп өндірісі мен халықаралық сауданың өсу қарқындарынан әлдеқайда жеделдігінде.

Халықаралық несие-қаржы нарығының дамуы ХХ ғасырдың 50 жылдарынан бастап қарыз капиталының ерекше бір бөлігі болып, өрістеуіне ықпал етеді.

Еурорынок – бұл еуровалюта негізінде несиелер мен займдар бойынша операциялар жүргізілетін нарық.

Еуровалюта – бұл шығарушы елді қоса есептегенде, барлық шетелдік банктердің есеп шоттарына аударылған және барлық елдердің банк операцияларында қолданылатын жеке мемлекеттердің еркін ауыстырылатын валютасы.

Ровардың келісім тауарларды көрсетілген уақытта сату мен сатып алу жөніндегі алдын ала жасалатын операциялардың түрі. Бұл келісім контрактыға қол қойылған мезеттегі валюта курсы бойынша жасалады.

Опцион дегеніміз-мерзімдік келісім бойынша валютаны сатушы мен сатып алушының біреуіне берілетін құқық. Мүдделі жақтың бұл құқықты қабылдауы да, қабылдаушы да өз еркінде.

Қазақстанның дүниежүзілік шаруашылыққа интеграциялануға ұмтылысы оның халықаралық валюта-қаржы және несие қатынастарына белсенді түрде қатысуын талап етеді. Бұл қатынастардың толыққанды мүшесі болу үшін қазақстанға бірталай проблемаларды шешуге тура келді. Негізгі валюталық саясаттың бірі – теңге құнының тұрақтылығын орнықтыру және оны еркін ауысатын валюталарға айырбастауды мейлінше ырықтандыру. Мұның өзі бір жағынан, теңдестірілген (балансталған), екінші жағынан, шетелдік тауарлар мен валюталар үшін ашық ұлттық

рыноктың болуын талап етеді. Теңгенің еркін ауысатын валюталармен салыстырғандағы курсының орнықтылығы Қазақстан экономикасы үшін дүние жүзілік нарыққа шығудың тиімді жолы.

Қазақстанда қазірдің өзінде теңгенің ел ішінде еркін ауысуына іс жүзінде қол жеткізіліп отыр. Ішкі еркін ауысу дегеніміз - ол теңгенің ішкі валюта рыногында шетелдік валютаға өзгермелі курс бойынша еркін айырбасталу мүмкіндігі. Ал, теңгенің толық ауысу мүмкіндігіне жету үшін елдің саяси экономикалық және қаржы-қаражат тұрақтылығы, алтын, валюта резервтерінің қолдануы. ТМД елдерімен валюталық ынтымақтастық механизмінің қалыптасуы қажет.

90 жылдардың ортасына қарай теңгенің ішкі ауысуының тұрақсыздығы экономиканың, сонымен қатар, қолда бар ақша айналымының едәуір "долларлануына" әкелді.

Қазақстанның дүниежүзілік шаруашылыққа интеграциялануға ұмтылыстары қарыз капиталының дүниежүзілік рыногына шығуына, портфельдік және тікелей инвестициялар операцияларына қатысуына мол мүмкіндіктер береді. Керісінше, егер валюталық шектеулерге, шетелдік капитал үшін қолайсыз инвестициялық ахуалға, ұлттық валютаға тұрақты сенімсіздік жағдайларына жол берілсе аталған мүмкіндіктерден айырыларымыз анық. Бұл факторлардың бір-бірімен тығыз байланысты екендігіне ешкімнің күмәні болмаса керек. Осы тізбекті үзіп алмай, экономикалық реформалар бағытымен тынбай қозғалу, шаруашылық жүргізу механизмін, соның ішінде валюта нарығын дамыта беру Қазақстанның дүниежүзілік нарықта өз орнын табуының келілі.

13.4. Халықаралық валюта-қаржы және несие қатынастары

ХХ ғасырдың екінші жартысындағы дүниежүзілік шаруашылықтың айтарлықтай ерекшеліктерінің бірі – халықаралық экономикалық қатынастардың жедел және қарқынды дамуы.

Әр түрлі мекемелер мен фирмалардың, сондай-ақ мемлекеттер арасындағы екі жақты, көп жақты экономикалық қатынастардың кең қанат жайып, тамырын

терең тарта бастағанының куәсі болып отырмыз. Бұл процестер халықаралық еңбек бөлінісінің тереңдеуінен, шаруашылық өмірдің интeнaциoнaлдaнуынaн, ұлттық экономикалардың мейлінше ашықтыққа ұмтылысынан, аймақтық халықаралық құрылымдардың жақындасып, өзара пайдалы көмек арқылы нығайып, дами бастағанынан көрінеді. Сонымен қатар, осы негізде, ең басты ел дамыту негізі, осы кезеңде, ол халықаралық валюта-қаржы қатынасының ерекше өрістеуі. Әрине аталған процестер оңайлықпен жүріп жатқан жоқ. Бұлар бәсекелі, қайшылықты, диалектикалық қозғалыс, құбылыстарға толы процестер. Халықаралық экономикалық қатынастардың диалектикасының өзі жекелеген елдердің экономикалық тәуелсіздік пен ұлттық шаруашылықты көркейтуге деген ұмтылысының көрінісі. Дүниежүзілік шаруашылықтың нығайып, интернационалдандуы, ұлттық экономикалардың мейлінше ашықтығы, дамудың жаңа тиімді арналарының пайда болуы, осының бәрі экономикалық өсудің диалектикасы.

Қазіргі кезеңде адамзат әлемін "ақ, қара" деп жіктеп, оған "капитализм", "социализм" атты айдар тағушылықпен қоса жасанды антагонизмдер де келмеске кетті. Біздің заманымыз өзара байланысты, экономикалық дамудың жалпыға ортақ заңдылықтарын бағынатын біртұтас әлем. Қорытып айтсақ, бүгінгі әлем елдерінің әлеуметтік-экономикалық дамуы, әлемде валюта-қаржы және несие қатынастарының дамуы. Қазақстанның егеменді ел ретінде қалыптасуы барысында халықаралық экономикалық қатынастар ғылымын қолға алып, оны оқытуды жетілдіру көкейтесті мәселеге айналып отыр. Сондықтан еліміздің ойдағыдай өркендеп, гүлденуі үшін сыртқы экономикалық байланыстардың маңызы зор.

13.4.1. Халықаралық резервтегі валюта бірліктері

Ең басты әлем бірлестігі, ол 1976 жылы құрылған халықаралық валюта қоры (МВФ) Кингстондағы (Ямайка) кезекті кеңесінде дүниежүзілік валюта жүйесінің жаңа негіздері болып қаланды. Ямайка келісімдеріне сәйкес халықаралық валюта механизмі ендігі уақытта былайша құрылатын болды:

1. Алтынның күн өлшемі ретіндегі және валюта курстарын анықтаушы қызметі жойылды, сөйтіп бұдан былай алтын бағасы еркін анықталатын кәдуілгі тауарға айналды. Сонымен қатар ол ерекше өтімді тауар болып қала берді. Қажет болған жағдайда алтын сатылады, және одан түскен валюта төлемдер үшін пайдаланылады.

2. CDR(special drawing right-SDR)- займ алудың арнаулы құқығы стандартының мақсаты оны негізгі резервтік авуар (төлем қаражаты) жасап, басқа резервтік валюталардың райн төмендету.

3. Әр елге ұлттық валюта курсының өздері валюталық қатынастар ұлттық ақша бірліктерінің қалықтау (плавающий) курсына негізделеді. Адамдардың тербелу (колебания) курсы екі факторға: а) валютаның ішкі, ұлттық нарықтағы нақты сатып алу қабілетіне; б) халықаралық нарықтардағы ұлттық валютаға сұраныс пен ұсыныстың ара қатынасына байланысты болады.

90 жылдардың бас кезінде қалықтау курсы факторын жүзеге асыруға байланысты халықаралық валюта жүйесін ұйымдастырудың күрделі схемасы пайда болады.

Ол үшін біріншіден, жекелеген ұлттық валюталар өз курстарын анықтау үшін тірек болар валюта бірліктерін таңдап алады, екіншіден, валюта курстарының тербелу дәрежесі бірдей емес болғандықтан тек жекелеген валюталардың курстары ғана белгіленген диапозонда тербеледі де, басқа валюталардың курстары еркін өзгере береді.

Ямайка келісімдеріне сәйкес "қарыздалудың арнайы құқығы" ұжымдық валюта бірлігі есебінде қабылданды. 1969 жылы CDR қарапайым несие құралы ретінде ғана құралып, доллардың алтын мәніне сәйкестендірілді. 1974 жылдан бастап валюталардың қалықтау курсы енгізілуіне байланысты CDR-дың алтын мөлшері жойылды. Ендігі уақытта бұл валюталық бірліктің курсы 16 елдің валюталарының орта шамасына негізделген валюталық көрзеңке арқылы анықталатын болды. 1981 жылдан бастап CDR бес валюталар қосындысына (американдық доллар, немістің маркасы, жапонның иенасы, француздың франкі және ағылшынның фунт стерлингі) сүйену арқылы есептеледі.

Валюталық кәрзеңке дегеніміз- бір валютаның орташа курсына басқа валюталардың белгілі жиынтығына қатысты өлшеу әдісі. Валюталық кәрзеңкенің мөлшері оның құрамындағы валюталарға және олардың долларға қатысты рыноктық курсына тәуелді. CDR пайыздар төлейді. Егер елдің CDR-дағы ауарлары олардың бөлген қаржысынан артық болса, бұл ел пайыз алады және керісінше, CDR-дағы ауарлары бөлген қаржысынан кем болса пайызды осы елдің өзі төлейді. CDR бірлігі шартты. Ол МФВ-ке мүше елдер үшін бөлінген квота негізінде есептеліп, МФВ-тың арнайы есеп шотында сақталады. Бұл квоталар еркін ауыстырылатын (конвертируемый) валюталарды сатып алуға немесе төлем балансының тапшылығын өтеу үшін пайдаланылады. Дегенмен, капиталистік елдердің жалпы валюталық қорларындағы бұл квоталардың үлесі небәрі 6%-тей ғана.

Көптеген экономистердің айтуы бойынша CDR-ді қордағы валюта емес, несие есебінде қарастыру қажет. Жалпы пікір мынадай: CDR қордағы валютаның да, несиенің де ролін ойнайды. Мәселе оны қалай қарастыруда. Біреулер оны зебра сияқты ақ жалақты қара мал десе, екіншілер қара жалақты ақ түсті мал дегенді айтады.

Тағы бір ұжымдық қордағы валюта бірлігі болып, валюта кәрзеңкесінің құны негізінде анықталатын – ЭКЮ саналады. ЭКЮ- Еуропалық Одаққа мүше елдердің 12 валютасының негізінде жасалған. Әр бір валютаның кәрзеңкедегі "салмағы" мүше мемлекеттің Еуропалық Одақтың ұлттық өніміндегі жеке үлесіне және Одақтың ішкі экспортында алатын орнына байланысты анықталады.

1. ЭКЮ шамамен 1,3 американдық долларға тең.

ЭКЮ-дің эмиссия көлемі CDR сияқты ЭКЮ-де қолма-қол ақшасыз нысанда - ұлттық немесе коммерциялық банктердің есебіне аударып жазу әдісімен жүзеге асады.

Еуропалық валюта жүйесіндегі әрбір Еуропалық одақ елінің валютасының ЭКЮ арқылы көрсетілген негізгі курсы белгіленген. Осы негізгі курсқа сәйкес валюталардың өзара курстары есептеледі және бұдан ақиқат курстың ауытқуы 2,25%-тен аспауы тиіс.

ЭКЮ-ді жасаудың негізгі мақсаты Еуропалық Одаққа мүше жекелеген елдердің валюталарының курстарын

тұрақтандыру. Осыған байланысты тағы бір себеп АҚШ долларының алтын орнына жүруіне жеткілікті сенімнің болмауы ЭКЮ-ді жасау Еуропалық Валюта жүйесін доллардың шайқалуларынан және АҚШ-тың жаппай экономикалық үстемдігінен құтқару әрекеті еді.

ЭКЮ-дің CDR-ға қарағанда қолдану өрісі кеңірек, ол тек ресми байланыстарда ғана емес, жеке меншік секторда да пайдаланылады. Айталық, ЭКЮ валюта бірлігі есебінде: бірлескен қорларда және халықаралық валюта-несие, қаржы ұйымдарында, ауыл шаруашылығы өнімдерінің бірынғай бағасы ретінде, Еуропалық Одаққа мүше елдердің орталық банктері валюталық интервенция жасағанда т.б жағдайларда қолданылады. Жеке меншік ЭКЮ еурооблигациялық заемдерді, банктердің депозиттері мен несиелерін қаржыландыратын валюта есебінде пайдаланылады. 500-ден аса халықаралық ұйымдар несие беру шараларында ЭКЮ-ді пайдаланады. Еуропалық валюта жүйесіне кіретін елдер валюталарының ондағы үлесі мынадай: неміс маркасы-30,4%, француз франкі-19,3%, ағылшын фунты-12,6%, италиян лирасы-9,9%, голланд гульдені-9,5%, бельгиялық франк-7,8%, дания кроны-2,5%, испандық песет-5,2%, португальдық эскуда-0,8%, гректердің драхмасы-0,7%, люксембургтың франкі-0,3%.

Еуропалық экономикалық Одақтастық құрыларда біртұтас еуропалық валюта жасау мәселесі қарастырылған жоқ болатын. Бірақ 70 жылдардың ортасынан бастап біртұтас валюталық одақ құру жолдары белсенді түрде іздестіріле бастады. Еуропалық одақтастықтың жетекшілері АҚШ долларына альтернативтік валюта бірлігін жасауға үмтылумен қатар, валюталар шайқасын тиімді бақылау үшін валюталардың интеграциясын жүзеге асыруға мүдделі болды.

13.4.2. Еуропалық валюта жүйесі

Еуропалық одақ шеңберінде өткен күрделі келіссөздердің нәтижесінде 1979 жылы Еуропалық валюта жүйесі құрылды.

Еуропалық валюта жүйесі - ұлттық валюталардың экономикалық интеграция шеңберінде қызмет етуімен байланысты экономикалық қатынастар жиынтығын көрсететін халықаралық валюта жүйесі.

Еуропалық валюта жүйесі үш элементтен тұрады: 1) ЭКЮ-Еуропалық Валюта жүйесінің негізі; 2) валюта курстары мен интервенцияларының механизмі; 3) валюта курсының тұрақтандыру үшін қолданылатын несиелеу механизмі.

Еуропалық валюта жүйесінің алдына мынадай міндеттер қойылады:

- Еуропалық Одақ елдері ішінде сенімді валюталық тұрақтылықты орнату;

- Тұрақты түрде даму стратегиясының негізгі элементі болу;

- Экономикалық даму процестерінің байланысын нығайтып, еуропалық ынтымақтастыққа жаңа екіпін беру;

- Халықаралық экономикалық және валюталық қатынастарға тұрақтандырушы фактор ретінде әсер ету.

Еуропалық валюта жүйесінің атқарушы механизмі ЭКЮ-ді қалыптастыру және реттелетін жүйе арқылы жүзеге асады. Еуропалық валюта жүйесі валюталық қорлардың Одаққа мүше елдердің бәріне бірдей ортақ болуына кепілдік береді. Еуропалық валюта жүйесінің қызмет етуі және дамуы "Делор жоспары" дегенмен тығыз байланысты.

Еуропалық Одақтың көрнекті қайраткері Ж.Делор Еуропа валюталарын біріктіру жөнінде үш сатылы жоспар ұсынды.

1. Еуропалық Одақтың жекелеген елдері арасында үйлестірілген экономикалық және валюталық саясатты жүзеге асыру;

2. Еуропалық Одақтың орталық банкісін құру;

3. Ұлттық валюталарды Еуропалық Одақтың ортақ валютасына ауыстыру.

1990 жылы Еуропалық валюта жүйесіне қатысушы елдер қатарына Англия, Испания, Португалия қосылды. 1991 жылы біртұтас Еуропалық экономикалық кеңістік құру жөніндегі Маастрихт келісіміне қол қойылды. Осы келісімге сәйкес Еуропалық Одаққа мүше елдердің үкімет басшылары валюталық Одақ құруды күтпады.

Батыс Еуропа елдері валюталары курсының тербелуін реттеу мақсатында құрылған Еуропалық валюта жүйесі 15 жыл бойына өзіне жүктелген қызметті ойдағыдай атқарады. Дегенмен, 1992 жылдың күзінен бастап, бұл жүйе жүрісінен жаңылды. 1992 жылдың қыркүйегінде Еуропалық валюта

жүйесінен ағылшынның фунты бөлініп шықты, испандық песет пен португалиялық эскудо девольвацияға ұшырады. Бұл оқиғалардың басты себептерінің бірі аталған елдердің орталық банктерінің биржалық алыпсатарлардың валюталарды күнсыздандыру мақсатындағы әрекеттеріне тосқауыл болуға қабілетсіздігі болды. Осының салдарынан 1993 жылы Еуропалық Валюта жүйесіне енетін сегіз ақша бірліктерінің бесеуі (Францияның және Бельгияның франкі, ланиялық крона, жоғарыда көрсетілген песет пен эскудо) солар үшін белгіленген курстың ең төменгі деңгейіне дейін құлдырады. Өз кезегінде бұл елдердің Орталық банктері өз валюталарының курсының жасанды түрде қолдаудан бас тартты. Аталған валюталар белгіленген курстан 15%-ке ауытқу мүмкіндігіне ие болды. Орталық банктер өз кезегінде айырбас курсының тұрақты түрде жоғары деңгейде ұстап тұру үшін қажет болған есеп ставкаларын төмендетуге өкілеттік алды.

Маастрихт келісімдеріне сәйкес Еуропалық Одақ мемлекеттерінің ұлттық валюталары курсының бір-біріне қатысты түпкілікті орнығуы 90-жылдардың соңы болады деп ұйғарылды. Бұл процестердің өзі үш кезеңге бөлінеді.

Бірінші кезең 1998 жылы басталады. Бұл уақытта валюталық Одаққа қабылдау критерийлеріне сай келетін елдер анықталады. Маастрихт келісімі белгіленген критерийлер қатарына инфляция деңгейі, мемлекеттік бюджеттің тапшылығы (3%-тен артпауы тиіс), есептеу ставкасы, ұлттық валютаның тұрақтылығы жатады. Осы критерийлерге сай келген мемлекеттер бірінші топтың құрамына кіріп, валюталық одақтың алғашқы мүшелері болады. Әзірше бұл критерийлерге Алмания, Люксембург, Ирландия және Австрия сай келіп тұр. 1998 жылдың соңына дейін Орталық еуропалық банк құрылады да, одан әрі еуропалық орталық банктер жүйесі жасала бастайды.

Екінші кезеңде (1990-2001ж.ж) Еуропалық Орталық банк, алғашқы қадам ретінде валюта айырбасы операцияларында бірыңғай валютаны пайдаланатын болады. Коммерциялық банктер мен қаржы ұйымдары да валюталық рыноктарда осы жолды ұстанатын болады. Екінші кезеңнің келесі қадамы (2002-2003ж.ж) ұлттық ақшаларды жаңа еуропалық ақша бірлігі- ЕУРО-ға алмастырады. Жаңа, бірыңғай валюта айналымға түседі. Алғашқы кезде (6-ай

ішінде) жаңа валюта ұлттық валютамен бірдей айналымда болады. Көрсетілген уақыттың соңына қарай ұлттық ақшалар, жоспарға сай, өздерінің төлем құралы статусын жояды. Үшінші кезеңде Еуропалық валюталық экономикалық одақ кеңістігіндегі банктік санақтардың барлығы еуропалық валютаға ауыстырылады. Экономистердің есептеуі бойынша, бірыңғай еуропалық валютаның дүние жүзіндегі ең қуатты валюталардың бірі болуына мол мүмкіндігі бар. Бұл валюта Еуропалық Одақты тұрақтандырып, инфляциямен күресті жеңілдетеді және АҚШ, Жапония сияқты елдермен рынок үшін шайқаста көмектеседі деп күтілуде.

ЕУРО-ның пайда болуы құнды қағаздармен байланысты келісім-шарттардың көлемін арттырады деген сенім бар. Қазіргі уақытта еуропалық қаржы нарықтары өздерінің шашыраңқылығына байланысты дүниежүзілік инвестицияның аз ғана бөлігін қамтуға шамалары жетіп тұр. Қалыптасқан жағдай - Еуропалық Одақтың қаржы экономикалық мүмкіндіктеріне сәйкес емес. Бірыңғай валютаны енгізу дүние жүзі инвесторларының еуропалық Одаққа мүдделігін арттырады даусыз.

ЕУРО-ны енгізу аталған валюта нарығын бір сәтте дүниежүзіндегі ең маңызды нарыққа айналдырып жіберуі әбден мүмкін. Нәтижесінде, капиталдар нарығында бұл валютаның долларды ығысығруға шамасы жететін болады. ЕУРО-ның орнығуы дүниежүзілік қаржы нарығына өте маңызды өзгерістер әкеледі. Бірыңғай еуропалық валюта Еуро доллар мен иенаға төтеп берердей күш-қуат жинайтын болады.

Жаңа ақша бірлігі бір валютаны екінші валютаға аударуға байланысты шығындарды да күрт кемітеді. Мамандардың есептеулері бойынша бұл шығындар жылына 40-50 млрд доллар сомасын құрайды. Еуроны енгізудің тағы бір пайдасы биржалық маклерлер еуропалық валюталарды бұрынғыдай бір-біріне қатысты күнсыздандыру есебінен оңай олжа табу көздерінен біржола айырылады.

13.4.3. Халықаралық валюта және несие-қаржы нарықтары

Халықаралық валюта және қаржы-несие рыноктары дүниежүзілік шаруашылықтың, халықаралық экономикалық қатынастардың ең маңызды буындарының бірі.

XX ғасырдың соңғы 15-20 жылы қаржы нарықтарының қарқынды өсуімен айқындалады. 1980 жылдан бастап дүние жүзінің дамыған елдерінің қаржы активтері олардың ішкі жиынтық өнімдерімен салыстырғанда 2,5 есе жедел көбейген. Дүниежүзілік валюта және сауда операцияларының құндылығы ара қатысы 1980 жылы 10:1 болса, 1992 жылы бұл көрсеткіш 60:1 болған.

Қаржы нарығы дамуының негізінде, қаржы айналымының объективті заңдылықтары жатыр. Бір жерлерде уақытша бос капиталдар пайда болса, екінші жерде оған сұраныс қалыптасады. Дүниежүзілік валюта және қаржы-несие нарықтары бұл қайшылықтарды дүниежүзілік шаруашылық деңгейінде шешеді.

Халықаралық экономикалық қатынастар, соның ішінде дүниежүзілік сауда, қызмет көрсету және капиталдар қозғалысы өздерін тұрақты түрде валютамен қамтамасыз етуді қажетсінеді, ұлттық валюталардың сауда-саттығын талап етеді.

Дүниежүзілік валюта, несие, құнды қағаздар нарықтары қалыптасуының алғы шарттарына мыналар жатады:

1. капиталдың өндіріс пен банктерде шоғырлануы;
2. шаруашылық байланыстардың интернационалдануы;
3. банкаралық телекоммуникациялардың дамуы.

Валюта рыноктары дегеніміз- сұраныс пен ұсыныс негізінде шетелдік валютаны ұлттық валютаға курсы бойынша сату мен сатып алуды жүзеге асыратын орталықтар.

Ұлттық валюта рыноктары дамыған рыноктық экономикасы бар елдің барлығында қызмет атқарады. Ұлттық нарықтардың дамуы мен олардың өзара байланысының күшеюі арқылы біртұтас дүниежүзілік, аймақтық ұлттық валюта нарықтары кіреді. Бұл нарықтар өздерінің көлеміне, валюталық операциялар мен валюта салаларының сипатына қарай ерекшеленеді. Әдетте, дүниежүзілік валюта

нарықтары дүниежүзілік қаржы орталықтарында шоғырланады.

Дүниежүзілік қаржы орталықтары дегеніміз- банктердің маманданған қаржы-несие институттарының топтасқан жері. Онда халықаралық валюта, несие, қаржы операциялары жүргізіледі және құнды қағаздармен, алтынмен байланысты келісімдер жасалады. Дүниежүзілік қаржы орталықтарының ішіндегі ең ірілері – Лондон, Нью-Йорк, майндағы Франкфурт, Париж, Цюрих, Токио валюта рыноктары. Бұлардағы валюта операцияларының көлемі 1973-1992 жылдар аралығында күніне 10-12 млн доллардан 900 млрд долларға дейін өсті.

90 жылдардың басында халықаралық валюта келісімдерінің 50%-ке жуығы дүниежүзілік валюта нарығының үш орталығында жүзеге асырылды. Олар: Лондон валюта нарығы күніне-187 млрд доллар, Нью-Йорк-129 млрд доллар, Токио күніне-115 млрд доллар валюта операцияларын жүзеге асырады. Халықаралық валюта операцияларының бір тәуліктегі жалпы көлемі 90 жылдардың ортасында 1 трлн 230 млрд долларға жетті.

Қазіргі валюта нарығына мынадай ерекшеліктер тән:

1. Дүниежүзілік шаруашылық байланыстарының интернационалдануы негізінде валюталық нарықтардың да әлемдік өріске шығуы және валюталық келісімдерді жүзеге асыруда автоматты байланыс құралдарын кеңінен қолдануы;

2. Валюталық операцияларды орталықсыздандыру және оларды компьютерлерді қолдану арқылы бүкіләлемдік сипатқа ие болуы;

3. Валюта операцияларын үйлестірудің (унификация) мәселенің арттыруы;

4. Алыпсатарлық келісімдердің көлемінің ұлғаюы;

5. Валюта курстарының тұрақсыздануы.

Валютанарығы халықаралық есептеулерді жедел жүзеге асыруды, дүниежүзілік валютанарығының несие және қаржы нарығымен өзара байланысын нығайтуды қамтамасыз етеді. Валюта нарығының көмегімен банктердің, кәсіпорындардың, сондай-ақ мемлекеттің валюталық қорларды толықтырылып отырады.

Сонымен қатар валюталық нарық механизмі экономиканы мемлекеттік реттеуге, бір топ елдердің макродеңгейінде пайдаланылады. Нақты қызмет шеңберінде

валюта нарығы биржалардың, брокерлік фирмалардың, банктердің және трансұлттық корпорациялардың жиынтығы. 80 жылдардың соңына қарай банктер банкаралық нарықта өзара келісімдердің оған қоса сауда-өнеркәсіп саласының тұтынушылармен келісімдердің 85-95% жасады. 90 жылдардың ортасына қарай келісімдердің көпшілігі инвестициялық қорлар арқылы жасалатын болды.

Халықаралық несие-қаржы қатынастары дүниежүзілік несие және қаржы нарығындағы қарыз капиталының қозғалысымен байланысты қатынастар жүйесін қамтиды.

Халықаралық несие нарығында ақша капиталының елдер арасындағы қозғалыс қайтарымдылық, мерзімдік, пайыз төлеу жағдайында жүзеге асады.

Дүниежүзілік несие нарығы да қарыз капиталы нарығының бір бөлігі, мұнда құнды қағаздарды шығару, сату мен сатып алу жүзеге асырылады.

Қарыз капиталдарының дүниежүзілік нарығы соңғы онжылдықтарда қарқынды жедел дамыды. Мұның өзі қарыз капиталы қозғалысының ұзақ мерзімдік тенденцияларымен, бұл қозғалысты ұлттық деңгейде реттеуші мемлекеттік-құқықтық нормалардың икемділігінің артуымен, құнды қағаздар әрекетінің кеңеюімен және интеграциялық процестермен байланысты. Қарыз капиталының дүниежүзілік нарығы қарыз капиталының дүниежүзілік шаруашылықтағы қозғалысын қамтамасыз етуші әр түрлі компаниялардың, банктердің, валюта-несие мекемелерінің жиынтығы. Үстіміздегі ғасырдың соңғы жылдарындағы дүниежүзілік шаруашылық пен халықаралық экономикалық қатынастардың маңызды ерекшелігінің бірі, халықаралық несие-қаржы қатынастарының өсу қарқынының өнеркәсіп өндірісі мен халықаралық сауданың өсу қарқындарынан әлдеқайда жеделдігінде.

Халықаралық несие-қаржы рыногының дамуы ХХ ғасырдың 50 жылдарынан бастап қарыз капиталының ерекше бір бөлігі болып саналатын еурорыноқтың пайда болып, өрістеуіне ықпал етті.

Еурорынок – бұл еуровалюта негізінде несиелер мен заемдар бойынша операциялар жүргізілетін рынок.

Еуровалюта – бұл шығарушы елді қоса есептегенде, барлық шетелдік банктердің есеп шоттарына аударылған

және барлық елдердің банк операцияларында қолданылатын жекелеген мемлекеттердің еркін ауыстырылатын валютасы.

Еурорыноктардың үкіметтік немесе мемлекеттік статусы жоқ. Олардың пайда болуы кәсіпорындардың, инвесторлардың, сондай-ақ жекелеген елдердің қажеттіліктерімен байланысты. Еурорыноқтағы операциялар нақты елдің, мемлекеттің валюталық реттеуінде немесе салық заңдарының ықпалында болмайды.

Еурорыноктың пайда болу себептеріне мыналар жатады:

1. АҚШ долларын шетелге шығару мүмкіндіктерінің пайда болуы;
2. долларға Еуропадағы сұраныстың ұлғаюы;
3. АҚШ-тың өзінде жасалатын валюталық операциялардан гөрі еркін рыноктағы операциялардың доллармен анағұрлым қолайлы болуы;
4. Еуропалық банктердің халықаралық валюта операцияларын қаржыландыру құралын жедел табуға ұмтылуы.

Еуровалюта рыногында ең әуелі еуродоллар үстемдік етті.

Еуродоллар – бұл Батыс Еуропалық банктердің вклад (ақша салу) түрінде алған АҚШ-тың доллары.

Еурорыноктың қазіргі операцияларының 70%-тен астамы еуродоллар арқылы, 20% еуромарка және 6% швейцариялық франкі арқылы жүзеге асады.

Еурорыноктың 60-70 жылдардағы қарқынды дамуы, кейінірек оның қызметі бағыттарын талдап, қайта қарауына алып келді. 80 жылдардан бастап құнды қағаздар (еурооблигациялар, еуроакциялар, еуровексельдер т.б.) рыногы жедел дами бастады. Қаржы рыногында валюталық және несиелік тәуекелшілдіктің кепілдіктері қалыптасты. Бұл кепілдіктердің қатарына форфордтық, опциондық және т.б. проценттік ставкалар, валюта курстары және құнды қағаздардың индекстері бойынша жасалатын келісімдер жатады.

Форфордтық келісім - тауарлардың көрсетілген уақытта сату мен сатып алу жөніндегі алдын-ала жасалатын операциялардың түрі. Бұл келісім контрактыға қол қойылған мезеттегі валюта курсы бойынша жасалады.

Опцион дегеніміз - мерзімдік келісім бойынша валюта-ны сатушы мен сатып алушының біреуіне берілетін құқық. Мүдделі жақтың бұл құқықты қабылдауы да, қабылдамауы да өз еркінде.

Еурорыноктардың дамуы дүниежүзі аумағында қаржы ресурстарына сұраныс пен ұсыныстың еркін ара қатысын жасауға мүмкіндік берді. Олар қаржы ресурстарын тиімді орналастырудың да мүмкіндіктерін беріп отыр. Еурорыноктар дүниежүзіндегі халықаралық банктерді, қаржы орталықтарын және еркін ауысатын валюталарды жұмылдырып отыр.

Еурорыноктардың дамуы және халықаралық қаржы орталықтарының (Сингапур, Гонконг, Кувейт т.б.) пайда болуына игі әсерін тигізді. 1981 жылдың соңында Нью-Йоркте халықаралық банк қызметінің еркін аумағы пайда болды. Еурорыноктардың дамуы және халықаралық қаржы рыноктарының интернационалдануы халықаралық экономикалық қатынастардың дамуы үшін жағымды құбылыс болып отыр.

13.4.4. Халықаралық валюта-қаржы және несие қатынастары жүйесіндегі Қазақстанның орны

Қазақстанның дүниежүзілік шаруашылыққа интеграциялануға ұмтылысы оның халықаралық валюта-қаржы несие қатынастарына белсенді түрде қатысуын талап етеді. Бұл қатынастың толыққанды мүшесі болу үшін, Қазақстандағы бірталай проблемаларды шешуге тура келді. Негізгі валюталық саясаттың бірі - теңге құнының тұрақтылығын орнықтыру және оны еркін ауысатын валюталарға айырбастауды мейлінше ырықтандыру. Мұның өзі бір жағынан, шетелдік тауарлар мен валюталар үшін ашық ұлттық рыноктың болуын талап етеді. Теңгенің еркін ауысатын валюталармен салыстырғандағы курсының орнықтылығы Қазақстан экономикасы үшін дүниежүзілік рынокқа шығудың тиімді жолы.

Қазақстанда қазірдің өзінде теңгенің ел ішінде еркін ауысуына іс жүзінде қол жеткізіліп отыр. Ішкі еркін ауысу дегеніміз - ол теңгенің ішкі валюта рыногында шетелдік валютаға өзгермелі курс бойынша еркін айырбасталу мүмкіндігі. Ал, теңгенің толық ауысу мүмкіндігіне жетуі

үшін елдің саяси-экономикалық және қаржы-қаражат тұрақтылығы, алтын валюта резервтерінің қорлануы, ТМД елдерімен валюталық ынтымақтастық механизмінің қалыптасуы қажет.

90-шы жылдардың ортасына қарай теңгенің ішкі ауысуының тұрақсыздығы экономиканың, сонымен қатар қолда бар ақша айналымының едәуір "долларлануына" әкелді.

Қазақстанның дүниежүзілік шаруашылыққа интеграциялануға ұмтылыстары қарыз капиталының дүниежүзілік рыногына шығуына, портфельдік және тікелей инвестициялар операцияларына қатысуына мол мүмкіндіктер береді. Керісінше, егер валюталық шектеулерге, шетелдік капитал үшін қолайсыз инвестициялық ахуалға, ұлттық валютаға тұрақты сенімсіздік жағдайларына жол берілсе, аталған мүмкіндіктерден айырылуымыз анық. Бұл факторлардың бір-бірімен тығыз байланысты екендігіне ешкімнің күмәні болмаса керек. Осы тізбекті үзіп алмай, экономикалық реформалар бағытымен тынбай қозғалу, шаруашылық жүргізу механизмін, соның ішінде валюта рыногын дамыта беру Қазақстанның валюта саясатының бірі, маңызды бағыттарының бірі ТМД елдерімен экономикалық және валюта одағын қалыптастыру. Бұл арада Еуропалық Одақ шеңберінде қалыптасқан бай тәжірибені пайдалану қажет.

Қазақстанның Халықаралық Валюта қоры (МВФ) сияқты халықаралық қаржы ұйымдарына мүше болып кіруі, ел экономикасын жандандыру үшін қарыз, кәсіпкерлік капиталдарын келтірудің оңтайлы жолы болып отыр. Халықаралық экономикалық және қаржы ұйымдары біздің елге бірқатар несиелерді берді. Дегенмен, Қазақстанның қазіргі кезеңдегі төлем мүмкіндігінің төмендегі оған бөлінген несиелердің тауар жеткізуге байланыстырылып немесе бір белгілі нормалармен бюджет тапшылығы т.б шектеліп, инвестициялық жобаларға бекітіліп отыр. Әрине мұндай жобаларды жедел жүзеге асыру мүмкін емес, ал оның кейбір бөліктерінің пайдаланылмай қалуы да ғажап емес.

1997 жылдан бастап Қазақстан үкіметі өз жұмыстарының басты бағыттарының бірі шетелдік инвестицияларды тарту және оларды тиімді орналастыру деп ұйғарып отыр. Инвестицияларды дамушы мемлекеттерді

былай қойғанда, дамыған елдердің өзінің пайдаланатындығы белгілі. Шетелдік инвестициялар рыногындағы ахуал оларға деген Шығыс Еуропа және ТМД елдерінің орасан зор сұранысына байланысты елеулі шиеленісіп келеді. Осының нәтижесінде капиталды импорттаушылар арасында үлкен бәсеке қалыптасып отыр. Қазіргі уақытта әзірге капиталды тарту мәселесінде Қазақстанның бәсекелестік қабілеті төмен болып отыр. Қазақстан әлі де болса қызмет көрсету және инфрақұрылымды дамытудың шетелдік инвесторларға қолайлы деңгейіне жеткен жоқ. Көптеген заңдарда, нормативтік актілерде шетелдік капиталмен жұмыс істеу жүйесінің өзінде әлі айқындық жоқ. Біз әрбір инвестормен жеке келісуге мүмкіндік беретін жеңілдіктер мен преференциялардың (жеңілдетілген кеден бажы) икемді жүйесін қалыптастырып, орнықтыруға ұмтылуымыз қажет.

Қазақстанға шетелдік инвестицияларды тарту бағдарламасын әзірлеу қажет, ол мынадай қағидаларды қамтуға тиіс.

1. Біздің елімізге шетелдік бизнесмендердің келуіне байланысты барлық әкімшілік рәсімдерді оңайлату. Біз визалар алу, шекара және кеден бақылауымен өту, жұмыс істеу құқығына және ел ішінде жүріп-тұруға рұқсаттар беру жөніндегі барлық ережелерді және тағы басқаларын қайта қарауымыз қажет.

Күллі іскер әлем қарым-қатынас жасасатын ағылшын тіліне, қазақстандықтарды жаппай оқытуды ұйымдастыру қажет. Бұл бәрінен бұрын мемлекеттік қызметшілер мен қызмет көрсету саласында істейтін адамдарға қатысты, ойткені, тәжірибе көрсетіп отырғандай, ірі бизнес тілдік кедергілері бар елде нашар бейімделеді. Нақ сондықтан да дамушы елдердің көпшілігі осындай, бір қарағанда ұсақ мәселеге мйлінше салықалы назар аударады.

Біздің авиажелілеріміздің, әуежайларымыздың, ондағы қызмет көрсетудің қолайлығына, жоғары сапалы мейманханалардың, телекоммуникациялардың болуына көп нәрсе байланысты. Біздің мақсатымыз шетелдік бизнесменге неғұрлым жеткілікті ықылас көрсету, оның уақытын үнемдеу болуға тиіс. Бұл қызметтердің құны оны әдетте екінші кезекте ғана толғандырады.

2. Инвестицияларға немесе несиелерге салық үзілістерін, жеңілдікті ставакаларды, салық шегерімдерін

беруді қоса алғанда, салық жеңілдіктерін, жеделдетілген амортизацияны, жеңілдікті кеден бажын және т.б енгізуге баруға тұрады. Олар мемлекеттік басымдықтарды іске асыру үстінде жаңа құрылыс салу жайында әңгіме қозғалған жерде және тек қана сонда болуға тиіс.

Тым жан-жаққа шашырай берудің қажеті жоқ, қарапайымнан күрделіге қарай жүріп отыру қажет. Бүгін біздің инфрақұрылым объектілеріне — энергетикаға, газ және мұнай құбырларына, автомобиль және теміржолдарға, су құбырларына назар аударуымыздың қажеттігі айқын. Бұл міндеттерді шешпейінше, елде қолайлы инвестициялық ахуалдың: экспорт пен сауданың, бизнестің өмір сүруін қамтамасыз етудің күллі жүйесінің жақсы жұмыс істеу мүмкін емес.

Импортты алмастыру және бәрінен бұрын халық тұтынатын тауарларды, тағам мен ауыл шаруашылық шикізатын өңдеу өнімдерін алмастыру жайында байсалды түрде ойлану қажет. Ақыр соңында, аймақтық басымдықтарды әрі ең алдымен халықты жұмыспен қамту тұрғысынан айқындау қажет. Жеңілдіктер мен преференциялар жүйесі басымдықтар жүйесімен қатаң ұластырылуға тиіс. Бұл ретте жеңілдіктер берудің барлық ықтимал қиындықтарына сенімді тосқауыл қоя отырып, мейлінше ұқыпты түрде ойластырған жөн.

3. Жер мен жылжымайтын мүлікке берілетін құқық түріндегі гранттар, қызметкерлерді оқытуға арналған демеу қаржы, әр түрлі алымдарды азайту түріндегі субсидиялар сияқты нысанды да пайдалану қажет. Бірақ та, тағы да басым болып табылатын салаларда ғана.

4. Үкіметтің капиталды сыртқа шығаруға, әр түрлі қызметтер мен жергілікті шикізатты артықшылықты пайдалануға арналған кепілдіктерін күшейту қажет.

5. Үйлестірілген және оралымды жұмыс жүргізу үшін, тікелей шетелдік инвестициялармен айналысатын арнайы мемлекеттік орган құру керек. Шетелдік инвестицияларды тарту бағдарламасымен қазірдің өзінде мамандар жұмыс істеп жатыр. Өз уақытында ол жария етіледі.

Қорыта келгенде, осы XX ғасырдың екінші жартысындағы дүниежүзілік шаруашылықтың айтарлықтай ерекшеліктерінің бірі — халықаралық экономикалық қатынастардың жедел әрі қарқынды дамуы. Дүниежүзілік

шаруашылықтың нығайып, интернационалдануы, ұлттық экономикалардың мейлінше ашықтығы, дамудың жаңа тиімді арнайы пайда болуы, осының бәрі экономикалық өсудің диалектикасы. Экономиканы көтеру үшін, экономикалық қаржы-қаражат және валюталық қатынастар дамуы қажет.

XX ғасырдың орта шенінен бастап, халықаралық экономикалық қаржы-қаражат және валюталық қатынастар өз дамуында жаңа сатыға көтерілді. Валюталық қатынастар, ол дәстүрлі ақша қызметінің дүниежүзілік ақша қызметіне ауысуымен байланысты жүзеге асатын, экономикалық қатынастардың жиынтығы.

Экономика валютасыз өмір сүре алмайды. Олар бір-бірімен тығыз байланысты. Дүние жүзінің экономикасы осы валюта арқылы жүзеге асады. Мысал келтірсек, Қазақстанның мұнай қор байлығы да шет елдермен валюта арқылы қарым-қатынаста болады. Қорыта келгенде осы валюталық қатынас, ол экономиканың центрі.

14 ТАРАУ

Капитал және инвестиция әлем экономикасында

14.1. Капитал және күрделі қаржыны әлем елдерінде пайдалану

Капитал жалпы алғанда көп түрлі түсініктемеден тұрады. Оның тарихи түрі капитал – капиталистердің жалдама жұмысшыларды қанау жағдайын көрсететін экономикалық категория; қосымша күн түсіретін күн. Капитал – белгілі қоғамдық-экономикалық формацияға тән тарихи категория. Ол капиталдар қолына жинақталып, қосымша күнды иемдену құралы ретінде қызмет атқарады. Капитал – тауар өндірісінің жұмыс күші тауарға айнала бастаған кезінде пайда болады. Капиталдың алғашқы қорлануы процесінде тікелей өндірушілер, өндіріс құрал-жабдықтарынан бөлініп, өндіріс құрал-жабдықтары капиталистік кәсіпкерлердің қолына жинақтала бастады. Өндіріс құрал жабдығынан айырылған жұмысшы өз жұмыс күшін капиталистерге сатуға мәжбүр болды. Бұл процесс тауар өндірісінің капиталистік өндіріске айналуын көрсетеді. Өндіріс барысында капиталист рыноктан сатып алған тауарын – жұмыс күші мен өндіріс құрал-жабдығын біріктіреді, оларды өндіріс процесінде өнімді тұтынудың нәтижесінде жаңадан жасалған тауарды сатып өткізгеннен кейін, капиталист алдын-ала жұмсаған құнынан көп күн алады. Ерекше тауар – жұмыс күшін тұтыну процесінде жаңа күн жасалады. Сөйтіп, өндіріс құрал-жабдықтарының құны (тұрақты капитал—"C") өндіріс процесінде өзгермей қалады да, жұмыс күшінің құны (өзгермелі күн—"V") қосымша күн ("m") көлемінде өседі. Тұрақты капиталы қосымша күн жасауда алғы шартты ролін атқарса, өзгермелі капитал қосымша күн жасайды. Капиталдың тұрақты және өзгермелі капитал болып бөлінуі тек жалдама еңбектің қосымша күн жасайтындығын көрсетеді.

14.1.1. Капитал - өндіріс факторлары

Өндірістің келесі бір басты факторы – капитал. Капитал көп мағыналы ұғым: ол материалдық емес элементтерді де қамтиды, атап айтқанда: адамның қабілеті,

білімі. Бірқатар экономистер капиталды тек өндіріс құрал-жабдықтары деп қарайды, А.Смит капиталды жинақталған еңбек деп, ал, Д.Рикардо капиталды өндіріс құрал-жабдықтары деп тұжырымдаған. Қазіргі экономистердің еңбектерінде де мұндай анықтамалар кездеседі. Мысалы, П.Самуэльсон мен Норхаустың "экономика" деген еңбегінде, капитал дегеніміз экономикада басқа тауарларды өндіруге арналған, ұзақ мерзімді қолданылатын игіліктер деп түсіндірілген. Бұл игіліктерге сансыз станоктар, жолдар, компьютерлер, жүк машиналары, өндірістік үйлер т.б жатады. Кейбір зерттеушілер капитал ұғымын ақшамен байланыстырады. Мысалы, Дж.Робинсон "Қазіргі экономикадағы күрделі қаржы" деген еңбегінде, "Капитал қаржыландыру көзі болмай тұрып, ақша сомасы ретінде танылған", -деп жазды.

Маркстің саяси экономикасының маңызды категориясы ретінде, капитал - қоғамның бүкіл өндірістік қатынастар жүйесін қамтитын құбылыс ретінде сипатталады, яғни, капитал - капиталистер мен жұмысшылардың қосымша күнды өндірумен байланысты, таптар арасындағы қатынастарды қамтиды. Маркс капиталдың жалпы формуласын шығарды. Ақша-Тауар-Ақша осыған орай ол капитал мәңгі қозғалыста болады деген қорытындыға келді. Капиталдың өсуінің көзі капиталистердің ақысыз иемденетін қосымша құны болып табылады. Сырт қарағанда капитал мынадай нақты нысандарда орын алады: өндіріс құрал-жабдықтары - өндіргіш капитал нысанда ақша-ақшалай, тауарлар-тауарлы капитал нысанында көрінбекші. Солай дей тұра К.Маркс - тауар-ақша және құрал-жабдықтар жеке алғанда капитал болады дегенді айтпайды, олар белгілі бір өндірістік қатынастар құрамында ғана капитал болып саналады деп, - білді.

Материалдық өндіріс саласында қызмет ететін капитал - өнеркәсіп капиталы деп аталады. Өнеркәсіпке немесе ауыл шаруашылығына бөлінген ақша өндірістік объектіні салуға, сол сияқты өнім өндіруге қажетті шикізат пен материалдарға жұмсалады. Өнеркәсіп капиталының өндіріс объектілерін, станоктарды, жабдықтарды қамтитын бөлігі - өндіріс процесінде көп жылдар әрекет етеді. Оны негізгі капитал деп атайды.

Негізгі капиталдың қызмет етуімен байланысты физикалық және моральдық тозу орын алады, физикалық тозу процесі негізгі капитал элементтерінің өндірісте одан әрі пайдалануға жарамайтындығын сипаттайды. Негізгі капиталдың физикалық тозуына көптеген факторлар әсер етеді. Олар ең алдымен машина мен жабдықтарды пайдалану ұзақтығы мен қарқындылығы, негізгі капиталды пайдаланатын өндіріс технологиясының құрылымы, материалдық өз бойындағы болып жатқан ішкі процестер.

Негізгі капиталдың заттық тозуынан басқа, оның күнсыздануы нәтижесінде және арзан, тиімді жабдықтардың пайда болуымен байланысты олардың моральдық тозуы орын алады. Моральдық жағынан тозған жабдықтар экономикалық тұрғыдан тиімсіз, өнімсіз, сондай-ақ онымен өндірілген өнімдердің бәсеке қабілеті де төмен болады.

Өндірісті кең көлемде жалғастыру үшін, кәсіпкер тапқан пайдасының бір бөлігін өзінің тұтынуына емес, өндірісті қаржыландыруға жұмсауы міндетті. Пайданың бір бөлігін үстеме капитал ретінде капиталдың қорлануы деп аталады. Ол тек капиталдың емес, бүкіл қоғамдық капиталдың өсуін сипаттайды. Капиталдың өсуінің тағы бір жолы – оның орталықтануы, бұл фирмалардың бірін-бірі қосып алуы немесе жойып жіберуі нәтижелерінде мүмкін болады.

Материалдық игіліктерді өндірумен байланысты кәсіпорын пайдаланатын қандай да болсын капитал, өз қозғалысын ақша түрінде бастайды. Ақша капиталы жұмыс күші мен өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алуға жұмсалады. (А-Т). Өндіріс процесінде сатып алынған факторлар өзара әрекет етеді және жаңа өнім өндіреді. Рынокта осы өнімдерді сатып, (А¹-Т¹) кәсіпкер алдын ала жұмсаған капиталын қайтарып алады. Капиталдың біртіндеп алғашқы жұмсалуды, өндірісте пайдалануды, өндірген өнімдерді сату және капиталдың алғашқы нысанға қайтып оралуы, капиталдың ауыспалы айналымы деп аталады. Өнеркәсіп капиталының бүкіл ауыспалы айналымының бірінші және үшінші сатысы айналыс процесін, ал екіншісі-өндіріс процесін көрсетеді. Өнеркәсіп капиталының бүкіл ауыспалы айналымы мына формуламен сипатталады.

ЖҚ

А-Т < ...Ө...Т¹-А¹

ҚЖ

Өнеркәсіп капиталы ауыспалы айналымның әр сатысында әр қилы нысанда орын алады: ақшалай, өндіргіш және тауарлы, капиталдың ауыспалы айналымының үздіксіз орын алуы олардың 3 нысанының бір-бірімен алмасуының мәнін түсіндіреді. Олар әр қилы фазаларда ешбір кедергісіз бір-бірімен алмасып отыратын болса, ауыспалы айналым қалыпты деген сөз. Егер капитал ақшалай нысанда тұрып қалса, өндіріске жол ашылмайды. Ал егер ол өндіргіш нысанда тұрып қалса, бір жағынан өндіріс құрал-жабдықтарының, екінші жағынан, жұмыс күшінің қызмет атқармай тұрғандығын көрсетеді. Капитал стер соңғы фазада кедергіге ұшыраса, жинақталған тауарлар айналыс саласына өту жолын жапқаны болып табылады. Капиталдың ауыспалы айналымы тұрақты түрде бірінен соң бірі жаңарады және қайталанады. Капиталдың бір айналымы оның алғашқы ақшалай жұмсалған негізінен бастап, кәсіпкерге сол ақша өсімімен қайтып оралғанға дейінгі мерзімді камтиды. Мұны капитал айналымының уақыты деп атайды. Капитал айналымының жылдамдығы өндіріс тиімділігіне ықпал етеді. Көп мөлшерде пайда табу мақсатымен кәсіпкер капитал айналымын тездетуге мүдделі болды.

Экономикада өнеркәсіп капиталы ғана емес, айналым саласында тауарларды сату мақсатын көздейтін сауда капиталы да орын алады. Тарихи жағынан сауда капиталы өнеркәсіп капиталынан көп бұрын орын алған, ол ұзақ жылдар үстемдік еткен капиталдың түрі. Саудамен шұғылданатын кәсіпкер капиталын тек тауар сатып алуға ғана емес, тауарды сатып өткізумен байланысты қызмет көрсетуге де жұмсайды. Тауарды сатып өткізумен байланысты шығындар - айналыс шығындары деп аталады. Олар екі түрге бөлінеді: таза және қосымша айналыс шығындары. Таза шығындар тікелей айналыспен байланысты орын алатын шығындар, мұнда жарнама шығындары үлкен үлес алады. Қосымша шығындары - өндіріс процесін жалғастырумен байланысты шығындар.

Капиталдың тағы бір нысаны - қарыз капиталы. Бұл белгілі бір мерзімге пайыз үстемесін өндіру шартымен

берілетін ақша капиталы. Қарыз капиталының көзі уақытша пайдаланылмаған бос ақша қаражаты, соңғысы болса кәсіпорындар мен халықтың ақшалай қаражатынан тұрады. Несие арқылы осылардың барлығы қарыз капиталына айналады. Қазіргі экономикада несиенің бірнеше түрі бар: коммерциялық, банкілік, мемлекеттік, мемлекетаралық.

14.1.2. Әлем экономикасы — капитал қозғалысы

Капиталды шетке шығару, қазіргі дүниежүзілік шаруашылық пен халықаралық экономикалық қатынастарының маңызды бағыты.

Капиталды шетке шығару тауар экспортының көп жылдық монополиясын бұзды. Капиталды шетке шығару халықаралық экономикалық қатынастар жүйесінде басым рольге ие болуда. Экономикалық ынтымақ және даму ұйымының деректеріне қарасақ, 80-ші жылдары тікелей инвестицияның орташа жылдық қарқыны 34%-ке жетіп, дүниежүзілік сауда қарқынынан 5 есе артық болған.

Капиталды шетке шығару дегеніміз — капиталдың бір бөлігін ұлттық айналымнан шығарып тауар немесе ақшалай нысанда басқа бір елдің өндірістің пайызы мен айналымына кіргізу.

Ең алғаш капиталды шетке шығарумен өнеркәсібі дамыған елдер шұғылданды. Олар өз капиталдарын дүние жүзілік шаруашылықтан тысқары мемлекеттерге шығарды. Дүниежүзілік шаруашылықтың дамуы бұл процестің шеңберін ұлғайта түсті. Сөйтіп капиталды шетке шығару, дамыған елдермен қатар дамушы елдердің де тіршілігіне айналды. Бұл арада "Жаңа индустриалды елдердің іс әрекеттері екпінді".

Капиталды шетке шығарудың негізгі себебі және алғы шарты елдегі капиталдың салыстырмалы молдығы және шамадан тыс қорлануы. Сондықтан, іскерлік пайда немесе пайыз табу мақсатында ол шетке шығарылды. 90-шы жылдардың басында бүкіл дүниежүзілік капиталдың шамадан тыс қорлануы 180-120 млрд долларға жеткен.

XX ғасырдың екінші жартысында капиталды шетке шығару үнемі өсіп келеді. Қазіргі таңда өзінің өсу қарқыны бойынша капитал экспорты тауар экспортынан да, өнеркәсібі дамыған елдердің ішкі жиынтық өнім өсуінің қарқынын да

артта қалдырды. Капиталды шетке шығару көлемінің жедел өсуі оның халықаралық ауысуын күшейтті.

Капиталдың халықаралық ауысуы дегеніміз- капиталдың меншік иелерінің табыс көзі ретінде, елдер арасындағы қарама-қарсы қозғалысы. Мұның өзі әрбір ел бір мезгілде капиталды экспорттаушы да, импорттаушы да болатын жағдай, яғни, қарама-қарсы инвестициялар.

14.1.2.1. Капиталды әлем елдерінде пайдалану

Капиталды әлем елдерінде пайдаланудың негізгісі мыналар:

1. Инвестициялаушы елдегі капиталдың мол қорлануы;
2. дүниежүзілік шаруашылықтың әр түрлі бөліктеріндегі капиталға сұраныс пен ұсыныс арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуы;
3. жергілікті рынокты монополизациялау мүмкіндігі;
4. капитал экспортталатын елде арзан шикізат пен жұмысшы күшінің болуы;
5. саяси тұрақтылықтың және қолайлы инвестициялық ахуал.

Капиталды шетке шығаруға мүмкіндік беретін және оны ынталандыратын факторларға мыналар жатады.:

1. Капиталды шетке шығарудың қозғаушы күші ұлттық экономикалардың өзара байланысы мен өзара үйлесуі. Өндірістің интернационалдануы капиталдардың халықаралық қозғалысына игі әсер етеді және жеделдетеді.

Капитал экспорты, әсіресе оның тікелей инвестиция нысаны ұлттық өндірісті халықаралық өндіріске айналдырып, халықаралық өнім шығаруды ынталандырады.

Халықаралық өнім дегеніміз - бүкілдүниежүзілік нарыққа өткізілетін өнім.

2. Халықаралық өнеркәсіп кооперациясы. Бұл трансұлттық корпорацияларды еншілес компанияларды қаржыландыру.

3. Өнеркәсібі дамыған елдердің экономикалық саясаты. Бұл саясат экономикалық өсу қарқынын бәсеңдетпей, алдыңғы қатарлы өнеркәсіп салаларын қолдауға, жұмыспен қамтамасыз етуге бағытталған.

4. Дамушы елдердің экономикалық бағыты. Бұл дамушы елдердің шетелдік капиталдардың қатысуымен өздерінің экономикалық дамуын жеделдетіп "кедейшілік шеңберінен" шығуға ұмтылыстары дәрежесін көрсететін бағыт.

5. Экологиялық факторлар, экономикалық нормалардың қатаңдануына байланысты халықаралық корпорациялар өндірісті өнеркәсібі дамыған елдерден дамушы елдерге қарай көшіруге тырысады.

6. Капиталдар тасқынын реттейтін және бағыттайтын халықаралық қаржы ұйымдарының да ролі маңызды.

Капиталды шетке шығару мына нысандарда жүргізіледі:

- Өнеркәсіп, сауда т.б кәсіпорындарына тікелей инвестициялар;

- портфельдік инвестициялар (шетелдік облигацияларды, акцияларды және басқа да құнды қағаздарды алу үшін);

- орта және ұзақ мерзімді халықаралық несиелер мен қарыз капиталдарын өнеркәсіп және сауда корпорацияларына, банктерге т.б. мекемелеріне беру;

- экономикалық көмекті тегін беру немесе несиені төмендетілген пайызбен беру;

- капиталдың ауысуы мен шетелдік инвестициялардың айырмашылығын ажырата білу қажет.

Капиталдың ауысуы деп — шетелдік әріптестермен бірігіп жасаған операциялар үшін төлемдерді, капиталды орналастыру мақсатында шетелдік компаниялардан акциялар мен облигациялар сатып алуды, басқа да құнды қағаздар портфельін диверсификациялауды айтамыз.

Шетелдік инвестиция дегеніміз - қабылдаушы елдердегі компаниялардың қызметін бақылап, басқару үшін капиталдың мақсатты түрде ауысуы.

Тікелей инвестиция деп — капиталды экспорттаушының қабылдаушы ел территориясында өндірісті ұйымдастыруын айтамыз. Мұның ішіне жергілікті тұрғындардан жұмысшы күшін дайындау мен оқыту, әлеуметтік жағдайларды орнықтыру да кіреді. Тікелей инвестициялар арқылы халықаралық корпорациялар дүниежүзілік рынокта өз биліктерін жүргізеді. Тікелей инвестицияның көмегімен халықаралық корпорациялар шетелдік кәсіпорындарға толық иелік етеді. Немесе іс

жүзінде кәсіпорындарды басқаруға мүмкіндік беретін акционерлік капиталдардың басым бөлігін сатып алады.

Шетелдік инвесторлардың елдер мен өнеркәсіп салалары арасында бөлінуі қазіргі халықаралық экономикалық құрылымына айтарлықтай әсер етеді. Сонымен қатар, дүниежүзілік шаруашылықтың жекелеген бөліктерінің арақатынасын көрсетеді.

Тікелей инвестиция саласында жетекші рольді өнеркәсібі дамыған елдер атқарады. Тікелей инвестициялардың 4/5 бөлігі солардың үлесінде. Сондықтан дамыған елдер бір мезгілде капиталды ірі импорттаушылар да, экспорттаушылар да болып отыр. 1995 жылы шетелдік тікелей инвестициялардың көлемі 235 млрд долларға артып, 2,6 трлн доллар деңгейіне жетті.

Шетелдік инвестицияларды тартудың маңызды көзі — портфель инвесторлары. Олар ірі корпорациялардың, мемлекеттік және жеке меншік банктерінің облигациялық қарыздарын қаржыландырады.

Қарыз капиталының халықаралық рыногы ақша рыногы және капиталдар рыногы болып екіге бөлінеді. Ақша рыногы негізінен қысқа мерзімді несиелер рыногы болып келеді. Мұндай несиелер айналымдағы қаражатты толықтыру үшін пайдаланылады. Капиталдар рыногы банк несиелерімен ұзақ мерзімді заемдардан құрылады. Олар облигацияларды шығару және сатып алу түрінде кездеседі.

Орта және ұзақ мерзімді несиелер: негізгі капиталды толықтыру үшін; акцияларды сатып алумен байланысты несиелер, қаржы операциялары үшін; филиалдар ашу үшін; шетелдегі инвестициялардың құрылымын жетілдіруді қаржыландыру үшін пайдаланылады.

Капиталды шетке шығарудың портфель инвестициясы нысаны жөнінде айтатын болсақ, оның дүниежүзілік шаруашылыққа әсері 2 түрлі болып келеді. Бір жағынан, ол капиталдың халықаралық ұдайы өндірісін қамтамасыз етеді. Екінші жағынан, ол капиталдың бақылаусыз қозғалысы елдің төлем балансының тепе-теңдігін бұзып, валюта курсы тұрақсыздандырады. Оған қоса шетел капиталының көлемді импорты ұлттық капиталды ығыстырып, оның әрекеттену аясын тарылтуы да мүмкін.

Экономикалық көмекті өнеркәсібі дамыған елдер тегін немесе жеңілдетілген несиелер түрінде береді. Дүниежүзі

мемлекеттеріне экономикалық көмек беруде алғашқы екі орынды Жапония мен АҚШ иемденді. Мысалы, шетелдік мемлекеттерге көмек жөніндегі заңға сәйкес 1994 жылы АҚШ-тың шетелге көмегі 13 млрд доллар болды. Көмек берілген елдердің ішінде бірінші орында Израиль, екінші орында Египет тұрды. Көмектің 65% тегін, 35% жеңілдетілген несиелер түрінде берілді. АҚШ-тың экономикалық көмегінің жариялы мақсаттары: АҚШ-тың ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету; ашық, рыноктың экономика жүйесін қалыптастыру; демократияның дамуына жәрдемдесу.

14.1.2.2. Әлемде, жаңа дәуірде капиталды пайдалану ерекшелігі

Өткен ғасырдың 70-ші жылдарынан бастап, капитал нарықтың интернационалдануы, оның елдері арасындағы капитал ауысуы көлемінің ұдайы өсуін көрсетіп отыр. Тікелей және портфельдік инвестициялар көлемінің жалпы өсуі, қысқа және ұзақ мерзімді несиелер саласының ұлғаюы еуровалюта нарығындағы операциялар санының көбеюі соның дәлелі.

АҚШ зерттеушілерінің есептеулері бойынша 1993 жылы дүние жүзіндегі қаржы капиталы 3 трлн доллар көлемінде болған. Бұл капиталдың саласы өнеркәсібі дамыған жеті елдің жылдық мемлекеттік бюджеттері қосындысының төрттен үш бөлігін құрайды. Шетке шығаратын капиталдың иелері негізінен өнеркәсібі дамыған елдер. Капиталдың ауысуы дамыған елдердің өзара қатынасында кең етек жайған.

Өнеркәсібі дамыған елдер шеңберіндегі капиталдар ауысуын бірнеше деңгейде қарастыруға болады. Бірінші деңгей - АҚШ-Батыс Еуропа-Жапония, екінші деңгей - өнеркәсібі дамыған жекелеген елдер арасында, үшінші деңгей - өнеркәсібі дамыған елдердің аттас салалары арасында.

Капитал ауысуының субъектілері ретінде макро және микро деңгейлерді ажыратады.

Макродеңгейі - капиталдық мемлекетаралық ауысуы.

Микродеңгейі - халықаралық монополиялар капиталдарының, ішкі корпорацияларының арналарымен қозғалысы.

Соғыстан кейінгі жылдары капиталдар ауысуы қарқынды дамыған аймақ Батыс Еуропа болды. Еуропадағы капитал импортының алдыңғы шебінде Ұлыбритания келеді. Ол шетелдік инвестициялардың Еуропаға келетін бөліктерінің басым көлемін өз экономикасына тартуда. Мысалы, 80-ші жылдардың соңында Еуропалық одақтағы американдық инвестициялардың 40%-ті, Жапондық активтерінің 50%-ті Ұлыбританияда шоғырланды. Жыл сайын 300-ден астам шетелдік компаниялар Англиядағы инвестициялардың өрісін кеңейтіп, толықтырып келеді. Ұлыбританияда өндірілген таза өнімнің 20%-ті өңдеуші өнеркәсіптегі күрделі қаржының 21%-ті шетелдік фирмалардың осы елге қосқан инвестициялық үлесі.

Еуропадағы капиталдың ең ірі экспорттаушылары - Еуропалық одақ, Скандинавия елдері және Швейцария. Олардың шетелдік инвестициялары 1991 жылы 634 млрд доллар мөлшерін құрады. Батыс Еуропа өзінің капиталын бірінші кезекте Солтүстік Америкаға және Шығыс Еуропаға бағыттады. Өз кезегінде АҚШ таратылған инвестициялар және шетке шығарған капиталдың көлемі бойынша өнеркәсібі дамыған елдердің алдында келеді. 1994 жылы шетелдік фирмалар АҚШ экономикасына 60 млрд доллар салған. АҚШ өзінің инвестициялық қажеттіліктерінің 1/3-ін капитал импортының есебінен қанағаттандырады. АҚШ пен Батыс Еуропа елдерінің өзара инвестициялары әрдайым үқсас, жетекші салаларды машина жасау мен химия өнеркәсібін қаржыландырып келеді.

90-шы жылдардың бірінші жартысында дүниежүзілік классификация бойынша капиталды шетке шығарушы ең ірі елдердің қатарында Жапония, Швейцария және Тайвань болды. Ал, ең ірі қарыз алушылар қатарынан АҚШ, Ұлыбритания, Мексика, Сауд Арабиясы елдері көрінеді.

Капиталды шетке шығарудың бүгінгі таңдағы ерекшеліктерінің бірі өндіріске тартылатын капиталдар көлемінің өсуі болып отыр. Портфельдік инвестициялардан тікелей инвестицияға көшу тенденциясы байқалады. Капиталдың қазып шығаратын өнеркәсіптен өңдеуші өнеркәсіпке және қызмет көрсету саласына ауысуы тұрақталып келеді. Жаңа инвестициялық салымдар көлемінің 50%-тен астамы қызмет көрсету саласының еншісіне тиіп отыр.

90-шы жылдардың тағы бір ерекшелігі құнды қағаздар рыногының іріленіп өсуі. 1993 жылдардың соңына қарай қорлар рыногындағы жеке меншік капиталдардың саласы 555 млрд банкілік долларға жетті. 90-шы жылы капиталдар рыногын интернационалдану процесінің негізгі ерекшелігі айқындалды. Оның мәні мынада: егер 70-80-ші жылдары интернационалдану процесі көбінесе рыноктық экономикасы дамыған елдерді қамтыған болса, 90-шы жылы ол дамушы елдерге ең алдымен Оңтүстік Шығыс Азия және Латын Америкасы елдеріне тарады. Бұл олардың ішкі қаржылық мүмкіндігінің артып, валюталық жағдайының нығаюын және қаржы беру мүмкіндігінің өсіп, ұлттық қаржы рыноктарының дамуын көрсетеді. 80-ші жылдардың соңы және 90-шы жылдардың басы "жаңа индустриалды елдер" мен өзге дамушы елдердің арасындағы капитал ауысуының белсенді түрде дами бастағанын көрсетті. Капиталдар рыногында бұрынғыша мұнай экспорттаушы елдер ұйымының мүшелері белсенділік танытуда. Мысалы, Кувейттің жеке меншік секторының шетелдегі инвестициялары 1995жылы 100 млрд долларға жетті. Өз кезегінде Кувейт мемлекетінің инвестициялары 30 млрд доллар болды. 90-шы жылдары дамушы елдерге тартылған тікелей инвестициялардың көп мөлшері, өнеркәсібі дамыған елдерден түскен.

1993жылы дамушы елдерге тартылған инвестициялар 65 млрд доллар, 1994жылы 74 млрд доллар болды. Бұл 1991жылы салыстырғанда 2 есе артық. Инвестициялардың едәуір бөлігі дамушы 10-15 елдерде шоғырланған. Шетел инвестицияларын тартуда Қытай оза шығып, көзге түсті. Бұл көрсеткіш бойынша Қытай дүние жүзінде АҚШ-тан кейінгі екінші орында.

Шетелдік капиталды Қытайдың қызықтыратыны оның экономикалық дамуының жоғары қарқындылығы мен саяси тұрақтылығы.

Қытайдың жиынтық ұлттық өнімінің өсуі жылына 10-13%. Дәл осындай жедел қарқынмен Латын Америкасы елдері мен "жаңа индустриалды елдер" де дамып келеді.

Ең кедейленген дамушы елдер, өнеркәсібі дамыған елдердің инвесторларын қызықтырып отырған жоқ. Бұл мемлекеттердің үлесіне дүниежүзілік тікелей инвесторлардың аз ғана бөлігі тиіп отыр. 90-жылдары ең нашар

дамыған елдердің шетелдік инвестициядағы үлесі 5-6% ғана болды.

Капиталдар ауысуы процесінің қазіргі кездегі маңызды ерекшелігі, капитал ешбір елге еркінен тыс, күштеу арқылы тартылмайды, керісінше оны өз елдеріне келтіру үшін қатаң бәсекелік күресте жеңіп шығу керек.

Капиталды шетке шығарудың тағы бір маңызды жағы осы процесті реттеп, бақылап, ынталандырып отыратын мемлекет қызметінің күшеюі. Өнеркәсібі дамыған елдер ұлттық және ұлтаралық деңгейде капиталдың экспортымен импортын ынталандыру арқылы оның жедел ауысуына әсер етеді.

14.1.2.3. Әлемдегі жаңа кезең инвестициясы

Осы замандағы әлем инвестициясының ерекшеліктерінің басты көрінісі, ол қарыз, портфельдік инвестиция т.б нысандағы капиталдар қозғалысына кедергілердің болуы және оны жоюдың қажеттілігі.

Экономикадағы ұлттық мүддені қорғау үшін, өнеркәсібі дамыған мемлекеттер қажет болғанда, тікелей шетел инвестициясына тосқауылдар да қоя біледі. Айта кететін нәрсе, капиталды шетке шығару процесі, капиталды тарту процесімен салыстырғанда кемдеу реттеледі. Капиталдар қозғалысын реттеу үшін мемлекет мынадай шаралар қолданады:

1. Қаржылай әсер ету әдістері: жеделдетілген амортизация мен салық жеңілдіктерін беру, несиелерді камсыздандыру, қарыз беру т.с.с;

2. қаржылай емес әсер ету әдістері: жер учаскелерін бөлу, қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету, техникалық көмек көрсету.

Шетелдік күрделі қаржыландыруды реттейтін маңызды құжат 1994жылы Джакарта қаласында қабылданған "Азия-Тынық мұхигы ынтымақтастығының" тікелей шетелдік инвестициялар жөніндегі "Ерікті кодекс". Бұл "Кодексте" төмендегі инвестициялық принциптер жинақталған:

- шекралардың ашықтығы;
- донор елдерді алаламау;

- инвестицияларды ынталандырудың денсаулық сақтау, қоршаған ортаны қорғаумен оның қауіпсіздігін қамтамасыз етудің қатаң талаптарына сай келуі;

- инвестицияларды реттейтін талаптар санының аз мөлшерде болуы;

- ұлттық заңдар мен халықаралық құқық нормаларына сай келетін инвестицияларды тұт-қындамау, тартын алмау;

- тіркелуін және еркін айналымын қамтамасыз ету;

- капиталды шетке шығаруға кедергілерді алып тастау;

- қосарланған салық салуды болдырмау;

- шетелдік инвестицияларды қабылдаушы елдің заңдарына сәйкестендіру;

- инвестициялық жобаны жүзеге асыру үшін шетелдік мамандардың келіп-кетуіне кедергі жасамау;

- талас, егес жағдайында оларды келіссөздер немесе төрелік арқылы шешу.

Капиталды шетке шығарудың іс-тәжірибесі көрсетіп отырғандай, оған инвестицияларды тартуды ынталандыру саясатынан гөрі, рыноктық факторлар көбірек әсер етеді. Экономикалық еркіндік, рыноктық механизмдердің кедергісіз қызмет етуі сыртқы инвестицияларды тартудың маңызды тұтқасы болып отыр. Американдық экономистер жасап шығарған экономикалық еркіндіктің он түрлі нақты көрсеткіштері бар. Бұл көрсеткіштер мемлекеттің реттегіш қызметінің деңгейін анықтайды. Олар:

1. Сауда саясаты;
2. салық салу;
3. монетарлық саясат;
4. банк жүйесінің қызметі;
5. шетелдік инвестицияларды құқықтық реттеу;
6. жеке меншік құқы;
7. елде өндірілетін тауарлар мен қызмет көрсету көлеміндегі мемлекеттік тапсырыстың үлесі;
8. экономикалық ынталандыру саясаты;
9. елдегі "көлеңкелі рыноктың" көлемі;
10. баға жасау мен еңбек ақыны реттеу;

Аталған он көрсеткіш бойынша әрбір елге 1-ден 5 балға дейін баға қойылады, Сөйтіп мемлекеттің реттеуші ролі анықталады.

1995жылдардағы зерттеудің нәтижесінде Ганконгтың экономикасы ең еркін экономика болып шықты. Ал, Қытай болса ең соңғы орынды иемденді. Бірақ, бұл жағдай Қытайдың өз экономикасына жыл сайын шетелдік инвестициялардың ондаған миллиард саласын тартуына кедергі болып отырған жоқ. Бұдан шығатын қорытынды: экономикалық еркіндік дәрежесі шетел капиталын тартуға шамадан тыс кедергі келтіре алмайды.

14.2. Шет елдік инвестициялар Қазақстанда

Шетелдік инвестицияларды толық, тиімді пайдалану, қандай да ел болмасын объективті қажеттілік. Ол, ел экономикасын халықаралық еңбек бөлінісі жүйесіне кеңінен қатыстырып мұқтаж салаларға капитал келтірудің тиімді жолы және экономикалық даму негізі.

90-шы жылдардың орта шенінде дүниежүзінде қаржы капиталы 3 трлн долларға жетті. Бұл ақша дүниежүзілік қаржы рыногының негізі. Осы ұшан-теңіз қаржының бір бөлігін Қазақстанға қалай тартуға болады? Тарту керек пе, жоқ па? Бұл арада екі ұдайы әңгіме бар. Біріншісі, шетелдік инвестицияларды Қазақстан экономикасына белсенді түрде тарту керек. Ол үшін қолайлы инвестицияның ахуал жасау керек деген ресми көзқарас. Екіншісі, Қазақстанның байлығын оңды-солды таратып, халықаралық монополияның тұзағына түсеміз және ол тұзақ бірте-бірте тынысыңды тарылтады. Яғни елдің экономикалық және саяси тәуелсіздігіне нұқсан келтіреді, деген көзқарас.

Дүниежүзілік экономиканың объективті заңдары, капиталдар ауысуының халықаралық тәжірибесі көрсеткеніндей Қазақстан бұл процестен аулақ тұра алмайды. Бұл қазіргі дүниежүзілік шаруашылықпен халықаралық экономикалық қатынастардың ерекше белгісі.

Егер біздің мақсатымыз дүниежүзілік шаруашылыққа интеграциялану және ашық экономика принциптерін қолдау болса, онда капиталды Қазақстанға келтіру және оны импорттау ауадай қажет процесс. Олай болса біздің іс-қимылдарымыздың басты бағыттарымыздың бірі шетелдік инвестицияларды тарту және оларды мүмкіндігінше тиісімді пайдалану болуы тиіс.

Шетелдік инвестицияларды Қазақстанға тарту мынадай мәселелерді шешуге көмектеседі:

1. Экономикалық және техникалық прогресті жеделдету;
2. өндірістік процесті жаңарту мен қайта жарактандыру;
3. өндірісті ұйымдастырудың үздік әдістерін үйрену;
4. рыноктық экономиканың талаптарына сай кадрларды дайындау.

Мәліметтерге жүгінсек, өткен үш жыл ішінде Қазақстанға тартылған шетел капиталдарының көлемі 5,9 млрд долларға жуықтаған. Мұның 28% несие, 22% заемдар, қалған бөлігі мемлекет кепілдігімен алынған тікелей инвестициялар. Үш жыл ішіндегі осы қаржының 60% мұнай өңдеу өнеркәсібіне, 10% түсті металлургияға, қалғаны газ бен тамақ өнеркәсібін дамытуға жұмсалды. Бұл инвестициялардың 54%-ті АҚШ-тан, 6,8%-ті Ұлыбританиядан, 6,6%-ті Түркиядан және ңтүстік Кореядан, Франциядан, Жапониядан түсті.

Қандай елдің болса да экономикасына капитал келтіру сол елдегі қалыптасқан инвестициялық ахуалға байланысты.

Инвестициялық ахуал дегеніміз - күрделі қаржы келтіруге және оны тиімді пайдалануға қолайлы саяси экономикалық, заңдық, әлеуметтік, тұрмыстық және т.б факторлардың жиынтығы. Іскерлік тәуекелшілдіктің шегі бар екендігін есте ұстаған жөн.

Шетелдік инвестициялар рыногындағы ахуал оларға мұқтаж Шығыс Еуропа, тәуелсіз мемлекеттер достығы елдердің үлкен сұранысына байланысты елеулі бәсекелік туғызып отыр. Капиталды импорттаушылар санының капиталды экспорттаушылар санынан едәуір көп екенін ескерсек Қазақстанның бәсекелестік қабілетін арттыруға мүмкін болған жағдайдың бәрін жасау керек.

Қызмет көрсетумен қажетті инфрақұрылымдар жасап, оны дамытудың шетелдік инвесторлар дағдыланған деңгейіне жету күн тәртібінде тұр. Көптеген заңды, нормативтерді, актілерді айқындап, шетелдік салымшылар мен жұмыс істеу жүйесін толық қалыптастыру керек. Инвесторлардың жолындағы кедергілерді алып тастап, олармен тіл табысуға мүмкіндік беретін жеңілдіктер мен

преференциялардың икемді жүйесін қалыптастырып, орнықтыру да қажетті іс-қимыл түріне жатады.

Қазақстанға шетелдік капиталды келтіруге байланысты, инвестициялық ахуалдың негізгі бағыт-бағдарында оларға неғұрлым қолайлы мүмкіндіктер жасап жатыр.

Шетелдік инвестициялардың толқынды келуі үшін барлық әкімшілік рәсімдерді оңайлату керек. Бұл жерде әңгіме визалар алу, шекара және кеден бақылауынан өту, жұмыс істеу құқығына және ел ішінде жүріп-тұруға, рұқсаттар беру жөніндегі ережелер туралы болып отыр. Бүкіл әлем қарым-қатынас жасасатын ағылшын тіліне Қазақстандықтарды, ең алдымен мемлекеттік қызметшілермен қызмет көрсету саласындағы істейтін адамдарды оқыту қажет, өйткені, тәжірибе көрсетіп отырғандай, ірі капитал тілдік кедергілері бар елде нашар бейімделеді. Қазақстандық авиажелілердің, әуежайдың, ондағы қызмет көрсетудің қолайлығына, жоғары дәрежелі қонақ үйлерінің, телекоммуникацияның болуына көп нәрсе байланысты. Біздің мақсатымыз шетелдік бизнесмендерге неғұрлым жеткілікті ықылас көрсету, олардың уақытын үнемдеуге мүмкіндік беру, болуға тиіс.

Қолайлы инвестициялық ахуал жасаудың тағы бір желісі инфрақұрылым объектілері – энергетика, газ және мұнай құбырлары, әуежайлар, қонақ үйлер, байланыс құралдары, автомобиль немесе темір жолдар, су құбырлары мейлінше назар аударатын ахуал жасау деген сөз. Экспорт пен импорттың, жалпы іскерлік-бизнестің, инфрақұрылымның ойдағыдай жұмыс істеуінсіз дамуы мүмкін емес. Баяндамада Қазақстанның пайдалы қазбалары өте көп аймақ екені айтылған. Әлемдік мұхитқа шығар жолы жоқ, Қытай шекарасынан Батыстағы Орал тауларына дейін созылып жатқан республикада мұнай шикізаты өте мол. 1992жылы Қазақстанда 14 инвестор болса, қазіргі уақытта 800-нен асты, жыл өткен сайын бұл көрсеткіш көбейіп келеді. Бірлескен кәсіпорындарда және шетелдік компанияларда 27 мыңнан аса қазақ жұмыс істейді. Ал, бұл көрсеткіш 1993жылы 6400 шамасында-ақ болған. Баяндамада олардың көбісі Алматы қаласында орналасқаны айтылған.

1995жылдың аяғындағы жағдай бойынша бірлескен кәсіпорындармен бірге шетел капиталының заемы капиталдың 80%-ті құраған.

Дамыған елдер фирмаларының республика өндірісіндегі үлесі де әр түрлі. Алғашқы орында АҚШ тұр. 1996жылдың басындағы көрсеткіш бойынша тікелей инвестиция бағытында 1,8млрд доллар жұмсап, олар үлестің 66%-не ие болып отыр. Ал, Батыс Еуропа компанияларының үлесіне 456 млн доллар мөлшеріндегі 17%-ті тиісті. Америка компаниясын Қазақстанның мұнай шикізаты қызықтырады. Қазақ жерінде 24 млрд тонна мұнайдың артық қоры бар екені ресми түрде бағаланған, - дейді баяндамада.

Тікелей инвестиция бағытындағы екінші орынды Оңтүстік Корея компаниясы алады. Одан кейінгі орында Ұлыбритания-6%, Түркия және Франция компанияларының үлесінде. Барлық шетелдік тікелей инвестициясының 75%-ті Қазақстанның мұнай-газ саласына шоғырланып отырған

Қазақстан үкіметінің баспасөз қызметі арқылы алынған бұл мәліметтер көп нәрсені айқындайды. Мұнай-газ саласы — пайданың көзі. Сондықтан трансұлттық компаниялар ең алдымен соған ұмтылады. Әлемдік саясатпен экономикада басымдығын көрсетіп қалуға ұмтылатын Американың, Қазақстан мұнайынан басқалардан артық үлес алуы да заңды. Бір жағынан табысты тез беретін "Қара алтын" шетелдіктер үшін арзанға түседі. Оның үстіне Қазақстанның қазіргі даму жағдайында жұмыс күші де қымбат емес.

14.3. Дамушы әлем елдерінің шетелдік капиталды пайдалануы

90-шы жылдардың басында дамушы елдерге келген тікелей инвестициялардың саласы 51,5 млрд доллар болды, мұның өзі 80-ші жылдармен салыстырғанда 2 еседен артық.

Дүниежүзілік банктің мәліметі бойынша 1994жылы жеке меншік капиталдардың дамушы елдерге әкелген қаражатының деңгейі 173 млрд доллар жеткен, ал тікелей шетелдік инвестициялар 66,6-477,9 млрд долларға өскен. Дамушы елдердің өздері 1993жылы шетелге 14 млрд долларға тең капиталды экспорттаған. Жеке меншік капитал дамушы елдердің ішінен экономикасы қарқынды өсіп келе жатқан болашағы мол елдерді таңдайды. Қазіргі таңда жеке меншік

капиталдардың 80%-ті дамушы елдердің небәрі 20%-не ғана келіп отыр. Олардың көпшілігі Шығыс Азия мен Латын Америкасы елдері экономикасы артта қалған, саяси жағдайы тұрақсыз елдер өнеркәсібі дамыған мемлекеттердің кәсіпкерлерін қызықтырмайды. Дамушы елдердің берешек қарыздары жеке меншік капиталдар есебінен қордаланған. Несие беруші елдер ішіндегі бірінші орында Жапония тұр. Бұл елдің дамушы елдерге, ең алдымен азиялық елдерге берген несиесінің көлемі 236 млрд доллар, үшінші орында Алмания тұр- 106 млрд доллар. Францияның несие саласы- 103 млрд долларға жетті.

Халықаралық ұйымдар дамушы елдерге трансұлттық корпорациялардың мүмкіндіктерін техникалық көмек ретінде пайдалануды ұсынады. Мысалы, американдық "Дженерал Моторс" компаниясы 2005жылға дейін Азия-Тынық мұхиты елдері нарығындағы өз үлесін 10%-ке дейін жоғарылатуды көздеп отыр. Осы мақсаттар үшін компания Филиппин мен Тайландта құны 1 млрд доллар шамасындағы машиналар мен қосалқы бөлшектер шығаратын зауыт салмақшы.

Капиталды шетке шығару — капиталдың бір бөлігін ұлттық айналымнан шығарып, тауар немесе ақшалай нысанда басқа бір елдің өндірістік процесі мен айналымына кіргізу. Ең алғаш капиталды шетке шығарумен өнеркәсібі дамыған елдер шұғылданды. Олар өз капиталдарын дүниежүзілік шаруашылықтан тысқары мемлекеттерге шығарды. Капиталды шығарудың негізгі себебі және алғы шарты елдегі капиталдың салыстырмалы молдығы және шамадан тыс қорлануы. Сонымен, іскерлік пайда немесе пайыз табу мақсатында ол шетке шығарылады. Қазіргі таңда өзінің өсу қарқыны бойынша капитал экспорты тауар экспортында, өнеркәсібі дамыған елдердің ішкі жиынтық өнім өсуінің қарқынын да артта қалдырды. Капиталды шетке шығарудың қазіргі кездегі ерекшелігіне келсек - қазіргі уақытта жекелеген елдер арасындағы капитал қозғалысы кеңінен дамып отыр. Бұл елдердің әрқайсысы бір мезгілде капиталды шығарушы да, капиталды әкелуші де болады, яғни капиталдардың елдер арасындағы ауысуы жүзеге асады. Бұл жағдайда шетке капитал шығару өз елінде капитал қорлары жетіспеген кезде де жүзеге асырылады. Қай ел болмасын өз капиталымен шектелмейді. Тіпті дамыған

елдердің өздері де шетел капиталын пайдаланады. Дамушы елдердің өздері 1993жылы шетелге 14 млрд долларға тең капиталды экспорттаған. Қазіргі уақытта дамушы елдер және өнеркәсібі дамыған елдер арасындағы капитал қозғалысында елеулі өзгерістер пайда болды. Жас ұлттық мемлекеттерден капитал шығару, бір жағынан, олардың экономикасының дамуына мүмкіндік берсе, екінші бір жағынан, өнеркәсібі дамыған елдер, сол ұлттық капиталдың өз елдеріне келуіне кедергі жасайды. Сөйтіп дамушы мемлекеттерде негізінен шикізат өндірісін дамытады.

14.4. Әлем капиталы және ғылыми-техникалық революция

Дүниежүзілік шаруашылық пен ГТР-ды көптеген қоғамдық, жаратылыстану және дәл ғылымдар зерттейді. Бірақ оларға тән жағрапиялық тұрғыдан экономикалық және әлеуметтік жағрапияның бір тармағы ретінде дүниежүзілік шаруашылық жағрапиясының қарастыратын объектісі болып табылады.

Ғылыми-техникалық революция (ГТР) ұғымы. Адамзат өркениетінің бүкіл дамуы ғылыми-техникалық өрлеумен тығыз байланысты. Алайда осы өрлеу құрамында өндіргіш күштерінің жедел және терең өзгерістерінің жеке кезеңдері болып тұрады. XVIII-XIX ғасырларда бірқатар елдерде қол өндірісінен ірі машина өндірісіне өтуді жария еткен, өнеркәсіп төңкерістер кезеңі осындай еді. Оның үстіне, XX ғасырдың ортасында басталған қазіргі ГТР кезеңі тап осындай болды.

Ғылыми-техникалық революция ғылымның, тікелей қоғамның өндіргіш күштеріне айналуына негізделіп, адам баласының өндіргіш күштерінің сапа жағынан түбегейлі өзгергендігі болып табылады. Ол ақырындап пісіп жетіледі де, содан кейін адамның материалдық және рухани мүмкіндіктерінің ғаламат өсуіне бастама болды. Ендігі жерде біз ГТР-дың одан әрі тереңдеу дәуірінде өмір сүріп жатырмыз.

ГТР-ның сипатты белгілері және құрамдас бөліктерінің бастылары - қазіргі ГТР-ның төрт басты белгісі бар:

Біріншіден, жан-жақтылығы, әмбебаптылығы. Ол барлық салаларды: еңбектің сипатын, тұрмысты, мәдениетті,

адамдардың психологиясын өзгертеді. Егер өткендегі өнеркәсіп төңкерістерінің символы деп әдетте бу машинасын есептесе, қазіргі ГТР-дың ондай символы электронды-есептеу машинасы (ЭЕМ) да, ғарыш кемесі де, атом электр станциясы да, реактивті ұшақ та, теледидар да бола алады. Қазіргі ГТР-дың бәрін қамтитындығын жағрапиялық тұрғыдан пайымдауға болады, өйткені ол белгілі бір дәрежеде дүние жүзінің барлық елдері мен жердің бүкіл жағрапиялық қабығын, сондай-ақ ғарыш кеңістігін де қамтыды.

Екіншіден, ғылыми-техникалық өзгерістердің төтенше жеделдеуі. Бұл жеделдеу ғылыми жаңалықтар мен оларды өндіріске енгізудің арасындағы уақыттың күрт қысқаруынан, жылдам моральдық тозу деп аталатынынан, демек, өнімнің үнемі жаңарып отыруынан көрінеді.

Үшіншіден, ГТР еңбек қорларының біліктілік деңгейіне қойылатын талапты күрт арттыруда, мұның сендердің әрқайсыларына тікелей қатысы бар. Бұл адам әрекетінің барлық салаларында - ақыл-ой еңбегінің үлесі себепші болды. Былайша айтқанда, олар ой өрісі кеңі түсті.

Төртіншіден, ГТР- соғыс жылдарының өзінде әскери-техникалық революция ретінде өмірге келді. Оның басталуы туралы 1945жылы Хиросимада атом бомбасының жарылуы жаңғырықтары хабарланды. Бүкіл "қырғиқабақ соғыс" кезеңі бойында ГТР ғылыми-техникалық ойдың ең жаңа жетістіктерін әскери мақсаттарда пайдалануға бұрынғыдан гөрі жоғары дәрежеде бағдарланды.

Экономистер, философтар мен социологтар қазіргі ГТР біртұтас күрделі жүйе деп есептейді. Оның бір-бірімен тығыз әрекеттесетін мынадай төрт құрамдас бөлігі бар:

- 1) ғылым,
- 2) техника және технология,
- 3) өндіріс,
- 4) басқару.

Ғылым: ғылымды көп қажет етудің өсуі:

Ғылым ГТР заманында білімнің өте күрделі кешеніне айналып отыр. Ол сонымен бірге, адамның іс-әрекетінің ауқымды саласын құрайды. Дүние жүзінде 5,5 млн адамға жуық ғылыми қызметкерлер бар, яғни, жер бетінде бұрын-сонды өмір сүрген ғылыми қызметкерлердің 10/9-ы біздің замандастарымыз. Ғылымның өндіріспен байланысы ерекше артты, ал өндіріс барған сайын ғылымды көп қажет етуде.

Алайда экономикасы дамыған және дамушы елдер арасында бұл салада өте зор айырмашылықтар бар.

Техника мен технология: дамудың екі жолы.

Техника мен технология ғылыми білімдер мен жаңалықтарды бойына сіңірген. Жаңа техника мен технологияны пайдаланудағы негізгі мақсат - өндірістің тиімділігін, еңбек өнімділігін арттыру. Соңғы кезде техника мен технологияның басты қызметі — еңбекті сақтау қызметімен қатар, оның байлықтарды үнемдеу және табиғатты қорғау қызметінің ролі барған сайын арта бастады. Мысалы, Ұлыбритания, Италия болаттың 2/3 бөлігін металл сынақтарынан алса, Ұлыбритания мен Жапонияда алюминийдің көп бөлігін, алюминий сынықтарынан алуда. ҒТР жағдайында техника мен технологияның дамуы екі түрлі жолмен өтеді.

Эволюциялық жол — бұрыннан белгілі техника мен технологияны одан әрі жетілдіру — машиналар мен құрал-жабдықтардың қуатын арттыру, көлік құралдарының жүк көтерімділігін өсіру жолы.

1-мысал. Дүние жүзіндегі ең ірі энергия блоктары мен домна пештері Ресей мен Жапонияда орналасқан. Кострома МАЭС-інде қуаты 1,2 млн квт энергия блогы жұмыс істейді. Череповец металлургия комбинатында жылына 5,5 млн тонна шойын қорытатын, Жапония комбинаттарының бірінде 5 млн тоннадан астам шойын қорытатын домна жұмыс істейді.

2-мысал. 50-ші жылдардың бас кезінде-ақ ең ірі теңіз танкеріне 50 мың тонна мұнай сиятын. 60-шы жылдары жүк көтерімділігі -100,200,300 мың тонна, ал, 70-ші жылдары-400,500,550 мың тонна супертанкерлер шықты. Олардың ең ірілері Жапония мен Францияда жасалды. Алайда мұндай алып құрылыспен айналысу белгілі бір экономикалық пайда бергенімен, өзін үнемі ақтай бермейді. Сірә, экономиканың болашағын ірі, орташа және шағын кәсіпорындардың тығыз ынтымақтастығынан іздестіру керек болар.

Революциялық жол — түбегейлі жаңа техника мен технологияға көшу жолы. Оның неғұрлым айқын көрінісі электрондық техника өндірісінен байқалады. Шынында да, бұрын "тоқыма ғасыры", "болат ғасыры", "автомобиль ғасыры" туралы айтылатын, ал қазір "микроэлектроника ғасыры" туралы айтылатын болды. ҒТР-дың 70-жылдары

басталған "екінші толқынының" көбінесе микроэлектрондық революция деп аталуы тегін емес.

Мысалы, қазіргі қоғам өмірін тұрмыстағы электрондық аппаратураларсыз елестету мүмкін емес. Транзисторлы радиоқабылдағыштар, теледидарлар, магнитофондар, бейнемагнитофондар, микроколькуляторлар жеке ЭЕМ-дер, электрондық сағаттар, электрондық ойындар барған сайын кең таралуда.

Жаңа технологияға өтудің орасан зор маңызы бар. Машина жасауда бұл металдарды механикалық әдіспен өңдеуден механикалық емес электроникалық, плазмалық, лазерлік, радиациялық, ультрадыбыстық, вакуумдық және т.с.с әдіспен өңдеуге көшу болып табылады. Металлургияда бұл шойын, болат және прокат алудың ең прогресшіл әдістерін, ауыл шаруашылығында топырақты жыртып өңдеу деп аталатын - түренсіз егіншілік, коммуникация саласында радиорелелі, шыны-талшықты байланыс, телекестер, телефакстер және т.с.с.

Мысалы, 90-шы жылдардың басында Батыстың басты елдерінде іс жүзінде болаттың бәрі оттегі конверторлары мен электр пештерінде өндірілді, бүкіл болат дайындаманың жартысы. Ал, Жапонияда тіпті 95%-ті үздіксіз құю әдісімен алынады. Қазір темірді металдандырылған тікелей қалпына келтіру әдісінің көмегімен дүние жүзінде бүкіл болаттың 20 млн тоннасын өндіреді. Бүгін революциялық жол, ол техника мен технологияның, ғылыми-техникалық прогрестің дәуіріндегі басты даму жолы.

14.4.1. Ғылыми-техникалық революция және өндіріс дамуының басты бағыттары

ҒТР дәуірінде өндіріс дамуы, басты алты түрлі бағытта болды.

Бірінші бағыт — электрондандыру, яғни адам іс-әрекетінің барлық салаларын электронды есептеу техникасымен қамтамасыз ету. Электрондандырудың арқасында көптеген өндірістік процестердің технологиясы түбірімен өзгереді. Ол - білім беру, денсаулық сақтау ісіне және адамдардың тұрмысына барған сайын тереңірек еніп, тұрақты құралдарды ғана емес, сонымен бірге қозғалатын құралдарды да қамтиды.

Қазіргі кезде электронды құрал-жабдықтарды өндіру өнеркәсіптің ғылымды көп қажет ететін басты салаларының біріне айналды. Шетелдік дүниеде ЭЕМ-ның ең үлкен паркіне - АҚШ, Жапония, ГФР ие болып отыр.

Екінші бағыт – кешенді автоматтандыру. Ол ЭЕМ-ның шығуына байланысты 50-ші жылдары басталды. Кешенді автоматтандырудың сапа жағынан жаңа кезеңі 70-ші жылдары микро ЭЕМ мен микропроцессорлардың шығуына байланысты. Олар өндірістік және өндірістік емес салалардың көптеген буындарында "қоныс теуіп" те үлгерді. Микропроцессорлармен Чех жазушысы К. Чапек 20-шы жылдарда-ақ роботтар деп атаған алуан түрлі электронды-механикалық манипуляторлардың қолданылуындағы шын мәнінде жаңа дәуірмен байланысты. Өз кезегінде робот техникасының тууы, оның соңынан икемді өндіріс жүйелерінің, автомат зауыттардың жасалуына әкелді.

Қазіргі кезде робот жасау, өндірістің ғылымды көп қажет ететін неғұрлым маңызды салаларының біріне айналуға. Дүниедегі шетелдік өнеркәсіп роботтарының ең үлкен паркіне Жапония, АҚШ, ГФР, Франция ие болып отыр.

Үшінші бағыт – энергетика шаруашылығын қайта құру. Бұл бағыт энергия үнемдеу, отын-энергетика балансының құрылымын жетілдіру, жаңа энергия көздерін кеңірек пайдалану негізінде жүзеге асырылады. Әсіресе, атом энергиясын дамыту көптеген проблемалар тудырады. 1990жылдың қарсаңында дүние жүзінде 250-ден астам АЭС іске қосылып үлгерді. Бұл сала АҚШ-та, Францияда, Жапонияда, ГФР-де, Ресейде, Украинада ауқымды дамыды. Бірақ соңғы кезде көптеген елдер экологиялық зардап туу мүмкіндігінен қауіптеніп, өздерінің АЭС салу бағдарламаларын қысқартуда.

Төртінші бағыт – жаңа материалдар өндіру. Қазіргі өндіріс үлесі артып отырған ескі конструкциялық материалдарға - қара және түсті металдарға, синтетикалық полимерлерге бұрынғыдан анағұрлым жоғары талап қояды. Бірақ ол түбегейлі жаңа композициялық, жартылай өткізгіштік, керамикалық материалдарды, оптикалық талшықты, сонымен бірге бериллий, литий, титан (аэроғарыш өнеркәсібінің көмірі бірінші металы) сияқты "XX ғасырдың металдарын" және көптеген тағы басқаларын өмірге келтірді.

Бесінші бағыт – биотехнологияның жедел дамуы. Бұл бағыт 70-ші жылдары туды, бірақ қазірдің өзінде ең болашағы зор бағыттардың біріне айналды. ГТР-дың ғылымды неғұрлым көп қажет ететін ең жаңа салаларының қатарына жататын биотехнология мен биоиндустрия да АҚШ-та, Жапонияда, ГФР-де, Францияда ойдағыдай дамуда.

Алтыншы бағыт - ғарыштандыру. Ғарыш ғылымының дамуы тағы бір ғылымды көп қажет ететін сала – аэроғарыш өнеркәсібінің тууына әкеліп соқты. Онымен көптеген жаңа машиналардың, аспаптардың, қорытпалардың шығуы байланысты. Бұлардың кейбіреулері кейіннен ғарыштық емес салаларды қолданылуға. Ғарыш ғылымы ғарыштық технология, ғарыштық жертануға "өмірге жолдама" берді. Ғарыштық зерттеу нәтижелері іргелі ғылымның дамуына орасан зор ықпал жасайды.

ГТР дәуірінде осындай аса маңызды жаңа бағыттармен қатар, өндірісті жетілдірудің дәстүрлі жолына айналып үлгірген механикаландыру, электрлендіру, химияландыру да өзінің зор мәнін сақтап қалуда.

14.4.2. Басқару негізі - ГТР мен инвестицияда

ГТР-ның қазіргі кезеңі басқаруға жаңа талап қоюмен сипатталады. Енді ескіше "көз мөлшерімен", тек институция негізінде басқаруға болмайды. Басқарушы қауымның, осы кезеңге дейінгі хабарлама (информатика) курсынан білетіндеріндей, өмірдің қажеттілігінен бүгін басқару туралы жаңа ерекше ғылым-кибернетика негізі туды. Ол сонымен бірге ақпарат туралы да ғылым болып қалыптасып, дамуда. Соның негізінде біз "ақпараттық жарылыс" дәуірінде өмір сүріп отырмыз. Ғылыми білім мен ақпарат көздерінің мөлшері өте тез өсуде. Міне, басталып отырған әдеттегі ақпараттан машиналық ақпаратқа көшудің маңызы осында. Түрлі ақпараттық техника шығару, өндірістің ғылымды көп қажет ететін ең жаңа салаларының біріне айналды, ал онымен жұмыс істеу өмірге программист, оператор т.б мамандықтарды келтірді. Информатика мәселені жүйелі түрғыдан қарастыруды жүзеге асыруға, экономикалық-математикалық модельдеуді қолдануға мүмкіндік береді. өндірістің орналасуына да оның үлкен ықпалы тиеді.

Мәселен, ғылымды көп қажет ететін салалар бірінші кезекте әдетте, үлкен қалалар мен қала агломерацияларында жайласқан, жақсы ұйымдастырылған және сан алуан ақпарат көздеріне жақын орналасқан.

И.А.Витвер 1854жылы Қырым соғысы туралы хабардың Австралияға 114 күнде жеткені жөнінде жазды. Қазір коммуникация саласындағы ғылыми-техникалық жетістіктер ақпаратты жер шарының кез келген нүктесінен дүниежүзінің барлық елдеріне сол мезетте жеткізуге мүмкіндік беріп отыр. Шетелдік Еуропада, Жапонияда, Америкада, Австралияда көшедегі автомат-телефоннан әрбір континентпен байланысуға болады.

Ғылымды көп қажет ету - ғылыми-зерттеулер мен жетілдірілулерге жұмсалатын шығындардың белгілі бір өнімді өндіруге жұмсалатын жалпы шығындағы үлесі (деңгейі).

14.4.3. ҒТР – дүниежүзілік шаруашылықтың даму негізі

Дүниежүзілік шаруашылықтың қалыптасуы іс жүзінде адамзаттың бүкіл тарихын қамтиды.

Ұлы жағрапиялық ашылулардың нәтижесінде халықаралық сауда Еуропа мен Азиядан соң, жер шарының басқа да аймақтарын қамтиды. Олардың арасындағы өнім айырбасы дүниежүзілік рыноктың құрылуына әкеліп соқты. Бұл рыноктың мұнан әрі кеңеюі көліктің дамуына мүмкіндік туғызды. Теңіз көлігі барлық материктерді бір-бірімен байланыстырды. XIX ғасырдың екінші жартысында темір жолдардың ұзындығы тез өсіп, олар континенттердің ішкі бөліктерін байланыстырды, Генрих Гейнениң бейнелеп айтқанындай, "кеңістікті өлтірді".

Алайда дүниежүзілік шаруашылықтың қалыптасуында басты орын XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында Батыс Еуропаның бірқатар елдері мен АҚШ-та, оларда өткен өнеркәсіп төңкерістерінен кейін туған ірі машина индустриясына тиді. Демек, дүниежүзілік шаруашылық XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында ірі машина индустриясының, көліктің және дүниежүзілік рыноктың дамуы нәтижесінде құрылды.

Дүниежүзілік шаруашылық дегеніміз – бұл бүкіл дүниежүзілік экономикалық қарым-қатынастармен өзара

тығыз байланысқан бүкіл дүние жүзі елдерінің ұлттық шаруашылықтарының тарихи қалыптасқан жиынтығы.

14.4.4. Капитал – дүниежүзілік шаруашылықтың жағрапиялық моделі

Бұл модель біртіндеп күрделене түсуде. XIX ғасырдың аяғына дейін барлық көрсеткіштері бойынша бір орталық - Еуропа басым болды. И.А.Витвердің бұл кезеңді "еуропацентрлік" деп атауы тегін емес. Одан соң дүниежүзілік екінші орталық құрылып, көп кешікпей басты орталыққа айналды, ол – АҚШ. Дүниежүзілік екі соғыстың арасындағы кезеңде дүниежүзілік маңызы бар жаңа орталықтар пайда болды, олар – КСРО мен Жапония. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Қытай, Үндістан, Оңтүстік Батыс Азияның мұнай өндіретін елдер тобы: Канада, Австралия, Бразилия секілді орталықтар қалыптаса бастады. Соңғы жиырма жылдықта "төрт Азия жолбарысы"- Корея Республикасы, Тайвань, Гонконг және Сингапур бастаған ұлттық-интеграциялық елдер дүниежүзілік аренаға шықты. Осының арқасында Азия-Тынық мұхит аймағының дүниежүзілік шаруашылықтағы ролі бұрынғыдан да өсе түсті. Сөйтіп, қазір дүниежүзілік шаруашылықтың жағрапиялық моделі көп орталықты сипат алып отыр.

Таяу уақытқа дейін дүниежүзілік шаруашылық ішіндегі өзара қарым-қатынастар, бейнелеп айтқанда, төрт "полюстің" болуына қарай анықталатын капиталистік Батыс пен социалистік "Шығыс", "бай" Солтүстік кен, "кедей" Оңтүстік. Қазір Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы өзгертіп айтқанда, "орталық" пен "шет" арасындағы әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіндегі өсіп келе жатқан алшақтықты негізгі ішкі қайшылық деп есептеу керек.

Мысалы, 90-шы жылдардың басына қарай дүниежүзілік жалпы ішкі өнім мен өнеркәсіп өнімінің 15%-ті ғана және ауыл шаруашылық өнімнің 30%-ті дүниежүзілік шаруашылықтың бүкіл "шет аймағына" келетін. Жан басына есептегенде жалпы ішкі өнім орта есеппен 1 мың долларға жетпейді, ал Батыстың экономикасы дамыған елдерінде 14 мың доллардан асады. Сондықтан дүниежүзілік шаруашылықтың жағрапиялық "моделін" жетілдірудің басты

бағыты, оның "шеткі аймақтарын" жедел дамыту болып табылады.

14.5 Халықаралық жағрапиялық еңбек бөлінісі

Жағрапиялық еңбек бөлінісі туралы ұғымды терең және жан-жақты зерттеген Н.Н.Баранский оны - экономикалық жағрапиялық негізгі ұғымы деп атады.

Жағрапиялық еңбек бөлінісі – адам қоғамы дамуының тауарлы өндіріс пен айырбастың өсуінен туатын сөзсіз нәтижесі. Оның сөзсіздігі жеке территориялардың арасында әрқашан да айырмашылықтар болуына байланысты. Ол айырмашылықтар біріншіден, жағрапиялық жағдайында, екіншіден, табиғат жағдайлары мен байлықтарында, үшіншіден, әлеуметтік-экономикалық жағдайларында, даму деңгейінде, шаруашылық құрылымында, еңбек қорларында, тарихи дәстүрлерінде және т.с.с. Мұндай айырмашылықтар өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өндірісінің көптеген түрлерінің, белгілі бір территорияға бекітілуіне әкел тірейді.

Бұл жекелеген экономикалық аудандарға қатысты, сондай-ақ халықаралық жағрапиялық еңбек бөлінісінің арқасында өзара байланысқан тұтас елдерге де қатысты. Ол ежелгі кезде туған, бірақ, дүниежүзілік шаруашылықтың шығуына байланысты дүние жүзін қамтыды.

Халықаралық жағрапиялық еңбек бөлінісі жеке елдердің өнімінің белгілі бір түрлерін өндіруге, белгілі бір қызмет көрсетуге оларды айырбастауға мамандануынан көрінеді. Халықаралық жағрапиялық еңбек бөлінісі уақыт ішінде өзгереді.

14.5.1. Халықаралық мамандану саласы – жағрапиялық еңбек бөлінісінің нәтижесі

Жеке елдердің, өнімнің белгілі бір түрлерін өндіруге және белгілі бір қызмет көрсетуге мамандануы өндіруші елдің оларды өз қажетінен артық мөлшерде өндіруін қажет етеді. Ол халықаралық мамандану салаларының, яғни көбінесе өнімді экспортқа шығаруға бағытталған және халықаралық жағрапиялық еңбек бөлінісінде елдің "келбетін" бірінші кезекте айқындайтын салалардың қалыптасуынан нақты көрініс табады.

1-мысал. Жапония автомобиль жасау жөнінен дүние жүзінде бірінші орын алады. Бүкіл шығарылатын автомобильдердің шамамен алғанда жартысын ол басқа елдерге экспортқа жібереді. Автомобиль өнеркәсібі оның халықаралық мамандану саласы.

2-мысал. Канада дәнді дақылдарды жинау жөнінен дүние жүзінде бесінші, ал экспортқа шығару жөнінен екінші орын алады. Астық шаруашылығы оның халықаралық мамандану саласы. Өз кезегінде, халықаралық мамандану тауарлар мен қызметтің халықаралық айырбасын қажет етеді. Бұл айырбас халықаралық экономикалық айланыстардың дамуынан, жүк тасқындарының саны мен қуатының артуынан көрінеді, оның үстіне, өндіру орны мен тұтыну орны арасында қашан да үлкен немесе кіші территориялық алшақтық түзіледі.

14.5.2. Халықаралық экономикалық интеграция: аймақтық және салалық топтары

Дүниежүзілік шаруашылық пен жағрапиялық еңбек бөлінісі дүние жүзінің барлық елдерін қамтып болғаннан кейін, соңғы онжылдықтарда енді жан-жағынан гөрі, тереңге қарай өсуде. Олар күрделеніп, жаңа формалар табуда. Халықаралық маманданудың және айырбастың тереңдеуі бірқатар елдердің ұлттық шаруашылығының ерекше етене "кірігіп" кетуіне себепші болады. Сөйтіп, халықаралық жағрапиялық еңбек бөлінісінің жаңа, жоғары сатысы – халықаралық экономикалық интеграция пайда болды. Ол жеке елдер тобының олардың мемлекетаралық келісім саясаты негізінде тым терең және тұрақты өзара байланыстарда дамуының заңды процесі болып табылады.

XX ғасырдың екінші жартысында аймақтық экономикалық интеграция дүниежүзілік шаруашылықтың дамуындағы басым тенденцияға айналды. Ол барған сайын интеграцияланған экономикалық топтардан құралатын болды. Олардың ішіндегі ең маңыздыларына осындай төрт топ жатады.

Еуропада бұл Еуропалық экономикалық-қоғамдастық, оған 325 млн халқы бар 12 ел кіреді. 1957жылы құрылған бұл қоғамдастық біртіндеп дүние жүзіндегі аса ірі ортақ рынокқа айналды. Қоғамдастықтың заң шығарушы органы

– Еуропа парламенті, оның штаб-пәтері Францияның Страсбург қаласында орналасқан. Бұл парламент тікелей сөйлеу жолымен Еуропалық экономикалық қоғамдастыққа кіретін барлық елдерде сайланады. Қоғамдастықтың өз туы, әнұраны, бірыңғай төлқұжаты, бірыңғай ақша бірлігі (ЭКЮ), соты, банкі бар. Ал, 1993жылдың басында мемлекеттік ішкі шекараларды жоюдың нәтижесінде қоғамдастық тауарлары, капиталдары мен көрсететін қызметі, технологиясы мен жұмыс күші еркін өте бірыңғай экономикалық кеңістік болып өзгертіледі.

Солтүстік Америкада бұл 80-ші жылдардың аяғында құрылған еркін сауда аймағы. Ол алғашында АҚШ-ты, Канаданы біріктірсе, кейін халқының жалпы саны шамамен 360млн адам болатын Мексиканы, сондай-ақ 11 елді ұамтитын Латын Америкасы интеграция ассоциациясы. Азия-Тынық мұхит аймағында бұл Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің ассоциациясы (АСЕАН), оған 6 ел кіреді.

1949жылдан 1991жылға дейін аса ірі аймақтық интеграциялық топтардың бірі — экономикалық өзара көмек кеңесі жұмыс істеді. Ол мынадай он елді біріктірді: Кеңес Одағы, Польша, ГДР, Чехославакия, Венгрия, Румыния, Болгария, Вьетнам, МХР және Куба. Өзі өмір сүрген жылдар ішінде бұл Кеңес көп жұмыс атқарды. Бірақ оған социалистік интеграция жоспарларын толық дәрежеде жүзеге асырудың, қатысушы елдердің шын мәнінде біртұтас рыногын қалыптастырудың сәті түспеді. Экономикалық өзара Көмек кеңесінің ыдырауына экономикалық себептермен қатар, саяси себептер де түрткі болды.

Дүниежүзілік шаруашылық жүйесінде аймақтық экономикалық топтардың басқа салалық экономикалық топтары да бар. Олардың ішіндегі ең маңыздысы — мұнайды сыртқа шығаратын елдер ұйымы (ОПЕК), ол 13 елді біріктіреді.

14.5.3. Ғылыми-техникалық революцияның әлем шаруашылығына әсері

ҒТР-ның өсу қарқыны мен даму деңгейіне ықпалы, ол үшінші өнеркәсіп революциясының басталуы және бүгін ол - әлем елдеріндегі басты қозғалыс. XX ғасырда дүниежүзілік шаруашылықтың өсу қарқыны жоғары болды да, тікелей

осы жағдаймен байланысты ғасырдың алғашқы 3/4-інде дүние жүзінің экономикалық қуаты шамамен 10 есе артты. Бұл 70-ші жылдардың ортасына қарай оның 9/10-ны біздің ғасырымыздың жетістіктеріне және 1/10-ны ғана адамзаттың бүкіл одан бұрынғы тарихындағы жұмысының нәтижелеріне байланысты болды деген сөз. ҒТР дүниежүзілік экономикалық өсу қарқынын одан әрі жеделдетті.

Батыс экономикасының дамыған елдері ҒТР-дың жетістіктерін барынша мол пайдалана білді. Оны ғылыми-техникалық прогрестің басты жеделдетушісіне "локомативіне" айналдырды. Бұл елдер бүкіл өндірісті ең жаңа техника мен технология, энергия мен шикізатты үнемдеу арнасына көшіре бастады. Бұлайша көшіруді көбіне реиндустрияландыру немесе "үшінші өнеркәсіп революциясы" деп атауда.

Мұндай реиндустрияландыру көптеген кәсіпорындарының және тіпті тұтас саланың меншік иесі, сондай-ақ басты тапсырыс иесі және еңбектің нәтижесін тұтынушы (ғылым, әскери өндіріс) болып табылатын мемлекеттің белсенді көмегімен өтеді. Мемлекет күрделі қаржы бөлуді, мамандар даярлауды, өзінің дамуының, оның ішінде аймақтық дамуының әр түрлі бағдарламаларының көмегімен экономиканы реттеуді жүзеге асырады.

Реиндустрияландыру процесінде монополиялар орасан зор роль атқарады, қазір олардың көпшілігі халықаралық монополияларға айналды. Мұндай монополиялардың басты формасы - ұлтаралық корпорация. Ұлтаралық корпорациялардың жалпы саны мыңдап және тіпті он мыңдап саналады, бірақ "шешуші сөзді" 400-500 мультимиллиардер-корпорациялар айтады. Дүниежүзілік шаруашылық осылайша біртіндеп ұлтаралық шаруашылыққа айнала бастайды. Алайда Батыс елдерінде ұлтаралық корпорациялармен қатар, миллиондаған ұсақ корпорациялар да бар.

Батыстың экономикасы дамыған елдері осы заманғы техника мен технологияға, ғылым мен өндірістің түбегейлі өзара жаңа байланыстарына сүйене отырып, өз халқының көпшілігінің айтарлықтай жоғары деңгейін қамтамасыз ете алды. Дегенмен, бұл елдер де кейде өндірістің құлдырауынан және тіпті дағдарыстарынан, жұмыссыздықтан, инфляциядан және басқа әлеуметтік қиыншылықтардан арыла алмады. 1991жылға дейін Экономикалық Өзара Көмек

Кеңесіне кірген елдерді "үшінші өнеркәсіп революциясы" аса күшті шарпыған жоқ. Оларда ФТР-ды социализмнің артықшылықтарымен байланыстыру жөнінде ұран жариялағанымен, ол шындығында жүзеге аспады. Экономиканы басқарудың әміршіл-әкімшіл әдістерінің салдарынан бұл елдер ұзақ жылдар бойы едәуір дәрежеде экстенсивті жолмен дамып, ең алдымен өндіріске қосымша еңбек және материалдық қорларды тартуға бағдарланды.

Индустрияландыру жолына түскен дамушы елдерде өнеркәсіп қазір екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгіден екі-үш есе тезірек дамуда және тіпті Батыс елдеріндегіден де тез дамып келеді. Осыған орай, өндірістің деңгейі (көлемі) де артты. Соған қарамастан, әлі нашар дамыған ондаған елдер бар, олардың көбі индустрияға дейінгі сатыдан мүлде көтерілмеген.

Азия, Африка және Латын Америкасы елдерінде, бұған қоса, патриархалдық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың, діни көзқарастардың да ықпалы болатынын ескеру керек. Бұл факторлар көп ретте адамдардың еңбек, қор жинау, уақыт секілді категорияларға қатынасын да айқындайды. Екінші жағынан, көптеген елдердің билеуші топтары "өзгелерден кем көрінбеуге" тырысып, беделді қалалар, әсем сарайлар және т.с.с салу үшін орасан көп қаржы жұмсайды.

14.5.4. Капитал, ФТР-ның дүниежүзілік шаруашылыққа ықпалы

XVIII-XIX ғасырлардағы өнеркәсіп төңкерісіне дейін дүниежүзілік шаруашылықта аграрлық құрылым жеке-дара дерлік үстемдік етті. Бұл жағдайда ауыл шаруашылығы және онымен шектес салалар материалдық игіліктер өндірудің негізгі көзі болды. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысында экономикасы дамыған елдерде шаруашылықтың индустриялық құрылымы қалыптасты, онда жетекші орынды өнеркәсіп атқарды. Оның ықпалымен түбегейлі жаңа құрылым қалыптаса бастады, оны әдетте кейінгі индустриялық немесе ақпараттық құрылым деп атайды.

Кейінгі индустриялық құрылымға ең алдымен өндірістік және өндірістік емес салалар арасындағы корпорацияның өндірістік емес салаға қарай өзгеруі тән.

Мұнда өнеркәсіптің сыбағалы салмағының артуы оның үлесінің, одан соң шаруашылықтың индустриялық секторында және тұтас алғанда материалдық өндірісте, еңбек ететіндердің абсолюттік санының кеміп бара жатқан деңгейінен аса алмайды. Осымен бір мезгілде қызмет көрсету, ғылым, білім беру, мәдениет саласы өсіп отырады.

Мысалы, өндірістік емес салада еңбек ететіндердің саны, өндірістік салада еңбек ететіндерден асып түскен тұңғыш ел АҚШ болды, бұл 1995жылы жүзеге асты. Өндірістік емес салада еңбек ететіндердің үлесі жөнінен (2/3) АҚШ қазір де дүниежүзілік біріншілікте сақтап отыр.

Қазір интеллектуалдық салада еңбек ететін адамдардың саны барған сайын артып келеді. Бұл орта мектеп, жоғары білім беру жүйесі, білімді насихаттау, баспа қызметі, радио, теледидар. Адамның дене және шығармашылық қабілеттерін қалпына келтіру (денсаулық сақтау, денешынықтыру, спорт, демалыс, туризм, ойын-сауық) өндірігіш күшгерді және адамның өзін дамытудың маңызды факторына айналды. Ұзақ мерзім пайдаланатын тұтыну тауарларына (автомобиль, теледидар, ЭЕМ) сұранымның айтарлықтай артуы қызмет көрсету саласын ұлғайтуға мәжбүр етті. Банкердің, қамсыздандыру компанияларының, мейманхана және туристік фирмалардың қызметін пайдаланатын адамдардың саны да барған сайын көбейіп келеді. Тұтынушылар сұранымын зерттеу (маркетинг) іскерлік қызмет көрсетудің маңызды түріне айналды.

14.5.5. ФТР-ның және инвестицияның материалдық өндіріс өрлеуіне әсері

ФТР материалдық өндіріс саласында да зор ілгерілеушіліктер туғызды, бүкілдүниежүзінде бұл салада 1,5 млрд адам еңбек етеді. Мұндай ілгерілеушіліктер ең алдымен өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы арасындағы арақатынастың өнеркәсіптің пайдасына қарай өзгеруінен байқалады. Мұны былайша түсіндіруге болады: шаруашылықтың барлық басқа салаларындағы еңбек өнімділігінің өсуі, халықты ұзақ мерзім пайдаланатын тауарлармен және азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету ең алдымен өнеркәсіптің дамуына байланысты. Бірақ мұны сонымен бірге ауыл шаруашылығының интенсивтілігі артуымен де

түсіндіруге болады, өйткені ауыл шаруашылығы аграрлық-өнеркәсіптік интеграцияның арқасында, барған сайын индустриялық сипатқа ие болып, өнеркәсіп өндірісінің ерекше түріне айналууда. ФТР сонымен қатар материалдық өндірістің жекелеген ірі бөліктерінің құрамында үлкен өзгерістерге жеткізеді.

Өнеркәсіптің салалық құрылымында өңдеуші салалардың үлесі бұрынғыдан да өсті. Мұндай салалар қазіргі уақытта бүкіл өнім құнының шамамен 9/10 бөлігін беруде. Бұл топтың құрамында "авангард үштіктің" – машина жасаудың, химия өнеркәсібінің, электр энергетикасының салалары ерекше байқалады, ғылыми-техникалық прогресс бәрінен бұрын осы салаларға тәуелді. Өндіруші өнеркәсіптің үлесін 1/10 бөліктен сәл артық шамаға дейін төмендетуді өндірістің энергия мен материалды қажет етуін ұдайы кемітумен, сондай-ақ табиғи шикізатты синтетикалық шикізатпен ауыстырумен түсіндіруге болады.

Өнеркәсіптің жеке салаларының құрамында да күрделі процестер өтеді. Кейбір салалар мүлде жоқ болды (мысалы, паровоз жасау), екіншілері – олар әлдеқайда көп, қайтадан пайда болып, құрылымды ұдайы өзгеріске ұшыратады. БҰҰ-ның жіктеуі бойынша, осы заманғы өнеркәсіп 300-ден астам салалар мен сала тармақтарын қамтиды. Басқа жағынан алғанда, ФТР дәуірі үшін әр түрлі салаларды біріктіру және салааралық кешендерді (отын-энергетика, машина жасау, аграрлық-өнеркәсіптік және басқа) құру тән.

Ауыл шаруашылығының салалық құрылымындағы өзгерістер баяу өтеді. Соған қарамастан, интенсивтендірудің өсуіне орай, әдетте, мал шаруашылығының үлесі артады. Мал шаруашылығы көптеген экономикасы дамыған елдерде осы сала өндіретін жалпы өнімнің үлесін береді. Ал, өсімдік шаруашылығында техникалық және молазықтық дақылдардың, көкөністер мен жемістердің ролі артады.

ФТР көліктің жекелеген түрлері арасындағы "еңбек бөлінісіне" көптеген өзгерістер енгізді. Жалпы алғанда, темір жол көлігінің ролі кеміді. Ол жаппай өнеркәсіп және ауыл шаруашылық жүктерін тасымалдауда, сондай-ақ жолаушыларды орташа қашықтыққа жеткізуде, қала ішіндегі, әсіресе аса ірі қалалар мен агломерациялардағы тасымалда өзінің маңызын сақтауда. Қала ішіндегі және қала маңындағы жолаушылар тасымалында автомобиль көлігі

жетекші орын алады. Пайдалануға ыңғайлылығының, "есіктен есікке" жеткізуінің арқасында, қалааралық және халықаралық тасымалда автомобиль көлігінің де ролі артып келеді. Халықаралық сауданың басым бөлігін теңіз көлігі қамтамасыз етеді, бірақ ол туристерді есептемегенде, жолаушылар тасымалына іс жүзінде қатыспайды деуге болады. Жолаушыларды алысқа және орташа қашықтыққа тасымалдауда әуе көлігі маңызды орын алады.

14.5.6. Капитал, ФТР-ның әлем шаруашылығына және аймақтық дамытуға әсері

Бұрын игерілген аудандар ХІХ ғасыр аяғында және ХХ ғасырдың басында, кейде одан да ертерек қалыптасқан. ФТР дәуірінде олардың қайтадан құрылуына өте көптеген қаржы жұмсалуда. Сонымен бірге, ФТР-дың әсерімен бірқатар аудандарда жаңадан өнеркәсіп, қала, жол-көлік құрылысы салынуда, ауыл шаруашылық жерлері игерілуде.

Жаңадан игерілген аудандар осылайша пайда болады, мұның әсіресе табиғи байлықтары мол территорияларға қатысы ерекше.

ФТР дәуірінде жаңа техника мен технология өндірісті орналастыруға және оның территориялық құрылымына барған сайын күшті ықпал етеді. Темірді тікелей қалпына келтіру және болатты үздіксіз құю әдістерін қолдану өнеркәсіп орындарының жаңа түрі – жылына 100-150 мың тонна болат прокатын шығара алатын кіші зауыттарды өмірге келтірді. Олар әдетте прокатты тұтынатын аудандарға бағдарланады. "Адамсыз" жұмыс істейтін автомат-кәсіпорындарды құру, ең алдымен, еңбек қоры жеткіліксіз аудандарға есептелуге тиіс болар. Өндіріс пен халықты орналастырудың кейбір факторлары көпшілікке белгілі.

Территория факторы. Территория - қоғамның жағрапиялық ортасының маңызды элементтерінің бірі. Әдетте, оның көлемі үлкен болса, табиғат байлықтары да соғұрлым бай және алуан түрлі, халық пен өндірісті орналастыру үшін түрлі нұсқалар да соғұрлым көп болады. Кейде территорияның пішіні, оның тұтастық дәрежесі де шаруашылықтың территориялық құрылымына айтарлықтай әсер етеді.

Экономикалық-жағрапиялық жағдай факторы. Экономикалық-жағрапиялық жағдай (ЭГЖ) ұғымын барынша толық дәлелдеген Н.Н.Баранский болды. Ол ЭГЖ-ның елдерге, аудандарға, қалаларға пайдалануға болатын басты төрт түрін бөліп көрсетті:

1. Орталық жағдай;
2. түкпірдегі (шеткі) жағдай;
3. көршілік жағдай;
4. теңіз маңы жағдай.

Түкпірдегі (шеткі) жағдай, керісінше, экономикалық дамуды баяулатуы мүмкін. Көршілік жағдайдың ықпалы көбінесе мемлекеттер арасындағы қатынастарға байланысты.

Н.Н.Баранский ел өзінің ЭГЖ-ын түзетіп, жақсарта алады деп жазды. Ол мысал ретінде, Панама каналының салынуын және АҚШ-та континентаралық теміржолдың жүргізілуін келтіреді.

Табиғи байлықтар факторы. Индустрияландырудың өте ертеректегі кезеңінде табиғат байлықтары жағрапиясы, ең алдымен пайдалы қазбалар жағрапиясы көп ретте ауыр өнеркәсіптің орналасуын анықтап беретін, бұл өнеркәсіп әсіресе тас көмір мен темір кені алаптарына таяу орналасады. ГТР дәуірінде мұндай бейімделу айтарлықтай бәсеңдеді. Бұл ең алдымен ғылымды көп қажет ететін ең жаңа салаларға қатысты.

Бірақ өндіруші өнеркәсіп салаларын орналастыру үшін, табиғи байлықтар факторы басты, фактор күйінде қалып келеді. Көптеген ескі алаптар мен кен орындарының, ең алдымен, атап айтқанда, өндіруші өнеркәсіптің жаңадан игерілетін, көбінесе баруы қиын және ең аз қоныстанған, табиғат жағдайлары өте қатаң аудандарға қарай жылжи түсуі байқалады.

Солтүстікті және теңіз айдындарын игеру үшін арнаулы техника жасалады. Алайда, бұл аудандардағы табиғат байлықтарын игеру және пайдалану өте көп күрделі қаржы жұмсауды қажет ететінін және айналадағы ортаны ластау қаупін тудыратынын есте сақтау қажет.

Көлік факторы. ГТР дәуіріне дейін бұл фактор өндірістің орналасуын шешуге жете қабыл ықпалын тигізіп келді. Қатынас жолдары мен көлік құралдарын жетілдіру, көлік шығындарын айтарлықтай азайтуға себеп болды. Сөйтіп, "көлік революциясы" мамандандырылған ірі

кәсіпорындардың өнімін көптеген мыңдаған километрлік радиуста өткізуге, халықтың көшіп-қонуын жеңілдетуге, өндірісті теңізге қарай жылжытуға, табиғат байлықтарын екінші жерге алып баруға, жаңадан игерілген аудандардың қалыптасуына және ең ақырында өнімді өндіретін және тұтынатын аудандар арасындағы территориялық алшақтықты жеңуге мүмкіндік туғызды.

Еңбек қоры факторы. Бұл фактор өндірістің орналасуына және шаруашылықтың территориялық құрылымына әрдайым ықпал жасап келді және жасай береді де.

ГТР дәуірінде еңбек қоры факторының ықпалы екі жақты көрінеді. Бірінші жағдайда, өнеркәсіпке, өндірістік емес салаға басқа елдерден қосымша жұмыс күші тартылады. Екінші жағдайда, өндірісті арзан еңбек қорларына қарай жылжыту пайдалырақ болып шығады.

ГТР дәуірінде арзан жұмыс күшіне, соның ішінде ең жаңа толассыз өндірісі бар салаларда кеңінен қолданыла бастаған әйелдердің жұмыс күшіне арналған бағдар сақталады. Дегенмен, жоғары білікті еңбек мамандарына, жұмыс күшінің "сапасына" бағдардың мәні мұнан гөрі артты.

Территориялық шоғырлану факторы. Кәсіпорындар мөлшерінің артуынан байқалатын өндірістік шоғырлану, үлкен экономикалық нәтиже береді. Шаруашылықтың және халықтың ірі өнеркәсіп орталықтарына, тораптары мен аудандарына, жол тораптарына, қала агломерациясына территориялық шоғырлануы да өндірістік шоғырланумен тығыз байланысты. Астаналық қалаларда, көмір алаптары және т.б айналасында ертеден қалыптасып үлгірген ескі өнеркәсіп аудандарының айрықша зор мәнісі бар. Бүкілдүниежүзілік өнеркәсіп өндірісінің 3/4-ті осылардың үлесіне тиеді.

Алайда халық пен шаруашылықтың ескі өнеркәсіп аудандарына шамадан тыс шоғырлануының бірқатар теріс зардаптары, әсіресе айналадағы ортаның тазалығы үшін зияны бар. Сондықтан ГТР дәуіріне шағын және орташа кәсіпорындарды, шағын-зауыттарды, шағын- СЭС-терді және т.с.с салу жолымен өндірісті территорияға шашыратып орналастыру процесі тән. Қазіргі заман ұрандарының бірі: "Шағын дегенше – тамаша де!". Оның дұрыстығын алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесі дәлелдеп те берді.

Ғылымды көп қажет ету факторы. ҒТР дәуірінде ғылыми-техникалық база өндірісті орналастырудың барған сайын неғұрлым маңызды факторына айналууда. Бұл ең алдымен ірі ғылыми орталықтарға – ірі қалалар мен қала агломерацияларына қарай бағдарланатын ғылымды көп қажет ететін ең жаңа салаларға қатысты. Маманданған "ғылым қалалары" да пайда болуда. Кейбір елдерге ғылыми зерттеулердің территориялық күшті шоғырлануы, басқаларына керісінше, олардың шашырап орналасуы тән.

Экологиялық фактор. Бұрыннан келе жатқан бұл фактор ҒТР заманында ерекше маңызға ие болуда. Территориялық, судың жетімсіздігі өнеркәсіптің сарқынды және қолдың суын тазалауға жұмсалатын шығынның өсуі, неғұрлым индустрияландырылған және урбандалған аудандарда айналадағы ортаның жай-күйінің жалпы нашарлауы оларда өндіріс пен халықтың мұнан әрі шоғырлануын шектеудің маңызды себептері болды. Кейбір жағдайларда "лас" өндірістің бір бөлігі аудандарға көшіріледі немесе мүлде ыдыратылады.

14.5.7. Дамыған елдердегі шаруашылықтың территориялық құрылымы және аймақтық саясат

Экономикасы дамыған елдерде ұзақ уақыт бойы шаруашылықтың жоғары кемелділігімен көзге түсетін территориялық құрылымы қалыптасты. Бұл олардың территориясында бүкіл территориялық құрылымның қаңқасын құрайтын өнеркәсіптік магистральдарының, интенсивті ауыл шаруашылық аудандарының, рекреация мен туризмнің, технологиялық парктердің көптігін көрсетеді. Бұл елдерде негізгі үш түрге жататын экономикалық аудандар жүйесі қалыптасты.

Біріншіден, бұлар серпінді дамып келе жатқан жоғары дамыған аудандар. Оларда өнеркәсіптің ғылымды көп қажет ететін салаларын, ғылымды және ғылыми қызмет көрсетуді, өндірістік емес саланы өздеріне тарту үшін барынша қолайлы жағдайлар бар. Мұндай аудандарда аса ірі фирмалардың штаб-пәтерлері орналасқан, оларда маңызды шешімдер қабылданады.

Екіншіден, бұлар тоқырауға ұшыраған аудандар, оларға әдетте ҒТР-дың ықпалы аз әрі тоқырау кезеңінде

тұрған ауыр өнеркәсіп салалары басым ескі өнеркәсіпті аудандарды жатқызады.

Үшіншіден, бұлар артта қалған аграрлық аудандар, оларға кейінгі индустриялық дамуды айтпағанда, индустрияландырудың өзі болмашы ғана әсер еткен.

Шаруашылықтың қалыптасқан территориялық құрылымын жақсарту үшін, Батыстың экономикасы дамыған елдерінің көпшілігі мемлекеттік аймақтық саясат жүргізеді. Аймақтық саясат дегеніміз- өндіргіш күштерді барынша ұтымды орналастыруға және адамдардың тіршілік деңгейін теңестіруге жәрдемдесетін заң шығарушы, әкімшілік және табиғат қорғау шараларының жиынтығы болып табылады. Бұл саясат, ең алдымен бір жағынан алғанда, жоғары дамыған аудандар арасындағы және екінші жағынан алғанда, артта қалған және тоқырауға ұшыраған аудандар арасындағы аймақтық сәйкессіздікті бәсеңдетуге бағытталған. Артта қалған аудандарда өзінше бір "өсу полюстерінің" қызмет атқаратын ірі өнеркәсіп орындары салынууда. Тоқырауға ұшыраған аудандарда ғылымды көп қажет ететін осы заманғы өндірістерді, ірі фирмалардың филиалдарын құру әрекеттері жасалуда.

Аймақтық саясат сонымен қатар, қалалар мен қала агломерацияларының өсуін шектеуді және "жеңілдетуді" көздейді, мұның ең алдымен 60-70 жылдары орталық аудандары "ауролары" құлдырап, экологиялық проблемалары күрт шиеленіскен астаналық қалаларға қатысы бар. Бұдан соң ол жаңа, негізінен алғанда шеткі аудандарды игеруге септігін тигізеді. Алайда, тұтас алғанда, аймақтық саясат оған артқан үмітті толығымен ақтай алмады. Жоғары дамыған және артта қалған аудандардың арасындағы орасан зор айырмашылықтар әлі де сақталып отыр.

14.5.8 Дамушы елдердегі шаруашылықтың территориялық құрылымы және аймақтық саясат

Азия, Африка және Латын Америкасы елдеріндегі шаруашылықтың территориялық құрылымының көптеген негізгі белгілері, бұл елдер отарлық немесе жартылай отарлық тәуелділікте болған кезеңде-ақ қалыптасқан. Олардың көпшілігінде қазір де территориялық құрылымның отарлық түрі сақталуда. Оларда "кемелділік" деңгейі

әлдеқайда төмен, яғни өнеркәсіпті және ауыл шаруашылық аудандар, жол магистральдары аз, жекелеген бөліктері бір-бірінен шалғай, былайша айтқанда, территориялық шоғырлану пайдаланылады. Солай бола тұрса да, бұл елдердің көпшілігінде өндіріс пен халықтың территориялық шоғырлануы экономикасы дамыған елдердегіге қарағанда, әлдеқайда жоғары.

Дамушы елдердің астаналары әдетте басты орталықтың, бүкіл территория "фокусының" қызметін атқаратынын, кейде тіпті шамадан тыс дамып, басқа қалалардың өсуін тежейтінін географ-ғалымдардың зерттеулері көрсетті. Теңіз маңындағы елдердің астаналары әдетте басты теңіз қақпалары болып та табылады.

Сыртқа шығаруға (экспорт) маманданған аудандар да территорияның көмекші орталықтарының "фокустарының" ролін атқара алады. Бұлар тау-кен өнеркәсібінің аудандары немесе плантациялық ауыл шаруашылығының аудандары болуы мүмкін. Олардың айналадағы территориямен байланысы шамалы және өздерінің өнімдерін астаналық немесе басқа да мамандандырылған порт арқылы дүниежүзілік рынокқа шығарады.

Дәстүрлі тұтынушы ауыл шаруашылығы басым кең-байтақ ішкі территориялар шеткі аудандардың ролін атқарады. Бұлар артық халықты астанаға және ірі портты қалаларға, плантациялар мен кеніштерге "итеріп шығаратын" басты аудандар. Шаруашылық территориялық құрылымының ескі отарлық түрін өзгерту үшін көптеген дамушы елдер мемлекеттік аймақтық саясат жүргізеді. Бұл саясаттың негізгі мақсаттары — елдің жеке бөліктерінің бытырыңқылығын жою, орталық пен шеткі аймақтар арасында орын алған сәйкессіздікті жою, қалалардың ұлттық жүйесін қалыптастыру және урбандалу процесін басқару, байлықтары бар ішкі аудандарды игеру.

Астаналарды теңіз маңындағы қалалардан ішкі аудандарға көшіру де ішкі территорияларды игеруге жәрдемдесуі тиіс. Мұндай әрекеттер Бразилияда, Аргентинада, Нигерияда, Танзанияда жасалды. Алайда жұмсалған күш-жігерге қарамастан, дамушы елдердің көпшілігіндегі өте зор территориялық сәйкессіздіктер әлі де сақталып отыр. ГТР қазіргі өндірістің барлық жағына, бүкіл қоғамдық қатынастар жүйесіне, өзіне оның өмір сүретін

ортасына күшті ықпал жасайды. Дүниежүзілік шаруашылық біртұтас организмге айналды, бірде-бір мемлекет, қандай қоғамдық жүйеге жатқанына және қандай экономикалық деңгейде тұрғанына қарамастан, одан тыс жағдайда қалыпты дами алмайды.

14.6. Капитал және инвестиция процесі әлем шаруашылығында

Капитал (нем. Kapital, ағылш. capital, лат "capitalis" - басты, басты мүлік) кең мағынада әлемдік тұрғыдан алғанда ең басты табыс - әлем алатын дүние-дәулет мүліктің бәрі немесе адам тіршілік әрекеті барысында тауарлар, өнімдер т.б өндіру қызметтер көрсету үшін пайдаланып жұмсалатын ресурстар, инвестициялық қаражат, табыстың жұмыс істеп тұрған қайнар көзі. Ол іске, өндіріске қажетті өндіріс құрал-жабдығы, ақшалай қаражат интеллектуалдық меншік түрінде жұмсалады. Осындай ел ішінде пайдаланып және шетке шығарылатын капитал түрлері мыналар:

1. Тұрақты капитал - өндіріс құрал-жабдығын сатып алуға арналған ақшалай қаражат.

2. Өзгермелі немесе ауыспалы капитал — жұмыс күшін жасақтауға арналған қаражат.

3. Негізгі капитал өндіріске ұзақ уақыт, бір жылдан астам уақыт қатысатын күрделі құрал-жабдықтың бір бөлігі.

4. Айналым капитал — бір өндірістік кезең бойынша 1-жылдан кем уақыт бойына жұмсалатын қаражат.

5. Жоғары капитал - құрылтайшы құрылатын субъектінің жарғылық қорына бастапқы капитал ретінде салған мүлік, құқық, ақша т.б.

6. Акционерлік капитал акционерлердің акцияларды сатып алу есебінде қоғамға беілрген, біріктірілген, жеке капиталдарының жиынтығы.

7. Меншікті капитал — субъектінің міндеттемелерді шегеріп тастағандағы активтері. Сондай-ақ венчурлық, резервтік, кепілдікті капитал түрлеріне де бөлінеді.

Қазіргі уақытта жекелеген елдер арасындағы капитал қозғалысы кеңінен дамып отыр. Бұл елдердің әрқайсысы капиталды шетке шығаруда, капиталды әкелуші де болады, яғни капиталдардың елдер арасындағы ауысуы жүзеге асады. Бұл жағдайда шетке капитал шығару, өз елінде капитал қорлары жетіспеген кезде де жүзеге асырылады, ал, шетел

капиталының келуі бәсекелік қабілеті төмен ұлттық капиталды ығыстырады. Шетке капитал шығарушы немесе шеттен капитал әкелуші елдердің ара-жігін айыру өте қиын. Капитал негізінен кәсіпкерлік және қарыз формасында шетке шығарылады. Тікелей инвестиция өз өндірісін құру үшін немесе жергілікті компаниялар акцияларының бақылау пакетін сатып алу мақсатында капитал жұмсау арқылы жүзеге асады. Қарыз капиталы қарыз өсімін әкелетін заемдер, несиелер түрінде шығарылады. Қазіргі уақытта әр түрлі салаларды қаржыландыратын шетел инвестицияларының жедел даму тенденциясы байқалып отыр. 1993жылы дүние жүзіндегі қаржы капиталының көлемі орасан зор мөлшерге — 3 трлн долларға жетті. Бұл ақшалар дүниежүзілік қаржы нарығының негізін құрайды.

Кәсіпкерлік капиталдар экспорт негізінде басқа елдерде өздерінің өндірістік филиалдарын құру арқылы жоғары дамыған елдердің концерндері өз тауарларын сыртқа шығаруға көп мүмкіндік алды, кедендік кедергілерді жойып, арзан жұмыс күшін шетел рыноктарында пайдаланды. 60-шы жылдардың ортасынан бастап ФРГ, Жапония сияқты елдердің капитал қорлары өсті. Тікелей инвестицияның орташа жылдық өсімінің қарқыны, АҚШ-пен салыстырғанда екі еседен артық болды. Капиталдар ауысуы өрісінде бәсеке күрт күшейді. Егер ХХ ғасырдың бірінші жартысында монополиялардың экономикалық, экспансиялық жасау объектісі негізінен отар және тәуелді елдер болса, қазір тікелей инвестицияның 70-75% өнеркәсібі дамыған елдердің үлкен қаржылық қорлары, көлемді ішкі рыноктары бар. Дамыған елдер арасындағы капитал қозғалысы олардың арасындағы шаруашылық қатынастарын тереңдетіп, ұлтаралық сипатын жоғарылатады. Өнеркәсібі дамыған елдер арасындағы капиталдың ауысуы бірнеше дәрежеде жүреді. Қазіргі заманғы өнеркәсібі бар негізгі орталықтар АҚШ, Батыс Еуропа, Жапония елдері. Олардың капиталды шетке шығаруда әр түрлі әдістерді қолданады. Мысалы, өздерінің капиталдарын апарған елдерде аса ірі реинвестицияларды жүзеге асыру мен заемдер беру әдістерін қолданады. Капитал ауысуы басталған кезден 70-ші жылдардың соңына дейін, инвестиция қозғалысының орталығы Батыс Еуропа елдері болды. Капиталдың шоғырлануы Еуропалық экономикалық қоғамдастыққа

қатысушы елдер қаржыларының өзара ауысуы арқылы, 3-ші елдер капиталының еркін келуі арқылы жүргізілді. 80-ші жылдары АҚШ-тың ұлттық экономикасы шетел капиталының көлем жағынан дүние жүзінде бірінші орын алды. Қазіргі уақытта дамушы және өнеркәсібі дамыған елдер арасындағы капитал қозғалысында елеулі өзгерістер пайда болды. Жас ұлттық мемлекеттерден капитал шығару, бір жағынан олардың экономикасының дамуына мүмкіндік берсе, екінші жағынан, өнеркәсібі дамыған елдер жас ұлттық капиталдың өз елдеріне келуіне кедергі жасайды, сөйтіп, дамушы мемлекеттерде негізінен шикізат өндірісін дамытады. Бірақ, соған қарамастан көптеген дамушы мемлекеттер өз экономикасы үшін дамыған елдер капиталын тиімді пайдаланып отыр. Дамудың жоғары деңгейіне жету үшін жаңа индустриалды елдер алдыңғы қатарлы технология мен тікелей жеке меншік капиталды инвестициялау мүмкіндіктерін пайдаланды. Соңғы он жылдықта өндірісті интернационализациялау, қоғамдастырудың халықаралық түрлерінің көбеюі, капиталдың ұлттық нысандарының дамуына әкеп соқты. Мұның өзі, ендігі уақытта дүниежүзілік шаруашылықтағы басты рольдерді, интернационалдық сипаттағы өнеркәсіптік және банктік монополиялар атқарады деген сөз. Қазіргі кездегі халықаралық монополия дегеніміз — дүниежүзілік шаруашылықтың бір немесе бірнеше сферасында үстемдік жүргізуші концерн немесе бірқатар елдердің концерндері одақтарының жүйесі. Қазіргі уақытта дүниежүзілік рынокта айналымы 1 млрд доллардан асатын, 600 халықаралық алпауыт монополиялар өз қызметтерін атқарады. Олар дүниежүзілік рыноктағы өнеркәсіп өндірісінің 1/3-нен артығын, сыртқы сауданың жартысынан астамын, жаңа технологияның 80% бақылайды.

14.6.1. Жаңа кезеңдегі шет ел инвестициясы әлем экономикасында

Қазіргі уақытта жекелеген елдер арасындағы капитал қозғалысы кеңінен әлем экономикасында дамып отыр. Әлем елдерінің әрқайсысы бір мезгілде капиталды шетке шығарушы да, капиталды әкелуші де болады. Яғни капиталдардың елдер арасындағы ауысуы жүзеге асады және

әлем елдерінде кең пайдаланып, олардың әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуде. Бұл жағдайда шетке капитал шығару өз елінде капитал қорлары жетіспеген кезде де жүзеге асырылады, ал шетел капиталының келуі бәсекелік қабілеті төмен ұлттық капиталды ығыстырады. Шетке капитал шығарушы немесе шеттен капитал әкелуші елдердің ара-жігін айыру өте қиын. Капитал негізінен кәсіпкерлік және қарыз үлгісінде шетке шығарылады, ел аралық алмасу болып келеді. Кәсіпкерлік капитал шет елдерге тікелей инвестиция түрінде шығарылады және инвестициялық процестің барлық бағытында пайдаланылады. Тікелей инвестиция өз өндірісін құру үшін немесе жергілікті компаниялар акцияларының бақылау пакетін сатып алу мақсатында капитал жұмсау арқылы жүзеге асады. Қарыз капиталы қарыз өсімін әкелетін заемдер, несиелер түрінде шығарылады. Қазіргі уақытта әр түрлі салаларды қаржыландырылатын шетел инвестициясының жедел даму тенденциясы байқалып отыр. 1993жылы дүниежүзіндегі қаржы капиталының көлемі орасан зор мөлшерге –3 трлн долларға жетті. Бұл ақшалар дүниежүзілік қаржы рыногының негізін құрайды.

Кәсіпкерлік капиталдар экспорты негізінде басқа елдерде өздерінің өндірістік филиалдарын құру арқылы жоғары дамыған елдердің концерндері өз тауарларын сыртқа шығаруға көп мүмкіндік алды, кедендік кедергілерді жойып, арзан жұмыс күшін шетел рыноктарында пайдаланады. 60-шы жылдардың ортасынан бастап ФРГ, Жапония сияқты елдердің шетелдік капитал қорлары жедел өсті. Тікелей инвестицияның орташа жылдық өсімінің қарқыны, бұл елдерде АҚШ-пен салыстырғанда екі еседен артық болды. Капитал ауысуы өрісінде бәсеке күрт күшейді. Қолайлы инвестициялық ахуал жасау үшін мемлекеттік кепілдіктің мағынасы артты. Егер ХХ ғасырдың бірінші жартысында монополиялардың экономикалық, экспансиялық жасау объектісі негізінен отар және тәуелді елдер болса, қазір тікелей шетелдік инвестицияның 70-75% өнеркәсібі дамыған мемлекеттердің үлесіне тиеді. Бұған қоса өнеркәсібі дамыған елдердің үлкен қаржылық қорлары, көлемді ішкі рыноктары бар. Дамыған елдер арасында капитал қозғалысы олардың арасындағы шаруашылық қатынастарын тереңдетіп, ұлтаралық сипатын жоғарылатады. Өнеркәсібі дамыған

елдер арасындағы капиталдың ауысуы бірнеше дәрежеде жүреді. Қазіргі заманғы өнеркәсібі бар негізгі орталықтар АҚШ, Батыс Еуропа, Жапония елдерінің монополиялары капиталды сыртқа шығаруда әр түрлі әдістерді қолданады. Мысалы, трансферттік бағалар механизмін пайдалану арқылы немесе өздерінің капиталдарын апарған елдерде аса ірі реинвестицияларды жүзеге асыру мен заемдер беру әдістерін қолданады. Капитал ауысуы басталған кезден 70-ші жылдардың соңына дейін инвестиция қозғалысының орталығы Батыс Еуропа елдері болды. Капиталдардың шоғырлануы Еуропалық экономикалық қоғамдастыққа қатысушы елдер қаржыларының өзара ауысуы арқылы, үшінші елдер капиталдарының еркін келуі арқылы (бұрын АҚШ есебінен еді, қазір Жапония есебінен) жүргізілді. 70-ші жылдардың соңында Батыс Еуропа елдеріндегі шетел капиталының бұл елдердің АҚШ-қа капиталды экспорттауды біртіндеп көбейтуі есебінен қысқара бастады. 80-ші жылдары АҚШ-тың ұлттық экономикасы келтірілген шетел капиталы көлемі жағынан дүниежүзінде бірінші орын алды.

14.6.2. Дамыған елдер арасындағы капитал және инвестициялау

Қазіргі уақытта дамушы және өнеркәсібі дамыған елдер арасындағы капитал қозғалысында елеулі өзгерістер пайда болды. Жас ұлттық мемлекеттерден капитал шығару, бір жағынан, олардың экономикасының дамуына мүмкіндік берсе, екінші жағынан, өнеркәсібі дамыған елдер жас ұлттық капиталдың өз елдеріне келуіне кедергі жасайды, сөйтіп, дамушы мемлекеттерде негізінен шикізат өндірісін дамытады. Бірақ соған қарамастан, көптеген дамушы мемлекеттер өз экономикасы 4-4 дамыған елдердің капиталын тиімді пайдаланып отыр. Дамудың жоғары деңгейіне жету үшін жаңа индустриалды елдер алдыңғы қатарды технология мен тікелей жеке меншік капиталды инвестициялау мүмкіндіктерін пайдаланады. Соңғы он жылдықтарда өндірісті лизациялау, қоғамдастырудың халықаралық түрлерінің көбеюі капиталдың трансұлттық, монополиялық нысандарының дамуына әкеп соқты. Мұның өзі ендігі уақытта дүниежүзілік шаруашылықтағы басты

рольдерді интернационалдық сипаттағы өнеркәсіптік және банктік монополиялар атқарады деген сөз. Дүниежүзілік және ұлттық рыноктағы олардың монополиялық ерекшеліктері анықталады. Қазіргі кездегі халықаралық монополия дегеніміз - дүниежүзілік шаруашылықтың бір немесе бірнеше сферасында үстемдік жүргізуші концерн немесе бірқатар елдердің концерндері одақтарының жүйесі. Қазіргі уақытта дүниежүзілік рынокта айналымы 1 млрд доллардан асатын 600 халықаралық алпауыт монополиялар өз қызметтерін атқарады. Олар дүниежүзілік рыноктағы өнеркәсіп өндірісінің 1/3-нен артығы, сыртқы сауданың жартысынан астамын жаңа технологияның 80%-ін бақылайды.

Халықаралық монополиялар үш топқа бөлінеді: Олар трансұлттық, көпұлттық корпорациялар және (практикада) халықаралық монополиялық одақтар. Ғылыми әдебиеттерде оларды көбінесе бірыңғай трансұлттық корпорациялар дейді. Трансұлттық корпорациялар қазіргі кездегі дүниежүзілік шаруашылық байланыстарының негізгі субъектілері болып келеді. ТҰК – көптеген елдерде әрекет етеді, сол елдерде туынды кәсіпорындары филиалдарын, тірек орталықтарын, бөлімшелерін жасайды. Мысалы, "Дженерал моторс", "Экссон", "ИБМ", "Симменс", "Филлипс" және т.б. Екі немесе бірнеше елдерде туынды компаниялары бар корпорациялардың саны 11 мыңнан асады.

Көпұлтты корпорациялар (КҰК) қызмет көрсету түрлері, көлемі жағынан ғана емес, сонымен қатар капиталы және оны бақылау ерекшелігімен айқындалатын халықаралық монополиялар болып келеді. Олардың қатарында екі немесе одан да көп елдердің меншігіне негізделген "Роелдэтч-шел", "Юнилевр", "АРБЕД" және т.б. сол сияқты көпұлттық корпорациялар жатады.

Халықаралық монополиялық одақтар өндірістік, ғылыми-техникалық және коммерциялық негізде құрылып, соған сәйкес өнеркәсіптік, банктік және т.б. концерндер бірлестігі болып табылады. Ортақ меншікке және акционерлік емес бастамаларға негізделген халықаралық монополиялардың басқа да түрлері бар. Мысалы, ғылыми-зерттеу бағдарламаларын, лицензияларын, патенттерін сатуға келісім-шарттар жасайтын халықаралық ұйымдар. Халықаралық монополиялар дамуының ерекшеліктеріне олар-

дың ішкі фирмалық қатынастарының интернационалдау жатады. Кейбір елдердегі сыртқы сауданың бір бөлігі монополиялық бірлестіктердің жекелеген бөлімдері арасында ішкі корпорациялық айырбас сипатын алады. Мұның өзі оларды белгілі бір дәрежеде дүниежүзілік рыноктағы халықаралық қатаң бәсекеден қорғайды және тауар айналымын едәуір көлемге жеткізеді. ТҰК-тар бүкіл-дүниежүзілік сауда құрылымын өзгертеді.

14.6.3. Капитал - өндірістің өрлеу факторы

Өндірістің тұрақты және тиімді дамуындағы келесі бір факторы – капиталы. Капитал көп мағыналы ұғым: ол материалдық игіліктердің қоры, сонымен қатар, материалдық емес элементтерді де қамтиды, атап айтқанда, адамның қабілеті, білімі.

Бірқатар экономистер капиталды тек өндіріс құрал-жабдықтары деп қарайды. Мұндай пікір саяси экономияның классиктерінен тараған. А.Смит капиталды жинақталған еңбек деп, ал, Д.Рикардо капиталды өндіріс құрал-жабдықтары деп тұжырымдаған. Қазіргі экономистердің еңбектерінде де мұндай анықтамалар кездеседі. Мысалы, П.Самуэльсон мен Норхаустың "Экономика" деген еңбегінде, капитал дегеніміз экономикада басқа тауарларды өндіруге арналған, ұзақ мерзімде қолданылатын игіліктер деп түсіндірілген. Бұл игіліктерге сансыз станоктар, жолдар, компьютерлер, жүк машиналары, прокат стандарттары, өндірістік үйлер т.б. жатады.

Кейбір зерттеушілер капитал ұғымын ақшамен байланыстырады. Мысалы, Дж.Робинсон "Қазіргі экономикадағы күрделі қаржы" деген еңбегінде, "Капитал қаржыландыру көзі болмай тұрып, ақша сомасы ретінде танылған", - деп жазды. Маркс капиталдың жалпы формуласын шығарды. Ақша-Тауар-Ақша осыған орай ол капитал мәңгі қозғалыста болады деген қорытындыға келді.

Капиталдың өсуінің көзі капиталистердің ақысыз иемденетін, жалдамалы жұмысшылардың еңбегімен өндірілетін қосымша құн болып табылады. Материалдық өндіріс саласында қызмет ететін капитал - өнеркәсіп капиталы деп аталады. Өнеркәсіп капиталының өндіріс объектілерін, станоктарды, жабдықтарды қамтитын бөлігі

өндіріс процесінде көп жылдар әрекет етеді. Оны негізгі капитал деп атайды. Негізгі капиталдың қызмет етуімен байланысты физикалық және моральдық тозу орын алады.

Физикалық тозу процесі негізгі капитал элементтерінің өндірісте одан әрі пайдалануға жарамайтындығын сипаттайды. Негізгі капиталдың заттық тозуынан басқа, оның құнсыздануы нәтижесінде және арзан, тиімді жабдықтардың пайда болуымен байланысты, олардың моральдық тозуы орын алады. Негізгі капиталдық моральдық тозуы ең әуелі ғылыми-техникалық прогрестің қарқынды дамуымен байланысты. Моральдық жағынан тозған жабдықтар экономикалық тұрғыдан да тиімсіз, өнімсіз, сондай-ақ онымен өндірілген өнімдердің бәсеке қабілеті де төмен болады. Амортизациялық жарна сомасының негізгі капитал құнына пайызбен шаққанда қатынасы амортизация нормасы деп аталады.

Өндірісті кең көлемде жалғастыру үшін, кәсіпкер тапқан пайдасының бір бөлігін өзінің тұтынуына емес, өндірісті қаржыландыруға жұмсауы міндетті. Пайданың бір бөлігін үстеме капитал ретінде пайдалануды капиталдың қорлануы деп атайды. Ол тек жеке капиталдың ғана емес, бүкіл қоғамдық капиталдың өсуін сипаттайды.

Капиталдың өсуінің тағы бір жолы - оның орталықтануы, бұл фирмалардың бірін-бірі қосып алуы немес жойып жіберуі нәтижелерінде мүмкін болады. Капиталдың орталықтануынан экономикада қызмет етуші капиталдың жалпы көлемі өзгермейді. Материалдық игіліктерді өндірумен байланысты кәсіпорын пайдаланатын қандай да болсын капитал өз қозғалысын ақша түрінде бастайды. Ақша капиталы жұмыс күші мен өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алуға жұмсалады (А-Т). Өндіріс процесінде (Ө) сатып алған факторлар өзара әрекет етеді және жаңа өнім өндіреді.

Рынокта осы өнімдерді сатып (Т¹- А¹) кәсіпкер алдын ала жұмсаған капиталын қайтарып алады. Капиталдың біртіндеп алғашқы жұмсалуды, өндірісте пайдаланылуы, өндірілген өнімдерді сату және капиталдың алғашқы нысанаға қайтып оралуы, капиталдың ауыспалы айналымы деп аталады. Өнеркәсіп капиталының бүкіл ауыспалы айналымы мына формуламен сипатталады

$$\begin{array}{c} \text{ЖК} \\ \text{А-Т} < \dots \text{Ө} \dots \text{Т}^1 - \text{А}^1 \\ \text{ҚЖ} \end{array}$$

Капиталдың ауыспалы айналымының бірінші және үшінші сатысы айналыс процесін, ал екіншісі- өндіріс процесін көрсетеді.

14.6.4. Әлем экономикасы және өнеркәсіп капиталы

Өнеркәсіп капиталы ауыспалы айналымның әр сатысында әр қилы нысанда орын алады: ақшалай, өндіргіш және тауарлы. Капиталдың бір айналымы оның алғашқы ақшалай жұмсалған кезінен бастап, кәсіпкерге сол ақша өсімімен қайтып оралғанға дейінгі мерзімді қамтиды. Мұны капитал айналымының уақыты деп атайды. Капитал айналымының жылдамдығы өндіріс тиімділігіне ықпал етеді. Көп мөлшерде пайда табу мақсатымен кәсіпкер капитал айналымын тездетуге мүдделі болады. Капиталдың тағы бір нысаны - қарыз капиталы. Бұл белгілі бір мерзімге процент үстемесін өсіру шартымен берілетін ақша капиталы.

Қарыз капиталының көзі уақытша пайдаланылмаған бос ақша қаражаты, соңғысы болса кәсіпорындар мен фирмалардың уақытша бос қаржыларымен халықтың ақшалай қаражатынан тұрады. Несие арқылы осылардың барлығы қарыз капиталына айналады. Қазіргі экономикада несиенің бірнеше түрі бар: коммерциялық, банкілік, мемлекеттік, мемлекетаралық.

Өндірістік функция

Өндіріс факторларын қарастырып болғаннан кейін, өндірістің өзара әрекет ететін факторлары ретінде өндіріс процесінің өзін талдауға кірісеміз. Өнімдерді өндірумен байланысты проблемалар үш дәрежеге бөлінеді:

1. Кәсіпкерлердің алдында белгілі бір кәсіпорында белгіленген көлемдегі өнімді қалай өндіру керек деген мәселе тұруы мүмкін. Бұл мәселе өндіріс шығындарын қысқа мерзімде азайтумен байланысты.

2. Кәсіпкер белгілі бір кәсіпорында көп мөлшерде пайда әкелетін, өнім өндіретін оптималды (тиімді) өндірістің мәселесін шешуі мүмкін. Бұл пайданы қысқа мерзімде көп мөлшерде алумен байланысты мәселе.

3. Кәсіпкердің алдында кәсіпорынның оптималды (тиімді) шамасын анықтау міндеті тұруы мүмкін. Бұл ұзақ мерзімді көп мөлшерде пайда табу мәселесі.

Өнім өндіру үшін өндірістің барлық факторларының өзара әрекеті қажет, олардың жеке дара өнім өндіруге де, пайда табуға да қабілеті жоқ екендігі даусыз. Нақты өндіріс жағдайында кәсіпкерді әрдайым толғандыратын мәселе - өндіріс процесінде белгіленген өндіріс факторларымен өндірілетін өнімнің саны емес - сапасы. Техника мен еңбек өнімділігінің белгілі бір даму кезеңінде белгіленген өндіріс факторларының қуатымен, өнім өндірудің максималды шамасына жетуі мүмкін. Кәсіпкер үшін шығындарды азайту жеткіліксіз, түсер пайданың көп болғаны аса маңызды. Аз шығындар мен әр қилы өнім көлемін өндіретін болғандықтан мынадай сұрақ туындайды: қандай өнім көлемі барынша көп пайда әкеледі? Кәсіпкер өндіріске қосымша өндіріс факторларын осы факторлар арқылы шектеулі өнім табысын осы фактор бағасына төмендеген шекке әрекет ететін болады. Шектеулі өнімнен түсетін табыс - қосымша ақшалай табыс, ол осы фактор өндірген бүкіл шектеулі өнімді сатудан түседі. Сонымен, кәсіпкер өндіріске қосымша жер немесе еңбек машиналарды, жабдықтарды, шикізатты пайдаланғанда мына ережеге сүйенеді. Қосымша өндіріс факторларын қамту арқылы шектеулі өнімнен түсер табыс осы фактордың рыноктық бағасына тең болады.

Еңбекке байланысты бұл принципті кәсіпкер ұжымдық келісім-шартының жайын ескеру негізінде қолданады. Ол жер және негізгі капиталмен байланысты және жалға берудің ең аз мерзімі белгіленген жағдайға қолданылады.

14.7. Капитал - халықаралық экономикалық қатынаста

Капиталды халықаралық экономикада пайдалану, қазіргі дүниежүзілік шаруашылық пен халықаралық экономикалық қатынастардың маңызды, көлемді және тиімді бағыты. Оның қатарында ең басты да, ең бірінші бағыты ол тауар экспортының көп жылдық монополиясын бұзудағы капиталды пайдалану. Осындай жағдай халықаралық экономикалық қатынастар жүйесінде басым рольге ие болуда. Мұның негізі әлем саудасымен айырбас,

алмасумен тікелей байланысты. Экономикалық ынтымақ және даму ұйымының деректеріне сүйенсек кейінгі 10-20 жыл ішінде тікелей инвестициялардың орташа жылдық қарқыны 34 пайызға жетіп, дүниежүзілік сауда қарқынынан бес есеге өскен. Жалпы алғанда капиталды шетке шығару оның арнаулы бір бөлігін ұлттық айналымнан шығарып, тауар немесе қаржы және ақшалай, басқа бір елдің өндірістік процесі мен айналымына кіргізу негізгі мәселе. Ең алғаш капиталды халықаралық деңгейде пайдалану, өнеркәсібі дамыған елдер бастап, кеңейте қолдана бастады. Олар сонымен қатар, өз капиталдарын дүние жүзілік шаруашылықтан тысқары мемлекеттерге де шығарды. Дүниежүзілік шаруашылықтың дамуы бұл процестің шеңберін ұлғайта түсті. Сөйтіп капиталды шетке шығару, дамыған елдермен қатар дамушы елдердің де тіршілігіне айналды. Бұл арада "Жаңа индустриалды елдердің" іс әрекеті екпінді. Капиталды шетке шығарудың негізгі себебі және шарты елдегі капиталдың салыстырмалы молдығы және шамадан тыс қолдануы. Сондықтан, іскерлік пайда немесе пайыз табу мақсатында ол шетке шығарылады. XX ғасырдың екінші жартысында капиталды шетке шығару үнемі өсіп келеді. Қазіргі таңда өзінің өсу қарқыны бойынша, капитал экспортты тауар экспортын да, өнеркәсібі дамыған елдердің ішкі жиынтық өнімі өсуінің қарқынын да артта қалдырды. Капиталды шетке шығару көлемінің жедел өсуі оның халықаралық ауысуын (миграциясын) күшейтті.

14.7.1. Инвестицияның әлем елдері деңгейінде дамуы

Капиталдың халықаралық ауысуы дегеніміз - капиталдың меншік иелерінің табыс көзі ретінде, елдер арасындағы қарама-қарсы қозғалысы. Мұның өзі әрбір ел бір мезгілде капиталды экспорттаушы да, импорттаушы да болатын жағдай, яғни қарама-қарсы инвестициялар. Капиталды шетке шығарудың негізгі себептері:

1. шетке шығарушы елдегі капиталдың мол қорлануы;
2. дүниежүзілік шаруашылықтың әр түрлі бөліктеріндегі капиталға сұраныс пен ұсыныс арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуы;
3. жергілікті нарықты монополизациялау мүмкіндігі;

4. капитал экспортталған елде - арзан шикізат пен жұмысшы күшінің болуы;

5. саяси тұрақтылық пен инвестициялық ахуал.

Капиталды шетке шығаруға мүмкіндік беретін және оны ынталандыратын факторларға мыналар жатады:

1. капиталды шетке шығарудың қозғаушы күші-үлттық экономикалардың өзара байланысы мен өзара үйлесуі. Өндірістің интернационалдануы капиталдардың халықаралық қозғалысына игі әсер етеді және жеделдетеді. Капитал экспортты, әсіресе оның тікелей инвестиция нысаны үлттық өндірісті, халықаралық өндіріске айналдырып, халықаралық өнім шығаруды ынталандырады.

14.7.2. Әлем елдеріндегі инвестициялық процесс

Капиталды әлем елдерінде инвестициялық процесте және өндірісті дамытумен байланысты пайдалану. Ең басты халықаралық өнім дегеніміз – бүкілдүниежүзілік нарыққа өткізілетін өнім. Осы заманда осындай өнім тауар, қызмет негізінен жаңа халықаралық өнеркәсіп кооперациясы құрамында өндіріледі. Бұл трансүлттық корпорациялардың (ТҰК) еншілес компанияларды қаржыландыруы. Әр елдегі заңды немесе жеке тұлғалардың бір халықаралық корпорация шеңберінде орнайтын экономикалық қатынастарды халықаралық өнеркәсіп кооперациясы деп аталады.

Өнеркәсібі дамыған елдердің экономикалық саясаты. Бұл саясат экономикалық өсу қарқынын бәсеңдетпей, алдыңғы қатарлы өнеркәсіп салаларын қолдауға қамтамасыз етеді. Дамушы елдердің экономикалық бағыты. Бұл елдердің шетелдік капиталдардың қатысуымен, өздерінің экономикалық дамуын жеделдетіп, кедейшілік шеңберінен шығуға ұмтылыстары дәрежесін көрсететін бағыт.

Экологиялық факторлар нормаланың қатаңдануына байланысты, халықаралық корпорациялар өндірісті, өнеркәсібі дамыған елдердегі дамушы елдерге қарай көшіруге тырысады. Капиталдар тасқынын реттейтін және бағыттайтын халықаралық қаржы ұйымдарының да ролі маңызды.

Капиталды шетке шығару мына нысандарда жүргізіледі:

1. өнеркәсіп, сауда т.б кәсіпорындарына тікелей инвестициялар;

2. портфельдік инвестициялар (шетелдік облигацияларды, ақшаларды және басқа да құнды қағаздарды алу үшін);

3. орта және ұзақ мерзімді халықаралық несиелер мен қарыз капиталдарын өнеркәсіп және сауда корпорацияларына, банктерге т.б мекемелерге беру;

4. Экономикалық көмекті тегін беру немесе несиені төмендетілген процентпен беру.

Капиталдың ауысуы деп – шетелдік әріптестермен бірігіп жасаған операциялар үшін төлемдерді, капиталды орналастыру мақсатында шетелдік компаниялардан акциялар мен облигациялар сатып алуды, басқа да құнды қағаздар портфелін дифференсификациялауды айтамыз.

14.7.3. Шетелдік инвестиция жер жүзі шаруашылығында

Шетелдік инвестиция дегеніміз - қабылдаушы елдегі компанияның қызметін бақылап, басқарып отыру үшін, капиталдың мақсатты түрде ауысуы болып келеді. Шетелдік инвестициялардың елдер мен өнеркәсіп салалары арасында бөлінуі қазіргі халықаралық экономиканың құрамына айтарлықтай әсер етеді. Сонымен қатар, дүниежүзілік шаруашылықтың жекелеген бөліктерінің ара қатынасын көрсетеді. 1995жылы шетелдік инвестициялардың көлемі 235 млрд долларға артып, 2,6 трлн доллар деңгейіне жетті. Шетелдік инвестицияларды тартудың маңызды көзі – портфель инвестициялары. Олар ірі корпорациялардың, мемлекеттік және жекеменшік банктердің облигациялық қарыздарын қаржыландырады.

14.7.4. Тікелей инвестиция - әлем экономикасында

Тікелей инвестиция деген – капиталды экспорттаушының қабылдаушы ел территориясында өндірісті ұйымдастыруын айтамыз. Мұның ішіне жергілікті тұрғындардан жұмысшы күшін дайындау мен оқыту, әлеуметтік жағдайларды орнықтыру да кіреді. Тікелей инвестициялар арқылы халықаралық корпорациялар дүниежүзілік нарықта өз биліктерін жүргізеді. Тікелей инвестициялардың көме-

гімен халықаралық корпорациялар шетелдік кәсіпорындарға толық иелік етеді немесе іс жүзінде кәсіпорынды басқаруға мүмкіндік беретін акционерлік капиталдық басым бөлігін сатып алады. Егер, шетелдік инвестордың иелігінде компанияның акционерлік капиталының 25% болса, кәсіпорын сол инвестордың бақылауында болады. Тікелей инвестиция саласында жетекші рольді өнеркәсібі дамыған елдер атқарады. Тікелей инвестициялардың 4/5 бөлігі солардың үлесінде. Сондықтан дамыған елдер бір мезгілде капиталды ірі импорттаушылар да, экспорттаушылар да болып отыр.

Қарыз капиталының халықаралық нарығы, ақша нарығы болып екіге бөлінеді. Ақша нарығы негізінен қысқа мерзімді несиелер нарығына ие болып келеді. Мұндай несиелер айналымдағы қаражатты толықтыру үшін пайдаланылады. Капиталдар нарығы банк несиелері мен ұзақ мерзімді заемдерден құралады. Олар облигацияларды шығару және сатып алу түрінде кездеседі. Орта және ұзақ мерзімді несиелер, негізгі капиталды толықтыру үшін, акцияларды сатып алумен байланысты несие, қаржы операциялары үшін, филиалдар ашу үшін, шетелдердегі инвестициялардың құрылымын жетілдіруді қаржыландыру үшін пайдаланылады. Капиталды шетке шығарудың портфель инвестициясы нысаны жөнінде айтатын болсақ, оның дүниежүзілік шаруашылыққа әсері екі түрлі болып келеді. Бір жағынан, ол капиталдың халықаралық ұдайы өндірісін қамтамасыз етеді. Екінші жағынан, капиталдың бақылаусыз қозғалысы елдердің төлем балансының тепе-теңдігін бұзып, валюта курсың тұрақсыздандырады. Экономикалық көмекті өнеркәсібі дамыған елдер тегін немесе жеңілдетілген несие түрінде береді. Дүние жүзі мемлекеттеріне экономикалық көмек беруде, алғашқы екі орынды Жапония мен АҚШ иемденді. Мысалы, "Шетелдік мемлекеттерге көмек жөніндегі" заңға сәйкес 1994жылы АҚШ-тың шетелде көмегі 13 млрд доллар болды. АҚШ-тың ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ашық нарықтық экономика жүйесін қалыптастыру, демократияның дамуына жәрдемдесу. 70-ші жылдардан басталған капиталдар нарығының интернационалдануы, рыноктық экономика елдері арасындағы капиталдар ауысуы көлемінің ұдайы өсуін көрсетіп отыр.

Тікелей және портфельдік инвестициялар көлемінің жалпы өсуі, қысқа және ұзақ мерзімді несиелер сапасының ұлғаюы, еуровалюта рыногындағы операциялар сапасының көбеюі соның дәлелі. Шетке шығарылатын капиталдардың иелері негізінен өнеркәсібі дамыған елдер. Капиталдарының ауысуы дамыған елдердің өзара қатынастарында кең етек жайған. Капитал ауысуының субъектілері ретінде макро және микро деңгейлерді ажыратады.

Макро деңгей – капиталдың мемлекетаралық ауысуы. Микро деңгей – халықаралық монополиялар капиталдарының ішкі корпорациялық арналармен қозғалысы.

Еуропадағы капиталдың ең ірі экспорттаушылары – еуропалық одақ, Скандинавия елдері және Швейцария. Өз кезегінде АҚШ тартылған инвестициялар және шетке шығарған капиталдардың көлемі бойынша өнеркәсібі дамыған елдердің алдында келеді. 1994жылы шетелдік фирмалар АҚШ экономикасына 60 млрд доллар салған.

14.7.5. Осы заманда капиталды әлем экономикасында пайдалану

14.7.5.1. Әлемдегі жаңа инвестиция негіздері

Капиталды шетке шығарудың бүгінгі таңдағы ерекшеліктерінің бірі, өндіріске тартылатын капиталдар көлемінің өсуі болып отыр. Портфельдік инвестициялардан тікелей инвестицияларға көшу тенденциясы байқалады. Капиталдың қарызын шығаратын өнеркәсіптен, өңдеуші өнеркәсіпке және қызмет көрсету саласына ауысуы тұрақталып келеді. Жаңа инвестициялық салымдар көлемінің 50%-нен астамы қызмет көрсету саласының еншісіне тиіп отыр. 90-шы жылдары капиталдар нарығын интернационалдау процесінің негізгі ерекшеліктері айқындалды. Оның мәні мынада. Егер 70-80 жылдары интернационалдау процесі көбінесе рыноктық экономикасы дамыған елдерді қамтыған болса, 90-шы жылы ол дамушы елдерге, ең алдымен Оңтүстік Шығыс Азия және Латын Америкасы елдеріне тарады. Бұл олардың ішкі қаржылық мүмкіндіктерінің артып, валюталық жағдайларының нығаюын және қарыз беру мүмкіндігін өсіріп, ұлттық қаржы рыноктарының дамуын көрсетеді. 90-шы жылдары дамушы елдерге тартылған тікелей инвестициялардың көп мөлшері-

өнеркәсібі дамыған елдерден түскен. Ең кедейленген дамушы елдер өнеркәсібі дамыған елдердің инвесторларын қызықтырып отырған жоқ. Бұл мемлекеттердің үлесіне дүние жүзілік тікелей инвесторлардың аз ғана бөлігі тиіп отыр. 90-шы жылы ең нашар дамыған елдердің шетелдік инвестициялардағы үлесі 5-6% болды.

Капиталдар ауысуы процесінің қазіргі кездегі маңызды ерекшелігі, капитал ешбір елге еркінен тыс, күштеу арқылы тартылмайды, керісінше оны өз елдеріне келтіру үшін қатаң бәсекелік күресте жеңіп шығу керек. Капиталды шетке шығарудың тағы бір маңызды жағы осы процесті реттеп, бақылап, ынталандырып отыратын мемлекет қызметінің күшеюі. Экономикадағы ұлттық мүддені қорғау үшін өнеркәсібі дамыған мемлекеттер, қажет болғанда, тікелей шетел инвестицияларына тосқауылдар да қоя біледі. Айта келсек, капиталды шетке шығару процесі капиталды тарту процесімен салыстырғанда, кемдеу реттеледі. Капиталдар қозғалысын реттеу үшін мемлекет мынадай шаралар қолданды.

1. Қаржылай әсер ету әдістері: жеделдетілген амортизация мен салық жеңілдіктерін беру;

2. қаржылай елге әсер ету әдістері жер учаскелерін бөлу, қажетті техникалық көмек көрсету. Капиталды шетке шығарудың іс тәжірибесі көрсетіп отырғандай, оған инвестиция тартуды ынталандыру саясатынан гөрі нарықтық факторлар көбірек әсер етеді.

Экономикалық еркіндік рыноктық механизмдердің кедергісіз қызмет етуі, сыртқы инвестицияларды тартудың маңызды тұтқасы болып отыр. Американдық экономист жасап шығарған экономикалық еркіндіктің 10 түрі бар. Бұл көрсеткіштер мемлекеттің реттегіш қызметінің деңгейін анықтайды. Олар: 1) сауда саясаты, 2) салық, 3) монетарлық саясат, 4) банк жүйесінің қызметі, 5) шетелдік инвестицияларды құқықтық реттеу, 6) жекеменшік құқы, 7) елде өндірілетін тауарлар мен қызмет көрсету көлеміндегі мемлекеттік тапсырыстың үлесі, 8) экономикалық ынталандыру саясаты, 9) елдегі көлеңкелі нарықтың көлемі, 10) баға жасау мен еңбекақыны реттеу.

14.7.5.2. Шетел инвестициясын Қазақстанда пайдаланудың экономикалық маңызы

Шетелдік инвестицияларды пайдалану, қай ел үшін болса да объективті қажеттілік. Ол, ел экономикасын халықаралық еңбек бөлінісі жүйесі кеңінен қатыстырып, мұқтаж салаларға капиталдар келтірудің тиімді жолы.

Дүниежүзілік экономиканың объективті заңдары, капиталдар ауысуының халықаралық тәжірибесі көрсеткендей Қазақстан бұл процестен аулақ тұра алмайды. Бұл қазіргі дүниежүзілік шаруашылық пен халықаралық экономикалық қатынастардың ерекше белгісі. Егер, біздің мақсатымыз дүние жүзілік шаруашылыққа интеграциялану және ашық экономика принциптерін қолдау болса, онда капиталдарды Қазақстанға келтіру және оны импорттау ауадай қажет процесс. Олай болса біздің іс-қимылдарымыздың басты бағыттарының бірі - шетелдік инвестицияларды тарату және оларды мүмкіндігінше тиімді пайдалану тиіс. Шетелдік инвестицияларды Қазақстанға тарату мынадай мәселелерді шешуге көмектеседі:

1. экономикалық және техникалық өрлеуді жеделдету;
2. өндірістік аппаратты жаңарту мен қайта жарақтандыру;
3. өндірісті ұйымдастырудың үздік әдістерін үйрету;
4. нарықтың экономикалық талаптарына сай кадрларды дайындау.

14.7.5.3. Әлемдегі дәуірлік, инвестициялық жағдай.

Инвестициялық ахуал дегеніміз — күрделі қаржы келтіруге және оны тиімді пайдалануға қолайлы саяси, экономикалық, заңдық, әлеуметтік тұрмыстық және т.б факторлардың жиынтығы. Іскерлік тәуекелшілдіктің шегі бар екендігін есте ұстаған жөн. Қолайлы инвестициялық ахуал жасауда ең алдымен халықты жұмыспен қамту мәселесін ойластыру қажет. Жеңілдіктер мен преференциялар жүйесімен қатаң үйлестірілуге тиіс.

14.7.5.4. Қазақстанға әлем елдерінің капиталын келтіру және инвестиция проблемалары

Қазақстанға шетелдік капиталды келтіруге байланысты инвестициялық ахуалдың негізгі бағыт-бағдарламасында оларға неғұрлым қолайлы мүмкіндіктер жасалып жатыр. Шетелдік инвестициялардың тасқынды келуі үшін, барлық әкімшілік рәсімдерді оңайлату керек. Бұл жерде әңгіме-визалар алу, шекара және кеден бақылауынан өту, жұмыс істеу құқына және ел ішінде жүріп-тұруға рұқсат беру жөніндегі ережелер туралы болып отыр. Инвестицияларға немесе несиелерге салық шешімдерін беруді қоса алғанда салық жеңілдікті кеден бажын және т.б қайта қарап, уақыт талабына сәйкестендіруге болар еді. Қорытындылай келе, Қазақстан Үкіметінің баспасөз қызметі арқылы алынған бұл мәліметтер көп нәрсені айқындайды. Мұнай-газ саласы пайданың қайнар көзі. Сондықтан тарнсұлттық компаниялар ең алдымен соған ұмтылады.

Әлемдік саясат пен экономикада басымдығын көрсетіп қалуға ұмтылатын Американың қазақстан мұнайынан басқалардан үлес алуы да заңды.

14.8. Әлем экономикасындағы айналым капиталы.

14.8.1. Капитал айналымы әлем елдерінде

Қазіргі уақытта жекелеген елдер арасындағы капитал қозғалысы кеңінен дамып отыр. Бұл елдердің әрқайсысы бір мезгілде капиталды желеуші де болады, яғни капиталдардың елдер арасындағы ауысуы жүзеге асады. Бұл жағдайда шетке капитал шығару өз елінде капитал қорлары жетіспеген кезде де жүзеге асырылады, ал шетел капиталының келуі бәсекелік қабілеті төмен ұлттық капиталды ығыстырады. Шетке капитал шығарушы немесе шеттен капитал әкелуші елдердің аражігін айыру өте қиын. Капитал негізінен кәсіпкерлік және қарыз фермасында шетке шығарылады. Кәсіпкерлік капитал шет елдерге тікелей инвестиция өз өндірісін құру үшін немесе жергілікті компаниялар акцияларының бақылау пакетін сатып алу мақсатында капитал жұмсау арқылы жүзеге асады. Қарыз капиталы: қарыз өсімін желетін заемдер, несиелер түрінде шығарылады.

Дамыған елдер арасындағы капитал қозғалысы олардың арасындағы шаруашылық қатынастарын тереңдетіп, ұлттаралық сипатын жоғарылатады. Өнеркәсібі дамыған елдер арасындағы капиталдың ауысуы бірнеше дәрежеде жүреді. Қазіргі заманғы өнеркәсібі бар негізгі орталықтар АҚШ, Батыс Еуропа, Жапония елдерінің монополиялары, капиталды сыртқа шығаруды әр түрлі әдістерді қолданады. Мысалы, трансферттік бағалар механизмін пайдалану арқылы немесе өздерінің капиталдарын апарған елдерде аса ірі реинвестицияларды жүзеге асыру мен заемдер беру әдістерін қолданады.

14.8.2. Негізгі және өзгермелі капитал

Капитал қозғалысы белгілі уақыт бойында жүзеге асырылады. Бүкіл авансыланған капитал құны, өндіріс және айналыс сатыларынан өтетін уақыт жиынтығы капиталдың айналым уақытын құрайды. Капитал айналымын жеделдету авансыланған капиталдың көлеміне өзіміз көз жеткізгендей, тұтас алғанда бір жылдың ішіндегі қосымша құнның массасы мен нормасына айтарлықтай әсер етеді. Капитал неғұрлым тез айналым жасаған сайын, оның өзгермелі бөлігі де соғұрлым тез айналым жасайды. Мұның өзі капиталистердің қосымша құнды көп алуына мүмкіндік береді.

Авансыланған капиталдың жалпы айналымы, негізгі және айналым капитал айналымдарының ішіндегі орташа айналым ретінде қалыптасады. Негізгі капитал айналымы уақытының ұзақтығын немесе оның ұдайы өндірілу уақытын бүкіл авансыланған капитал айналымдарының циклі белгілейді. Айналым капитал әрбір ауыспалы айналымда толық айналым жасайды, сондықтан оның айналымының ұзақтығы басқа жағдайларымен тең болып келгенде өндіріс уақытының ұзақтығымен айқындалады.

Капиталдың нақты айналымы дегеніміз- оның барлық құрамдас бөліктерінің құны жөнінен де, сондай-ақ натуралды заттай құрамы жөнінен де есесі қайтарылуы болып табылады. Капитал заттай күйінде есесі қайту үшін капиталдың құны бойынша бірқатар айналым жасауы керек. Сондықтан капиталдың нақты айналымы оның құрамдас бөліктерінің өзара байланысты айналымдарының циклін

камтиды. Ол ашылған ғылыми жаңалықтарды және техникалық өнер табыстарын өндіріске қолдану нәтижесінде жеделдей түседі.

Негізгі және айналмалы болып бөлінетін өндіргіш капиталдың құрамы капитал айналымының жылдамдығына әсер ететін аса маңызды факторлардың бірі болып табылады. Өндіріс процесіне түгелдей қатысатын, бірақ өз құнын өнімге бөліп, оның тозу дәрежесіне қарай сіңіретін өндіргіш капиталдың элементтері негізгі капитал деп аталады. Негізгі капиталға еңбек құралдарын, яғни өндірістік үйлер салуға, машиналар, жабдықтар т.б сатып алуға авансыланған капитал жатады.

Айналмалы капитал дегеніміз- оны тұтыну процесінде өнімге толық сіңірілетін және әрбір ауыспалы айналым бойында капиталиске ақша формасында түгелдей қайтып оралып отыратын, өндіргіш капиталдың бір бөлігі. Айналмалы капиталға еңбек заттарын сатып алуға жұмсаған шығындары жатады. Еңбек заттары – шикізат, қосалқы материалдар, отын т.б өндіріс процесінде толық тұтынылады.

Негізгі және айналмалы капитал әр түрлі жылдамдықпен айналыс жасайды. Негізгі капиталдың бір айналымының уақыты ішінде айналмалы капитал бірнеше қимыл жасайды. Капиталдың негізгі және айналмалы капиталға бөлінуі, өндіргіш капиталға тән. Ал тауар капиталы мен ақша капиталы - айналыс капиталы болып табылады.

14.8.3. Әлем саудасындағы капитал

Капиталистік қоғамда сауда капиталы, капиталистердің ерекше тобы, тек қана айналыс саласында қолданатын өнеркәсіп капиталының оқшауланған бір бөлігі болып табылады.

Сауда капиталының айналымы (А-Т-А) тауарды өткізу процесінде саудагерлер авансыланған капиталдың орнын толтырып қана қоймай, сонымен бірге осы капиталдан пайда түсіруді де көздейді. Шын мәнінде сауда пайдасы дегеніміз - материалдық өндіріс саласында жалдама жұмысшылар жасаған қосымша құнның өзгерген формасы. Бұл өнеркәсіп капиталистері, тауарларды өткізуді жүзеге

асырғаны үшін сауда капиталистеріне беретін қосымша құнның бір бөлігі.

Сауда капиталы – тауар, сауда капиталы болып екі түрге ажыратылады. Біз капиталдың тауар капиталы ретіндегі болмысы және оның тауар капиталы ретінде нарықтағы айналыс саласында басынан кешетін құбылыстары - өзара сауда-саттыққа, тауар капиталына айналуына барып саятын құбылыстары, өнеркәсіп капиталының ұдайы өндіріс процесінің сатысы, демек, оның тұтас алғандағы өндіріс процесінің сатысы болып табылатындығын көреміз.

Тауар-сауда капиталы дегеніміз - үнемі рынокта жүретін, үнемі құбылыс үстінде болатын, үнемі айналыс саласына шарпылып отыратын, осы айналыс капиталының бір бөлігінің өзгерген түрінен басқа түк те емес. Біздің осы капиталдың бір бөлігі деп отырған себебіміз: тауар сауда-саттығының біразы үнемі өнеркәсіп капиталистерінің тікелей өз арасында болып жатады. Өнеркәсіп капиталы болмысының қарапайым формасы ретіндегі тауар капиталына осынау тауар-сауда капиталының қатынасы. Кенеп өндіруші фабрикаға келетін болсақ, ол көпес ақшасының көмегімен өз кенебінің құнын қайтарып, өзінің тауар капиталын құбылыстың бірінші сатысынан өткізуді, оны ақшаға айналдыруды, ал, ендігі жерде, басқа жақтарынан осындай тиімді болған жағдайда, ол ақшасын қайтадан иірілген жіпке, көмірге, ал екінші жағынан, өз пайдасын іске жаратуға қажетті тіршілік құралдарына, тағы сондайларға айналдыра алады; демек, егер табыстың жүсалуын сөз қылмайтын болсақ, ол ұдайы өндіріс процесін жалғастыра береді.

Жалпы сауда сияқты, тіпті капитализмге дейінгі өндіріс тәсілдерінің тұсындағы сауда сияқты да, капиталистік өндіріс тәсілінен туатын нәрселер.

Біріншіден, ақшаның қазына ретінде, яғни қазіргі кезде капиталдың төлем құралы және сатып алу құралының резерв қоры ретінде, ақшалай қолда тұратын бір бөлігі ретінде жиналуы. Осы қазынаның қазына болып құралғаннан кейінгі ең алдымен талап ететін қызметі – оны сақтау, есеп-қисап жүргізу және т.б.

Екіншіден, ақшаның тауар сатып алған кездегі алынуы, ақша төлеу және төлемге ақша алу, төлемдердің

теңелуі. Ақша саудасында асыл металдар сатып алышбайды, тек қана бөлінеді. Ақша сатып алу кұралы ретінде айналатындықтан, сатып алу мен сатудың көлемі, есеп саны ақша саудасына мүлде тәуелді емес. Ақша саудасы тек қана осы мәмлеге келу үстіндегі техникалық операцияларды ықшамдай алады, сөйтіп, осы айналымға қажетті қолма-қол ақшаның аумағын азайта алады.

Анығында, ақша саудагерлері операция жасап жүрген ақша капиталының аумағы – бұл өзі көпестер мен өнеркәсіпшілердің айналыста жүрген ақша капиталы да, ал енді ақша саудагерлері жасады деген операциялар, солар қызмет көрсетіп жүрген адамдардың операциялары. Ақша саудагерлерінің табатын пайдасы қосымша кұннан алынатыны да ап-айқын, өйткені олар тек жүзеге асырылған күнмен ғана істес болады.

14.8.4. Капиталды әлем экономикасында пайдалану, оның дамуын ынталандыру

Капиталды әлем экономикасында пайдалану, қазіргі дүниежүзілік шаруашылық пен халықаралық экономикалық қатынастардың маңызды шарты және олардың даму негізі. Капиталды халықаралық деңгейде пайдалану, ол тауар экспортының көп жылдық монополиясын жойып, әлем саудасын кең дамытып, жалпы әлем экономикасын дамытады. Капиталды шетке шығару, халықаралық экономикалық қатынастар жүйесінде, оның әлеуметтік-экономикалық әсері басым болады. Экономикалық ынтымақ және даму ұйымының деректеріне қарасақ, осы заманда тікелей инвестициялардың орташа жылдық қарқыны көп мөлшерде өсіп, дүниежүзілік сауда қарқыны асуда.

Капиталды әлем елдерінде пайдалану, ол инвестициялық процесті дамытып, сонымен қатар, тауар қаржы-қаржыландыру негізін салады. Бастапқы кезеңде капиталды шетке шығару мен халықаралық экономикада пайдалану, ең басты бағытта экономикада пайдалану және оны жедел, кең дамыту болды. Онда жалпы алғанда, осы процестің шеңберін ұлғайта түсті. Сөйтіп, әлем экономикасында инвестиция дамыған елдермен қатар дамушы елдердің де даму негізіне айналды. Осындай даму

негізгі "жаңа индустриалды елдердің" дамуы ерекше көзге түседі.

Капиталды шетке шығарудың негізгі себебі және алғы шарты, елдегі капиталдың салыстырмалы молдығы және шамадан тыс қорлануы. Сондықтан, іскерлік пайда немесе пайыздың табыс табу мақсатында ол шетке шығарылады. Кейінгі 10 жылда бүкілдүниежүзілік капиталдың шамадан тыс қорлануы бірнеше жүздеген млрд доллардан асқан.

Жалпы алғанда кейінгі жарты ғасырда капиталды шетке шығару үнемі өсуде болып, қазіргі кезеңде өзінің өсу қарқыны бойынша капитал экспорты тауар экспортын да, өнеркәсібі дамыған елдердің ішкі жиынтық өнімі өсуінің қарқынын да артта қалдырды. Капиталды шетке шығару көлемінің жедел өсуі оның халықаралық ауысуын (миграциясын) күшейтті.

Капиталдың халықаралық ауысуы дегеніміз – капиталдың меншік иелерінің табыс көзі ретінде, елдер арасындағы қарама-қарсы қозғалысы.

14.8.5. Капиталды халықаралық деңгейде пайдаланудың басты себептері

Осы дәуірде қандай да болмасын әлем елдері, капиталды халықаралық негізде пайдаланып, әлеуметтік-экономикалық дамуда. Сондықтан, капиталды шетке шығарудың басты себептері мыналар болады:

1. шетке шығарушы елдегі капиталдың мол қорлануы;
2. дүниежүзілік шаруашылықтың әр түрлі бөліктеріндегі капиталға сұраныс пен ұсыныс арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуы;
3. жергілікті рынокты монополизациялау мүмкіндігі;
4. капитал экспортталатын елде арзан шикізат пен жұмысшы күшінің болуы;
5. саяси тұрақтылық пен қолайлы инвестициялық ахуал.

Капиталды шетке шығаруға мүмкіндік беретін және оны ынталандыратын факторларға мыналар жатады.

1. Капиталды шетке шығарудың қозғаушы күші, ұлттық экономикалардың өзара байланысы мен өзара үйлесі. Өндірістің интернационалдануы капиталдардың халықаралық қозғалысына игі әсер етеді және жеделдетеді.

Капитал экспорты, әсіресе оның тікелей инвестиция нысаны ұлттық өндірісті халықаралық өндіріске айналдырып, халықаралық өнім шығаруды ынталандырады.

2. Халықаралық өнеркәсіп кооперациясы. Бұл транс-ұлттық корпорациялардың еншілес компанияларды қаржыландыруы. Әр елдегі заңды немесе жеке тұлғалардың бір халықаралық корпорация шеңберінде салалық, технологиялық т.с.с. Мамандануы арқылы орнайтын экономикалық өнеркәсіп кооперациясы деп аталады.

3. Өнеркәсібі дамыған елдердің экономикалық саясаты. Бұл саясат экономикалық өсу қарқынын бәсеңдетпей, алдыңғы қатарлы өнеркәсіп салаларын қолдауға, жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге бағытталған.

4. Дамушы елдердің экономикалық бағыты. Бұл дамушы елдердің шетелдік капиталдардың қатысуымен өздерінің экономикалық дамуын жеделдетіп, "кедейшілік шеңберінен" шығуға ұмтылыстары дәрежесін көрсететін бағыт.

5. Экологиялық факторлар. Экологиялық нормалардың қатаңдануына байланысты халықаралық корпорациялар өндірісті өнеркәсібі дамыған елдерден дамушы елдерге қарай көшіруге тырысады.

6. Капиталдар тасқынын реттейтін және бағыттайтын халықаралық қаржы ұйымдарының да ролі маңызды.

Капиталды шетке шығару мына нысандарда жүргізіледі:

- өнеркәсіп, сауда т.б кәсіпорындарына тікелей инвестициялар;

- портфельдік инвестициялар (шетелдік облигацияларды, акцияларды және басқа да құнды қағаздарды алу үшін);

- орта және ұзақ мерзімді халықаралық несиелер мен қарыз капиталдарын өнеркәсіп және сауда корпорацияларына, банктерге т.б мекемелеріне беру;

- экономикалық көмекті тегін беру немесе несиені төмендетілген пайызбен беру.

Капиталдың ауысуы мен шетелдік инвестициялардың айырмашылықтарын ажырата білу қажет.

Капиталдың ауысуы деп — шетелдік әріптестермен бірігіп жасаған операциялар үшін төлемдерді, капиталды орналастыру мақсатында шетелдік компаниялардан алынған

акциялар мен облигацияларды (шаруашылық қызметін жаңа сфераларға тарату) айтамыз.

Тікелей инвестиция деп — капиталды экспорттаушының қабылдаушы ел территориясында өндірісті ұйымдастыруын айтамыз.

Шетелдік инвестиция дегеніміз - қабылдаушы елдегі компанияның қызметін бақылап, басқару үшін капиталдың мақсатты түрде ауысуы. Мұның ішіне жергілікті тұрғындардан жұмысшы күшін дайындау мен оқыту, әлеуметтік жағдайларды орнықтыру да кіреді.

Тікелей инвестициялар арқылы халықаралық корпорациялар дүниежүзілік рынокта өз биліктерін жүргізеді. Тікелей инвестициялардың көмегімен халықаралық корпорациялар шетелдік кәсіпорындарға толық иелік етеді немесе іс жүзінде кәсіпорынды басқаруға мүмкіндік беретін акционерлік капиталдың басым бөлігін сатып алады. Егер, шетелдік инвестордың иелігінде компанияның акционерлік капиталының 25% болса, онда кәсіпорын сол инвестордың бақылауында болады.

Шетелдік инвестициялардың елдер мен өнеркәсіп салалары арасында бөлінуі қазіргі халықаралық экономиканың құрылымына айтарлықтай әсер етеді. Сонымен қатар, дүниежүзілік шаруашылықтың жекелеген бөліктерінің арақатынасын көрсетеді.

Тікелей инвестиция саласында жетекші рольді өнеркәсібі дамыған елдер атқарады. Тікелей инвестициялардың 4/5 бөлігі солардың үлесінде. Сондықтан дамыған елдер бір мезгілде капиталды ірі импорттаушылар да, экспорттаушылар да болып отыр. 1995жылы шетелдік тікелей инвестициялардың көлемі 235 млрд долларға артып, 2,6 трлн деңгейіне жетті.

Шетелдік инвестицияларды тартудың маңызды көзі — портфель инвестициялары. Олар ірі корпорациялардың, мемлекеттік және меншік банктердің облигациялық қарыздарын қаржыландырады. Арыз капиталының халықаралық нарығы ақша нарығы және капиталдар нарығы болып екіге бөлінеді. Ақша нарығы негізінен қысқа мерзімді (1 жылға дейін) несиелер нарығы болып келеді. Мұндай несиелер айналымдағы қаражатты толықтыру үшін пайдаланылады.

Капиталдар нарығы банк несиелері мен ұзақ мерзімді заемдерден құрылады. Олар облигацияларды шығару және сатып алу түрінде кездеседі.

Орта және ұзақ мерзімді несиелер негізгі капиталды толықтыру үшін, акцияларды сатып алумен байланысты несие, қаржы операциялары үшін, филиалдар ашу үшін, шетелдегі инвестициялардың құрылымын жетілдіруді қаржыландыру үшін пайдаланылады. Капиталды шетке шығарудың портфель инвестициясы нысаны жөнінде айтатын болсақ, оның дүние жүзілік шаруашылыққа әсері екі түрлі болып келеді. Бір жағынан, ол капиталдың халықаралық ұдайы өндірісін қамтамасыз етеді. Екінші жағынан, капиталдың бақылаусыз қозғалысы, елдердің төлем балансының тепе-теңдігін бұзып, валюта курсы турасыздандырады. Оған қоса шетел капиталының көлемді импорты ұлттық капиталды ығыстырып, оның әрекеттену аясын тарылтуы да мүмкін.

Экономикалық көмекті өнеркәсібі дамыған елдер тегін немесе жеңілдетілген несие түрінде береді. Дүние жүзі мемлекеттеріне экономикалық көмек беруде алғашқы екі орынды Жапония мен АҚШ иемденеді. Мысалы, "Шетелдік мемлекеттерге көмек жөніндегі" заңға сәйкес 1994 жылы АҚШ-тың шетелге көмегі 13 млрд доллар болды. Көмек берілген елдердің ішінде бірінші орында Израиль (3 млрд доллар), екінші орында Египет (2,1 млрд доллар) тұрды. Көмектің 65%-ті тегін, 35%-ті жеңілдетілген несие түрінде берілді. АҚШ-тың экономикалық көмегінің жариялы мақсаттары: АҚШ-тың ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ашық, рыноктық экономика жүйесін қалыптастыру, демократияның дамуына жәрдемдесу.

14.8.6. Капиталды шетке шығарудың қазіргі кездегі жаңа түрлері және сипаттамалары

70-ші жылдардан басталған капиталдар нарығының интернационалдануы, рыноктық экономика елдері арасындағы капиталдар ауысуы көлемінің ұдайы өсуін көрсетіп отыр. Тікелей және портфельдік инвестициялар көлемінің жалпы өсуі, қысқа және ұзақ мерзімді несиелер сомасының ұлғаюы, еуровалюта рыногындағы операциялар санының көбеюі соның дәлелі.

АҚШ зерттеушілерінің есептеулері бойынша 1993 жылы дүниежүзіндегі қаржы капиталы 3 трлн доллар көлемінде болған. Бұл капиталдардың сомасы өнеркәсібі дамыған жеті елдің жылдық мемлекеттік бюджеттері қосындысының төрттен үш бөлігін құрайды. Шетке шығарылатын капиталдардың иелері негізінен өнеркәсібі дамыған елдер. Капиталдардың ауысуы дамыған елдердің өзара қатынастарында кең етек жайған.

Өнеркәсібі дамыған елдер шеңберіндегі капиталдар ауысуын бірнеше деңгейде қарастыруға болады. Бірінші деңгей: АҚШ Батыс Еуропа, Жапония; екінші деңгей: өнеркәсібі дамыған елдердің аттас салаларының арасында болуы.

Капитал ауысуының (миграциясының) субъектілері ретінде макро және микро деңгейлерді ажыратады.

Макро деңгей – капиталдың мемлекетаралық ауысуы.

Микро деңгей – халықаралық монополиялар капиталдарының ішкі корпорациялық арналармен қозғалысы.

Соғыстан кейінгі жылдары капиталдар ауысуы қарқынды дамыған аймақ Батыс Еуропа болды. Еуропадағы капитал импортының алдыңғы шебінде Ұлыбритания келеді. Ол шетелдік инвестициялардың Еуропаға келетін бөліктерінің басым көлемін өз экономикасына тарту. Мысалы, 80-ші жылдардың соңында Еуропалық Одақтағы американдық инвестициялардың 40%, Жапондық активтердің 50%-і Ұлыбритания шоғырланды. Жыл сайын 300-ден астам шетелдік компаниялар Англиядағы инвестицияларының өрісін кеңейтіп, толықтырып келеді. Ұлыбританияда өндірілген таза өнімнің 20%, өндіруші өнеркәсіптегі күрделі қаржының 21% шетелдік фирмалардың осы елге қосқан инвестициялық үлесі.

Еуропадағы капиталдың ең ірі экспорттаушылары: Еуропалық Одақ, Скандинавия елдері және Швейцария. Олардың шетелдік инвестициялары 1991жылы 634 млрд доллар мөлшерін құрады. Батыс Еуропа өзінің капиталын бірінші кезекте Солтүстік Америкаға (1985-1990жылдары 123 млрд доллар) және Шығыс Еуропаға (141 млрд доллар) бағыттады. Өз кезегінде АҚШ таратылған инвестициялар және шетке шығарған капиталдардың көлемі бойынша өнеркәсібі дамыған елдердің алдында келеді. 1994жылы шетелдік фирмалар АҚШ экономикасына 60 млрд доллар

салған. АҚШ өзінің инвестициялық қажеттіктерінің 1/3 бөлігін капитал импортының есебінен қанағаттандырады. АҚШ пен Батыс Еуропа елдерінің өзара инвестициялары әрдайым үксас, жетекші салаларды машина жасау мен химия өнеркәсібін қаржыландырып келеді.

90-шы жылдардың бірінші жартысында дүниежүзілік классификация бойынша капиталды шетке шығарушы ең ірі елдердің қатарында Жапония (53%), Швейцария және Тайвань болды. Ал ең ірі қарыз алушылар қатарынан АҚШ (27%), Ұлыбритания, Мексика, Сауд Арабиясы елдері көрінді. Капиталды шетке шығарудың бүгінгі таңдағы ерекшеліктерінің бірі өндіріске тартылатын капиталдар көлемінің өсуі болып отыр. Портфельдік инвестициялардан тікелей инвестицияларға көшу тенденциясы байқалады. Капиталдың қазып шығаратын өнеркәсіптен өңдеуші өнеркәсіпке және қызмет көрсету сомасына ауысуы тұрақталып келеді.

Жаңа инвестициялық салымдар көлемінің 50 пайыздан астамы қызмет көрсету саласының еншісіне тиіп отыр. 90-шы жылдардың тағы бір ерекшелігі құнды қағаздар нарығының іріленіп өсуі. 1993жылдың соңына қарай қорлар нарығындағы жеке меншік капиталдың сомасы 555 млрд банкілік долларға жетті.

90-шы жылдары капиталдар нарығын интернационалдау процесінің негізгі ерекшелігі айқындалды. Оның мәні мынада. Егер 70-80-ші жылдары интернационалдау процесі көбінесе нарықтық экономикасы дамыған елдерге, ең алдымен Оңтүстік Шығыс Азия және Латын Америкасы елдеріне тарады. Бұл олардың ішкі қаржылық мүмкіндіктерінің артып, валпоталық жағдайларының нығаюын және қарыз беру мүмкіндіктерінің өсіп, ұлттық қаржы нарықтарының дамуын көрсетеді.

80-ші жылдардың соңы және 90-шы жылдардың басы "жаңа индустриалды елдер" мен өзге дамушы елдердің арасындағы капитал ауысуының белсенді түрде дами бастағанын көрсетті. Капиталдар нарығында бұрынғысынша мұнай экспорттаушы елдер ұйымының мүшелері белсенділік танытуда. Мысалы, Кувейттің жеке меншік секторының шетелдердегі инвестициялары 1995жылы 100 млрд долларға жетті. Өз кезегінде Кувейт мемлекетінің инвестициялары 30 млрд доллар болды.

90-шы жылдары дамушы елдерге тартылған тікелей инвестициялардың көп мөлшері өнеркәсібі дамыған елдерден түскен. 1993жылы дамушы елдерге тартылған инвестициялар 65 млрд доллар, 1994жылмен салыстырғанда 2 есе артық. Инвестициялардың едәуір бөлігі дамушы 10-15 елдерде шоғырланған. Шетел инвестицияларын тартуда Қытай оза шығып, көзге түсті. Бұл көрсеткіш бойынша (26 млрд доллар), Қытай дүние жүзінде АҚШ-тан кейінгі екінші орында. Шетелдік капиталды Қытайдың қызықтыратыны-оның экономикалық дамуының жоғары қарқындылығы мен саяси тұрақтылығы. Қытайдың жиынтық ұлттық өнімінің өсуі жылына 10-13%. Дәл осындай жедел қарқынмен Латын Америкасы елдері мен "жаңа индустриалды елдер" де дамып келеді. Ең кедейленген дамушы елдер өнеркәсібі дамыған елдердің инвесторларын қызықтырып отырған жоқ. Бұл мемлекеттердің үлесіне дүниежүзілік тікелей инвесторлардың аз ғана бөлігі тиіп отыр. 90-шы жылдары ең нашар дамыған елдердің шетелдік инвестициялардағы үлесі 5-6% ғана болды.

Капиталдар ауысуы процесінің қазіргі кездегі маңызды ерекшелігі, капитал ешбір елге еркінен тыс, күштеу арқылы тартылмайды, керісінше оны өз елдеріне келтіру үшін қатаң бәсекелік күресте жеңіп шығу керек. Капиталды шетке шығарудың тағы бір маңызды жағы осы процесі реттеп, бақылап, ынталандырып отыратын мемлекет қызметінің күшеюі. Өнеркәсібі дамыған елдер ұлттық және ұлтаралық деңгейде капиталдың экспорты мен импортын ынталандыру арқылы оның жедел ауысуына әсер етеді. Қарыз, портфельдік инвестиция т.б нысандағы капиталдар қозғалысына кедергілердің барлығы жойылуы қажет.

Экономикадағы ұлттық мүддені қорғау үшін өнеркәсібі дамыған мемлекеттер, қажет болғанда тікелей шетел инвестицияларына тосқауылдар да қоя біледі. Айта кететін нәрсе, капиталды шетке шығару процесі капиталды тарту процесімен салыстырғанда кемдеу реттеледі.

Капиталдар қозғалысын реттеу үшін мемлекеттік мынадай шаралар қолданады:

1. қаржылай әсер ету әдістері: жеделдетілген амортизация мен салық жеңілдіктерін беру, несиелерді қамтамасыздандыру, қарыз беру;

2. қаржылай емес әсер ету әдістері: жер учаскелерін бөлу, қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету, техникалық көмек көрсету.

Шетелдік күрделі қаржыландыруды реттейтін маңызды құжат 1994жылы Джакарта қаласында (Индонезия) қабылданған. "Азия-Тынық мұхиты ынтымақтастығының" тікелей шетелдік инвестициялар жөніндегі "Ерікті кодексі". Бұл "Кодексте" (кодекс- заңдар жинағы) төмендегі инвестициялық принциптер жинақталған.

- шекаралардың ашықтығы;
- донор елдерді алаламау (дискриминациялау);
- инвестицияларды ынталандырудың денсаулық сақтау, қоршаған ортаны қорғау мен оның қауіпсіздігін қамтамасыз етудің қатаң талаптарына сай келуі;

- инвестицияларды реттейтін талаптар санының аз мөлшерде болуы;

- ұлттық заңдар мен халықаралық құқық нормаларына сай келетін инвестицияларды тұтқындамау, тартып алмау;

- тіркелуін және еркін айналымын қамтамасыз ету;

- капиталды шетке шығаруға кедергілерді алып тастау;

- қосарланған салық салуды болдырмау;

- шетелдік инвестицияларды қабылдаушы елдің заңдарына сәйкестендіру;

- инвестициялық жобаны жүзеге асыру үшін шетелдік мамандандырудың келіп-кетуіне кедергі жасамау;

- талас, егес жағдайында оларды келіссөздер немесе төрелік сот (арбитраж) арқылы шешу.

Капиталды шетке шығарудың іс-тәжірибесі көрсетіп отырғанындай, оған инвестицияларды тартуды ынталандыру саясатынан гөрі нарықтық факторлар көбірек әсер етеді. Экономикалық еркіндік, нарықтық механизмдердің кедергісіз қызмет етуі сыртқы инвестицияларды таратудың маңызды тұтқасы болып отыр.

Американдық экономистер жасап шығарған экономикалық еркіндіктің 10 түрлі нақты көрсеткіштері бар.

Бұл көрсеткіштер мемлекеттің реттегіш қызметінің деңгейін анықтайды. Оған:

1. сауда саясаты;
2. салық салу;
3. монетарлық саясат;
4. банк жүйесінің қызметі;

5. шетелдік инвестицияларды құқықтық реттеу;

6. жеке меншік құқы;

7. елде өндірілетін тауарлар мен қызмет көрсету көлеміндегі мемлекеттік тапсырыстың үлесі;

8. экономикалық ынталандыру саясаты;

9. елдегі "көлеңкелі нарықтың" көлемі;

10. баға жасау мен еңбекақыны реттеу.

Аталған он көрсеткіш бойынша әрбір елге 1-ден 5 балға дейін баға қойылады, сөйтіп мемлекеттің реттеуші ролі анықталады. Бұдан шығатын қорытынды: экономикалық еркіндік дәрежесі шетел капиталын таратуға шамадан тыс кедергі келтіре алмайды.

Қорыта айтқанда, капитал дегенімізді кең мағынада алғанда, табыс әкеле алатын нәрселердің бірі немесе адам тіршілік әрекеті барысында тауарлар, өнімдер тағы басқаларын өндіру, қызметтерін көрсету үшін жасаған ресурстар, ал тар мағынада алғанда, табыстың жұмыс істеп тұрған қайнар көзі, ол іске өндіріс құрал-жабдығы, ақшалай қаражат, ой өрістік меншік түрінде жұмсалады.

Капитал айналымы үш сатыдан өтеді: бірінші сатыда, ақшалай нысаннан өндіріс құрал-жабдығы мен жұмыс күші нысанына ауысады, екінші сатыда, тауар сатылады (ол аяқталған бойда, капитал қайтадан ақша капиталына ие болады). Бірінші және үшінші сатылары айналыс саласына, екінші сатысы өндіріс саласына жатады. Капитал айналымының жылдамдығы оның бір жыл ішінде жасалатын айналымының санымен өлшенеді. Сондықтан бүкіл капиталдың айналым уақыты неғұрлым аз болса және айналым жылдамдығы неғұрлым жоғары болса, айналым капиталының авансыланған капиталдағы үлесі соғұрлым жоғары болмақ. Капиталды шетке шығару негізгі экономикалық екі формада кәсіпкерлік және қарыз түрінде жүзеге асады.

Кәсіпкерлік формадағы капитал шығару монополиялардың шетелдерде өз филиалдарын құруы, дербес кәсіпорындарын ұйымдастырып, ұлттық және шетелді капиталдарды қатыстыра отырып, аралас кәсіпорындар жасау жолымен жүзеге асады. Мұндай ретте капитал экспорттаушы кәсіпкерлік пайда алады.

Капитал экспорттаушы көбінесе өз капиталын кәсіпкерге немесе басқа мемлекеттердің үкіметіне қарызға

береді. Мұндай жағдайда капиталды шетке шығару қарыз формасында жүзеге асырылады. Қарыз капиталы заемдер түрінде экспортталады. Қарыз формасында шетке шығарылған капиталдан пайыз түседі.

Шетелде пайдаланылатын капитал массасы тек шетке шығару есебінен ғана емес, сондай-ақ реинвестицияның салдарынан да, яғни елде капитал орналастырудан алған қосымша құнның бір бөлігін капиталдандырудан да артатын болады. Капиталды экспорттаудың қазіргі кездегі аса маңызды ерекшелігі – мемлекеттік капиталды шетке шығарудың көлемі мен үлес салмағының орасан көп өсуі болып табылады. Мемлекеттік капиталды шетке шығарудың ең алдымен саяси табиғаты болады. Ол бюджет қаржысының "артықтығына" байланысты емес, керісінше, империалистік мемлекеттердің бюджеті әдетте тапшы болып келеді.

Солдай болса да, империалистік державалардың үкіметтері дүниежүзілік капиталистік жүйесінің өмір сүру жағдайын қамтамасыз ету үшін, мемлекеттік бюджеттің ірі қаржысын жұмсайды. Сирек болса да кейбір кезеңдерде дамыған елдер, басқа капиталистік және дамушы елдерге жәрдем ақша бөліп береді, одан пайызды ақы алынбайды және ресми түрде қайтарылмайтын көмек болып табылады.

9 Тарау. Инфляция және жұмыссыздық проблемалары - әлем экономикасында.....	3
9.1. Инфляция дегеніміз не?	
9.2. Әлем экономикасында инфляцияның өрлеуі және зияндылығы.	13
9.3. Инфляция мен жұмыссыздықтың ара-қатынасы.	14
9.4. Әлем елдерінде макроэкономикалық тұрақтан- ду.	17
X Тарау. Осы дәуірдегі әлемдік сауда және әлем эконо- микасымен байланысты проблемалар.....	21
10.1. Әлемдік сауда негізі.	
10.2. Қазіргі халықаралық сауда.	27
10.3. Халықаралық саудадағы кедергілер.	42
10.4. Әлем саудасы, ондағы тауар өндірісі.	46
10.5. Әлем саудасы. Қосымша құн және пайда теория- сы.	60
XI Тарау. Сыртқы экономикалық байланыс.....	75
11.1. Халықаралық экономикалық байланыстың да- муы.	
11.2. Сыртқы экономикалық байланыстың түрлері.	76
11.3. Ғылыми-техникалық өрлеу әлемдік экономикада.	79
11.4. Халықаралық байланыс және сауда.	81
11.5. Әлем және Қазақстан экономикасындағы тікелей инвестиция.	82
12 Тарау. Әлем қаржы-несие жүйесі және ақша айна- лымы.....	114
12.1. Қаржы-несие жүйесінің мәні.	
12.2. Әлем елдеріндегі қаржы жүйесі және оның на- рықтық қалыптасуда атқаратын ролі.	121
12.3. Әлем елдеріндегі бюджет және оның теңгерілу проблемасы.	124
12.4. Несие, оның мәні және ұйымдастыру принцип- тері. Несие мекемелері.	128
12.5. Әлем елдеріндегі бірлескен кәсіпорындардың қаржылары.	131

13 Тарау. Әлем валюта жүйесінің, әлем экономикасындағы маңызы.....	152
13.1. Валюта – несие жүйесі.	152
13.2. Құнды қағаздар негізіндегі валюта жүйесі.	163
13.3. Әлем экономикасындағы инвестициялық процесс.	183
13.4. Халықаралық валюта-қаржы және несие қатынастары.	193
14 Тарау. Капитал және инвестиция әлем экономикасында.....	210
14.1. Капитал және күрделі қаржыны әлем елдерінде пайдалану.	
14.2. Шетелдік инвестициялар Қазақстанда.	223
14.3. Дамушы әлем елдерінің шетелдік капиталды пайдалануы.	226
14.4. Әлем капиталы және ғылыми-техникалық революция.	228
14.5. Халықаралық жағрапиялық еңбек бөлінісі.	236
14.6. Капитал және инвестиция процесі әлем шаруашылығында.	249

Сахариев С.С., Сахариева А.С.

**ӘЛЕМ ЭКОНОМИКАСЫ
(оқулық)**

II – бөлім

*Басылымға жауаптылар Тян А.Б.,
Қонысбаев Н.Б.*

Компьютерде беттеген Алимтаева Л.Т.

Басуға 08.04.03 қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16
Қағазы офсеттік. Есептік баспа табағы 12,7
Таралымы 500

"Дәнекер" институтының баспа орталығы
Адрес: 480060, Алматы, Алмагүл ықшамауданы,
Хожанов көшесі тел.: 48-45-59; 93-45-29